



ҚазМұнайГаз

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛҚАСЫРЛЫҚ ҚОҒАМЫ

633(5К)
466



Берік Жорқытов

Атырау - атамекенім

Берік Қорқытов

**Атырау-
атамекенім**

**“Ағатай”баспасы
Атырау -2009**

УДК 94(574)

ББК 63.3 Қаз

Қ 66

**Қорқытов Берік. «Атырау-атамекенім». Атырау, «Ағатай»
баспасы, 2009 жыл. 213 бет.**

ISBN 978-601-7018-31-3

Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, драматург, өлке тарихын зерттеуші-шежіреші, марқұм Берік Ыбырашұлы Қорқытовтың артында қалған мол мұралардың бірі – «Атырау-Атамекенім» кітабы. Атырау өңірінің көне тарихынан бастап күні бүгінге дейін сөз қозғайтын бұл шығармалардың оқырман қауым үшін әрі пайдалы, әрі қызықты болары анық.

УДК 94(574)

ББК 63.3 Қаз

0503020905

Қ _____

00 (05) 09

ISBN 978-601-7018-31-3

© Қорқытов Б, 2009

*Қорқыттың туған азасы мен жеңгесі
Шойтас атамыз бен Битан шешеміздің
аруақтарына бағыштаймын.*

Автор.

I. ӨТКЕНІМІЗ

У-11

361985xP

Ғ. СЛАНОВ АТЫНДАҒЫ
ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ
ӘМБЕБАП КІТАПХАНА

Бұрынғылар не деген? Бүгінгілер не дейді?

«Жақсылардың аты қалады, ғалымдардың хаты қалады» деген даналық сөзді естіп, оқып білгенмен, оның ішкі мәніне зер салмай жүре беретінбіз. Бұл күнде есейіп, ес жиған шағымызда, зерделеп қарасақ үлкен мән-мағына жатқанын енді біле бастадық. Халық қазынасы деп аталатын көне мұраларды сирек те болса оқи жүре оған көңіл аударып, түпкілікті түсіне білмедік.

Ертеде өткен билердің, шешендердің, ақын-жыраулардың ақпа-төкпе асыл сөздеріне мән бермей, елемей келдік. Бұлар өз заманында айтылған, бүгінгі заманымызға қатысы жоқ деген шолақ оймен самарқау, салқын қарадық. Бүгінде қайта оқып, ойлап қарасақ онымыз ақымақтық екенін енді аңғара бастадық. Өткенді білмегеннің өкініш екенін енді сезе бастадық. Сол ата-бабаларымыздың айтып кеткен аманат-өсиеттерінің неткен көрегендік екеніне көзіміз жаңа жетіп, тәнті болып отырмыз. Ол үшін кеш те болса ата-бабалардан кешірім сұраймыз. Осы ниетімізді әрі қарай жалғастыра білсек олар бізді кешіреді де. Сөзіміз дәйексіз болмас үшін аталы сөздерге жүгінелік.

XIV ғасырда өмір сүрген жерлесіміз, ғұлама ақын Сайф Сарай бізге түгел болмаса да шашырап жеткен бір еңбегінде: «Жүсіп пайғамбар Мысырда аштық болғанда аштарды ұмытпас үшін тамақ жемепті» деп жазыпты. Былай қарағанда жәй жазыла салған сөз сияқты. Ал, астарына үңілсең үлкен мағына жатыр. Жүсіп пайғамбардың ел ашығып жатқанда өзінің асып-төгіліп жатқан тағамын ішпей-жемей бірге ашығуы ақылдылық па, әлде ақымақтылық па? Байыбына бармай жеңіл-желпі ойлайтындар үшін бұл, әрине, ақымақтық. Ал, неде болса

елмен бірге болайын, ел не көрсе бірге көрейін деуі пайғамбардың өзінше ойласақ, ақылдылық. «Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен бірге адас» деген аталы сөз осындайдан шыққан сияқты. Ал, енді бүгінде қалай? Жок, олай емес, керісінше. Мынау бай, анау кедей деген ұғымды ұмытып, ішкеніміз алдымызда, ішпегеніміз артымызда деген кезенді кері итеріп тастап, өз алдымызға ел боламыз, тамағымыз бұрынғыдан да тоқ болады, көйлегіміз бұрынғыдан да көк болады, өз дәулетіміздің қызығын өзіміз көреміз деген кезеңге алды-артымызға қарамай көзді жұмып кірісіп кеттік. Оған да он жылға жақындап қалды. Әуелгі екі-үш жылда бұл өтпелі кезең деді, өткелін көрсетпестен ол да өтіп кетті. Ал, енді не болды?

Ел басқарған жақсылардың ауызша айтқан шапағаттарын күте-күте ел күйзелді, тарықты, жалап ішіп, жамап киетін, тартып алып, тонап киетін күйге түсті. Бірақ, Жүсіп пайғамбарша елмен бірге күйзеліп, тарығып жатқан әкім-қаралар жоқ. Қысқарту, ықшамдау деген пәле шығып, елдің бірқатары жұмыссыз қалды. Бірақ, ықшамдалып, қысқарып жатқан әкім-қаралар жоқ, олар қайта көбеймесе, азаятын емес. Бір кезде көзден ғайып болған қайыр сұраушылар қайта пайда болды. Жаяу жүрмей, көлікпен жүретін әкім-қаралар оларды көрмейді, көрсе де елемейді. Сонда қалай болғаны? Өздері тарықпайтын, қысқармайтын болған соң көздері ісініп халқын, ел-жұртын ұмытып кеткені ме? Солай болар! Ондай әкім-қаралардан не үміт, не қайыр!

Ел неге тарығады? Біріншіден, жарылқаймыз деген жақсылардан үміті үзіліп, бір кезде жинаған азын-аулақ мал-мүлкін ішіп-жеп тауысты, екіншіден, заңды еңбекақысын бес-алты ай ала алмайды, бір-біріне қоса алмайды, қарызданып-борыштанып қалады, зейнетақысы екі-үш айлап келмейді. Сонда тарықпағанда қайда барады? Ал, әкім-қаралар олай емес, еңбекақыларын басқалардай бес-алты ай күтпейді, мерзімінен екі күн асырмай алады,

өзгелердей тырнақтап емес, уыстап алады. Сондықтан олар тарықпайды, ел сияқты тарығам деп ойламайды. Осыларын көріп отырғанда елмен бірге күйзелетін Жүсіп пайғамбардай адам енді туа ма екен деп ойлайсың, жақсы бұл солай болсын!

Ал, Асан қайғы бабамыз не дейді?

-Ай, хан, мен айтпасам білмейсің,

Айтқаныма көнбейсің.

Шабылып жатқан халқың бар

Аймағын көздеп көрмейсің.

Қымыз ішіп қызарып,

Мастанып қызып терлейсің.

Өзіңнен басқа хан жоқтай

Елеуреп неге сөйлейсің?

Қорған салдың бейнет қып

Қызметшің жатыр ішіп-жеп,

Оны неге білмейсің?-деп Жәнібек ханға тайсалмай-ақ айтуын айтқан. Сол айтқандары бүгінгі күнімізге дәл келіп тұр. Мұны не дейміз? Көрегендік дейміз бе, әлде айтыла салған сөз дейміз бе? Әрине, көрегендік!

Бұл заманда не ғаріп?

Жақсыларға айтпаған

Асыл шырын сөз ғаріп!

Замандасы болмаса

Қариялар болар тез ғаріп!

Ел жағалай қонбаса

Бетегелі бел ғаріп!

Қаз-үйрегі болмаса

Айдын шалқар көл ғаріп!

Ата жұрты бұқара

Өз қолында болмаса

Қанша мықты болса да

Қайратты туған ер ғаріп!-дейді бабамыз. Оқып отырсақ, ол кезде ғаріптер санаулы болған екен. Бұл күнде олар

көбейіп кетті, бәрі де көз алдымызда жүр. Ең алдымен буыны бекімеген балаларымыз ғаріп. Қалайша?

Біреуінің сырт киімі, біреуінің аяқ киімі жоқ, мектебіне бірде барса, бірде бара алмайды. Ақшасы жоқ болса онан әрі оқи алмайды. Басы ауырып, балтыры сыздағандар тағы ғаріп. Неге? Бұрынғыдай тегін жатып, тегін емделетін аурухана тапшы, төсек-орнын арқалап жүреді, керекті дәрі-дәрмегіне ақшасы бірде жетсе, бірде жетпейді. Қалтасы қалыңдар, әкім-қаралар ондай жерге барып емделмейді, ар көреді, бәшпайына шөңге қадалса да шет елге барып суыртады. «Бәленше бәлен елге барып емделіпті» деген жалған мақтаныш, атақ керек. Бір кезде ауруханаларымыз да, дәрігерлеріміз де ешкімнен кем емес еді, ажалдан басқаның бәрін емдейтін, шет елден келіп бізге емделетін, бүгінде бәрі де мансоқ болды. «Бұл қалай?» деп сұрасаң, «қаржы жоқ» деп қысқа қайырады. Кім көрінгеннің қалтасында жылап кетіп бара жатқан қаржы өзімізге құйрығын да көрсетпейтін болды. Бұған не дейміз? Қой, артымызды ашып алармыз, осымен доғарайық.

«...Жеңемін деп біреуді, өтірік сөзді қостама»-дейді бабамыз. Бірақ амалың бар ма, бұл күнде шындықтың аузы шырмалып, өтірік-өсек өріс алып барады. Шындықты айтсақ тұтылып, өтірік айтсақ құтылып кететін болдық. Мұны кімнен көреміз? Өзімізден болмаса өзгеден көрер жайымыз жоқ. Өйткені, шындықты жасырып, өтірікке жол беріп отырған өзіміз. Өз бармағыңды өзің тістей алмайсың, тістер едің ауырады, жаныңа батады, сосын үндемей жатасың.

Әділдіктің белгісі-

Біле тұра бұрмаса...

Залымдықтың белгісі-

Бейбіттің малын ұрласа...-дейді бабамыз. Ал, әділдіктің түп тамыры- шындық, ол жоқ жерде әділдік те болмайды, оған қайта оралмаймыз. Ұрлық дегеніміз еншісі бөлінбеген баладай үйімізге кіріп алды. Баяғыдай алыстан алатындар

болады деп естуші едік, енді іргемізден іліп кететіндерді көріп жүрміз. Ағайынын аптапты, көршісін күштепті дегенді теледидардан күнде көріп, газеттен күнде оқимыз. Бірақ тия алмаймыз, заңға тарта алмаймыз, әлсізбіз, көңілшекпіз. Мұны кімнен көреміз? Әрине, өзімізден көреміз. Солар қолға түсіп жатса анау ананың баласы еді, мынау мынаның туысы еді деп ара түсеміз де құтқарып жібереміз, оны түсініп жатқан олар жоқ, үйреншікті әдетіне қайта барады. Әй, өзімізде де обал жоқ, сөйтіп отырып үкіметке ренжиміз. Көп айта берудің қажеті жоқ, бара-бара осыған үйреніп кетеміз бе деп үрейленеміз. Бұрынғылар солай деп аманатын айтып кеткен екен, бүгінгілер не дейді? Әңгіме сонда!

1999 жыл.

Қиянат жасамайық

«Жұлдыз» журналының биылғы жетінші санында Б.Адамбаевтың «Тұлпар мініп, ту тіккен» деген мақаласы шықты. Сонда Сырымның шешендік сөздерінде Шеркеш Тұрман би мен Есентемір Бөкен би даулы болған екен, хан алдында айтысуға бара жатып, жолда Сырым баланы көрген екен деп жазса, екінші бір жерінде Сырым Бөкен биге сәлем беріп, ақыл сұрауға барған екен деп жазады. Бұлары шындыққа жатпайды. Шеркеште Тұрман емес, Тұрлан деген би болған. Ол Сырым дүние салғаннан кейін бес жылдан соң 1807 жылы туып, 1856 жылы қайтыс болған. Тұрлан қоныстас болғандықтан Бөкенді бала күнінде талай көрген, үйіне келгенде көлігін күтіп, қолына су құйып батасын алған, бірақ билік айтысып қатар жүрмеген. Өйткені, Бөкен Тұрланның әкесі Асаудан да үлкен, Асау 1771 жылы туып, 1857 жылы 86 жасында өлген. Ал, Сырым 1735 жылы туып, 1802 жылы 67 жасында дүние салады. Сонда Сырым Тұрлан мен Бөкенге қалай бала болып көрінеді? Өзінен 36 жас кіші Бөкенге Сырым сәлем беріп, қалай ақыл сұрауға барады?

Бөкен-Сырымның баласы Қазымен қатар адам. Сонда Сырым мен Бөкен жайындағы әңгіменің бәрі қате болып шығады. Сырымның ақылшысы кезінде Тана Малайсары мен Жайық беріш Алдар би болған. Сырым мен Алдар би жөнінде ел аузында мынадай өлең сақталған:

Хандардың ең ақыры Нұралы еді,

Төренің «Арқар» деген ұраны еді.

Хан ұлын Сырым батыр шабарында

Ақылды Алдар биден сұрап еді,-деп айтады. Бұл аңыз емес, Шығияз ақынның төл сөзі.

Сырым батырды Жәңгір хан қайта-қайта шақыртып қоймапты деп жазады. Кіші жүзде Жәңгір Бөкеевтен басқа Жәңгір аттас хан болған емес. Бұл Жәңгір 1801 жылы туып, 1823 жылы хан болған. Сонда ол 1802 жылы дүниесалған. Сырымды қалай шақыртады? Сырым Жәңгір ханның атасы Нұралы мен оның баласы Есім хандардың тұсында болған адам.

Міне, мақалада осындай жаңсақтықтар кеткен. Б.Адамбаев алдағы уақытта бұларды мықтап ескеруі тиіс. Анығына жетіп, біліп жазайық, оқырман қауымды «бұл қалай?» деген әуреге салмайық.

* * *

Тағы да осы «Жұлдыз» журналының биылғы сегізінші санында Б.Адамбаевтың «Шешендік пен тапқырлық» деген көлемді мақаласы шықты. Мұның да кейбір жерлерінде жаңсақтық кеткен.

166-бетте Қыздарбай деген жігіт Мақаш төреге сәлем бере барыпты, Мақаш оған бала деп әңгімелесіпті деп жазады. Шынында бұл кездесудің болғаны рас, бірақ Б.Адамбаев жазғандай емес. Мақаш төре емес, қара қазақ. Тарихта төре деп Шыңғыс тұқымынан, хан нәсілінен тарағандарды айтады, ал Мақаш Байұлының Шеркеш деген руынан. Мақаштың өз еліне правитель болғаны рас, бірақ төре атанбаған. Екіншіден, Мақаш Қыздарбайды бала деп айта

алмайды. Өйткені, Қыздарбай Есентемір Бөкен, Шеркеш Асау билермен замандас, 1800 жылдары туған адам. Ал, Мақаш 1830 жылы туып, 1904 жылы дүние салған.

Шынында бұл әңгімені ел арасында былай айтады:

Қыздарбай Шеркештің Еламан деген аталығынан шығады. Еламан жуастау, жоқ-жітіктеу, ат басын бұрып арнап қонақ келе қоймайтын, алқалы топқа түсетін азаматтары аз, қарапайым ауыл болған. Бірде жолаушылап келе жатып Есентемір Бөкен би осы ауылға әдейі бұрылып, Қыздарбайдың үйіне тоқтаған. Кедейліктен қысылып қалған Қыздарбай сыр білдірмей Бөкенді барынша қабылдап, қол астында қойы болмай, ешкі сойып қонақтаған. Осыған риза болған Бөкен алдағы ауылдарға барғанда Қыздарбайдың көрсеткен құрметін, қой сойып қонақ еткенін әдейі айтып жүрген. Мұны естіген Қыздарбай: «Еламанды елге теңедім, ешкіні қойға теңедім»-деп осы күнге дейін ел аузында сақталып қалған сөзін айтқан.

Қыздарбай Бөкейлікте Шеркештен білікті, сөзге шебер Мақаш деген жас әкім азамат шығыпты дегенді естіп, өз көзімен көріп, тілдесейін деп күздің бір қыраулы күнінде Мақаштың ауылына келеді. Келсе, Мақаштың үйінде қонақ бар екен. Қыздарбай олармен амандаспастан есік алдында тұрған құманды алып, далаға шығып келіп, қолын жуынып-шайынып жатқанда мұны ерсі көрген төрдегі кілең түлкі ішік, қасқыр ішік киген мырзалар Қыздарбайдың қой терісінен тіккен киімдерін қорашсынып мырс-мырс күледі. Мұны сезген Қыздарбай қолын жуып жатып:

-Мақашжан, жұмаққа не барды деп естідің?-деп сұрайды.
Мақаш:

-Жұмаққа қой барды деп естідім,-дейді. Сонда Қыздарбай:

-Олай болса қойдың терісін кигенге иттің терісін кигендер неге күледі?-депті. Мақаш:

-Арғы бетте қысыр сөзді Қыздарбай деген ағамыз бар еді,

сіз сол емессіз бе?-депті. Қыздарбай:

-Болсақ болармыз, бірақ сөзім қысыр емес, ауылда буыршын көп, бұзып кете береді,-депті. Мақаш төрдегі мырзаларға қарап:

-Жігіттер, сіздердің қонақасыларың осымен бітті,-деп ұшып тұрып Қыздарбайдың қолынан алып, төрге әкеліп отырғызады. Төрдегілер үн-түн жоқ орындарынан тұрып, шығып кетеді. Міне, Қыздарбай мен Мақаштың кездесуі ел ішінде осылай айтылады.

167-бетте Әлім елінің Ақсуат деген биіне құн сұрауға Байбура Сырым, Есентемір Бөлен, Қаракемпір-Шеркеш Асау мен Тұрлан, Беріш Айтуар билер барыпты деп жазады. Бұл мүлдем шындыққа жатпайды. Біріншіден, Сырымның руы Байбура емес Байбақты, екіншіден, Есентемір Бөлен емес Бөкен, үшіншіден, Сырым 1750 жылы он бес жасынан бастап билікке араласқанда жанындағы билердің бірде-біреуі дүниеге келмеген. Сырым 1802 жылы дүние салғанда Бөкен 31, Асау 22, Айтуар 19 жаста екен, ал, Тұрлан тіпті дүниеге келмеген. Сонда бұлар Сырымға қалай ереді? Осы әңгімеде Қылыш Местен Шеркеш деген сөз бар, дұрысы олай емес, дұрысы Қылыш-Кестен.

179-бетте Жәңгір ханның жалғыз баласы болыпты деп жазады. Шынында ханның үш әйелінен жеті баласы болған.

«Жұлдыз» журналының тоғызыншы номерінде Б.Адамбаевтың «Шешендік пен тапқырлық» деген мақаласының жалғасы берілген. Мұндағы Асау мен Бөлен деген әңгіменің жалпы нұсқасы дұрыс. Тек Бөкеннің есімі Бөлен деп қате кеткен және Бөкеннің Асауға берген екінші жауабы дәл емес. Бөкен Асаудың бірінші сауалына «ол келіннің ырысы кеткені» деп жауап берсе, екінші сұрағына «ол балдардың аузының кепкені» деп жауап берген. Б.Адамбаевтың жазуында «ол балдардан ерік кеткені» деп дәл берілмеген.

«Шора бидің Махат правительге айтқаны» деген әңгімеде

Мақаштың есімі Махат деп қате кеткен.

Шешендік, тапқырлық сөздер-халық қазынасы. Сондықтан халық қазынасына қалай болса солай қарап, қиянат қылмайық!

1984 жыл.

Ескерту: Бұл мақала кезінде «Қазақ әдебиеті» газетіне жіберілгенмен Б.Адамбаевтың қатаң ауырып жатқанына байланысты жарияланбай қалды.

* * *

«Парасат» журналының 1990 жылғы 11-санында Рахымжан Отарбаевтың «Махамбет пен Баймағанбеттің өлімі» деген мақаласы басылды. Мақалада бұрын жарияланбаған жаңа деректер бар, оқырмандарға біраз мағлұмат беретін дүние. Бірақ, жаңсақ басқан жері де жоқ емес. Мен өз білгенімше соған тоқталамын.

Бірінші, мақалада «Махамбеттің бабасы Ерназар дәулетті болған. Ерназар мен Құлманияз (Құлмәлі емес) туысады» деп жазылған. Бұл жерде аздап шалағайлық бар. Ел аузындағы шежіреде былай деп айтылады: «Беріштің бір баласы Байсейіттен Қитас пен Тілес туады. Қитастан Жайық пен Есенғұл туады. Бұл атадан тарағандар өздерін Жайық Берішпіз, Есенғұл Берішпіз деп атайды. Жайықтан Дәулет, Бақалай, Наурыз, Тыныс туады. Дәулеттен Тумаш, Дүйсе, Қара туады. Тумаштан Жаубасар, Ерназар, Сейіт туады. Жаубасардан Өмірзақ пен Құлмәлі болып тарайды. Сонда Ерназар Құлманиязбен (Құлмәлі) емес, Құлманияздың әкесі Жаубасармен бірге туған болып шығады. Махамбеттің бабасы Ерназар емес, Жаубасар болып шығады.

Енді Құлманияз деген есімге келсек тарихи документтерде солай жазылатындығы шындық. Бірақ ел аузында Ибраһимнің Абай, Сәдуақастың Сәкен болып кеткені сияқты Құлманияз ел ішінде Құлмәлі атанып, халықтың құлағына солай сіңіп кеткен. Бұл атадан тараған ұрпақтар өздерін Жайық Берішпіз, оның ішінде Құлманияз

емес, Құлмәлі Берішпіз деп атайды. Сондықтан «Құлмәлі емес» деп кесіп айтудың қажеті жоқ. Құлмәлі бейігі Батыс Қазақстан облысында, Өлеңті өзенінің бойында Қоске-Қосдәулет деп аталатын қауымда.

Екінші, мақалада «Бекмағанбет Исатай мен Махамбет бастаған шаруалар көтерілісінің қақ ортасында жүрген» деп жазылады. Бұл шындыққа жатпайтын сияқты. Ығылман Шөрековтың белгілі «Исатай-Махамбет» дастанында:

Берішті ал!- деп тапсырды,

Бекмағанбет, Махамбет

Бір анадан туса да

Хан үшін жүрді баршыға.

Дұшпанына қосылып,

Достасын ханмен шешіліп

Ұялмай шыққан қарсыға...-деп Бекмағанбеттің хан жақта жүргендігі айқын айтылады. Осы дастанда Исатай әскерінің орданы қамаған жері былай жырланады:

...Шыман шықты бітімге

Бекмағанбет қасында

Әр рудан би алып...

Хан елшісі келгенде

Махамбет айтты батырға:

-Осының бәрін өлтіріп,

Кеудесін,-деді, қиялық...

Бекмағанбет туғаным,

Туғаным деп сенбеймін.

Ханның ісін қолдап жүр.

Өлтірем десең маған қош

Жүрмеңіз менен ұялып,-дейді. Міне, бұл жолдардан Бекмағанбеттің кім екені, қай жақта екені тағы да айқын көрінеді. Ығылманға бұл дастанды шығарғанда тарихи шындық деректерді берген белгілі тарихшы, ғалым Халел Досмұхамедов екенін осы жерде айтып кеткеніміз абзал.

Үшінші, мақалада Исатайға жақтастар ішінде Асау

Тұрланов деген адам аталады. Тарихта, өмірде Асау, Тұрлан деген аталы-балалы адамдардың болғаны рас. Бірақ, Асау Тұрланов емес. Асау-әкесі, Тұрлан-баласы. Оның шын тарихы былай:

Бұлардың руы он екі ата Байұлының ішінде Шеркеш, оның ішінде Қойыс, оның ішінде Сүйініш аталығынан тарайды. Маңдай деген кісіден Асау және Жуас деген екі бала туады. «Ата балаға сыншы» дегендей, Асау алғыр, ауызды би болған. Асау бидің сөздері ел ішінде осы күнге дейін айтылып жүр. Жуас момын шаруа болған. Асау 1780 жылы туып, 1862 жылы қайтыс болады. Бейіті Қарабау мен Индердің аралығындағы қауымда, құлпытасы осы күнге дейін тұр. Атамекені-осы күнгі Қызылқоға ауданы, Саркөл деген жер. Тұрлан 1807 жылы туып, 1856 жылы қайтыс болған, Саркөлде үлкен шошақ бейіті бар.

Бұлар қонысы қашық болғандықтан Исатай-Махамбет көтерілісіне қатыса алмаған. Тұрлан кейіннен Есет Көтібаровқа қосылуға әрекет жасап жүргенде үстінен мәлімет түсіп ұсталып, Орынбордың түрмесінде қайтыс болады. Қазақ ССР орталық мемлекеттік архивінде «1854 г. Марта 5. Донесение муллы Б.Шагимарданова в Оренбургскую пограничную комиссию о волнениях среди казахов Чиклинского, Серкачевского и Бершевского родов» деген документте былай жазылған:

«... 2. Серкачева рода, Куисова отделения Турлан Асауов, собрав к себе несколько хищников и воров, волнует часть народа, злоумышленно говоря, что он хочет откочевать и предаться Исету, пока он еще не укочевал...»

Тұрлан міне, осы мәлімдемеден кейін ұсталып кетеді. Мәліметтегі «Чиклинского, Серкачевского и Бершевского родов» деп отырғаны Шекті, Шеркеш, Беріш рулары.

Төртінші, мақалада Исатайдың немересі Өтепқали Жақияұлы деп жазылған. Өтепқали Жақияның емес, Дүмбиянның баласы, бейіті осы күнгі Исатай ауданында.

Мақаланың кейбір жаңсақ кеткен жерлеріне айтатын ескертпе, түзетулеріміз осындай. Өйткені, тарихқа дәлдік керек.

Ескерту: Бұл мақала «Қазақ әдебиеті» газетіне 1991 жылы жіберілгенімен басылмады.

1991 жыл.

Ө.Әлімгереевтің «Тұрлан Асауұлы» деген қолжазбасына ескертпе

1. Қыдырбайдың әйелі Мақпал Шоланның қызы емес, Даттың қызы. Шоланның қызы болса ол 1700 жылдары туып, Маңдайды 1720 жылдары тапқан болады, Асау 1740, Тұрлан 1770 жылдары туған болады. Бұл шындыққа келіңкіремейді. Ал, Даттың қызы Сырымның қарындасы болса Мақпал Маңдайды 1760 жылдары тапқан болады, Асау 1780 жылдары туған болады. Бұл шындық болып шығады. Қыдырбай-Сырыммен замандас, әрі оның жасағына қатысқан батыр. Мұндай әңгімені жазғанда осылай екшеу керек емес пе?

2. Бөкен Сырымға бата беріп, ақыл айтқан би емес, Сырымның ақылшылары Шекті Мөңке би, Тана Малайсары би, Беріш Алдар би. Ал, кейбіреулердің, әсіресе Есентемірлердің айтуларына қарап Бөкенді Сырымға ақылшы болды десек, ол Сырымнан кемінде 15 жас үлкен болуы керек.

3. Мұнда айтылып отырған қай Байбақты? Қазіргі айтылып жүрген әулие Шеркеш Байбақты болса, ол 1823 жылы туып, 1914 жылы өлді деседі, сонда ол қалайша Асаумен замандас болады, Тұрланның кіндігін қалай кеседі? Мұны іздестіріп қара, басқа Байбақты болып жүрмесін.

4. Тұрланды табарда әкесі түс көріпті, түсіне әулие еніпті,

балалы боласың деп батиха беріпті дегенді жазбаса да болады, бұл өзі батырлар жайында аңыз әңгімелерде талай айтылып, жырынды, ығыр болған әңгіме, атақты адамдар туа қалса бәрін де әулие берген болып, тарихи деректердің түбі пәтуәсіздікке келіп тіреледі. Әулиеге түнмей-ақ талай адамдар, мысалы Исатай, Махамбеттер, Сырымдар туған ғой. «Асау ағамыздың үйіндегі жеңгеміз» деп замандас адамдарша сөйлегенің де жарасып тұрған жоқ.

5. Асаудың құлпытасындағы 95 жасында опат болды деген қате жазылған. Онда Асау Бөкеннен төрт жас үлкен болып шығады. Балалары сексеннен асқан Асаудың шын жасын білмей шамамен айта салған, оған балдары да кінәлі емес, ол күнде бүгінгідей паспорт жоқ, әрі әкесінің жасын сұрамайды, шамамен айта салады, шынында Асау 82 жасында қайтқан. Тұрланның басындағы таста да туған жылы жоқ. 1856 жылы 49 жасында опат болды делінген, сонда Тұрлан сен жазғандай 1806 жылы емес, 1807 жылы туған болады.

6. Алатаудың асына Бөкейдің інісі Шығай келмеген, өйткені хан дәрежесіндегі адамдар қара халықтың асына қатыспаған. Шыман сияқты өзінің кеңесшілерін жіберіп отырған, асқа Шыман келген.

7. Бәйгеге қосылған 900 атың көп емес пе? Талай астар өткен ғой, сонда бәйгеге қосылатын аттар 300-ден аспайтын деп айтылатын, сенікі үш есе көбейіп кетіпті, өзің ойлап қарашы, 900 ат қайда сияды?

8. Енді «Еламанды елге тең деу» жөнінде. Қыздарбайдың Тұрланмен қатар замандас екені рас. Сүйініш, Еламан екеуі де Қойыстың баласы. Ал, ағайынды адамдар, қыз алысып-беріспейтін туыстар бірін-бірі ел емес, оны мен ел қылып қатарға қостым деп айтпайды, бұл қазақ дәстүрінде жоқ әдет. Рас, ағайынды адамдарды бір-бірінен кемсіту үшін басқа атаның адамы айтуы мүмкін. Бұған, әрине Қыздарбай да, Тұрлан да қорынады. Бұған қарағанда Қыздарбайдың

Бөкенге қойы болмай ешкі сойып беріп «Еламанды елге теңедім, ешкіні қойға теңедім» деп өз айтқаны шындыққа жақындайды. Мұны да ойлап көргенің дұрыс. Кез келгеннің айтқанын таза қалпында қабылдай беруге болмайды, өз ойыңның елегінен де өткізе білу керек.

9. Тұрлан Исатай-Махамбет көтерілісіне қатыспаған, бұл пікірің дұрыс. Оның қатыса алмауы Тұрланның өзінен емес, анау Бөкейліктен елінің, жерінің шалғай жатқандығы. Тұрлан бұл көтеріліске қатысса 1856 жылға дейін сау жүрмеген болар еді, соғыста өлмесе де Сібір айдалып кетер еді. Біріншіден, Тұрлан көтеріліске қатысса, Махамбет оның атын Жем бойында жүріп естіп, іздеп келмес еді, бірден ат басын тіреп келер еді. Бұл шындықтан ауытқып кетуге болмайды. Тұрлан Баймағамбет сұлтанның өліміне де қатыспаған, қалай айтсақ та Тұрланға жараса береді деп кейіннен шыққан дарбаза-дүмбілез аңыз. Өзің жазғандай, бұл жөнінде ешқандай жазба дерек жоқ. Бірақ, осылай деп жазғандарға қарсы өз пікіріңді айтқаның дұрыс.

10. Баймағамбеттің Петерборға бармағаны рас, ол Махамбеттің басын Орынбордың генерал-губернаторына көрсеткен де, қайтадан алып келген.

11. Енді «Үш қара» жәйлі. Асаудың бұл әңгімесі рас. Менің естуімше былай:

Үш қараның бірі-Қаракемпір Шеркеш, әрі аға, әрі өз жұрты, екіншісі-Табын руынан тарайтын Қара немесе Қареке деп аталатын аталық бар, бұл нағашы жұрты, үшіншісі-Қаратоқай Беріш, бұл қайын жұрты. Ал сен екіншісіне Ысықтың Қараоразын қосыпсың. Ысық пен Шеркеш әуелден еншісі бір көршілес отырған, алым-берімі жоқ, дау-далабасы жоқ, татулас ауыл, оған Тұрлан ұрынбайды да. Сондықтан бұған менің күмәнім бар. Әлі де ойластырып, сұрастырып, анықтап көр.

12. Есентемір Киікші батыр Махамбеттің емес, Исатайдың нағашысы. Махамбеттің нағашысы да, қайын

жұрты да-Алаша. Махамбеттің Алаша Сарбөпе, Сатай ауылдарын жанамалап, паналап жүретіні сондықтан.

13. Тұрланды Мақашпен де кездестіресің, бұл шындыққа жанасынқырамайды. Мақаш 1830 жылы туып, 50-жылдары ғана аты шығып, билікке араласа бастайды. Ал, бұл жылдары Тұрлан әңгімелі болып, өзі әлекке түсіп жүрген кезі, ағайын араламақ түгіл, қара басы қайғыда жүрген адам. Тұрланды Бөкейлік жақ, Ганюшкино айналасы жөндеп білмейді, жарытулы әңгіме де айтпайды, өйткені, Тұрлан ол жақта болмаған, ал Мақаш бергі бетке өтпеген адам. Тұрланға қалай айтса да жараса береді деп жөнсіз жәйларды тықпалай бермеу керек. Қыздарбай Мақашқа арнайы барып дидарласқан, бұл жайында ел аузында әңгімелер баршылық және соны Теңіз жақтағылар көбірек айтады.

14. Тұрланның өлімі жайында айтылып жүрген әр түрлі нұсқаларды келтіргенін дұрыс болған, осының айналасынан барып түбі бір шындыққа тірелуі мүмкін.

15. Есенгелді мен Сағиданың бала сұрап Яссауиға баруы да күмәнді. Бұлар түгіл Кіші жүздің атақты хандары да, батырлары да ол жаққа бара алмаған, сол атақтылардың бірде біреуі Қожа Ахмет жанына жерленбеген, әзірге ондай дерек жоқ. Сонда ондай қашық жерге Есенгелді мен Сағида қалай барады? Бала сұрап түнейтін әулие өз жерімізде де жетеді, соның біреуіне барған болар. Ал, Қожа Ахметке баруы шанымсыздау, мұны да ойлап қара.

Руды жазудан қашқақтамайық

Осы мақаланы жазуға не себеп болды? Телефон шылдыр ете түсті, тыңдай қалдым...

-Алло!..

-Бекең бар ма екен?..

-Сәлем, Беке! (өзінің кім екенін айтты) Сіз тарихи тақырыпқа барып жазып жатырсыз, оныңыз дұрыс, бірақ

анау ана рудан, мынау мына рудан деп те жазып жатырсыз, мұныңыз қалай болар екен?..

-Не қалайы бар?..

-Газет соны қалай басып жатыр?..

-Онда тұрған не бар?..

-Мұныңыз рушылдық болып шықпай ма?..

-Біліміңіздің жеткен жері осы болса, рахмет?!

Телефонды тастап жібердім де осы мақалаға отырдым.

Шынында, осы ру дегеніміз, одан шығатын рушылдық дегеніміз не? Алдымен осыны анықтап, басын ашып алайық. Беделді дерек қазақ совет энциклопедиясына жүгінсек, оның тоғызыншы томының 563- бетінде былай жазылған: «Руарғы тегі бір әкеден немесе шешеден тараған туыстардың тобы... Орта Азия мен Қазақстанның көшпелі халықтарында рулар жиырмасыншы ғасырдың басына дейін сақталған». Демек Октябрь революциясына дейінгі тарихымызға барсақ жүзге, одан руға бөлінгенімізді айтпай, жазбай өте алмаймыз. Бұлай етпесек тарихты тәрк етіп, қабырғасын қақыратып, омыртқасын омырып, ойсырата бұрмалаған болып шығамыз.

Өткенге көз жіберсек, рулық қатынас халқымыздың тарихында үлкен саяси-әлеуметтік міндет атқарған. Бір атадан тараған ауыл туыстас, ағайындас болып жұбын жазбастан көшіп-қонып жүрген, өз алдарына жазы-қысы мекендейтін қоныстары, мал бағатын өрістері, шөп дайындайтын шабындықтары болған. Ол күнде бұл күндегідей колхоз, совхоз, село, поселке дегендей әкімшілік түсінік, ұғым атымен болған жоқ, «Мынау Адайдың жері», «мынау Алаштың жері» деген сияқты атаулары болған, сол атаулар бүгінгі тілмен айтқанда адрестік міндет атқарған. Оны сол кездегі тарихи документтерден айқын көруге болады. Қазақ ССР-ның орталық мемлекеттік архивінде «1854 г. Март 5. Донесение муллы Б.Шагимарданова в Оренбургскую пограничную комиссию о волнениях среди казахов Чиклинского, Серкачевского и Бершевского родов»

деген документ бар. Сонда былай жазылған:

«...2. Серкачева рода, Куисова отделения Турлан Асауов собрав к себе несколько хищников и воров, волнует часть народа, злоумышленно говоря, что он хочет откочевать и предаться Исету, пока он еще не укочевал...»

«...3. Бершева рода, Исенова отделения предводители Букайби и Джетыбай, показывая неповиновение и соединясь в числе 200 кибиток, волнуют и хотят откочевать к Исету...»

Көріп отырсыздар, бұл жерде Шеркеш руы, Қойыс бөлімі деген сөз Тұрланның адресін, ал Беріш руы, Есен бөлімі деген сөз Боқай би мен Жетібайдың адресін білдіріп тұр. Ал, документте руы көрсетілсе болды, соның өзі жетіп жатыр, өйткені, жергілікті әкімшілік орындары ол рулардың қай жерді мекендеп, қоныстанатынын жақсы біледі, керек адамын сол жерден сол бойда тауып алады.

Рулық қатынастың адрес міндетін атқарғанына екінші мысал: тарихта Кіші жүзде XVIII-XIX ғасырда үш Есет болды, біріншісі-әрі батыр, әрі би Есет Көкіұлы, екіншісі-би Есет Қараұлы, үшіншісі-батыр Есет Көтібаров. Ел бұларды әкесінің атын атап айырмайды, Тама Есет, Беріш Есет, Әлім Есет деп руларына қарап айырады, өмірде замандас өткен Досжан аттас екі ақын бар. Ел біреуін Есентемір Досжан, біреуін Тама Досжан деп айырады. 1867-68 жылдардағы реформалардан кейін қазақ жерінде облыстар, уездер құрылып, ел болыстарға, ауылдарға бөлінді, түрлі әкімшілік атаулар пайда болды. Соның өзінде рулық қатынастар адрестік міндетін атқарудан қалған жоқ. Мысалы: Гурьев уезінің Қаратөбе болысында Ысық, Шеркеш рулары қоныстас отырды, осы екі рудағы аттас, фамилиялас адамдарды руларына қарап айырды. Жем болысында Адай, Таз рулары қатар отырды, мұндағы аттас адамдарды да руларына қарап іздестірді. Сондықтан революцияға дейінгі тарихымызды жазғанда руды атаудан, жазудан кейбір «солақай білгіштердей» қашқақтауымыз

дұрыс болмайды, онымыз білімсіздік, тарихқа қиянат жасағандық болып шығады.

Рулық қатынас нәсілді сақтау ісінде де зор роль атқарған, әлі де атқарып келеді. Ата-бабаларымыз рулас адамдар-қандас, сондықтан оларды бір-бірімен атастыруға болмайды, қаны бұзылады, тұқым азады деп санаған, кейінгі ұрпақтың қан жағынан таза болуына қамқорлық жасаған. Жеті атадан аспай қыз алып, қыз берісуге болмайды деп рулас адамдарды бір-біріне үйлендірмеген. Бұл ретте руға бөлінді деп ата-бабаларымызды айыптамай, қайта оларға рахметіміз бен алғысымызды айтуымыз керек. Адам ағзасын зерттейтін дәрігерлік ғылым да осыны қуаттап, осыны жақтайды, заң да аталас, қандас адамдардың некелесуі дұрыс емес деп санайды. Ата-бабаларымыздың ру арасында ғана емес, тілі бөлек, түрі басқа халықтармен қан жаңарады деп құдандалас болуды жақтағандығын, көршілес отырған ұлттармен қыз алысып, қыз беріскендігін, сөйтіп, көрші-көлемдес халықтармен аяқ-табақ аралас ағайындай тату-тәтті отырғандығын ерекше атап айтуымыз қажет.

Енді, рушылдық деген не, соған келейік. Өткен тарихымызға көз салсақ, рушылдық деген ағайынды алалап, жақыныңды жаралайтын ылаң болған, елді халықтық қасиеттен айырған, бүтінді-жарты, жартыны жоқ еткен індет болған, бойға батпандап кіріп алса, мысқылдап шығып болмайтын дерт болған. Ел ру-руға бөлініп, өзара дауласып, жауласып қаншама жұрт шұбырындыға ұшырады, әкімдікке таласып, айтысып-тартысып қаншама азамат абыройдан айырылып, азып кетті, сойылға жығылған азамат қанша, жесір қалған әйел, жетім қалған бала қанша? Мұны Мұхтардың Абай жайындағы, Сәбиттің Шоқан жайындағы романдарынан жақсы білеміз.

Совет үкіметінің алғашқы жылдарында-ақ осы рушылдыққа қарсы қатал күрес жүргізілді, халықты ру түгіл ұлтқа бөлуге қарсы шабуыл басталды. Мұны партиямыздың

Лениндік ұлт саясаты деп атады. Азамат соғысы жылдарында елімізді индустрияландыру, коллективтендіру кезеңдерінде, социализм орнату жолындағы алғашқы бесжылдықтарда осы ұлт саясатының негізінде халықтар достығы нығайып, елді ру түгіл ұлтқа бөлу деген ұғым атымен жойылды. Еліміздің осы халықтар достығы, осы бірлігі кешегі Ұлы Отан соғысында ұлы жеңіске жеткізді.

Кіші жүздің рулары, қоныстары мен ұрандары

Бұл айтуға жеңіл тақырып болғанмен жазуға келгенде бақайшағына дейін шағып, сенің атаң-анау, сенің атаң-мынау деп тайға басқан таңбадай дәл анықтап беру қиын іс. Менің қозғап отырғаным энебір ауқымды мәселе емес, айналасы қазіргі төрт облысты-Орал, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау облыстарын ертеде революцияға дейін руға бөлініп мекендеген елдің тарихына шолу ғана. Бұл мәселені этнограф-тарихшы қозғаса, онда ол әріге кетуі мүмкін, оған менің шама-шарқым жетпейді, мен елден естіп жинағанымды құрастырып жазатын әдебиетшімін, сондықтан оның шала-шарпысы болуы ақиқат, басқа да білетіндер қосар, түзетер деген үмітпен жазып отырмын. Бұл тұста үш дерекке сүйенемін. Біріншісі-ресми тарихи деректер, демек, әр кезде, әр тұста шыққан кітаптар, екіншісі-қазақтың тарихы мен әдебиетін жете жинап, зерттеген ғалым Халел Досмұхамедовтың жазба еңбектері, үшіншісі-әкемнің жазып кеткен естеліктері мен ел аузында айтылатын жыр-толғаулар.

XVI-ғасырда қазақтар үш жүзге бөлінгенде Қазақстанның батыс аймағы Кіші жүз деп аталды. Кіші жүздің арғы атасы Алшын деп кітаптарда жазылып жүр. Ал, енді осы Алшын

дегеніміз кім, өмірде болған ба, болса, қай ғасырда, қай жерде болыпты деген сұрақ туады. Ия, Алшын деген адам тарихта болған. Жазба деректерге қарағанда, Алшын есімді адам басқарған бір бөлек тайпаның ежелгі мекені осы күнгі Алтай өлкесі деседі. Содан X-ғасырда Алшын аталатын тайпа Қыпшақтармен бірге Батысқа қарай аттанып, Египетке дейін барған. Мысыр билеушілеріне қызмет етіп, мамлюктер әулетінің үстемдігін орнатуда айтарлықтай роль атқарған. X-XII ғасырларда Қырымға көшіп келген. XII-XIV Ноғай ордасының негізін қаласқан. Кейінірек қазақ халқының негізгі құрамының бірі болған. Біздің Кіші жүздің арғы атасы осы Алшын болар деп шамалаймыз. Мұрат ақын бір жырында:

... Алаш-Алаш болғалы

Алаштап ұран бергелі.

Алашұбар ту байлап

Алаша атқа мінгелі.

Алшын еді атасы...

Шолпан еді анасы...-деп біздің сөзімізді растай түседі, анамыздың да есімін атап өтеді.

Елдің ауызша шежіресінде Кіші жүз Алшыннан былайша тарайды: Алшыннан Алау, одан Құдуар, одан Алғожа мен Асанғожа туады, Алғожадан Нәдірғожа, Сәдірғожа туады, Асанғожадан Ерғожа, Қыдырқожа, Елтай, Естай, Ата, Қалпақ туады, Нәдірғожадан алты аталы Әлім, Сәдірғожадан жеті аталы Жетіру тарайды, Ерғожадан Ожырай, Жаппас, Қыдырқожадан-бәйбішесінен Қыдырсиық, Сұлтансиық, Бақытсиық, тоқалынан Ысық, Мысық, Майса туады, Елтайдан Адай, Естайдан Беріш, Атадан Есентемір, Қалпақтан Таз туады. Қыдырсиықтан Шенеш, Шеркеш, Сұлтансиықтан Алаша, Байбақты, Тана, Қызылқұрт, Масқар туады. Бақытсиықтан бала болғаны, болмағаны белгісіз, тоқал шешесінен туған інісі Ысықты бала етіп тәрбиелеп алған, содан Ысық Бақытсиықтан туған болып есептеліп

кеткен дейді шежіреші қариялар, бірақ оның анық-қанығын кім білсін! Сонда он екі ата Байұлы дегеніміз былай болып шығады: Адай, Алаша, Байбақты, Беріш, Есентемір, Жаппас, Ысық, Қызылқұрт, Масқар, Таз, Тана, Шеркеш.

Бұл шежіре ел арасында «Адай даладан табылған бала», «Беріштің әкесі белгісіз», «Есентемір бір жақтан қаңғырып келген екен», тағы сондай ру арасындағы айтыс-тартыстан туған бірін-бірі кемітпе лақап сөздерді жоққа шығарады. Сол жағынан алғанда шындыққа бейім келеді.

Осы жерде ел аузындағы мынадай бір әңгімеге тоқталайық: Ерғожаның бір баласы Ожырай туыстарына өкпелеп, Әлімнің бір ұрпағы Кетеге барып паналайды, содан Ожырай-Кете деп аталатын ұрпақ тарайды, «Ожырай кетсе орнына, Жаппас қонар жұртына» деген мәтел содан қалған деседі. Ерғожаның қызы Алтын ұзатылған жерінен қайтып келіп, туысы Жаппаспен қоныстас болады. Содан бұлар Алтын-Жаппас атанады деседі.

Х.Досмұхамедовтың жазуына қарағанда Әлім-Шекті, Назар, Шүрен, Тілеу, Қабақ, Қарасақал болып алтыға бөлініп, алты аталы Әлім аталады. Әлімге Кете, Ожырай, Шүмен (Шүмекей) деген рулар да қосылады, бұлар Қаракесек болып атанады.

Жетіру-Кердері, Тама, Табын, Жағалбайлы, Рамадан, Керейт, Төлеу болып жетіге бөлініп, Жетіру атанған.

Енді Кіші жүз деп аталатын рулардың революцияға дейін мекендеген қоныстарына келейік. Алты аталы Әлім тұтасымен Темір, Ырғыз, Қазалы уездерін мекендеген, аздап Гурьев уезінде де болған.

Кердері-Орал уезін, Тама-Орал, Ақтөбе, Атбасар, Түркістан уездерін, Табын-Орал мен Ақтөбе уездерін, Жағалбайлы-Қостанай мен Атбасар уездерін, Рамадан-Ташкент уезін, Керейт-Ақмешіт уезін, Төлеу-Ташкент уезін мекендеген, аз-кем Әулиеата төңірегінде және Ілбішін уезінде болған. Тама, Табын рулары аздап Бөкейлікте де

болған.

Шеркеш-Гурьев уезі мен Бөкейлікте, Ысық-Гурьев, Ілбішін, темір уездерін мекендеген, Бөкейлікте де аздап Ысықтар болған, Тана-Ілбішін, Темір, Ақмешіт уездері мен Бөкейлікті қоныстанған, Байбақты, Қызылқұрт, Масқар, Алаша рулары түгелдей Ілбішін уезі мен Бөкейлікті мекендеген. Алаша руы аздап Қызылқұмда да болған, Адай-Маңғыстау уезін тұтасымен және Темір, Шағадам, Гурьев уездерін мекендеген, Бөкейлікте де аздап Адайлар болған, Беріш-түгелдей Гурьев уезі мен Бөкейлікті мекендеген, Бөкейліктегі рулардың ең көбі-Беріштер, Таз-Гурьев уезін, Жаппас-Ақмешіт уезін, аздап Бөкейлікті де қоныстанған, Есентемір-Гурьев пен Ақмешіт уездерін мекендеген, Бөкейлікте де аздап Таз бен Есентемір болған.

Көшіп-қонып жүргенде алыстан табысып, танысу мақсатында әр рудың жеке-жеке ұраны болған, ұранға сол рулардың елден ерек атақты адамдарының есімі берілген. Сырттан тиген жауға ел ұрандап шабатын болған. Осы ұраннан жауға шауып бар жатқан қай рудың жігіттері екенін ел айтпай білген. Халық бас қосып той өткізгенде, өлген адамға ас бергенде ат шаптырып, ақындарды айтыстырып, балуан күрестіріп қызықтайды. Сонда бәйгеден озып келе жатқан шабандоз бала халық алдында өз ұранын айтып өтеді, бұдан қай рудың аты келгені бірден белгілі болады. Балуандар күресіп жатқанда екі жақтың адамдары өз ұрандарын айтып, аруаққа сиынып тұрады. Сонда халық қай рудың балуандары белдесіп жатқанын айтпай біледі.

Үш жүздің өз алдына дербес ата ұрандары болған. Кіші жүздің ата ұраны-Алшын. Үш жүз бірігіп бас қосқанда немесе жауға аттанғанда біреу Алшын деп ұрандап шықса, олардың Кіші жүз екендігі бірден белгілі болған.

Ұранға жеке-жеке тоқталғанда, алты аталы Әлімге келсек, Кетенің ұраны әр деректе әртүрлі атайды. Бір деректе-Бақтыбай, енді бір деректе-Майлыбай дейді. Осы соңғысы

дұрыс болар деп ойлаймыз. Өйткені, Кетелер өздерін таныстырғанда Майлыбай-Кетеміз дейді. Шөмекейдікі-Дәйт, Шектінікі-Бақтыбай. Міне, осы арадан келіп жаңағы Бақтыбай деген ұранның сыры ашылады. Кете мен Шекті қоныстас ауыл болғандықтан Шектінің арына шапқанда Кетелер кейде Бақтыбай деп ұрандауы мүмкін ғой. Қарасақалдікі-Алдажар, кейде Алдияр деп те ұрандайды. Мұның айырмасы жоқ, араб сөздігіне жүгінсек Алдажар да, Алдияр да бір мағыналы, бір сөз.

Жетіруға келсек, Кердерінікі-Қожахмет, Таманікі-Қарабура, Табындікі-Тостаған, Жағалбайлынікі-Манатау, Төлеудікі-Арғымақ, Керейттікі-Ақсақал, Рамадандікі-Дулат.

Байұлына келсек, Адайдікі-Бекет, Алашанікі-Байбарак, Байбақтынікі-Дәуқара, Беріштікі-Ағатай, Есентемірдікі-Алдонғар, Таздікі-Бақай, Шеркештікі-Шағырай, Ысыктікі-Бәйтерек, Масқардікі-Қаралы, Тананікі-Жиёмбет, кейде Малайсары деп ұрандайтын болған, дұрысы Жиёмбет болар деп ойлаймыз, өйткені Таналар өздерін таныстырғанда Жиёмбет Танамыз дейді. Жаппастікі-Баймұрат, Қызылқұрттікі-Жиёмбет. Кейбір деректерде Қызылқұрттың ұраны Жайым немесе Байжайым деп жазылады. Ал, Х.Досмұхамедовтың жазуында Жиёмбет дейді, осы дұрыс болу керек. Бұл жерде Тананың ұраны Жиёмбет пен Қызылқұрттың ұраны Жиёмбетті шатастырмау керек, екеуі екі басқа адам.

Ұранға атақты адамдардың есімі берілген делік. Мысалы, Адайдың ұраны Бекет әрі діни білікті адам, әрі батыр болған, Беріштің ұраны Ағатай-батыр, Тананың ұраны Жиёмбет-әрі батыр, әрі жырау, Шеркештің ұраны Шағырай би болған адам. Ұранға шыққан басқа қасиетті адамдардың кім болғаны әзір анық емес. Мұны тарихшылар зерттеп, анықтау тиіс.

Рулардың өз алдына елдіктерін білдіретін бөлек-бөлек таңбалары болған. Бұл таңбалар қай рудың адамы екенін

білдіру үшін өлгендердің басына қойылатын құлпытастарға салынған, қоныстас отырғанда, көшіп-қонып жүргенде араласып кеткен немесе барымтаға ұшыраған малдарын айырып алу үшін малдарға салынған.

Үш жүздің өз алдарына бөлек-бөлек таңбалары болған, оны ұлы таңба деп атаған. Кіші жүздің таңбаса-айқастырған қос найза. Бұл ел аузындағы «Кіші жүзді найза бер де, жауға қой!» деген аталық сөздің анықтама белгісі.

1990 жыл.

Кіші жүз руларының тармақтары

Руларды жіктегенде, тарамдағанда балапандатып бүгінге дейін алып келу мүмкін емес. Сондықтан «алты арыс Адай», «жеті баулы Беріш», «үш Таз» дегендей әр рудан таралатын арғы әулетін ғана әңгімелейміз. Оны да дұрысы, анығы осы деп кесіп айта алмаймыз.

Әлім-Шекті, Назар, Шүрен, Тілеу, Қабақ, Қарасақал болып алтыға бөлінеді де, «алты аталы Әлім» болып аталады, оған Кете, Ожырай, Шүмен (Шөмекей) деген рулар да қосылып, Қаракесек болып атанады деп өткенде жаздық. Енді жеке-жеке жіктегенде олар былай болып келеді.

Шекті-бір деректе Айт, Бұжыр, Орманбай, Жақайым, Ожырай, Байкөбек, Жанқылыш, Орыс деген сегіз атаға, екінші бір деректе Арас, Баубек, Жақайым деген атаға бөлінеді деседі. Бұның қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін шежіреші-тарихшылар анықтауы керек.

Кете-Ақкете, Қаракете, Тоққожа, Тегенболат аталарға бөлінеді деседі.

Шүмен (Шөмекей)-Көнек, Тоқа, Асбан, Бозғыл деген аталарға бөлінеді деп айтады.

Назар, Шүрен, Тілеу, Қабақ, Қарасақалдан кімдер

тарайтынын тап басып айта алмаймын, бұларды тарататын шежіреге, баспа деректерге кездескенім жоқ.

Жетіру-Кердері, Табын, Тама, Жағалбайлы, Рамадан, Керейт, Төлеу болып жеті атаға бөлініп, «жеті аталы Жетіру» болып аталады деп өткенде айттық.

Кердері-Жабағы, Смайыл, Бердімбет, Жанбас деген аталарға бөлінеді деп жазады.

Табын-Жаманкерей, Ағым, Бозым, Бегім, Тоғым, Қайырқожа деген аталарға бөлінеді деседі.

Тама-Есенгелді, Жоғы, Жабал, Әзберген, Әліп деген аталарға бөлінеді деп айтады.

Жағалбайлы-Мырза, Лез деген екі атаға бөлінеді.

Рамадан-Алтай, Мұсақ, Қарбақат, Тасжарған, Ақбөрік, Қарабөрік деген аталарға бөлінеді деседі.

Керейт-Едік, Жартай, Ашамайлы, Сайшак, Арбалы, Ершак, Жастабак, Шайкез, Сарман, Қонақбай, Обаған деген аталарға бөлінеді деп жазады.

Төлеу-Әжахмет, Ноғай, Смайыл, Самат, Керейіл деген аталарға бөлінеді деседі.

Байұлы-Адай, Алаша, Байбақты, Беріш, Есентемір, Жаппас, Тана, Таз, Қызылқұрт, Масқар, Шеркеш, Ысық болып он екі атаға бөлінеді де, «он екі ата Байұлы» болып аталады деп өткенде жаздық.

Адай-Келімберді, Құдайке деген екі атаға, Келімберді-Балықшы, Жеменей, Құнанорыс, Ақпан, Тобыш, Мұңал деген алты арысқа, Құдайке-Тәзіке, Қосай деген екі арысқа бөлініп, сегіз арыс Адай атанады.

Алаша-Алтыбас, Айтеміс, Түкбас, Сары, Құбылай, Барамық, Қоңырбөрік деген аталарға бөлінеді деп айтады.

Байбақты-Ботан, Жанбақты, Тыңбақты, Әйтімбет, Қара, Тоқсаба деген аталарға бөлінеді деседі.

Беріш-Байбақты, Байсейіт болып екі атаға бөлінеді, Байбақтыдан-Әсілбас, Шақай, Құсылбас болып, Байсейіттен-Қитас, Тілес болып тарайды.

Әсілбастан-Себек, Жаңбыршы, Шақайдан-Есен, Женет, Құсылбастан-Жанай, Қожай, Қосай, Бегіс болып тарайды, Қытастан-Есенғұл, Жайық, Тілестен-Бөкен, Қаратоқай, Жанайдан-Құлкеш болып тарайды да, Себек, Есен, Есенғұл, Бегіс, Жайық, Қаратоқай, Құлкеш болып «жеті баулы Беріш» атанады.

Есентемір-Көн, Тағашы болып екі атаға бөлінеді, Тағашы-Әжімбет, Қожамбет, Бердімбет болып үш атаға бөлінеді.

Жаппас-тарихта екі есіммен аталады, бірінде Жаппас деп, бірінді Алтын-Жаппас деп аталады. Екеуінде де шындық бар сияқты. Жаппастың әкесі Ерғожа деген кісі, сол Ерғожаның Алтын деген қызы ұзатылған жерінен қайтып келіп, туысы Жаппаспен қоныстас болады, содан бұлар Алтын-Жаппас атанады деп өткенде жаздық. Бір деректе Жаппас-Шалтақ, Сумұрын, Бесбалуан, Баймұрат, Қалқаман, Үңгіт, Ысық, Өтей, Киеке деген аталарға бөлінеді дейді, екінші бір деректе Алтын-Жаппас-Қосқұл, Қазалы, Шүңгір, Жапалақ деген аталарға бөлінеді дейді. Мүмкін бұл жерде қыздан туғандарды да Жаппасқа қосып жіберуі. Ол жағы әзір белгісіз.

Тана-Жиембет, Қараман, Қалқаман, Қарақұнан, Асан, Бессары, Өліке деген жеті атаға бөлінеді де, «жеті баулы Тана» деп аталады.

Таз-Абдал, Жастабан, Шарға деген үш атаға бөлініп «үш Таз» аталады. Абдал-алты, Жастабан-үш, Шарға сегіз атаға бөлініп тарайды.

Қызылқұрт-Елғұлы, Байғұтты, Жантелі, Шора деген аталарға бөлінеді деп айтады.

Масқар-Құттықадам, Масақ деген аталарға бөлінеді деп жазады.

Шеркеш, Шенеш деген екі ағайынды адам болған екен деп өткенде жаздық. Шеркештен-Қойыс, Жауғашты, Шумақ, Қылыш, Кестен болып, Шенештен-Қосым, Досым болып

тарайды да, бәрі де Шеркеш атанады. Ел аузында бір әңгімеде Қылыш пен Кестенді жаугершілік заманда Қыран деген қалмақтың жұртынан тауып алған деседі. Қалай десе де бұл атадан тарағандар өздерін Қылыш-Кестен Шеркешпіз деп атайды.

Ысық - Асқары, Тоғыншы болып екі атаға бөлінеді.

Біз естіген, білетін, ауызша айтылатын жазба деректерде Кіші жүз рулары осылайша таралады.

1991 жыл.

Гурьев уезі

XIX-ғасырдың 60-жылдарында Қазақстанның Россияға қосылу кезеңі аяқталды. Патша үкіметі 1867 жылы осы кен өлкені басқару мақсатымен әкімшілік реформасын жүргізді. 1868 жылы Орынбор генерал-губернаторлығына қарасты облыстар құрылды, солардың бірі Орал облысы болды. Облыстар уезге, уездер болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінді. Орал облысына бағынышты төрт уездің бірі Гурьев уезі болды, ол 1868 жылдың октябріне құрылды.

Уезді уездное управление, қазақша айтқанда ояз басқарды. Ояз бен болыстың ортасында тағы бір ұлық болды, ол крестьянский начальник деп аталды. Болыстар бірнеше участокке бөлінді, халқының санына қарай бес-алты-жеті болыстан құралатын осы учаскенің бастығы-крестьянский начальник. Гурьев уезінде осындай екі начальник болған. Ел ішіндегі дау-далабаларды тергеп шешетін орын мировая судья деп аталған. Бұл мекемелердің басында негізінен орыс өкілдері отырған. Бұлардың қара халықпен тілдесетін тілмәштері, іс қағаздарын жүргізетін хатшылары сол кезде орысша оқыған қазақ азаматтары болған. Болысты басқаратын волостной управительдер, қазақтар оларды болыс деп атаған, ауылды басқаратын старшиналар, олар қазақша ауылнай деп аталған, қазақтың өзінен сайланған.

Әрбір болыста жер жағдайына, халқының санына қарай бір мыңнан екі мыңға дейін үй болған, әрбір ауылда 120-дан 200-ге дейін үй болған. Болыстар рулық бірлестік негізде құрылған.

Гурьев уезіне осы күнгі Индер, Махамбет, Қызылқоға, Мақат ауылдарының жері қараған, оннан аса орыс-қазақ поселкесі, 17 қазақ болысы (Жайықтың шығыс беті) қараған. Әкемнің айтуы мен жазуына қарағанда болыстар мен ауылдарды, оларды мекендеген руларды жекелеп қарасақ былай болып келеді:

Есбол болысы-13 ауыл, Сімбірті болысы-10 ауыл, бұл екі болысты негізінен Адай, Беріш рулары, аздап төре-қожалар мекендеген, Гурьев болысы-Шеркеш руынан 10 ауыл, Қаратөбе болысы-Шеркеш, Ысық руларынан 10 ауыл, Былан болысы-Шеркеш руынан 9 ауыл, Қарабайлы болысы-Ысық руынан 9 ауыл, Жаршық болысы-Таз руынан 10 ауыл, аздап қожалар да болған, Жем болысы-Адай, Таз руларынан 10 ауыл, бұл болысқа ескі Жылыой да қараған, онда қазақтармен бірге орыс-татарлар да тұрған, оларды басқаратын арнаулы атты полиция уряднигі болған, Жем-Атырау болысы-Таз руынан 9 ауыл, аздап Адайлар да отырған, Ақбас болысы-Шеркеш руынан 10 ауыл, Қарашағыр болысы-9 ауыл, Бестөбе болысы-10 ауыл, Ақжал болысы-9 ауыл. Бұл үш болыстың тұрғындары негізінен Әлім рулары, сосын Адайлар болған, Кермақас болысы-Шеркеш руынан 9 ауыл, аздап Таздар да мекендеген, Қарабау болысы-Есентемір мен Қаратоқай-Беріш руларынан 10 ауыл, Қызылқоға болысы- Шеркеш руынан 10 ауыл, аздап Адайлар да болған, Тайсойған болысы-негізінен Адай, Беріш, аздап Шеркеш руларынан 10 ауыл болған. Әкемнің бұларды білетін себебі 1920-1930 жылдары осы күнгі Индер, Махамбет, Қызылқоға, Ембі, аудандарында совет, милиция органдарында жұмыс істеп, ауылдық жерлердің есебін алу ісіне қатысқан.

Бұл болыстық бөлімдер 1925 жылға дейін сақталған, ауылдарды советтендіру жылдарында осы болыстар негізінде ауылдық советтер құралды.

1990 жыл.

Біздің әулетіміз

Әулет!..

Бұл не деген сөз?..

Бұл сөздің мән-мағынасын бала күнімізде білдік пе? Жоқ, білгеніміз жоқ! Ес біліп, етек жинағаннан кейін, оқып-тоқып көзіміз ашылғаннан кейін біліп, жазып жүрміз.

Бұл қазақша аталас, туыстас, ауылдас деген сөздің парсы тілінде бірыңғай баламасы екен, содан біздің ана тілімізге төл сөзіміздей болып еніп кеткен. Қазақтың бір рудан, бір ауылдан, бір атадан тараған туыстарын біз бір әулетпіз деп айтатыны содан шыққан.

Бізге бала күнімізде, 5-6 жасымызда, мектепке бармай тұрған шағымызда әкеміз алдымен руымызды, жеті ағамызға дейін бабаларымыздың, онан кейін нағашыларымыздың рулары мен есімдерін айтып үйрететін. Ондағы мақсаты-рушылдықты дәріптеу емес, өзі шыққан тегін, әулетін білсін, осы күнгі терминмен айтқанда адресін білсін деген тілегі екен ғой. Оны біз қайдан білейік?.. Кешегі бір күндерде ру сұрасқанды, бір кезде бір-бірінен адасып-ажырасып жетім-жесір қалғандардың сол ру сұрасу арқылы табысқандарын ескілікке жорып жүрдік.

Бала күнімізде, оқуға барар-бармас кезімізде үйге келген қонақ, үлкендермен амандық-саулық сұрасып болғаннан кейін сол үйдің көзге шалынар ойын баласы болса, онда да ұл болса шақырып алып, осы күнгі айтуға ұят, ол күнде дағдылы әдет сияқты, «насыбайың бар ма, әкелші!» деп жанына алып, сәбидің шүмегін сипап, қолын тұмсығына апарып «әп-шу!» деп бір түшкіріп қалатын, оған сәби де,

қонақ та аса риза болатын. Әсіресе, сәбидің қуанышында шек болмайды, насыбайын бере бергісі келеді. Қонақ «насыбайың ащы екен!» деп маңдайынан сипап, енді «руың кім?» деп сұрайды. Сәби руын айтады, содан кейін әкесінің, анасының атын сұрайды, сәби оны да айтады, сөйтіп отырып жеті атасына дейін сұрайды, сәби бұл сұрақтардан сүрінбей өтсе, «тұу, мынау азамат болып қалыпты ғой» деп маңдайынан сипап «көп жаса!» деп алғысын береді, ал сәби екі-үш атасынан әрі айта алмаса, «әй, мынаның нағашысы кім еді, мынау жеті атасын білмейтін нашар бала болды ғой!» деп нағашысына сын тағып, риза болмай қалатын, оған сәби де ренжіп қалатын еді. «Жеті атасын білмеген жетіспейді деген, мына бала оңбайды!» деп, басы-көзіне қарамай айтып салатындары да болатын. Ол күнде балаға бұдан артық та, кем де баға берілмейді. «Жеті атасын білген бала түбінде қор болмайды, білмеген оңбайды» деген дағдыны бала болсақ та естіп, көріп өскенбіз. Сондықтан сол күнде жеті атамyzды білдік, есейе келе одан да әріні білдік, әкеміз бала күнімізден құлағымызға сіңіріп тастаған, әрі жазып кеткендері және бар. Сонымен арғы әулетіміз кім болады, кімнен тараймыз, қалай тараймыз, енді соған келейік.

Қазақ Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз болып бөлінеді. Біз Кіші жүзге жатамыз. Кіші жүздің атасын Алшын, анасын Шолпан деп атайды. Мұрат ақынның:

Алшын еді атасы,

Шолпан еді анасы, -дейтіні содан.

Кіші жүз алты аталы Әлім, жеті аталы Жетіру, он екі ата Байұлы болып үшке бөлінеді. Біз Байұлына жатамыз.

Байұлы Адай, Алаша, Байбақты, Беріш, Есентемір, Жаппас, Тана, Таз, Масқар, Қызылқұрт, Ысық, Шеркеш болып он екі атаға бөлінеді. Біз Берішке жатамыз, ұранымыз-Ағатай.

Беріштен Байбақты мен Байсейіт туады. Біз Байбақтыға жатамыз.

Байбақтыдан Әсілбас, Шақай, Құсылбас туады. Біз Шақайға жатамыз.

Шақайдан Есен мен Женет туады. Біз Есенге жатамыз, Содан Есен Беріш атанамыз.

Есендер Октябрь революциясына дейін Гурьев уезінің Есбол болысындағы №2,3,4 ауылдарын жартылай, №5,6 ауылдарын түгелдей мекендеген. Бөкейлікте де Есендер көп кездеседі. Астрахань облысында да аздап Есендер бар.

Есеннің інісі Женеттен туғандар өздерін Женетпіз демей, Есенбіз деп кеткен, сондықтан олар да Есен Беріш атанады.

Есеннен Елтүзер, Ырсай, Самай туады. Біз Елтүзерге жатамыз, сондықтан өзімізді Елтүзер-Есенбіз деп атаймыз.

Елтүзерден Малғұтай, Жолан туады. Біз Малғұтайдан тараймыз.

Малғұтайдан-бәйбішесінен Қалдыбай мен Дәулет, Тоқалынан Көтеней, Бозай, Сөнтай туады. Біз Көтенейден тараймыз.

Көтенейден-бәйбішесінен Әйтiмбет, Бәйiмбет, Байғұл, Мая, тоқалынан Дос, Жандос, Алдадос туады, бұларды үш дос деп атайды. Біз Жандостан тараймыз.

Жандостан Бөдік, Әтембек, Серкебай, Еркебай туады. Біз Бөдіктен тараймыз.

Бөдіктен Шойтас, Қойбас, Байбас, Қорқыт туады.

Шойтас 1918 жылы 77 жасында қайтыс болған, әйелі Битан Тана руынан Шәмпіш деген кісінің қызы, 1908 жылы қайтыс болған. Шойтастан Досан, Ержан, Фауеден, Қитар деген төрт ұл, Әсия, Мария, Рахила, Рабиға, Мәкуә деген бес қыз болған.

Досан 1938 жылы 68 жасында Оралда қайтыс болды, әйелі Қаратоқай Беріштің қызы Рахима 1946 жылы 63 жасында Гурьевте қайтыс болды.

Досаннан Нүрекен (Жабаш), Нүреден, Қайыржан туады.

Нүрекен (Жабаш) 1920 жылы 19 жасында қайтыс болады, бала болмаған.

Нүреден 1932 жылы 29 жасында қайтыс болады, одан Мәсен, Ғафура, Мүнира деген қыздар қалады.

Қайыржан 1974 жылы 9 наурыз күні 48 жасында Индерде қайтыс болып, сонда жерленді.

Ержан 1920 жылы 37 жасында қайтыс болады, әйелі Бибіш 1953 жылы 61 жасында Кулагинде қайтыс болады.

Ержаннан Сиясат туады, ол Ұлы Отан соғысында қаза табады. Фауеденнің әйелі Ақсия кейіннен қайнысы Нүреденге тиеді, 1964 жылы 69 жасында Индерде қайтыс болады.

Қойбас ағамыз ертерек қайтыс болыпты. Алдыңғы әйелі Табын руының қызы екен, одан Аймағанбет туады, кейінгі әйелі Женет ауылының қызы екен, одан Мұқан туады.

Аймағанбеттің әйелі Ағуфаш деген кісі, Аймағанбет кәсіп істеп жүріп 1915 жылы Астраханьда қайтыс болған, одан Ербатыр мен Айжан туады.

Аймағанбет қайтыс болғаннан кейін Ағуфаш қайнысы Мұқанға тиеді, Мұқан 1922 жылы 38 жасында, Ағуфаш сол жылы 30 жасында қайтыс болады, одан туған Қабыл Ұлы Отан соғысында қаза болады.

Ербатыр Дулат деген баласы мен Бәтима деген келінінің қолында тұрып, 1978 жылы қайтыс болды, әйелі Латифа Себек Беріштің қызы болатын, 1972 жылы қайтыс болды, екеуі де Сартоғайдағы қауымға жерленді, бұл қауым қазір Латифа қауымы деп аталады.

Айжан 1980 жылы Қостанайда қайтыс болып, сонда жерленді, әйелі Арғын руының қызы Батиха сол Қостанайда тұрып, 1998 жылы қайтыс болды.

Байбас ағамыз 1916 жылы 66 жасында қайтыс болған, әйелі Шалтақ-Жаппас Көбен деген кісінің қызы екен, аты-Құлпы 1922 жылы қайтыс болған. Байбас ағамыздан бала болмаған, бірақ әйелі балаға үйірімді болғандықтан ауыл балалары түгелдей ол кісіні мама деп атаған. Содан Байбас ағасы Шойтастың Ержан деген баласы мен Мария, Мәкуә

деген екі қызын, інісі Қорқыттың Ахмет деген баласын бала еткен.

Атамыз Қорқыт 1920 жылы ақпан айында 66 жасында қайтыс болған. Зираты Махамбет ауданы, «Ақ Жайық» совхозы, Көпмола деп аталатын қауымда. Анасы- Дәуіт Бегіс Рыспайдың қызы Шоқан деген кісі, 1908 жылы 99 жасында қайтыс болған, бейіті «Ақ Жайық» совхозының басындағы Шойтас деген баласының жанында. Қорқыт Шабанқара Бегіс, Түгелек бөлімі, Алдасай шаңырағынан тарайтын Қодар деген кісінің Айымжан деген қызына үйленген, әжемізді көрдік, 1942 жылы 76 жасында қайтыс болды, Гурьевтегі Ноғай бейіті деп аталатын қауымға жерленді.

Қорқыт ағасы Шойтаспен еншілес болса да, өз алдына орта дәулеті бар адам болған, мінетін ат пен киетін киімнен кенделік көрмеген, жас кезінде Гурьевтегі Шаймерден Валишев, Аухали – Мұхамбетқали деген ноғай байларымен жақындасып, соларда он жылдай жүн-тері алушы болып жұмыс істеп, сауда-саттыққа үйренген, өзіне жетерлік орта дәулет жинаған. Ауыл арасындағы жеңіл-желпі дауларды шешетін ауыз билігі болған, елдің инабатты, беделді адамдарының бірі саналған, осы қасиетімен 1902-1908 жылдары Есбол болысының алтыншы ауылында, өз ауылында старшина болып сайланған. Тама Досжан ақынның Есен ауылының ардақты ақсақалдарына арнап шығарған өлеңінде «Дос сыйлап, дұшпанынан сескенбейтін, Қорқытта біз білгенде сондай жай бар!» дейді. Осы сөз Қорқытқа берілген артық-кемі жоқ анықтама деп білеміз.

Қорқыттың қыздарын есептемегенде, Мұқаш, Жапак, Ахмет, Ыбраш деген төрт баласы болған.

Мұқаш 1886 жылы туған, Қорқыттың ағасы Шойтастың мешіт-медресесінде оқып білім алып, кейіннен сол мешітте өзі имам-молда болып бала оқытқан. Бала кезінде той-жиындарда атқа шауып жүріп салқын су ішіп, өкпе ауруына шалдыққан, діннің зардабымен үкімет дәрігеріне

қаралмаған, қазақ емі дарымаған, содан ауру бойына сіңіп кеткен. 1934 жылы сол кездегі ауыл белсенділері ертеде молда болғансың деп даусын алып (ол кезде адамды азаматтық праводан айыру заңы болған, ондайларды ел даусынан айрылғандар деп атаған, өйткені, ондай адамдар қоғамдық жұмысқа алынбаған, қоғамдық орындарға сайлауға, сайлануға правосы болмаған) бар мал-мүлкін конфискелеп, қайда барсаң онда бар деп қаңғыртып жіберген, содан Форт-Шевченкода тұрған бізге семьясымен жер ауып келді. Ол кезде туған інісі, менің әкем Ыбраш Маңғыстау аудандық совет атқару комитетінің жауапты хатшысы болып істейтін. Біздің қолымызда бес-алты ай тұрғасын, сол жылы бойына сіңген өкпе ауруынан 48 жасында қайтыс болады, «Сисем ата» деп аталатын қауымға жерленді. Жалғыз баласы Қапан бала-шағасымен Қостанай облысының Рудный қаласында тұрып, қайтыс болды. Мұқаштың әйелі Есенғұл Беріш Бекмағанбет деген кісінің қызы Биғайша анамыз 1957 жылы 65 жасында сол Рудныйда қайтыс болды. Қапан анасы Биғайшамен 1948 жылға дейін Гурьевте біздің қолымызда бір семья болып тұрып, немере ағасы Айжанмен Қостанай облысына көшіп кеткен болатын.

Жапақ атамыздың азан шақырып қойған шын есімі Нұрболат болатын. 1887 жылы туған ағасы Мұқашпен екеуінің арасы бір жас. Бала кезінде Мұқаштың Нұрболат деуге тілі келмей Жапақ дейтін болған, содан Жапақ атанып кеткен. Жасынан денелі, қайратты болып өскен Жапақ күреске ерте араласып, мұсылманша оқып білім ала алмаған, елдегі белді балуандардың бірі болған, үлкен жиын-тойларда талай рет Беріш руының атынан күреске түскен. Жайықтың екі беті ол кісінің белгілі балуан болғанын жақсы біледі. Орта шаруасы болған, елді колхоздастыру кезінде өз ауылында құрылған «Ақтөбе» колхозына (қазіргі Махамбет ауданының бұрынғы «Ақ Жайық» совхозы) мүше болып, 1953 жылға дейін істеді, содан кейін Гурьевке біздің

қолымызға көшіп келді. 1973 жылы 19 желтоқсанда 86 жасында дүние салды, ата қонысы «Ақтөбе» деген жердегі көп бейітке әкесі Қорқыттың қасына жерленді. Алғашқы әйелі Жаппас руының қызы Сағифа анамыз 1955 жылы 60 жасында қайтыс болып, Гурьевтегі Ноғай бейіті деп аталатын қауымға жерленді. Жапақтан ұл бала қалған жоқ, ұл бала жастан өлген, Қазира, Нәпіш деген екі қызы болды, Нәпіш 1970 жылы Махамбетте қайтыс болды, бейіті Зауральный совхозында. Қазира Опытная станция деген жерде, Төлеген деген күйеуі бар.

Ахмет 1942 жылы 45 жасында Гурьевте балық аулау жұмысында жүріп, ауырмай қайтыс болды, осында жерленді. Қорқыттың ағасы Байбаста бала болмай сол кісі бала қылып алған, фамилиясы да сол кісінің атында Байбасов болды. Әйелі Жаппас руының қызы Ағида анамыз Махамбет ауданы, Сартоғай деген жерде тұрады. Ақынбай, Сембай, Орынбасар деген балалары болды. Ақынбай 1985 жылы 61 жасында, Сембай 1988 жылы 59 жасында, Орынбасар 1984 жылы 48 жасында қайтыс болды, үшеуі де Сартоғайда Латифа деп аталатын қауымға жерленді. Ақынбайдың әйелі Ысық руының қызы Кенже бала-шағасымен Гурьевте тұрады, Сембайдың әйелі-Жаппас руының қызы Хансұлу, Орынбасардың әйелі Қаратоқай Беріштің қызы Латифа бала-шағаларымен сол Сартоғайда тұрады.

Өз әкеміз Ыбраш 1900 жылы, қазақша тышқан жылы қазіргі Махамбет ауданы, «Ақ Жайық» совхозы, Жолансайы деген жерде, ескіше айтқанда Гурьев уезінің Есбол болысында, алтыншы ауылда дүниеге келіпті, кіндігін Шыныбай деген кісінің әйелі Оңайша деген кісі кесіпті. Мұны әдейі айтып отырған себебім: Оңайша деген кісі көргенін, естігенін ұмытпайтын қырағы көз, сақ құлақ адам болған көрінеді, әкеміз де бала күнінен естігенін ұмытпайтын, көргенін жазбай танитын адам болып өседі, мұны байқаған адамдар кіндік шешесі Оңайша сияқты

ұмытпайтын бала екен дейтін болған. Шыныбай ру жағынан келгенде аталас адам, сол кісінің Мырзагелді деген баласын папам құрдасым деп әзілдеп, ойнап отыратын.

Азан шақырып қойған есімі Ибрахим болса да, кейіннен Ыбраш атанып кеткен, ел әкемізді осы есімімен атайды. Әкемізді біз де, ағалары Мұқаштан, Ахметтен туған балалары, жалпы Бөдіктен ерген ұрпақтар түгелімен папа дейміз. Жалпы ауылымызда ағайын-туғандардың өзінен кіші адамдардың бәрі атын атамай папа дейтін, сөйтіп, түгелдей бір елге папа атанған адам. Папамды Қорқыттың кенже баласы дейтін еді, шынында олай емес екен. Папамнан кейін Ханымзия деген қыз, Хамза деген ұл болыпты, бірақ олар жасында қайтыс боландықтан папам кенже бала атанып кеткен. Аталас жеңгелері Кенже бала деп, туған жеңгелері Шырақ деп ат қойған. Баланың кенжесі болғандықтан еркелеу, салқамсоқтау болып өскен, бала да болса бетіне ешкім қарсы келмеген. 4-5 жасында қыста Ақтөбенің (ол кезде екі жағасын ел жайлаған үлкен өзек болған, 1960 жылға дейін суы қайтпай жатушы еді, су тасығанда кемеріне келіп толатын, кейде асып кететін, жұрт қайықпен өтіп, қаптап балық аулап жататын, бұл күнде суы тартылып, шолақ сай болып қалды) мұзына тайып жығылып, оң аяғының тобығы шығып, бара-бара құртқа шауып, мерез болып тесіліп, 8-9 жасқа дейін ақсақ бала атанып өскен. Ол кезде бүгінгідей ауыл дәрігері болмаса да халықтың емімен аздап сылттитындай болып жазылған. Бірақ онысы өзге көзге біліне бермейтін. Сол аздап сылттитын аяғымен кешегі Ұлы Отан соғысында армия қатарына алынып, жұмысшы батальонында кеңсе жұмысында хатшы, аудармашы болып жұмыс істеді.

Сегіз жасынан бастап үйде, өзінің ағасы Мұқаштан оқып, мұсылманша білім алған, оқуға зерек болған, аздап түркі, араб тіліне таныс болған, жазуға шебер болған, әкемнің қол таңбасын көрген адамдар тасқа басқандай екен деп осы күнге

дейін таң-тамаша қалады. Мұқаш оқытқан шәкірттерін ең әуелі әріп таңбаларын дұрыс салуға машықтандырып, қолдарын жазуға үйретеді екен, өзі де шебер жазатын көрінеді, әкесі Қорқыт старшина болған кездерінде андамында қағаз жаздырып, қолын жаттықтырып тастаған.

Әкеміз 1911, яғни доңыз жылы ауыл іргесінде 1880 жылы салынған екі класты орыс-қазақ мектебі деп аталатын «Қызыл үй» мектебіне оқуға барып, оны 1918 жылы бітіріп шығады. Революцияның алғашқы жылы аласапыран кезде алысқа оқу іздеп баратын мезгіл емес, заман ағымын күтіп ауылда жүреді. 1920 жылы 5 қаңтарда Гурьев уезінде совет үкіметі орнайды. Сол жылы наурыз айында уездік революциялық комитеттің (ревкомның) «о мобилизации киргизских трудовых интеллегенций на работу» деген қаулысы шығады. Осы қаулыға байланысты Орал қаласына бір топ жігіттер Қосан Медетов, Молдағали Жанахметов, Бисенғали Нұрашев, Сақыпқали Ақтаев, Еспағамбет Есалиев, Жекебай Байбосынов, Жұмабай Қартқожақов, Ыбраш Қорқытов профдвижение деп аталатын курсқа оқуға аттанды. Онда жарты жыл оқығаннан кейін совет органдарына түрлі жұмыстарға араласады, сөйтіп, қырық жыл еңбек етіп, 1961 жылы пенсияға шықты.

Әкеміз ауызға іліккендей лауазымды әкім болған емес, бірақ адамгершілік, азаматтық жағына келгенде өз қатарынан, елдің айтуынша артық болмаса кем болмаған, қартқа да, өз қатарына да, жасқа Ыбеке атанған адам. 1930 жылдары заман ағымына қарай оқыған адамды байдың баласы, бидің баласы деген атақпен тұмсыққақпай қылған кезеңді басынан кешірген кісі, бірақ оған қиналып, қынжылмаған, жұрт қатарлы жүрсек жарар деп шүкіршілік еткен адам.

Әкемнің ел сыйлап, құрметтейтін аса қадірлі бір қасиеті-жиын топтың, құрманың көркі, әңгімешіл кісі еді. Алып бара жатқан оқуы болмағанмен тоқуы көп, естігені, көргені көп,

сол естіген-көргенін ұмытпайтын құйма құлақ адам болатын, сол естіген-көргенін не асырмай, не жасырмай, жасытпай сол естіген, көрген күйінде дәл айтып беретін, өз әңгімелерін де мәнерлеп-мәтелдеп айтушы еді.

Бұл қасиет қалай болған деген сауалға келсек, жас кезінде жұмыс бабымен ел аралап жүргенде сол кезде ел басқарып әкім болған, атқа мініп билік айтқан адамдардың талайымен табақтас болып сыр шертіскен. 1922-1924 жылдары Қызылқоғада, 1930-1931 жылдары Жылыойда, 1932-1934 жылдары Орал мен Маңғыстауда болғанда сол елдердің жай-жапсарын, ел табанын, руларын, өткен замандағы атақты адамдардың, батырлардың, билердің, ақындардың аты-жөнін, әңгімесін білетін кәрі құлақты адамдарды іздестіріп тауып, әңгімелесіп, естіп-көргендерін жазып алып жүрген. Ол кезде бүгінгідей машина жоқ, бәрін салт атпен жүріп аралаған. Мәселен, Маңғыстау аудандық совет атқару комитетінің жауапты хатшысы болып жүрген кезде ауданды түгел аралаған. Ол кезде Маңғыстауды жергілікті әкімшілік орындары ар жағын «Оңжаға», ортасын, Қаратау бойын «Тауский подрайон», бер жағын «Бозачинский подрайон» деп үшке бөледі екен, әкеміз осы үш бөлікті де түгел аралаған.

1950 жылдан бастап Сәбит Мұқанов, Қажым Жұмалиев, Төлеген Тәжібаев, Мұқамбетжан Қаратаев секілді еліміздің атақты азаматтарымен Гурьевте, өз үйінде талай рет кездесіп дидарласты. Бұл кездесулерде халқымыздың арғы-бергі тарихынан талай қызықты әңгімелердің басы қозғалып, кесек-кесек оқиғалар сөз болатын. Олардың өздері Гурьевке жол түскенде, әсіресе, Сәбит Мұқанов әкемді әдейі іздеп келетін, сондағы сөз арқауы Атырау. Жайық өлкесінің өткен шежіресінен басталып, талай адамдардың, батырлар, билер мен ақындардың, оқыған, ел басқарған білікті-өнегелі адамдардың есімдері аталатын, ол әңгімені әкем айтып отыратын да, басқалары ұйып тыңдап отыратын, бірқатар

жерлерін қойын дәптерлеріне (блaкнотқа) жазып алатын. Осындай әңгімелердің үстінде бірде Сәбит:

- Ыбеке, осының бәрін ұмытпай тұрғанда қағаз бетіне неге түсіре бермейсің? Сауатсыз емессің, құдайға шүкір бір басыңа жететін сауатың бар, аяқ астынан абайламай алып кетсе, көп дүние жарық көрмей күйіп кете бармай ма?-деп әрі әзілдеп, әрі шынын айтты. Сонда әкем:

- Өзім жазбағанмен үйде жазатын балдар бар ғой,-деп маған қарап қоятын. Сонда Сәбит:

- Оның да жол екен, әй, Берік, мынадай көпті көрген, көп білетін әкең бар, біз мұндай әке көргеніміз жоқ, сен бақытты жігітсің, осы әңгімелердің бәрін мәнінің аз-көбіне қарамай қағазға түсіре беруің керек, оның зияны жоқ, түбінде бір кәдеге асады, бұл әңгімелерді Ыбекеңнің емес, халқымыздың асыл қазынасы, мұрасы деп білу керек,-дейтін. Мен жазамыз ғой дегендей үндемей басымды изейтінмін. Алматыға бара қалғанымда Сәбитті, Қажымды көріп амандасып, сәлемдесіп, әңгімелесіп отырғанда сөз арасында:

- Әкеңнің әңгімелерін жазып жүрсің бе?-деп сұрап та қоятын. Мен:

- Әкеміз әзір тірі ғой, жазып алармыз,-деп жеңілдеу жауап бергенімде Сәбит:

- Ондай жалқаулықты, салқамдықты қою керек, бала емессің, сен де салиқалы азамат болдың, ескі әңгіме, қарағым, есептеулі, жас кезімізде біз де көп нәрсені қолдан жіберіп алдық, қазір мен де Шоқанды қоя қойып, ескі шежіреге кірісіп кетіп отырмын. Ыбекеңнің ішіндегі қазынасын алып қалу керек, саған содан асқан мұра жоқ,-деп менің самарқаулығымға қынжылып қалатын.

Осы әңгіме басқалардың аузынан да талай жерде айтылды. Мен де ұзын арқан, кең тұсауға салынып, шындап қалам тартып кірісе кеткенім жоқ, драмалық шығармаларымды жазудан әрі аса алмай жүрдім. Бір күні төбемнен жай түскендей әкемнен айырылып, есеңгіреп

қалдым.

Қайтатын жылы папам бұрынғыдай ширақ емес, самарқау тартты. Жүріп-тұруы, алқаға кіріп, әңгіме айтуы сирей бастады. Шақырған жерлерге де санап баратын болды. Мұнысы үлкендіктің, шаршап-шалдығудың алды болар, 78 де аз жас емес қой деп ойлап жүрдім. Бірақ, олай емес, реңі барған сайын өзгеріп, иіні бірте-бірте түсе берді. Ішіме қауіп кіре бастады, бірақ басқаға айтып, сыр беріп сездіргенім жоқ. Қаны көтерілетін (давление) аурудың байқалғанына екі жылдай болған, бұрын ондайды білмейтін. Дәрігердің берген кеңесіне құлақ қойып, өзін-өзі күтіп жүретін. «Ауырып тұрдың, аунап тұрдың» дегендей бұл бір өткінші нәрсе болар дап жамандыққа көңілім тартпады.

Әкелі-балалы болып еншіміз бөлінбегенмен, соңғы жылдары дербес үй алып бөлек тұрды. Дүние саларынан он шақты күн бұрын біздің үйге келді. Байқап отырмын, автобусқа мініп-түскенді ауырлап, шаршаңқырап келіпті. Диванға төсек салдырып, дем алып жатты. Әкелі-балалы екеуіміз оңаша сөйлестік, өткен-кеткенді айттық, әңгіменің бір иінінде:

- Осы күнде ұмытшақ бола бастаппын, әлде үлкейіп келеміз бе, әлде аурудың салдары ма, кейбір жәйттер есіме әп дегенде түсе қоймайды, осы Сәбит қай жылы, қай айда қайтты?-деп сұрады.

- Папа, мұны неге сұрадыңыз?-дедім.

- Сол Сәбитің биыл түсімнен шықпайды, алып кетейін деп жүрген жоқ па екен,-деп сәл езу тартты.

-Құрдасыңыз ғой, сағынып жүрген болар, 1973 жылы сәуірдің 16-сы күні дүние салды,-дедім ойымда ештеңе жоқ көңілмен.

Арасында кешкі асты ішкеніміз бар, түнгі сағат 12-ге дейін сөйлестік.

- Біраз уақыт болыпты ғой, мен жатайын, сен де төсегіңе барып демал,-деді.

Әкемді соңғы көруім 1978 жылғы 21 сәуір. Кешкі сағат 9-дан аса Қатира екеуміз амандық-саулық біліп қайталық деп бардық. Барсақ, папам сол күні Махамбеттен әрі құрдасы, әрі нағашысы Доспайдың жетісін өткізген садақасынан келіп отыр екен. Түрі шаршап келген адам сияқты, бұрынғысынан да меңдеңгіреп қалыпты. Менен кіші баласы Болат Ақтөбе облысының Алға станциясында тұратын, соған барып келу жөнінде әңгіме болып отыр екен. Біз бармауға ақыл бердік. Мен:

- Папа, мына күйіңізбен жолға шықпаңыз, қайтып келмей қалуыңыз мүмкін,-дедім. Әкемді өледі деп айтқаным жоқ, жолға шықпауына себеп болар ма екен деп айттым. Жол үстінде өлетінін білсек жібереміз бе?..

- Өзім де барғым келіп отырған жоқ,-деді мамамды көрсетіп. -Мына кемпір жалғыз қалай жүрем, жол білмеймін деп зорлаңқырап отыр,-деді.

Мен мамама қарап:

-Мама, шалыңызды зорламаңыз, айтпады деменіз, шалыңызды алып кетсеңіз сандыққа салып алып келуіңіз мүмкін,-дедім. Бұл менің көріп-білетін сәуегейлігім емес, әкемнің түрін көрген соң, әрі шешемді де көндірейін деп айтқан сөзім еді. Сонымен папам бармайтын болып келістік.

Ертеңіне папам мен мамам пойызбен Алғаға жүріп кетті деп естідік. Қап, қате болған екен дедік, бірақ енді көрмейміз екен деп ойлағанымыз жоқ, тағы да жол соқты болып шаршап қалады-ау деген ойда болдық.

Үйден шығарда көршілес тұратын үлкен немересі Қазбектің келіншегі Нұрсұлуды көріп:

- Осы босағадан аттап шыққым келмей отыр, еңсемді бірдеңе басып барады, бірақ мына кемпірді жалғыз жібере алмай, амалсыз шығып барамын, көп кешікпеспіз, екі-үш күнде келіп қалармыз, көп жүруге шамам келетін емес,-депті.

24 сәуірде түнгі сағат 11-ден аса бере Болат телефон соғып, әкеміздің о дүниелік болып кеткенін хабарлады.

Хабар төбемізден жай түскендей болды. Істейтін амал жоқ, ендігі шаруа қайткенде де мұрдені елге жеткізу, бірақ ол да оңайлыққа түспейтін болды. Сәуірдің тұманды күндеріне байланысты самолет қатынасы болмады, сүйекті алып келуге өзіміз бара алмайтын болдық, барлық шаруаны сол жақтағы ағайын-туысымыз, лауазымды жұмыста жүрген, Кеңқияқта тұратын Ізімберген Сәнжановқа тапсыруға тура келді. Оның бізге ағайын-туыстығы мынадай: жоғарыда жазылды, Көтеней деген атамыздың қалмақ әйелінен Дос, Жандос, Алдадос туады, Біз Жандостан тараймыз, Ізімберген Достан тарайды. Тарағанда былай: Достан Көтпен туады. Көтпеннен Телібай туады. Телібайдан Аяулы, Медет, Төре, Аманияз, Іскендір, Қарабай туады. Медеттен Құлшан, Сәнжан, Дөкес, Қосан туады. Сәнжаннан Ізімберген. Менің айтып отырғаным осы Ізімберген. Шынында Ізімберген Сәнжанның інісі Қосаннан туған. Сәнжан өзінен бала болмаған соң Ізімбергендіні бала етіп алады, содан Сәнжанов болып кеткен. Осы Ізімбергенмен телефон арқылы хабарласып, сүйекті ақыры пойызбен жеткізетін болып келістік.

Сүйек жеткенше, жазып кеткен өсиеті, аманаты бар ма екен деп оқыған кітаптарын салып жүретін кішкене қобдишасын (чемодан) алдырып, ашып қарағанымда жазылған тоғыз дәптерге, төрт шағын бланкотқа тап болдым. Бәрін аударыстыра қарағанымда өсиет, аманат таба алмадым.

Содан сүйек 27 сәуір күні таңда жетіп, ертеңіне жерге түсті, Ноғай бейіті деп аталатын қауымға қойылды, Ерекен деген аталас ағасының әйелі Рахила жеңгесінің бас жағынан топырақ бұйырды, сөйтіп, әкеміз 78 жасында фәни дүниеден бахи дүниеге аттанды. Әкеміз балалы болған адам, жастайынан өлгендерін есептемегенде артында екі ұл, төрт қыз қалдық, әкеміз немерелерін ғана емес, үлкен немереден туған немелтайы Заринаны да көріп кетті.

Әкеміз екі некелі болған, бәйбішесі-Төлешін деген кісі

Қаратоқай Беріш Есет бидің немересі Ағыстың қызы, 1911 жылы, доңыз жылы сол кездегі әдет-ғұрып бойынша 40 қой, тұсақ беріп күні бұрын айттырған қалыңдығы. Ол бәйбішесінен 1925 жылы ажырасқан, бәйбішесінің ешқандай кінәсі болмаған, әкеміздің тарапынан жастықтың толқынымен жүріп болған іс, бұл бәйбішесі 1978 жылы Маңғыстауда қайтыс болды. Екінші әйелі, яғни біздің анамыз Бәтимаға сол 1925 жылы үйленген, анамыз 1908 жылы туған, төркіні-Шумақ-Шеркеш, оның ішінде Тоқымбет, одан Қаржау болып бөлінеді, Балғымбайұлы Дүйсалының кенже қызы. Дүйсалыны 4-5 жасымда көрдім, сүйекті, бойшан, ұзын сақалды кісі болатын, бізді алдына алып отырғанда сақалы бетімізге түсетіндіктен қорқып, алдына көп жоламайтынбыз. 1932 жылы 78 жасында қайтыс болды, бейіті Көкжардың бер жағындағы Қарауылтөбеде Абсаттар деген ноғайдың бейітінің қасында.

Әкеміз екі рет түрмеге түскен.

Біріншісі-өзінің айтуынша, әрі жазуынша 1926 жылы «за хулиганство и за избиение» деген статьямен кісі сабағаны үшін Гурьев қаласындағы Красноармейская көшесіндегі сол кездегі Серюхиннің сартас үйі деп аталатын үйде тоғыз күн жатып шыққан. Ол оқиға былай болған:

Осы қалада Жайық Беріш Қангерей дегеннің үйінде 5-6 адам қонақ болып отырады, іштеріндегі ең жасы папам дастархан шетінде ішімдік құйып, Қангерейдің әйелі Алмаш-өзі екіқабат, шай құйып отырады. Солай шай құйып отырып төрдегі қадірлі қонақтардың бірі, Шеркеш руының атақты азаматы, сол кезде уездік совет атқару комитетінің жауапты хатшысы болып істейтін Қазымұқаш Ибрашевқа қарап қылмындап, Қазымұқаш та оған қарап жылмандап, бір-бірімен көз ойнасып отырады. Осыны байқап отырған папам, әрине, жастықтың желігі ғой, әйтпесе біреудің әйелін қызғанып не шаруасы бар, атасы Беріштің әйелі дегенге намысы қозып, шай құйып отырған екіқабат әйелді

өкпеліктен, төрде отырған Қазымұқашты бастан теуіп қалады. Ол кезде ер азаматтар желінбесін деп өкшесіне ніл қадаған етік киеді, сол өкшелі етікпен тепкесін не жорық, екіқабат әйел шалқасынан домалап түседі. Қазымұқаштың маңдайынан қан бұрқ ете түседі, дастархан бұзылады, үлкендер жағы папамды өз қолдарымен апарып милицияға тапсырады, ертеңіне ел ду ете түседі, іс қозғалып, прокуратураға тапсырылады, ел екіге бөлінеді.

Қарттар жағы ақылдасып, мәмілеге келу жағын қарастырады, араға кісі салып, жәбір иесін көндіруге кіріседі. Ал жастар жағы ру намысына шауып, «Шеркештің арыстай атақты бір азаматын Беріштің бір белгісіз баласына сабатып, етімізге таңба салдырып отырамыз ба, ол-ар жағы қан жұтқан тұқым, әкесі Қорқыт-кеше патша заманында старшина болып халықтың қанын сүліктей сорған адам, соттау керек, көзін жою керек» деп өктемдікке басқан. Қанша дегенмен де елден ескілік кете қоймаған, әлі де ақсақалдық дәстүр басым кез ғой, соттатпай келісімге келу керек деген тұжырымға тоқтап, сол кездегі Гурьев уездік прокурорының жәрдемшісі Туатай-Табын руының азаматы Жексен Байқадимов деген кісіден Қазымұқаштың өзіне істі қайтартып алдырады. Бұл жұмыстың басы-қасында сол кездегі елге қадірлі, инабатты адамның бірі Қуанышкерей Бегалиев жүреді, сөйтіп, тоғыз күн өткенде папамды түрмеден босатып алады. Енді Беріштің белді адамдары жиналып, ақылдасып, жәбір көрген Шеркеш руының атақты адамдарын шақырып қонақтап, кешірім сұрау жағын қарастырады. Бұл істі де Қуанышкерейге тапсырады. Ол сол кезде «Рыбтресте» жұмыс істейтін Жаңбыршы Беріш, бұрынғы бірінші округте «Қызылбас» батағасында туып өскен, дәулетті Қисым Жайқиев деген кісіге келіп:

- Сен жиырма кісіні қонақтауға қам жаса, әнеугі тентектік істеген Ыбраш деген ініңнің айыбы үшін Шеркештің атақты азаматтарын қонақтап, кешірім сұрауымыз керек, Беріштің

ақсақалдары осыны саған жүктеп отыр,-деп тапсырма береді. Қисым «қош, болады!» деп қарсы алады. Көп кешікпей қонақтар бас қосады. Шеркештер жағынан ақсақалы болып, сол кезде «Эмбанефть» тресінде істейтін Қуаныш Алдияров, Самар болысы Шәукен Шаменов, Сокол болысы Нұртаза болысының хатшысы Уәли Абдрахманов, жәбір көруші Қазымұқаш Ибрашев, уездік совет атқару комитетінің нұсқаушысы Зиман Жарылғасынов келеді. Беріш жағынан-Жолдасқали Қодаров, Ғабдол Қожаров, А. Еспаев, Сәнжан Медетов, С.Құлмашев, И.Иманғалиев, Х.Жүнісов, Т.Мұқашев, Қ.Әлжанов, Т. Әбдуалиев, З. Байтауов, Есентемір жағынан - Қ.Дүйсекенов, Адайдан - М.Азбантаев болады. Беріштер жағының өкілі Қуанышкерей сөзді алдымен Шеркештердің ақсақалы Қуанышқа береді. Ол кісі әңгімені көпке созбай, қысқаша тату-тәттілік өсиетін айтады, «отырған Шеркештердің бәрінің қолын алып, тағзым ет!» деп әкеме әмір етеді, әкем бәрінің де қолын алып, иіліп, тізе бүгіп тағзым етеді, осымен ашу-араздық бітіп, азаматтар қайта табысады. Осы бір оқиғадан сол кездегі азаматтардың бір-біріне деген көзқарасы, өзара қарым-қатынасы, сыйластығы, адамгершілік парасаты айқын сезіледі. Шынында әкем ол кезде жас, әрі олардан жұмыс дәрежесі де төмен. Бірақ олар әкемді жассынбаған, баласынбаған, қайта азамат деп қатарларына қосып, адам болып шығуына қамқорлық жасаған, әкем де ол адамдардың істеген жақсылығын ұмытпай, керекті жерінде әрдайы айтып отыратын және осы адамдар жөнінде өзінің жақсы лебіздерін жазып та кетті.

Екіншісі-Форт-Шевченкода Маңғыстау аудандық совет атқару комитетінде хатшы болып жүрген кезінде 1934 жылы ГПУ арқылы тұтқындалады, тағылған айып Жайық бойында ұрлық істеп жүрген сол жаққа қашып барған қайнағаларына, анамның Есалы, Құлбас деген туған ағаларына баспана берген. Содан түрмеде үш ай, он екі күн жатады, тергеу-

тексеру жұмыстары жүргізіледі, әкем өзінің кінәлі еместігін айтып жоғары орындарға шағым жазады, жергілікті партия, совет органдары кінәлі емес деп мінездеме береді, сөйтіп, ППГПУ-дің бұйрығы бойынша түрмеден босатылады, бірақ жұмыстан алынып, партиядан шығарылады, әкеміз партиядан сол шыққаны шыққан, қайта арыз бермеген. Содан Гурьевке көшіп келіп, округтік совет атқару комитетінде аға нұсқаушы болып істейді, кейіннен Есбол, Новобогат аудандарында, Гурьев қаласында түрлі жұмыстарда болды. Енді әкемнің біреуде бар, біреуде жоқ, бірақ өзіне ғана тән кейбір қасиеттеріне келейін.

Әкем ең алдымен кітап оқуға құмар еді. Кітап болғанда аты кітап екен деп қолына түскен, көзіне іліккен кітаптарды таңдамай-талғамай оқи бермейтін, әсіресе тарихи кітаптарға құмар болатын, оны да атына, авторларына қарап, талғап оқитын. Ең сүйікті авторлары Махамбет пен Абай және солар жайынша жазылған кітаптар болатын, әсіресе Абайды көбірек оқитын, Махамбет пен Мұраттың бірқатар өлеңдерін жатқа білетін. Баласының тұңғышы мені алдымен кітапқа үйір қылған әкем еді. Әкем мені алты жасымнан бастап әңгіме тыңдауға баулыды. Ол күнде де қонақтық болып тұрады, үйге де кісі көп келетін. Қонақ болатын жерде әңгіме айтатын кісілер болса қасына ертіп баратын, үйде әңгімешіл кісі келсе жанына алып отыратын, әңгіме тыңдататын. Сыртта өзім қатарлас балалардың ойнап жүргенін біліп, сезіп отырсам да әкемнен жасқанып тырп ете алмайтынмын, бірқатар әңгіме құлағыма кіріп жатады, бірқатары кірмей ағып кетіп жатады. Сырттағы ойынға елеңдеп отыратынымды сезген үлкендер «мына баланы неғыласың, жібер, барып ойнасын» десе, әкем «ойын қайда кетер дейсін, табылар, әңгіме табылмайды ғой, адамның жасында көріп, естігені ұмытылмай есте қалады, сіздердің әңгімелеріңізді естісін деп отырмын» дейтін. Сонысы бүгінде қарасам рас екен. Әкенің балаға деген сұраусыз көп қамқорлығының

таптырмас үлгісі екен, сол күндегілер әлі есімде, кейінгі өзіміз адам болып қатарға қосылғанда естіген, көргеніміздің бірқатары көрген түстей ұмытылып та қалды. Бұл үшін мен әкеме, оның аруағына әлі де қарыздармын. Соның салдары болу керек, мектепте оқығанда тарих, әдебиет пәндеріне кұмар болдым да, есеп, математика, физика, химия пәндері кұлағыма кіре қоймайды, ол пәндерден бір сүрініп, бір тұрып өтетінмін.

Әкем кітап оқығанда тек оқып қоймайтын, кейбір күдікті-ау деген жерлеріне білгенінше өз пікірін жазып отыратын. Оны әдемі мақала етіп жазып қойдым. Әкемнің қолтаңбасы бар ол кітаптар кітапханамда сақтаулы.

Әкем өзінің жастық шағын бір адамдай өткізген кісі, заманына орай, адамына қарай дастарханда болған, арақ та ішкен, темекі де тартқан. Бірақ бәрі де орнымен, ретімен болған. Әлі күнге дейін есімде, олар төрт-бес кісі болып бас қосып отырғанда ішімдікті осы күнгідей үстемелеп, бірін-бірі зорлап тарта бермейді, сонда ішетіндері әрі кеткенде екі шөлмектен аспайды, көбінесе әңгіме айтылады, домбыра тартылады, ән салынады. Әкем ән салып, домбыра тартпаған кісі, мен де бұл өнерлерден мансұқпын, бірақ әкем біреулер өлең айтыңызшы деп сұрағанда домбыраны селбеу шертіп отырып Махамбет пен Мұрат өлендерін айтатын. Үлкейген кезінде де көрдік, сол баяғы қалпы: шай үстінде екі рюмка, етте бір рюмка, одан әрі қарай кұйдырмайды, бағзы біреулердей тыраштанып «мынауынды әрі әкет, көрсетпе» деп үй иесінің көңілін қалдырмайтын, ішем дегендерге тиым салмайтын, ал реттен асып бара жатса өз үйінде болса да, кім болса да тыйдырып тастайтын, мас адамды жауынан да жаман көретін, темекіні де салынып тартқан емес, елуден асқан соң оны да тастады.

Карта дегенді қолына алған емес, өйткені, картаның өзі түгел таңбасын да танымайтын, карта ойнаған жерде көп отырмайды, кітабы бар үй болса кітап қарайтын, болмаса

жатып алып демалатын немесе рахметін айтып кетіп қалатын да, әңгіме айтатын қарты бар үйге жайланып отырып дем алатын, әкемнің бұл қасиетін білетін жерде карта ойналмайтын, осы қасиеті маған да жұғып, мен де картаға үйір болмадым.

Әкемнің тағы бір қасиеті-адамды лауазымына, жұмыс орнына қарап емес, адамгершілік-азаматтығына қарап бағалайтын, ондай адамдарды жасына қарамай сыйлай білетін. Ескілікті әңгіме білмейтін, ата-баба жолын білмейтін лауазымды адамды қастерлемейтін, ондайлармен дидарлас, табақтас болмайтын, ондай жерден кеткенше асығып отыратын. Осы қасиет аздап болса да менде де бар.

Шақырысып қонақтас болуды өте қадірлейтін адам еді. «Шақырғанға бар, шаққаннан қаш» дегенді үлгі тұтып, шақырған жерге айтулы мезгілінен кешікпей баратын, ал шақырған қонағы уақытында келмесе сабыры кетіп, ренжіп қалатын, бірақ оны қонағына білдірмей астарлап сөйлеп сездіріп отыратын. Осы қасиет аздап болса да менде де бар.

Тағы бір қасиеті-ашуы тез келіп, тез қайтатын. Қанша ашуы келсе де өзінен бір жас емес, бір ай үлкен адамға асылық сөз айтпайтын да, өзінен бір ай кіші адамға бет-жүзіне қарамай қатты айтатын. Әкемнің осы қасиеті аздап болса да менде де бар. Бұл жақсы қасиет пе, жаман қасиет пе, бір Алла біледі, ел біледі.

Әкем мені жақсы көретінін білетінмін, бірақ оны сездірмейтін, сыр алдырмайтын. Кейбір әкенің бала алдында жалбақтап отыратын жалған мінезін жақтырмайтын. Менің Алматыға, басқа облыс, аудандарға барып оралған сапарымда әдейі үйге келіп, алдымен кімдерді көргенімді, қандай әңгімелер болғанын, содан кейін қандай кітаптар әкелгенімді сұрайтын, әкелген кітаптарымды үйіне алып кетіп оқып, әкеліп беретін. Менің сол әңгімелерімді, әкелген кітаптарымды елге айтып жүреді екен. «Ыбеке, осының бәрін қайдан біле бересіз?» дегендерге, «менің бір құлағым

үйде ғой, Беріктің кітапханасында ғой» дейді екен. Мен мұны әкем қайтыс болғаннан кейін елден естіп біліп жүрмін. Бұл үшін де әкеме әлі қарыздармын, қарыздар болып өтемін.

Әкем шаңырақ иесі болып ақша ұстап, ақшаға қызыққан адам емес. Табыс-ерден, үйлестірмек-әйелден дегенді үлгі тұтып, «жетсе де осы, жетпесе де осы» деп еңбекақысын шешемізге табыс ететін. Алла тағаланың шыр етіп жерге түскенде бұйыртқан нәсібі бар, одан асып та кетпейді, кем де болмайды дегенге бас иген адам. Керегінен артығына қызықпаған, барына шүкіршілік еткен, жылтыраққа үйір болмаған адам, өзіне де, үй ішіндегілерге де артық киім киіндірмеген кісі. Артық дәулет басқа пайда бермейді, ертелі-кеш болмасын бір опындырады дегенді қатты тұтынып, біреумен тең, біреуден кем боларсын, бірде алдын, бірде артын беретін алдамшы дүниеде ең алдымен бас аман болсын дегенді місе тұтқан кісі. Адамда арман көп болады ғой, сол армандарының бірі-кемпірімнің алдында, балаларымның алдында жамандығын көрмей өтсем дейтін. Сол арманы орындалған адам. Әкемнің барға қанағат деп ұстанатын, дүниеге, атаққа құмартпайтын осы қасиеті менде де бар.

Әкемнің тағы бір қасиеті-өзі үшін, не балаларының қамы үшін арызданып, шағымданып, біреуге барып жалынып-жалбарынған кісі емес. «Папа, барып сөйлессейші, сізді тыңдайды ғой» деген балаларына, «өсірдім, өндірдім, асырадым, бақтым-қақтым, адам қылдым, енді өз күндерінді өздерің көріңдер, сендер үшін кімнің алдына барып, басымды иіп, шұлғып отырамын» деп қайтарып тастайтын. Біреуге барып көмек сұрауды жақтырмайтын қайсар адам болатын. Ал, біреу келіп «Ыбеке, осындай бір жәбір көріп жүрмін» десе, оның арызын жазып, жақын жер болса аяқтай барып ара түсетін, қолынан келер көмегі болса аянып қалмайтын, ақырына жетпей қоймайтын. «Өзіңізге, өз балаларыңызға осылай неге жүрмейсіз?» дегендерге «өзі

үшін жүру әркімнің де қолынан келеді, ал өзгелер үшін жүру ілуде біреудің қолынан келеді, қолынан келсе алдымен өзіне істеме, өзгеге істе, ал мен үшін, менің балаларым үшін қолынан келсе жаны ашыр басқалар жүрсін, сонда өзің де, сөзің де өтімді болады, өзім дегеннің өзегі өртенсін» дейтін. Ал осы қасиет түп-тура менде де бар.

Әкемнің дәптеріндегі кейбір деректер

Естіген де көп, көрген де көп. Бірақ, кісі тындайтыны болмаса оны-мұны бос затты әңгіме деп айтудың да, жазудың да керегі шамалы. 1920 жылдан бастап қызметке кіргелі талай адамдармен кездестік, оның ішінде ертеде ел басқарған-оқығандары бар, оқымағандары бар әкімдерге де, дін оқуын оқыған иман-қазіреттерге де, орысша оқыған жоғарғы дәрежелі, орта дәрежелі, төмен дәрежелі учительдерге де кездестік. Ол уақыттағы учительдердің нобайы Оренбургское семинарие бітіргендер болады, двухклассное русско-киргизское училище бітіргендер волостной управительге писарь, қала берді аульной старшинаға писарь болады. Гурьевте уездное управление (қазақтар оны ояз дейді), крестьянский начальник, мировая судья т.б. мекемелер болды. Олардың әкімдері басқаратын орыстар болды да, переводчиктері қазақтар болды. Елдегі управительдер, старшиналар қазақтың өздерінен болды. Кімнің малы көп болса, сауаты бар-жоғына қарамастан волостной управитель болатын болды. «Аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін» деген мақал осындайдан шыққан ғой.

* * *

Алдадостың тұқымы Орда жақта дейді. Естуімше Тілепі

тұқымдары бар көрінеді.

* * *

Қараның үлкен баласы Дәрі, одан кейін Есет. Дәрі Әлім мен Байұлы жауласып жүрген кезде оқ тиіп өлген. Дәрі деген атақты көп мола бар, біздің ауылдан 60 шақырым жерде қыр бетте, сүйегі сонда. Дәріден Бәшен туады, оның баласы Алдаберген Қарабауда 12 жыл болыс болған.

* * *

Есеттің бір баласы Ибрай, бұл-қайсар, кісіге жалтақтауды білмейтін адам болған.

* * *

Итемгеннің қайын жұрты Әлім Әйтеке би көрінеді.

* * *

Құлбарақтан Кебіс батыр туады, ол түрікпендермен шайқаста әкесімен бірге қаза табады.

* * *

Бөкен төрт арыс: Ақсары, Қошетер, Өтеғұл, Саназар болып бөлінеді.

* * *

Ағатаймен бірге туған Шағатайдың нәсілі бұл жақта жоқ, естуімше Сырдария бойында қалған.

* * *

Жәңгір ханға Беріш руынан би болғандар Егіз, Балқы, Бекмағанбет, Айғана.

* * *

Сүйінқара Үргенішбайұлы Сейсемата қауымына жерленген.

* * *

Қармыс батырдың зираты Қыземшек жайлауының құбыла батыс бетінде.

* * *

Махамбеттің әкесі Өтемістің інісі Шыбынтайдан Тілес, Тілеміс, Байтілен, Байдау туады.

Тілестен Ықылас, Иса, Уса, Есжан туады.

Тілемістен Айса, Сүйінәлі, Дүйсембі, Жәмел, Жақып
туады.

Байтіленнен Тайыр, Дүсіп туады.

Байдаудан Досалы, Досмағанбет туады.

Ықыластан Майжан туады, одан қазірде бары Дәулет
Таңдайда тұрады, көп жыл сот, тергеуші болып істеген,
кейіннен совхозда плановик болған, 1915 жылы екі класты
орыс-қазақ мектебін бітірген.

Айсадан Шәкөш, Дәуіт туады.

Сүйінәліден Көжек, одан Шыңғыс туады.

Жақыптан Ерғали, Нұрғали туады.

Ерғалидан Құлбай туады, бұл да екі класты орыс-қазақ
мектебін бітірген, көп жыл сот болған, пенсионер, Тайпақ
ауданында тұрады.

Нұрғалидан Боран туады.

* * *

Ноғай-қазақтар өздерін Берішпіз дейді, оның анық-
қанығын білмеймін, бірақ естігенімді айтайын. Есболайдың
ноғай әйелінен туған Алшымбай тұқымдары түгелімен
Маңғыстау жақта, өздерін ноғай-қазақ атты Беріштің бір
тұқымдасымыз дейді. Ноғай-қазақ ертеде Есболайға әр
жерден қашып келгендер көрінеді, малын бағып, құдығын
қазып, шаруаларына көмектесіп, Елекеме жаққан. Сосын ол
кісі оларға әйел әперіп, енші беріп, ел қылып таратқан,
өздерінің кетем деген жерлеріне жіберген. Соңғы уақытта
ноғай-қазақ атты елдер Нұралы хан заманында, онан кейінгі
хандар кезінде ел болып орналасқан. Ноғай қазақ адамдары
күні кешеге дейін біз Берішке тағылықты елміз, сондықтан
Беріш боламыз деп жүрді. Осы әңгімені соңғы кезде
Ғалымжанның әкесі Хаким деген кісі қайтарынан бір жыл
бұрын өзіміздің үйде қонақ болып отырғанда тағы айтты.
Ол кісі оқымысты адам екен. Уфада медресе «Ғалияда»
оқыған ғалым кісі. ҚазГУ-де жүргенде Берікті оқытып
мұсылманша тәрбие берген. Сонда ол жоғарғы оқ орнының

преподавателі есебінде белгілі адам болған.

* * *

Адай жақты қызмет жөнінде 1932-1934 жылдары бірталай араладым және әңгіме білетін адамдарға да кездестім. Адай Беріш ішінде Қаратоқай жағымен құдандалы жекжат болыңқыраған. Сол Адайда Есболайдың бір саласы Қоныс деген түгел сонда, Табылды тұқымы екібастан сонда.

* * *

Аллақұл хан бір кездескенде Есен Жеменей Сынабай деген кісіге атыңызды Сынабай емес, Сылаумай қоймаған екен депті. Шамасы, сөзіне риза болған болуы керек.

Сонда Сынабай ханға:

- Сіздің атыңызды Аллақұл деп әкеңіз қате қойған екен, атыңызды

Қырыққалта қоймаған екен,-депті.

* * *

Тұрланның Сағида деген жалғыз қызын Шумақ-Шерубай Шеркеш Қойсары байдың баласы Есенгелді мырза алады. Одан Қожахмет деген ұл, Шахзада деген қыз туады. Осы Шахзаданы Қойыс-Сақау Шеркеш Шоланның баласы Қожас деген кісі алады. Қожасты көрдім, 1926 жылы қателеспесем, 66 жасында қайтыс болды. Әкім де, балалы да, дәулетті де кісі болған, балдарын да, қыздарын да көрдім.

* * *

Қазақы бидің ішінде Тобанияз мықты кісі еді, оны Адайлар тегіннен-тегін айтып жүрген жоқ. Мен ол кісіні екі рет көрдім, екеуінде де табақтас болдым. Біріншісі- 1922 жылы Қызылқоғада солақай Рысқали дегеннің үйінде Хасан Қазірет бастығы Тобанияз етіп Адайдың оннан астам адамын қонақ еткенде ішінде бірге болдым. Екінші рет 1927 жылы Мақатта Дәрібай Хангереевтің үйінде бірге қонақ болдық. Сонда бір айтқан мына әңгімесі әлі есімнен кетпейді. Ол кісі «Үкіметтің заң-жобасы-өте түзу, бірақ халыққа түгел еніп

болғанша талай адамның соры қайнайды» деді. Бұл оқымаған адамға аз түсінік емес. Басқа аталық әңгімені де білетін есті, ақылды да би адам екен. Бұлардан естіген әңгімелер күні бүгінге дейін басқаларға әңгіме етіп айтып отыруға жарайды. Бұлардың ар жағындағы 40-50 жылдар бұрын әр елде айтулы адамдар болған, солардан қалған тәуір сөздер тап соңғы кездегі билердің бірқатарларының қулығы көп те, ғаділдігі болмаған. Ғаділдігі болмаған соң билігі де шамалы болады ғой. Сонсоң өнегелі ештеңе болмаған соң олар жөнінде әңгіме де болмайды.

* * *

Біздің жақта үкімет 1920 жылғы 5 январьда орнады. Содан бастап қызметке орналастық. Ол уақытта кеңсе қызметінен тәжірибесі жоқ адамдарды ең әуелі технический-делопроизводительдіктен бастап қызметке орналастырды. Бір бөлек жігіттерді 1920 жылы 20 октябрьде Уральскіге совет саясатынан хабарланып келсін деп оқуға, профдвижение курсына жіберді және сонда тәлім алу үшін мекемелерде бірауық қызмет жасатты. 9 айдай оқып келген соң бәрімізді де делопроизводитель, секретарь т.б. етіп кеңсеге орналастырды. Сонда оқуға барғандар-мен өзім, Қосан Медетов, Молдағали Жанахметов, Бисенғали Нұрашев, Сақыпқали Ақтаев, Жұмабай Қартқожақов, Еспағанбет Есалиев, Жөкебай Байбосынов. Енді басқалары Қызылқоға болысынан болды., бір-екеуі Қызылқоға төңірегінде 1921-1922 жылдары Киселев-Серов бандаларының қолынан өлді.

* * *

Төре тұқымдарын Нұралыдан әрі толық білмеймін. Бірақ естуімше былай: Әбілқайырдың балалары-Айшуақ, Әділ, Досалы, Ералы, Қаратай, Қожахмет, Нұралы, Шыңғыс.

Нұралының некелі 18, некесіз 12 әйелі болған дейді. Некелі әйелден туғандар ғана хан нәсіліне тіркелген, некесіздер тіркелмеген. Нұралының сол 18 әйелінен 30 ұл,

40 қыз болды деп айтады. Менің естігенімде Нұралы балалары: Абылай, Ақсарт, Арыстан, Артықалы, Бөкей, Бегалы, Біралы, Ғизалы, Есім, Есеналы, Елтай, Жаналы, Жалтыр, Жәнібек, Жәреке, Қаратай, Күсеп, Нұреке, Орман, Сығай, Саяқ, Сереке, Сейдалы, Тұрдалы, Ұзақалы, Шотқара, Шорман, Шөке.

Айшуақтан Жантөре, Апақ, Шерғазы туады. Айшуақ негізінен Жетіру әулетін билеген.

Жантөреден Баймағанбет, Арыстан туады.

Баймағанбеттен Әлен, одан Мұзафар туады.

Ералының тұқымдары Сыр бойында дейді.

* * *

Біздің жақтағы қожалар екі арыс-Мырзақожа, Кедейқожа.

Мырзақожадан Құлтанқожа, Текеқожа, Байтаққожа, Шарнақожа, Бабажанқожа, туады.

Кедейқожадан Аққожа, Қарақожа, Қызылқожа, Өзбекқожа, Мәтенқожа, Төленқожа, Қожахметқожа болып тарайды.

Бабажанқожадан Қарауылқожа туады.

* * *

Қазақ азаматтарының оқыған медреселері: Қазанда-«Мұхамедия», Орынборда-«Хусайния», Уфада-«Ғалия», Орскіде-«Расулия». Осыларда оқығандардың көбінің екі тілде бірдей сауатты, жақсы қызметкер болғандарын өз көзіммен көрдім. Орда жақтағылардың бірқатары соларда оқыған. Біздің Гурьев уезінде оқығандар онда бармаған.

* * *

Әнші Мұхиттың ағалары Шәнгерей, Сақыпкерей, Жанша, Жүсіп әрі әнші, әрі домбырада, скрипкада ойнаған. Балалары-Шоң, Нәу, немерелері-Шайқы, Лұқпан, Ғұбайдолла.

* * *

Исатайды Жайықтан Жаманқаладан жоғары Сартоғай деген жерден өткізген өзінің бірге өскен құрдасы Құрак

Маябасов деген кісі дейді.

* * *

Дос деген атамыздың әйелі 1849 жылы 80 жаста қайтыс болыпты. Тас қойған немересі Телібай көрінеді.

* * *

Мұхамбет пайғамбардың сипаттары мен хақтығына ешқандай теңеу жоқ көрінеді. Ал, соңғы төрт халифаның мынадай сипаты бар: Әбубәкірдің даналығы, Ғұмардың әділдігі, Ғұсманның ғалымдығы, Ғалидың ерлігі.

* * *

Мақаштың бір нағашысы Қызылқұрт руынан Түйебай деген кісі.

* * *

Күйші Сейтек Оразалыұлының (1861-1933) бейіті Астрахань облысы, Қарабайлы ауданы, Ақтөбе ауылында.

* * *

Жайық Беріштен шыққан ақындар- Махамбет, Шығияз, Арғымбай, Қабдеш, Ығылман.

Қаратоқай Беріштен шыққан ақындар-Матай, Мұрат, Раушан, Дәулетқали, Аязбай, Сұраубай, Нәсіпбай.

* * *

Мүсірәлі 1818 жылы, Бегалы 1821 жылы, Мақаш 1818 жылы, Бәшен 1811 жылдары туған.

* * *

Айтуардың соңы кешегі уақытта болған Қодар, оның баласы Жолдасқали, қазірде Орынбасар дейтін баласы бар, оның балалары бәрі де Тайсойғанда.

* * *

Адай елінің адамдарының біздің жақтан білетіні Беріштен Бегіс-Малмақ Ожақай, оны сал дейді, салқам дейді.

* * *

Қаратоқай Сасығаннан Аққұлы, Айтқожадан Әндіқожа, Бердіке, Айтқожаның қызынан (әкесі белгісіз) туған Шіндіке.

Бекбауылдан-Жолболды, Құттыбай, Боранқұл. Аңызда айтылатын бір сөзде Есболайдың әйелі бала тумағансын Қаламқас деген қыз әулиеге түнеп, сонан барып бала көтеріпті. Сонда туған баласы Итемген көрінеді.

* * *

Мәтеннен-Батырбек батыр. Осылардың бірқатары Адай Сүйіндіқара батырдың әлегінен түрікпендер қолынан қаза тапты.

* * *

Төрт арыс Бөкеннің бірі Өтеғұлдан-Төлен. Оның балалары Дүйсе, Құдас, Ақша, Мамай, Мендіғұл, Сейітқұл және тағы біреуі бар, жеті бала. «Ақ пышақ Дүйсе, Құдас тентек ауыл, Шылбайды отырмаққа сойып жеген» деп Мұраттың айтатыны сол ғой. Бұлардың ауызға алып айтарлықтай не батырлығы, не билігі болмаған, батырлықтары кісі өлтіріп, қасқыр ұстаған. Халық үшін, жер үшін жауласпаған, орыспен шатаса берген. Содан Жайық бойынын ығысып, Саргөл бойындағы Шеркештің Кермақас болысында Қамсақты деген жеріне келіп қоныс еткен. Нобайы мал баққан шаруа ел болып Жайық бойында қалған.

* * *

Алдар тұқымында Көккөзден-Мәтен, Жақия.
Сыйқыттан-Шәріп, Мақаш, Ыбраш, Тахитжан, Едіге.

* * *

Жапарбердінің он ұлының ортасындағы жалғыз қызы Ұлжан-Тұрланның әйелі. Мұнан алты ұл: Ахмет, Бекмағанбет, Хұсни, Кенесары, Изімбет, Ербас және Сағида деген қыз туған. Сағиданы Шумақ-Шеркеш Қойсары байдың баласы Есенгелді мырза алған, одан Қожахмет деген ұл, Шахзада деген қыз туған. Шахзаданы Қойыс Сақау Шолпан, оның ішінде Еділ баласы Сәулікен, одан Шолан би, оның баласы Қожас деген кісі алған.

* * *

Мыңбай батырдың ата тегі: Есентемір-Бақтыгерей-

Тағыберді-Тағашы-Қожамбет-Қожас-Құлқара-Мыңбай.

Мыңбайдан Ержігіт, Дәужігіт туады.

Құлқарадан Мыңбай, Тоқай туады.

Тоқайдан Сұлтанкелді туады.

* * *

Аралбай Онғарбекұлы 1854 жылы Маңғыстауда Қарақұм деген жерде туған. 1914 жылы қайтыс болған, зираты Қарашүңгіл қауымында.

* * *

Біздің елде мұсылманша оқығандар-Арал-қазірет, оның баласы Ғұбайдолла қазірет, одан кейін Хисметолла ахон, бұлар-Себек беріш.

Әйтеке қазірет, Жиенғали ишан, бұлар-Есенғұл Беріш
Тегісбай ишан, бұл-Женет Есен.

Календарь қазірет біздің Елтүзер ішінде болған, арғы атасы-Қожа. Бұхар уалаяты, Қоқан шәрінен, Сейітзада зүрияты.

Сармұхамбет Қонысов ишан, Тоқпақ Себек.

Мырзағали Иманғазиев ишан, Қаратоқай Шіндіке.

* * *

Ақын Ығылман да Алдардан шығады. Зираты Қызылқоға ауданы, «Қызыл ту» совхозы, Мәкен мешіті, Сорғуыс деген жерде деп есіттім.

* * *

Абданнан тарайтын, Тайсойғанда атағы шыққан Алдоңғар Іскендірович Әбенев деген оқымысты адам болған. Оралда губернаторға письменный переводчик болған. Жайықтың Бөкей бетінде первый Приморский округте осы Әбеневтармен аталас Байбек Шолтақов та би болған. Көп жыл Толыбай ауылында старшина болған.

* * *

Қаратоқай мен Есеннің арасындағы «Ердің құны» деген әңгімені берірек келгесін Гурьевке базарға келіп жүрген Қуанышкерей мен Айтжаннан есіттім, сол әңгіменің ішінде

Оңал жездеміз де болды. Қуанышкерей Бегалиев-Қарқара Құлкеш, Айтжан Мүйізov-Бөлек Бегіс, екеуі де орысша-мұсылманша сауатты, олар Сімбірті болысында болды, Ал, Оңал Есеғазиев-саудагер, бұл да-Бөлек Бегіс.

Малмақ Бегіс Бопылдақ деген кісі басқа билерден айырмасы бар адам еді. Ол сөйлегенде аузынан шыққан сөздері сол жиыннаң мақсатына өте лайықты айтылады (трибунный оратор).

Жүсіп-Наурыз Бегіс, Маралбайдың баласы Дауым, Жүсіп бай болғандар. Кенжебай Қарашин де Малмақ, одан Шанақ. Бұл мұсылманша оқыған, молда атағын алған. Жаратылысында билігі бар, әзілге шебер кісі. Мұраттың сәлем хатындағы «Әзілі Кенжебайдың тәуір еді-ау!» дейтіні осы Кенжебай.

* * *

Есбол болысында управитель болғандар:

- | | |
|------------------------|----------------------------|
| 1. Оразалы, руы-Бөкен | 7. Батенияз |
| 2. Дошыман, Есен Женет | 8. Түзелбай |
| 3. Ырсалы | 9. Боранбаев Есенғали-Есен |
| 4. Мүсірәлі-Бегіс | 10. Темірбеков Тасым |
| 5. Қоныс-Себек | 11. Мүсірәлиев Қалы |
| 6. Мұқаш-Себек | 12. Әлжанов Есенжан |

Түзелбай әрі каидат, әрі тумасы ретінде Батенияз өлген соң болыс болды.

Тасым Темірбеков 17 жыл болыс болды.

Қали Мүсірәлиев 1 жыл болыс болды.

* * *

Шойтас атамыздың Оралға барған әңгімесін соңғы кезде өзіміздің ағайынымыз, көп жыл болысқа писарь болған және Жылыойда конно-полицейский урядникке 1905-1906 жылдары писарь болған Өтеғалы Өтебаев деген ағамыздан ауызба-ауыз есіттім.

* * *

Хандарға ерген төленгіттер:
Нұралыға ергендер-Дуан, Елмағанбет.
Сығайға ергендер-Тұрлы, Мұратбай, Қожай.
Бөкейге ергендер-Әзірбай, Айтпай.
Қаратайға ерген-Тұрымтай.
Тоғымға ергендер-Ережеп, Спандияр.

* * *

Ноғай-қазақтан-Оразахай, Үйсін, Қазанқұлак, Қояс
(Көжей).

Оразахайдан-Айтбай батыр, Нияз.
Үйсіннен-Дәнді, Айбаз.
Қазанқұлақтан-Телғара, Қараеділ, Сүрбістан.
Қоястан тұқым жоқ.
Нияздан-Шомбал, Бекжан.
Шомбалдан-Дүсіп.
Дүсіптен-Мәжит, Ахметжан, Батырқайыр.

Әкемнің жазба ескертпе-пікірлері

Әкем Ыбраш Қорқытұлы ел ішіне тараған ескі әңгімелерді көп естіп, көп білумен бірге әдебиетті де жақсы көруші еді. Әсіресе, тарихи тақырыпқа жазылған әдебиеттерді, халықтың ежелгі мұралары мен олар жөнінде жазылған дүниелерді сұрастырып жүріп, іздеп жүріп құмарта оқушы еді. Оның бірқатары сирек болса да өз үйімізден, жеке кітапханамыздан да табылушы еді. Әсіресе, Махамбет, Абай өлеңдерін сүйсініп көп оқитын. Абайды қолынан тастамайтын, жылына бірнеше рет оқитын.

- Абайды әлі тауыса алмай жүрсіз бе?-деп сұраушыларға:
- Абай тұнып тұрған ғибрат-ақыл ғой, ақыл тауыстыра

ма?—деп жауап қатушы еді.

Мұрат өлеңдерін де жақсы көруші еді, бірқатарын өзі жатқа да білетін. Ел арасындағы жиналмай ауызекі айтылып жүрген өлеңдері болса жазып алатын. Ұнамаған кітаптарын қайтарып беретін де, ұнағандарын үйге келген кісіге оқып беремін деп өзі алып қалатын.

Әкем биыл апрель айында 78 жасында дүние салғанда өзінің қолжазбалары мен оқыған кітаптарын сақтайтын шағын қобдишасын ашып көргенімде ішінде бірқатар кітаптар жатыр екен. Бұл кітаптарды неге мұқият сақтады екен деген оймен парақтап беттерін ашып қарағанымда әр жерден қолтаңбаларын көрдім. Сонда аңғарғаным оқыған кітаптарының өзінше күмәнді деген жерлеріне сұрақ белгісін қойып, анық білетіндерінің тұсына ескертпе-түзетулер жазып қояды екен. Соның бірқатарына тоқтап өтейін:

1. «Мектеп» баспасынан 1964 жылы С. Мұқановтың «Жарқын жұлдыздар» деген кітабы шықты. Сол кітаптың үшінші бетінде Сәбен

«...Кіші жүздің ханы Бөкей Жәңгір есімді ұлын Саратовтың кадеттік корпусына берді» деп жазыпты. Әкем осы сөздің тұсына белгі қойып, жоғарғы жағына «Исправление ретіндегі ескерту: Жәңгір Саратовта оқыған жоқ, Астраханьда военное училищеде оқыған деп оқылсын. Ыбраш» деп жазыпты.

95-бетте Левиннің «Қырғыз қазақ ордалары мен далаларының тарихы» деген жолдың тұсына Левин деген сөзді қоршап, Ленин болар деп жазыпты.

158-бетте «Абайдың ата тегі» деген тарауда Сәбен «...Аламан, одан Алаш туады. Алаштан Сейілхан, Жайылхан туады. Сейілханнан сегіз арыс Түрікпен тарап кетеді. Жайылханнан Майқы, одан Өзбек, Сапиян деген екі ұл туады. Өзбектен қазіргі өзбектер тарайды. Сапияннан Айырқалпақ, одан екі ұл-Қазақ, Созақ туады. Созақ баласы боп қазіргі Қарақалпақ бөлінеді» деп жазған. Сол беттің

жоғарғы жағына әкем мынадай ескерту жазыпты: «Аламаннан-Сейілхан, Жайылхан. Ана Алаш деген адамның аты емес, ол Алаш деген ұран. Кейіннен зерттей келгенде анығы солай болды. Ал енді Айырқалпақтан үш бала-Қазақ, Созақ, Ұзақ. Қазақтан-Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс. Созақтан-Қарақалпақ, Ұзақтан-Қырғыз, Хахас. Соңғы кездескенімізде осылай айтты Сәбит Мұқанов. Ыбраш».

2. «Мектеп» баспасының 1967 жылы «Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы» деген кітап шықты. Соның 175-бетінде Қашағанның Есқали сұпыға айтқан сөзінде «...Жаңа дәрет алғанда, Сәждеге басың салғанда» деген жолдың тұсына «бұл сөз бұл араға лайық емес» деп жазыпты. Сол Қашағанның Аралбайды жұбатуы деген өлеңінде Аралбайдың шағынып айтқан сөзі 178-бетте аяқталғанда «мынаның жалғасы 193-бетте» деп жазыпты да, 193-бетке «жалғасы мұнда жазылған деп оқылсын, басы 177-бетте» деп жазыпты. Сонда шығарушылардың кінәсінен кітапта Аралбайдың сөзі екі жерге бөлініп кеткен. 204-бетте ақын жұт жылында 1910 жылғы деген сөйлемдегі жұт жылын Ит жылы деп түзетіпті.

3. «Жазушы» баспасынан 1967 жылы «Шешендік сөздер» деген кітап шықты. Құрастырып, алғы сөзін жазған Б.Адамбаев. Сол кітаптың 44-бетінде «Қонақ неше түрлі болады» деген билікте «...Есентемір Бөленді Асау шешен қонаққа шақырып...» деген сөйлемдегі Бөленді сызып тастап, «Бөкенді деп оқысын» деп түзетіп, тұсына мынадай ескерту жазған: «Бөлен деген тарихта болмаған адам. Бөкеннің аздап Асаудан үлкендігі бар, екеуі қоныстас көрші ел, бір-біріне көп қатынасып тұрады. Асаудың қонысы Саргөл, Бөкен мен Есеттің қонысы Қарабау, ал үшеуі көрші аралас, қонысы бірге болған соң қатынасы да көп болған. Бұл жөнінде әлдеқашан айтылған жазып алушыларға. Ыбраш».

46-бетте «Қадірсіз десе халқынан сұра», 49-бетте «Мінезің ауыр болсын» деген билік әңгімелерде Сырым ақыл

сұрайын, батасын алайын деп Бөкен биге келіпті деп айтылады. Осы әңгімелер жөнінде әкем 46-бетке «Мыналар түбімен қате айтылған сөз» деп жазыпты да, 49-бетке мынадай ескерту жазыпты: «Сырым 67 жасында 1802 жылы өлген, Бөкен 86 жасында 1857 жылы өлген. Яғни Бөкен Сырымнан 36 жас кіші, бұл арада үлкен қателік бар. Бөкен Сырымның баласы Қазымен қатар өскен кісі, бұл әңгімені менен басқа адамдар да жақсы біледі, соның ішінде Есентемір жағы. Адамбаевқа айтқан кісі өтірік айтқан. Ыбраш»

112-бетте «Қара жерге халық ие» деген билікте Айтуар шешен деген сөздің алдына Себек Беріш деп руын көрсетіп қойыпты.

140-бетте Есеней совхозы дегенді дұрысы Есенсай деп оқылсын депті.

Жалпы, Кіші жүздің билері жөнінде өзінің жазып жүрген естелік дәптеріне былай деп жазыпты: Себек Беріш Айтуар би, Қаратоқай Беріш Есет би, Есентемір Көн, Көннің ішінде Қосал Бөкен би, Шеркеш Асау би бәрі қатар адам. Бірінен-бірі әрі кетсе 7-8 жас, бері келсе 3-4 жас үлкенді-кішілі адамдар. Бұлар жөнінде әңгіме жазушылар бойлай да теріс түсінік беріп жатады. Олар түбірінен қате. Олардың өлген жылдары мен жастарын алайық. Айтуар 1856 жылы 73 жаста, Бөкен 1857 жылы 86 жаста, Асау 1862 жылы 82 жаста, Есет 1869 жылы 90 жаста өлген. Ал осыларды Сырым батырдан үлкен етіп жазады. Сырым 1802 жылы 67 жаста өлген. Бұл билер ол кезде жасандау болған. Түу Алматыда отырып біреулер желден ала ма қайдан білейін, теріс жазады. Келіп жерлестерінен, болмаса олардың тұқымдарынан сұрамай жаза салады, сосын ол қате болады. Сырымнан үлкен баласы Қазы деген кісі жоғарыдағы билермен қатар атқа мінген. Баймағанбет Айшуақов сұлтан-правитель заманында оның билері осы айтылған Байбақты руынан Қазы Сырымов, Беріштен Есет Қариев, Айтуар Үсенов

болған. Бөкен бұлардай хан мен халықтың арасындағы үлкен билік әңгімеге қатыспаған, ел арасында жүріп билік айтқан. Мұраттың мынадай бір өлеңі бар:

Би өлмейді деменіз
Тал түсте Қыдыр дарыған,
Уызынан жарыған.
Шежіредей тілі сайраған
Сөйлесе жұртын байлаған
Аузына арам салмаған
Ортадан пара алмаған
Қаракемпір Баймембет
Жауғаштыда Қазыбек
Қаратазда Тоғабай
Қадыркұлда Жаңабай
Беріште Есет, Айтуар
Солардан қалған бұл дүние
Өлімнің сондай жәйті бар!

4. «Жазушы» баспасынан 1969 жылы Х.Жұмалиевтың «Жайсаң жандар» деген кітабы шықты. Сол кітаптың 50-бетінде «Бұл Өтепқали Дүмбиянов атақты батыр Исатайдың шөбересі болатын» деп жазылған. Соған мынадай ескерту жазыпты. «Өтепқали-Исатай батырдың бел немересі, шөбере емес, мұнда қате жазылған. Ыбраш»

5. «Қазақстан» баспасынан 1971 жылы Ә.Жиреншенің «Қазақ кітаптарының тарихынан» деген кітабы шықты. Сол кітаптың 26-бетінде «...тана руының белгілі батыры Есенгелді Жанмурзиннің баласы» деген сөйлем бар. «белгілі батыр» дегеннің үстіне «батыры емес, байы болар» деп түзетіпті. Кітаптың соңына «Мен бұл кітапты көп оқыған жоқ едім, биыл бастан аяқ оқыдым. Мұнда көп жерден мағлұмат беретін әңгімелер бар екен. Едәуір хабар алдым. Отырған жерде түсінік етіп айтуға жарайтын тарихи заттар, адамдарына қарай айтуға болады екен деп қисап еттім. Ыбраш. 11.05.1978 жыл» деп жазыпты.

6. «Жазушы» баспасынан 1971 жылы шыққан И.Есенберлиннің «Алмас қылыш» деген романын оқығанда 12-беттегі «1342 жылы Батудың ұрпағы Өзбек хан еді», 45-беттегі «Біздің ағамыздың замандасы Үйсін Майқы бидің» деген жолдардың тұстарына сұрақ белгілерін қойған да, кітаптың соңына «мұны да оқыдым, көп мағлұмат алдым. 25.03.1978 жыл. Ыбраш» деп жазыпты.

7. «Жазушы» баспасынан 1972 жылы «Ақберен» жинағы шықты. Құрастырып, баспаға әзірлеген, алғы сөзін жазған-филология ғылымының кандидаты Қ.Сыдиқов. Сол кітаптың алғы бетіне әкем былай деп жазыпты: «Мұнда түгелімен Адайдың жыршылары, қараң-құраң естілмеген адамдар да бар. Қазақта мақал бар ғой, «Ру болмай, бұру болмайды» деген, осы күнгі оқушылар руды білмейді, тек бұрынғы өлеңші-жыршылар деп түсінеді, жазып отырғанды тағы білмейді. Бірқатар біз білетінді қате, қисық та жазыпты, оның қайсыбірін айтайын, тұра берсін сол күйінде. Ыбраш»

26-бетте Өмір Көшекбайұлы 1887-1924 дегендегі 1924-ті 1921 деп түзетіпті.

40-беттегі «Құлбарақ батырға» деген өлеңнің тұсына «Мынада қисық жазылыпты, дұрысы олай емес» деп көрсетіпті. Ал, жалпы Құлбарақ батыр жөнінде өзінің әңгімелерін жазып жүрген дәптерінде Мұраттың ағасы Матай ақынның мына өлеңін келтірген:

Есболайдан туыпты
Өзі батыр Итемген
Өзіне келген дұшпанға
Қарт бурадай сүйкенген.
Қарсы келген дұшпанды,
Найзасымен итерген.
Итемгеннен туыпты
Қара, Қабыл, Табылды
Ағыны күшті қарғынды
Сол ерлердің барында

Дұшпаннан кегім алынды.

Жапар атқа мінген соң

Кек найзаға жалынды.

Батыр болып туыпты

Табылдыдан Құлбарак.

Соны айталық қудалап.

Ерегескен дұшпанның

Етін жеді жұлмалап.

Алты сан Алаш жиылып

Басын қосып құралса

Кем деген жоқ бір қазақ.

43-беттегі Есет Қараұлының өлеңінің соңына мынадай түсінік жазыпты: «Бұл сөз Есет бидің балаларына айтқан гибрат сөздері ғой. Мұны кімнен алса да, сол уақытта ар жақтағы Мақаш Бекмұханбетов деген правитель Приморского округа Внутренней Орды алып Қазанға апарып печатьқа тасқа бастырған «Жақсы үгіт» деп кітабына ат қойып, 1908 жылы орысша «Благое наставление» деген. Есетте ақындық атақ жоқ. Кейінде білмейтін адамдардан жинақ жинаушылар Есетті ақын дейді, ол кісі Байұлының атақты биі болған, халық аузында солай. Ыбраш».

84-бетте «Қашағанның Есқали сұпыға айтқаны» деген өлеңі жөнінде былай деп жазыпты: «Ескерту: Меніңше Қашағанның қасында Құрманғазы болмаған болар, жазушылар абайламай жаза салған ғой деймін, одан басқа Қашаған сұпыны сөккенде, бір ауыз сөзді Құрманғазы да неге айтпайды, келісі келмеген өтіріктің бірі ғой. Ыбраш».

97-беттегі «Сәждеге басың тигенде» деген жолдың тұсына бұл араға керегі жоқ деп жазыпты.

164-бетте «Біріншіден не жаман?...» деп басталатын өлеңнің тұсына «Ескерту: Бесіншіде не жаман?...дегенді ұмытқан. «Бесіншіден не жаман, Бес уақыт намазды қаза қылса, сол жаман» деп айтылатын еді естуімізше» деп жазыпты.

214-бетте Өмір Көшекбайұлы 1887-1924 дегенді 1921 деп түзетіп, өлеңнің басына қалып қойған деп мынадай жолдар қосыпты:

Сұрасаң жауап Өмірден
Берейін хабар жөнімнен.
Ұраным-Шеркеш Шағырай
Арыс-арыс бөлінген.
Қойыс-Дербіс атанып
Көшекбай Татан баласы
Біздер де шықтық белінен.
Ырыздық қуып дәм таттық
Алланың берген демінен.

Осы кітаптың соңына «Есетті бүлдіріп жүрген Құмар Жүсіпов деген Кегембай Бегіс. Оның нағашысы Жиємбет Тана еді. Әкесі Жүсіптің нағашысы Қаратоқай Нұржан деген кісі еді. Нұржанның әкесі-Есет. Сол Есетке тікелей өзі жиен болу мақсатымен Құмардың бүлдіріп жүрген әңгімесі. Есетті жырау қылмақ, өзі содан туған жиен болмақ. Ана басқалары да, Ғұбайдолла, Сапар дегендер де, тарихтан хабары жоқтар да сондай әңгіме айтып, осы кітапқа ілінген шырақтар ғой. Ыбраш» деп жазыпты.

8. «Ғылым» баспасынан 1974 жылы Қ.Сыдиқовтың «Ақын жыраулар» деген кітабы шықты. Сол кітаптың 20-бетінде Есет жөнінде, оның Жәңгір ханның бір баласы өлгенде естіртуі жөнінде әңгіме болады. Осы жолдардың тұсына әкем «бұл арадағы әңгіме Есетке жатпайды» деп жазыпты. Осы бетте Құмар бұл толғауды қарт шешесі Нәзірадан үйренгенін айтады. Нәзира біз әңгімелеп отырған Есет жыраудың қызы деп жазылған. Осы тұсқа әкем былай деп жазыпты: «Нәзира-Есеттің баласы Нұржанның қызы. Одан туған Дұрмағанбет. Дұрмағанбеттің баласы-Жүсіп пен Жолай. Нәзира-Құмардың әкесінің шешесі. Есет толғауы 1908 жылы Қазанда басылған. Оны жинақтап берген Мақаш правитель. Құмардың айтқаны жалған. Мұны таратқан біздің

жақта Себек Шомажан деген кісі, жұрт содан үйренген-ді. Ыбраш».

50-бетте Жапарберді батыр туралы Матай ақынның «Ер папа бала күннен атқа міндің» деп басталатын өлеңінің тұсына «Бұл сөзді берген мен. 01.03.1975 жыл. Ыбраш» деп жазылған. Одан кейін «Құлбарақ, Жапарберді, Кішкіл, Көбен» деп басталатын өлеңінің тұсына «Мұны да мен бердім. Ығылманның «Ел едік Байдың ұлы Беріш деген» өлеңінде айтылады. Кішкіл емес, Кешкіл деп оқылсын. Ыбраш» деп жазыпты.

51-бетте Бекішев Тұржаннан жазып алып, азамат Иманов тапсырған деген жолдың тұсына «мұның келісі бар, Тұржан білетін еді. Ыбраш» деп жазылған.

52-бетте Құмардың Насихатты көргені айтылады. Сол тұсқа «Құмардікі қате, Насихатты көрген жоқ. Ыбраш» деп жазыпты.

88-бетте Құмардың Қашағанмен жолдас болғаны айтылады. Осы тұсқа «Ескерту: Құмар Қашаған тірі уақытта өлеңші болған жоқ, онымен кездескен де жоқ, ол қате. Ыбраш» деп жазып, осы сөзін 121-бетте «Құмар ешуақытта Қашағанды көрмеген, бұл өтірік сөз» деп тағы жазыпты.

130-бетте Битілеуов Нұрбаулының айтуынан деген сөздің тұсына «Байтілеуов Нұрбаулы, бұл да Адайдың әңгіме айтатын адамы» деп жазыпты.

132-бетте Құрманғазының «Көбік шашқан» деген күй шығаруына қарағанда тасқын 1887 жылдар шамасында болған деген жолдардың тұсына «исправление жыл жөнінде, топан 1899 жылы, доңыз деген жылда болған» деп жазыпты.

163-бетте Өмір Көшекбайұлы 1887-1924 жылы деген тұсқа 1921 жылы Ойылда Киселев бандасы өлтірді, мұнда бойлай қате жазылады өлген жылы» деп жазыпты.

189-бетте жергілікті, Республикалық газет-журнал беттерінде Құмар 1934 жылдардан көрініп келеді деп жазылған. Осы тұсқа «Құмар сол 1934 жылдан бұрын ауыл

арасында өлең айтам деп сөзден таяқ жеп жүрген мезгілі. Сондықтан далаға шыға алмады деп менің айтатыным сол. Ыбраш» деп жазыпты.

199-бетте «Ескерту: Құмар өмірінде Қашаған мен Ығылманға, қала берді Насихатқа кездеспеген адам, яғни Қызылтал бойында туып өскен кедей шаруаның баласы, далаға шығар халі болмаған. Қашаған-Адай, өз елінде, қала берді Жылыойдан бері келмеген, Ығылман-Тайсойғанда, Насихат-тонау Мыңтөбеде, Астраханнан бері бірінші округте болған, арасы бірінің де шалғай, тек олардың өлеңін естіп үйренген. Ыбраш» деп жазыпты.

9. «Қазақстан» баспасынан 1974 жылы И.Кенжәлиевтің «Махамбет Өтемісұлы» деген очеркі шықты. Соның 9-бетінде «...Өтеміс, Шыбынтай екі ағайынды, олар Құлманияздан туған дейді» деп жазылған. Осы тұсқа «Өтеміс, Шыбынтай бірге туған, екеуі де Құлмәлі (Құлманияз емес) ұлдары, дұрысы осы, ар жағы Нәдіршах Қызылбас уәлаятынан болады» деп жазыпты.

25-бетте Айған Жантоқов дегенді Айғана деп түзетіпті де, кітаптың соңына «Оқып бітірдім, бірқатар мәліметті менен алып еді жазушы жігіт. Ыбраш» деп жазыпты.

10. «Жазушы» баспасынан 1974 жылы Б.Аманшиннің құрастыруымен Махамбеттің өлеңдер жинағы шықты. Алғы сөздің 7-бетінде сынық-құлақ арғымағы деген сөйлемдегі сынық дегенді кесік деп түзетіпті. Сол беттегі «Баланың аты Құлманияз екен. Беріш руының Жауғашар деген кісісі оны бала қылып алып, Құлманияз неге екені белгісіз, бертін келе Құлмәлі атанып кетеді» деген сөздердің астын сызып, тұсына былай деп жазыпты. «Ескерту: Жауғашар емес, Жаубасар, Құлманияз емес, Мәлі. Құл деген сөзді қосып Құлмәлі деп атын қойған Беріштің адамдары, бастығы Ерназар деген Жаубасардың туған ағасы, бұлардың әкесі-Тумаш, ар жағы-Жайық Беріш. Атасы басқа жерден келген кісіні, не сатып алған, не тауып алғанды қазақтар құл деп атайды, сондықтан

оның атын Құлмәлі қойған. Осы жөнінде талай жазушылар елден сұрап алған, соның бірі-осы Берқайыр, қанша жазушы болса да бір қатесіз болмайды және Махамбетті жазғанда болады, жинап алушы көп болған соң, кемістік те көп болатын болар. Ыбраш. 16 ноябрь 1974 жыл».

Жалпы, Кіші жүзден шыққан батырлар, ақындар, билер жөнінде естігендерін жазып жүрген дәптерінде Махамбет жайында бірталай деректер бар. Соның ішінде Мұраттың мынадай бір өлеңін келтіреді:

Ар жағымыз белгілі
Он екі ата Байұлы
Ұранға шыққан Ағатай,
Жауға шапқан жанаса-ай.
Ағатай ердің тұсында,
Құрыды жаудың шарасы-ай.
Ерлікпен тартып алынды
Алпыс судың саласы-ай.
Кешегі өткен Исатай
Жауды көрсе састы ма
Одан қорқып қашты ма.
Ертеде өткен бұрынғы
Шора мен Тарғын болмаса
Бір қазақтың ерлігі
Махамбеттен асты ма.
Алладан бұйрық келген күн
Олар да бір күн кетіпті
Қара жердің астына.

11. «Ғылым» баспасынан 1975 жылы «Қазақ қолжазбаларың ғылыми сипаттамасы» деген кітап шықты. Соның 314-бетінде Тайман, Қаратоқай, Құлбарақ, Көкдания, Көкдаубай, Есентемір, ер Мыңбай, Қарабура, Сейіл, Сұлтанкелді, Исатай, Махамбет т.б. деп рулары, аттары аралас, ретсіз жазылған екен. Сол тұсқа «Қаратоқайдың батырлары-Құлбарақ, Көбен, Жапарберді, Батырбек. Бұлар

Адай Сүйінқараның соғысында түрікпеннен өлген. Есентемірдің батырлары-ер Мыңбай, Сұлтанкелді, Көкдаубай. Тайман-Исатайдың әкесі, руы-Жайық Беріш» деп жазыпты.

12. «Мектеп» баспасынан 1977 жылы Ә.Нұршайықовтың «Тоғыз толғау» атты повесть-монологы шықты. Сол кітапты оқып шығып, соңғы бетіне «Бұл кітаптан бірқатар үлгілі адамдардың атын білгенмен, істеген жұмысына көп таныс емес едім, осыны оқып өткен еңбегінен түсінік алдым. Ыбраш. 10 ноябрь 1977 жыл» деп жазыпты.

Орынды-орынсыз болсын мұндай ескертулер, түзетулер кезінде тиісті жерлерге, баспа орындарына неге жеткізілмеген, хабарланбаған деген сұрақ тууы мүмкін. Бұған берер жауап: әкем өзінің жазып жүрген естеліктерін, оқыған кітаптарына жазған ескерту-пікірлерін тірі кезінде маған айтқан да жоқ, көрсеткен де жоқ. Дүние салғаннан кейін барып қолға тиді. Маған айтпаған, көрсетпеген себебі-сол кітаптарды жазып жүргендердің бәрі баламның таныстары, көңілдес достары, ренжітіп алармын деп ойлаған болар деген ой келеді осы күндері.

1978 жыл.

Әкемнің замандастары

«Атырау билері мен батырлары» атты кітап көлемінің шағындығына қарамастан, оқырмандардың жүрегін тербеп, көздері көрмесе де елден естіп, көңілдеріне ұялап, кейіннен көмескіленіп бара жатқан есімдерге сәуле түсірген сияқты. Соның ішінде әкемнің үшінші дәптерінде жазылған, осы ғасырда өмір сүріп, кезінде есімдері ел аузына іліккен бірталай азаматтардың тағдыры ойларын оятып, соларды анығырақ біле түсуге деген құмарлық сезімдеріне қамшы салған сияқты.

Олардың осы ойы, кездескен сайын «әкеңіз сол адамдар жайлы не жазыпты, білгіміз келеді, жазбайсыз ба, көпшілікке жария етпейсіз бе?» деген сөздері түрткі болап, қолыма қалам алуға тура келді. Оның маған қиындығы жоқ, бар жұмыс-бір қағазға жазылған естелікті екінші қағазға көшіре салу. Тек мынаны ескерткім келеді: Бұл азаматтардың бәрі де ертеде, Ресей патшалығының заманында оқып, білім алған, сол білімдерінің арқасында Совет үкіметі келгеннен кейін де ел басқару ісіне араласқан адамдар. Әкем олардың қайда оқығандарын, патшалық дәуірде қайда жұмыс істегендерін жазады да, «Үкімет келген соң» деп Совет үкіметінің кезіндегі жұмыстарын айтады. Мен соларды оқырмандарға анық болсын деп алғашқылардың тұстарына «Совет үкіметі келген соң» деп өзгертіп, кейінгілерін өзгертпестен сол күйінде жаздым. Екіншіден, әкем кейбір жұмыс орындарын орысша жазыпты, оның қазақшалауға келетіндерін аударып, бірқатарын сол орысша жазылған күйінде алдым. Менің тарапымнан енгізілген өзгерістер осылар ғана. Қалғандары түп-тамырымен әкемнің өз жазбалары. Сөйтіп, мен көшірдім.

Атырауға Совет үкіметі келген алғашқы жылдары елді ревком (революциялық комитет) басқарды. Олардың басында революция ісіне ертеден араласқан орыс азаматтары отырды. 1920-1922 жылдарда ревкомға Васильев, Касенков, Куприянов, Тимофеев, Вертузаев, Катков, Кубасов деген орыс азаматтары бастық болып, кейін орталыққа кетті, бірен-сараны бандылармен күресте қазаға ұшырады.

Ертеде оқып, патша заманында қызмет істеп дағдыланған бірқатар қазақ азаматтары да ел басқару ісіне араласты. Олардың бірқатарын көрдім, бірқатарымен қызметтес болдым Соларға келейін:

Алпан Кенжалиев-екі кластық қазақ-орыс мектебін бітірген, крестьянский начальникке аудармашы болып қызмет істеген. Совет үкіметі келгеннен кейін 1920-1923

жылдары УЧК-да (уездік төтенше комиссия) уполномоченный по борьбе со скотокрадством болып істеді. Ол кезде ел арасында мал ұрлаушылық, барымташылық деген қылмыс болды, бұл ол кезде ең ауыр қылмыстардың бірі болып, үкімет соларға қарсы аянбай күрес жүргізіп, бара-бара бұл қылмысқа тиым салды.

Алпан-аса сауатты, тілге де шебер, қаламы да жүйрік, әрі іскер адам еді. Көп сөйлемейтің, жүзі салқындау, сабыр иесі адам болатын. Іскерлігін дәлелдейтін мынадай бір фактіні келтірейін: Уездік ЧК-ның жұмысын тексеру үшін Москвадан, орталық ЧК-дан өкіл келеді. Ол күнде уездік ЧК-ның төрағасы мен орынбасарынан басқа 8-9 қызметкері болды, соның ішінде қазақтан жалғыз Алпан. Москвадан келген өкіл әрбір қызметкермен жеке-жеке танысып, әрқайсысының жұмысын жеке-жеке тексереді, кетерінде әрқайсысына жеке-жеке мінездеме жазып, іске тіркетеді. Сонда ол кісі Алпанға «мало говорит, на вид сердит, да очень деловой, это есть Кенжалиев» деп мінездеме жазған. Москвадан келген орыс өкіл Алпанның досы, не ағайыны емес, іскерлігін бағалап, әділін жазған. Ол мінездемені тіркеулі істен көріп, өз көзімізбен оқыдық.

Ол іскерлігінің арқасында ЧК-дан кейін уездік атқару комитетінің төрағасы болды. Орал қаласына жұмысқа ауысып, губерналық атқару комитетінде жауапты хатшы, губерналық соттың төрағасы болып істеді. Одан Ақтөбеге ауысты, 1933 жылы облыстық атқару комитетінің жауапты хатшысы болып істеп жүріп, 47 жасында жүрек ауруынан қайтыс болды.

Қожаров Ғабдолла-бұл кісі де екі кластық орыс-қазақ мектебін бітірген. Ертеде болысқа хатшы болып істеген. 1920 жылы үкімет келгенде уездік революциялық комитетте, одан кейін уездік атқару комитетінде жауапты хатшы болды, одан соң уездік жер басқармасының (УЗУ) бастығы болып істеді. Осы жұмыста жүріп, бір жағдайлармен ішкілікке түсіп кетті

де, жұмыс бабында төмендеді. Бірақ, кезінде халық арасындағы беделді адамдардың бірі болды. Ішкіліктің салдарынан ауруға шалдығып, 1939 жылы 55 жасында дүние салды.

Жазуға өте шебер болды. Сол кезде партиядан шығып қалғандар, сотталғандар арыздарын осы Ғабекенге жаздыратын. Ғабекеннің жазған арыздарын кейін өз көзімізбен көрдік. Сонда таң қалатынымыз-жазған арыздары бір беттен аспайтын. Мұнысы сөзге де, жазуға да шеберлігінен еді. Кейіннен 5-6 беттік арыздарды да көріп, оқыдық қой, сонда Ғабекенді еске алып. «шіркін, мына арызды Ғабекенге жаздырса, адамның уақытын алмай бір бетке сиғыза салар еді-ау!» деп ойлайтынбыз.

Ғабекеннің жазғыштығына бір мысал келтірейін: 1920 жылы Жайықтың шығыс бетін пайдалану жөнінде Есбол, Сімбіртi болыстарында тұратын қазақтар мен орыстардың арасында біраз түсінбеушілік болып, қақтығысып қалып жүрді. Содан екі болыстың қазақтары өз араларынан өкіл бөліп, арыз жаздырып, Орынборға КирЦИК-ке (орталық атқару комитетіне) адам жібермекші болады. Есбол болысынан сауатты, бір кезде болысқа аудармашы болған, халыққа аса қадірлі Есенжан Әлжанов, Сімбіртi болысынан бір кезде болысқа аудармашы болған, сауатты, руы-Табынай Адай, Лұқман Боқтыбаев деген адам белгіленеді. Олар Гурьевке келіп, елдің арызын Алпан мен Ғабдолла Қожаровқа жаздырады. Сауатты адамдардың бәрі бірдей арыз жаза білмейді, оның да шебер, әрі қысқа жазатын адамдары болады. Алпан мен Ғабекен сондай адамдар, олар көп мылжындықты білмейді, тыңдалатын тоқетерін жазады. Ол күнде Эмбанефтінің (басқарушысы А.А.Соколов деген адам) Масалина, Болдуева деген жақсы машинисткалары болды, арызды соларға машинкеге бірнеше дана етіп бастырып, Есенжан мен Лұқман Орынборға аттанады. Ол күнде Орынборда КирЦИК-тің мүшесі, Атыраудың азаматы,

руы-Шумақ Шеркеш, оның Тоқымбет деген аталығынан шыққан, семинарист-мұғалім Аспандияр Кенжин деген болды. Бұлар сол үйге барып түседі. Барған шаруаларын айтып, арыздарын Аспандиярға көрсетеді. Аспандияр арызды оқып болып:

- Есеке, мына арызды Алпан жазды ма, әлде Ғабдолла жазды ма?-деп сұрайды. Аспандияр Алпан мен Ғабдолланың жазған арыздарын талай көрген, сөз саптауларын әуелден біледі екен. Есенжан:

- Ия, бұл арызды Алпанжанға жаздырдым, Ғабдолжанға қараттым, әлі де кемшілігі болса, Аспандияржан, өзің қара!-дейді. Аспандияр:

- Арыздарыңның кем-кетігі жоқ, жарайды және бұл арыз тыңдалмай қалмайды, Меңдешевтің қолына өзім апарып тапсырамын, сіздер үйде жата беріңіздер, тынығыңыздар, көліктеріңізді жайлаңыздар,-деп жұмысына кетеді.

Бір жұманың шамасында арыздары қаралып, жерді пайдалану жөніндегі тиісті документтерді қолдарына алып, екі қарт елге оралады.

Бұл менің біреуден естіген әңгімем емес, өз көзіммен көрген анық ақиқат затым.

Алпан мен Ғабдолланың басқалардан көп айырмасы осындай жазуға шеберліктері еді.

Шөкеев Мұхамбет-бұл кісі де екі кластық орыс-қазақ мектебін бітірген. Ол кезде экстерный экзамен деген болған, соны тапсырып мұғалім атағын алған. Сөйлеуге ділмәр, ауызды кісі еді, елге де өте қадірлі болды. Мен ол кісіге 1915 жылы Есболдың Қызыл үйінде 5-класта оқып шәкірт болдым. Үкімет келген жылдары Мұхаң уездік революциялық комитетке, уездік атқару комитетіне мүше болды, УЗУ-дың (уездік жер басқармасы) бастығы болды. Кейіннен Оралға жұмысқа ауысып, губерналық сот төрағасының орынбасары болды. Оралда түйе совхозында директор болып жүріп, 1937 жылдың зобалаңына ұшырады.

Ағасы Мұқан да заманында ел қатарлы азамат болды. Патша заманында оязға сөзбе-сөз аудармашы (словесный переводчик) болып істеді. Совет үкіметі жылдарында тергеуші, милиция бастығы болып қызмет жасады. Баласы Баязы Шөкеев Жылыой ауданында мұғалім болып істеді.

Өзбекқалиев Фамхан-Төре тұқымынан, туып-өскен жері-Сімбірті болысы. Саратовтың мұғалімдер семинариясын бітірген аса сауатты адам еді. Барлық өмірін мұғалім болумен өткізді. Жас кезінде жүрек ауруына шалдығып, содан ертерек қайтыс болды. Бұл күнде инженер болып жүрген Халел Өзбекқалиев асырап алған баласы, оның әкесінің аты Жағыфар Дүсілбадиев, бұл да Өзбекқали төренің нәсілі, ар жағы Нұралы Әбілқайыров.

Мәмбетов Сейтім (Сейітмұхан) –бұл кісінің мамандығы да-мұғалім, Гурьевтегі педагогикалық курсты бітірген. Үкімет келген соң уездік оқу бөлімінің меңгерушісі, уездік атқару комитетінің жауапты хатшысы, әрі қазақ газетінің редакторы болды. Жүрек ауруына шалдығып, 1929 жылы қайтыс болды.

Азбантаев Мырзағуат-бұл кісі педагогикалық курсты бітірген мұғалім еді, кезінде ел қатарындағы жақсы қызметкерлердің бірі болды.

Інісі Мырзахмет екі кластық орыс-қазақ мектебін бітірген сауатты азамат еді. Ағасы Мырзағуат өз ажалынан өлсе, інісі Мырзахмет кісі қолынан өлді. Оның тарихы былай: Руы-Шеркеш,оның ішінде Бессары Шумақ аталығынан шыққан Мұрат Нұрсұлтанов деген құрдасым болды. Сол 1928 жылы Мақатта Таз руының азаматы Жарақ Махамбетовтың үйінде қонақ болып отырып, шай құйып берген қызды бір-бірінен қызғанып, Мұрат Мырзахметті өлтіреді. Дәрігерлік экспертиз жасатып, тиісті документтерін жинақтап, соттау ісін жүргізген Жұмабай Қартқожақов.

Ибрашев Қазымұқаш-негізгі мамандығы мұғалім. Орынбордың мұғалімдер семинариясын бітірген, үкімет

келген соң уездік оқу бөлімінің меңгерушісі, уездік комитетінің жауапты хатшысы болды. Ол кезде запасной судья деген болды, сонда да жұмыс істеді. Жыл сайын советтердің уездік съезі болады, екі тілде өтеді, сонда қазақшадан орысшаға сөзбе-сөз аударатын Қазымұқаш еді, екі тілге де сөйлемпаз адам еді. Кербез, салмақты кісі болатын. Кейін педагогикалық және балық техникумдарында мұғалім болып жүріп, 1937 жылғы айқайға ұшырап кетті.

Мұқашев Тұржігіт-екі кластық орыс-қазақ мектебін бітірген, бірнеше жыл болысқа хатшы болған адам. Үкімет келген соң Жылыойда 6-ауданның милиция бастығы болды, содан соң уездік милицияның бастығы болды. Кейіннен тұтынушылар одағы төрағасының орынбасары болып істеді. Алғыр, берілген істі тез бітіргіш, шапшаңшылдау, ақ көңіл адам еді. Бойлай уездік партия және Совет атқару комитеттерінің мүшесі болып сайланып жүрді. Мен оның қарауында милиция басқармасының хатшысы болып істедім. Бірде уездік атқару комитетінің төрағасы Алпан Кенжалиев телефон соғып, мені шақырып алып, Қобдабайдың личное делосын берді. Ол делоны Алпан сайлау жақындағанда уездік атқару комитетінің мүшесі Қобдабайға мінездеме жазу үшін алдырған екен. Мен делоны ашып, берілген мінездемені оқыдым. Онда былай деп жазыпты:

Характеристика

Кобдабай Есенжанович Альжанов, год рождения 1888, член партии с 1921 г., образование низшее (окончивший Гурьевское русско-киргизское 2-х классное училище), занимаемое должность нач. уездной милиции, исполнительный, расторопный, не с широким кругозором, но незлопамятный депті. Ол күнде мінездемелер осылай жазылатын. Оқыдым да, Қобдабайдың столының үстіне

қойдым. Қобекен бір жақтан келді де, столының үстінде жатқан делосын алып оқып, есігінің ар жағында отырған мені дауыстап шақырды. Келдім.

- Мынаны сен әкелді бе?

- Ия, мен әкелдім.

- Оқыдың ба?

- Жоқ.

Қобдабай делоны ашып:

- Мына Шіндіке неғыл деген, мақтағаны ма, боқтағаны ма залымның?...-деп күлді.

Мен күлдім де қойдым. Ол кезде уездік атқару комитетінің кеңсесі осы күнгі облыстық қаржы бөлімінің үйінде, милиция қалалық совет тұрған үйде болатын. Қобдабайдың бір шешесі Қаратоқай Шіндіке руынан Ізғара дегеннің қызы, аты Махи еді, Алпан сол Шіндіке, сондықтан өздері-нағашылы-жиенді болып әзілдесіп ойнай беретін. Ал, іске келгенде ондай туыстықтары ескерілмейтін, шындығы, әділдігі айтылатын, өйткені, заң солай, заман тәртібі солай.

Есбаев Әбүтәлі-бұл кісі де екі кластық орыс-қазақ мектебін бітірген, бірнеше жыл болыста хатшы болған, ояздық басқармада канцелярист болып істеген, үкімет келгенде банкте, уездік қаржы бөлімінде істеді, сауатты, іскер адам болатын. Беріректе үлкейіп қайтыс болды.

Медетов Сәнжан-екі кластық орыс-қазақ мектебін бітірген, сауатты адам болатын. Көп жыл Жайық бойындағы болыстарда, І-Приморский округте хатшы болып істеген. Үкімет келген соң болыстық атқару комитетінің төрағасы болды. Жұмысшы-шаруа инспекциясында, округтік қаржы бөлімінде, совхозда жұмыс істеді. 1940 жылы орман шаруашылығында істеп жүріп, 55 жасында қайтыс болды.

Кодаров Жолдасқали-екі кластық орыс-қазақ мектебін бітірген, мировой судьяға (бітімші сот) аудармашы болған. Үкімет келген соң юстиция бюросының меңгерушісі, түрлі бөлімдер мен басқармаларда, прокуратурада хатшы,

тергеуші болып жұмыс істеді. 1932-1933 жылдары құлақтар қатарына ілігіп, ұсталып, жер ауып, содан қайтып оралмады.

Әлжанов Ибраһім Мұхамбетұлы- екі кластық орыс-қазақ мектебін бітірген, Жылыойда крестьянский начальникке аудармашы болған. Үкімет келген соң төтенше комиссия аппаратында тергеуші, хатшы, болыстық атқару комитетінің төрағасы болып істеді. 1930 жылы қайтыс болды.

Өтебаев Өтеғали- екі кластық орыс-қазақ мектебін бітірген, көп жыл болыстарға, Жылыойдағы атты полицияға хатшы болған. Заманында іскер, жазуға шебер кісілердің бірі болып еді.

Алдияров Қуаныш- екі кластық орыс-қазақ мектебін бітірген, көп жыл крестьянский начальникке аудармашы, болысқа хатшы болып істеген. Үкімет келген соң болыстық атқару комитетінің төрағасы, тергеуші, «Эмбанефть» басқармасында хатшы болып істеді. 1937 жылы Гурьев қаласында нотариус бөлімінің бастығы болып жүріп, 66 жасында қайтыс болды.

Аңқылдақов Жұмаш- Гурьевте төрт кластық қалалық училищені бітірген өте сауатты адам еді. Көп жыл оязға аудармашы болған, канцелярский служитель-письмоводитель I-го стола уездного управления шенін алған кісі. Үкімет келген соң уездік атқару комитетінің хатшысы болды. Бір жылдай Адай революциялық комитетінде Тобанияздың кезінде аудандық, болыстық атқару комитеттерінің хатшысы болып істеді, 1937 жылы мемлекеттік банкіде істеп жүргенде ұсталып кетті.

Досмұхамбетов Халел- Ғұбаш Бердиев Оралда реальное училищеде оқығанда бірге оқыған жолдастары Халел Досмұхамбетов, Жанша Досмұхамбетов, Битан Жанхадамов, Шабазгерей Күсепқалиев болған. Осылардың ішінен Халел Петербургтің әскери-дәрігерлік академиясына түскен. Халел Алашорда құралғанға дейін Ойылда, тағыы басқа үлкен қалаларда әскери дәрігер болып жұмыс істеген. Үкімет

келгеннен кейін Ташкентте профессор болып сабақ берген. Оған оқығандардың көбі осы күнгі Алматыда жазушылар арасында жүр. Алашорданың адамы болды деп қуғындалып ұсталған. Соңғы уақытта ол кісінң түрлі еңбегімен санасып, Исатай-Махамбет жөніндегі еңбегі ескеріліп Халелдің әйелі Сағираға үкімет тарапынан сіздің еріңіз Халел Досмұхамбетов ақталды деп анықтама берілген. Сағира жеңгей сол анықтамамен бірге екі айдың ақшасын алған. Исатай-Махамбетті жарыққа шығару жөнінде Халелдің көп еңбегі болған. Олардың материалдарын Орынбор-Петербург-Москва архивтерінен алып жинастырып, дастан етіп шығаруды өзінің рулас інісі Ығылман Шөрековке беріп бастырып шығарған. Қазірде Сағира жеңгей жоқ, кейін қайтыс болды. Халелдің балдары да, қыздары да оқыған, бір баласы Қонаевпен бірге оқыған, қыздары бар көрінеді, олардың бәрі де Алматыда тұрады. Мұны маған Халелден тәлім алған Қажым Жұмалиев 1965 жылы өз үйімізде кездесіп әңгімелескенде айтты.

Мүсірәлиев Әбдір- атақты Досжан Бердиевтің Қали деген інісі болған, Әбдір соның баласы, екі кластық орыс-қазақ мектебін бітірген. Көп жыл Жайықтың екі бетіндегі болыстарға хатшы болған. Жұмысқа алғыр, өңі ызғарлы, сұңғақ бойлы, қараторы кісі болыпты. Ойыл бойында Естек Кете руынан шыққан Дәукен Мендібаев 19 жыл болыс болғанда Әбдір сол кісіге 9 жыл хатшы болыпты. Одан бұрын Жем-Атырау болысында Таз руының азаматы Әбішке де хатшы болған. Мұны Жылыой жақта болғанымда Әбдірмен бірге жүріп, бірге тұрған адамдардан естіп, білдім. Әбдір ең әуелі хандық беттегі Бегіс Беріш руынан шыққан өз ағайыны Аманғали Жоламанов деген болыстың қарауында Қаңбақтының ауылнайы (старшина) Түгелек Бегіс аталығынан тарайтын Смадияр Смағұловқа хатшы болыпты. Аршыл, орынсыз әзіл-қалжыңды білмейтін, көп сөйлемейтін, мылжыңды жақтырмайтын адам болыпты.

Күні кешеге дейін Балта Ғабдол, Елекен, оның інісі Бөкеш дегендер осылай деп айтып отыратын. Жалпы Мүсірәлі тұқымнан шыққан азаматтарды жақсы білетін Жайлаш еді.

Менімен бірге оқыған, болмаса қызметтес болған адамдардың ішінде күні бүгінге дейін мінезі үйлескен, қай түрінен болса да әңгімеміз жарасатын, ешнәрсені санаспайтын, ренжімейтін тек қана Жұмабай. Ол бір жағынан жақын бөле. Оның шешесі Томаш Бегіс Мүсірәлінің Қалиының қызы. Мүсірәлі менің нағашым Қодармен бел немере. Өйткені Берді мен Ысмайыл бірге туған, екеуі де Итеннің баласы. Менің сынымда Жұмабай сауатты, орыс тілін дұрыс жаза да біледі, сөйлей де біледі, кішіпейіл, ашық сөйлеп отырады, естіген-көрген әңгімесін таза айтады, мақтанбайды. Жақтырмайтын адамына қарамайды, әңгімесін тыңдамайды, жалпы жақпайтын сөздерге көңіл бөлмейді. Біз әңгімелескенде не болса соны айтпаймыз, біреуіміз айтсақ, біреуіміз тыңдаймыз, ұмытқан әңгімеміз болса сұрасамыз. Ол да, мен де кітаптан оқығандарымызды бір-бірімізге айтып түсінісеміз, сонда бір бөлек естімішіміз ұлғайып, білігіміз аз да болса дамуға себеп болады. Сонымен екеуіміз де отырған жерімізде бас қосқан адамдардың әрқайсысының халіне қарап, түсінігіне қарай кәдәри-хал әңгіме айтамыз. Қатар жүрген кісінде оған менен басқа ұнайтыны жоқ, маған да ұнайтыны сол тек қана Жұмабай. Бұл бір сыр әңгіме, тірі жүрген күнімде болсын, болмаса уақыт келіп, дүниеден озған күнде болсын, оқитын адамдардың көңілінде жүрсін, басқа адамға кездеспегенмен осы тетрадымды балдарым оқиды ғой деп жаза салдым. Оның інісі Бисенбай да түсінікті адам еді, өлең де, әңгіме де білетін, жәй сөйлеп, көп тыңдап отыратын мінезге салмақты, сабвр иесі адам еді. Бұлардың ата сойы да түрлі нәсілден құралған. Олай дейтін себеп-Қартқожақтың әкесі Избасар, оның әкесі Жоламанның нағашысы қарақалпақ Дулат батыр, Мүсірәлінің шешесі Марал Қаратоқай Табылды

батырдың қызы, нағашысы түрікпен Сүйін батыр. Сонда бұларда түрікпен, қарақалпақ, қазақ-үш уәллайттың қаны қосылған болады.

Менің тағы бір досым, бірге жүрген, бірге оқыған, сырлас құрбым-Манап Дәрішұлы Бегалиев, белгілі Бегалының немересі. Өз әкесі Дәріш те ел басқарған, өз елінде, яғни Тума деген ауылда 19 жыл старшина болған. Дәрішті мен 1913 жылы осы Манапты Есболдың школына әкелгенде көрдім. Одан бұрын Манап өз ауылында начальный школда (үш жылдық) оқыған екен де, қалғанын 1916 жылға дейін Есболда оқыды. 1972 жылы 10 апрель күні 75 жасында дүниеден озды.

Өзімізбен қоныстас, болыстас елдердің ішінде көрген ақсақалдарым, әрі би атағында болғандар, ауыл-ауылға бөліп айтқанда мыналар:

Есен Беріш, оның ішінде Женет ағайыннан Күсен, Сейталы, екеуін де көрдім. Сейталының сөзін есіткенім жоқ, Күсептің сөзін там-тұм есіттім, сөйлегіш кісі еді, ашуланса, қызса одан гөрі тәуір сөйлейтін әдеті бар-ды, бірақ жарлы кісі, ол күнде жарлы кісінің қанша би болса да даңқы шықпайтын заман, Сейталының шаруасы тәуір болды, Ырсай Есеннен билікке кіріскен Шарафи Байғалиұлы болды, оның сөйлегенін ия көріп, ия есіткенім жоқ. Ырсай Есеннен бала күнімде көргенім-Маңғыстау қажы, молда адам, көргенім болмаса басқасын білмеймін, әйтеуір кітап жазып, не араб тілінен аударып, оны Қазанға бастырып шығарған кітаптарын көрдім, бірақ оқып көргенім жоқ. Ізбасар деген атақты би кісі болыпты, мен көретін уақытта болыпты, бірақ мен көргенім жоқ, өзі жарлы болыпты. Өмір бойы ел арасындағы халық төрешісі болыпты. Өзі Қартоқай Беріш Есет бидің жиені көрінеді. Одан туған Тасым деген кісі болды, бұл қолынан билік те, әкімшілік те келетін адам еді, сөзге де, әдіс-айлаға да шебер болды. 1911 жылдан 1919 жылға дейін үкімет келгенше біздің елдің управителі осы

Тасым болды. Ғабдолла Маңғыстауович Қожаров бойлайда Тасымға писарь болды.

Елтүзер Есенде біз көрген заманда елді басқаратын екі ақсақал Зұлқарнай мен Қорқыт болды, екеуі де құрдас, екеуі де сол ауылға старшина болған, Зұлқарнай 15 жыл, Қорқыт 9 жыл старшина болыпты, екеуінің де орташа шаруасы болыпты. Екеуін де халық сыйлайтын болды, штат (сайлау деген мағынада), елге тірелген даулы мәселелер жайлы істер болса көршілес, ауылдас, болыстас елдер сол екеуін ауызға алатын болған, өйткені, сөзге бейім, инабаттары да жақсы болған. Одан бұрынғылар Боқай, Шәкілікті көргеніміз жоқ. Шойтас деген кісіні үлкен болып ртырғанда көрдік. Ол кісі 1918 жылы 77 жасында қайтыс болды. Әр жерден билер, молдалар келгенде әңгімені өзі айтып отыратын. Даусын сыртта жүріп талай естідік. Даусы қатты, күшті сөйлейтін кісі еді. Жиналған адам күн отырсын, түн отырсын ол кісінің әңгімесін тыңдаудан жалықпайтынын талай көрдік. Сол адамдардың тарағанда «әңгіме есітіп адам болып қалдық қой» деп риза болғандарын талай есіттік. Біздің ауылға әрі жиен, әрі күйеу Қаратоқай Беріш Көреғұл деген кісі «өз өмірімде әрі ер, әрі би Мүсірәлі мен Шойтасты көрдім» дейді екен. Оны маған жездеміз, әрі бір азырақ күн құда болған Айжарықтың Баймұқаны айтып еді, бұл кісі де әңгімешіл болатын.

Бегіс Беріште Мүсірәлі Бердиевтің ата-тегі бай болатын. Арғы атасы Қаратоқай Беріш Табылды батырмен құда болып, баласы Бердіге Табылдының қызы, Құлбарак батырдың қарындасы Маралды айттырған. Сол Маралдан Мүсірәлі туады-бұл бір, екіншіден, Табылдының әйелі-түрікпен Сүйін батырдың қызы. Қазақ пен түрікпен жауласып жүргенде Сүйіннің қызы қолына найза алып, жауға шапқан. Сонда сол қызды санына найза салып Табылды батыр тірілей қолға түсіріп, әйел етіп алған. Содан Құлбарак батыр мен Марал деген қыз туған. Мүсірәлінің әрі би, әрі

батыр болуы ана сойынан келе жатқан нәрсе. Мүсірәлінің балалары да жаман болған жоқ. Үлкен әйелі Шом деген кісі Жағалбайлы руының қызы, одан Досжан, Досы, Қали, Нұрғали туады. Досыны көргеніміз жоқ, жасында өліпті. Екінші әйелінен-Есқали, Мырзағали туады. Есқали-Ғұбаш доктордың әкесі. Үшінші әйелінен-Айбас, Есболай, Қасым дегендер болды. Бұлардың ішінде атағы шыққан Досжан мен Қали, немерелері Әбдір, Ғұбаш. Басқалары бәсендеу, шаруа ғана адамдар болды.

Мүсірәлінің Қали деген баласы Есбол болысының беделді ақсақалдарының бірі болды, шаруасы-күйлі, жалғыз баласы оқыған адам болған. Қали ашулы, өрлеу кісі еді, түрі-ақ, мүсінді, сөзді аз айтатын, домбыраға, өлеңге құмар адам еді, өзі де аздап домбыра тартатын. Құс (қаршыға) ұстауға да әуестігі болған, бір-екі жылдай волостной управитель болды, 1922 жылы 71 жасында қайтыс болды.

Есенғұл Беріште Еділбай Ақтаев деген би болған, ұрысын да, шаруасын да ешкімге талатпай, жәбірлетпей баққан, ол елге тірелген әңгіме Еділбайсыз бітпеген. Шойтас атаммен құда болды. Әрі баласы, әрі інісі Машанға Шойтастың Рақила деген қызын айттырған, одан туған балдар-Сақыпқали, Қайыржан, Әбілқайыр. Үлкені Сақыпқали 1953 жылы 52 жасында қайтыс болды, ол оқыған, прокурор болған тәуір адам еді.

Себек Беріште, Балталы деген ауылда көрген билеріміз-Қодар, Есенжан. Қодар-Айтуар бидің немересі, бай болды, өле-өлгенше шербиге қатынасатын судья болды. Қазақтың бытовое дауларын шешетін істі шерби деп атайды. Көп сөйлемейтін, аузын ашса-ақ кісінің сөзіне түсінетін адам болған. Топырақты, ақ өңді, жуан толық кісі еді, 1915 жылы 72 жасында қайтыс болды, өмірі ауырмаған кісі екен, ауырған да өлген.

Есенжанның әкесі Қойыс деген би атағындағы адамның бірі болған дәулетті кісі. Есенжанды көрдік, әңгімесін

есіттік, орысша-мұсылманша сауатты болған адам, жасынан адамшылыққа араласқан. 16-17 жасынан бастап Байбақты Сырым ауылында, Қазы бидің баласы болыс болғанда соған барып писарь болған. Одан кейін өз елінің болыстарында писарь болған. Содан кейін Жылыойға барып, крестьянский начальник Евтушевскийге переводчик, Қосымбай бидің баласы, Жем болысының управителі Ержанға писарь болған. Көруге өте клісті, әдемі ақ қары, сәукеле қара-жирен сақалды, жауырыны жазық, ұзын бойлы, семіз де емес, арық та емес, сұлуша еті бар кісі еді. Даусы сөйлегенде саңқылдап шығатын, жасыннда әнші болған. Жылыой жақта күні кешеге дейін Есенжанның әні деген қоңыр ән болды. Кішіпейіл, бауырмал, сөзге шешен би адам еді. Халыққа өте қадірлі болған, ат та жаратқан, құс та ұстаған. Бір құдасынан ат алмай, ту Жымпитыдан қолына қаршыға ұстап әкелгенін 1915 жылы көзімізбен көрдік. 1924 жылы 57 жасында тамақ аурудан қайтыс болды. Осы Гурьевте, почтаның бергі бұрышында көк қарағай үйде Қобдабай тұрды, сонда ауырып жатып қайтыс болды. Мен сол кезде начальник милиции Қобдабайға секретарь едім. Елге пар ат шанамен сүйегін алып кетті. Бір атты Есекемнің бірге оқыған дос орысы Василий Фигурин деген берді, оны халық қазақ Вашке дейтін, ол 1948 жылы қайтты, қазірде Вашкенің Егор, Александр деген екі баласы бар.

Байдәулет деген ауылда Тәйти, Мұқаш, Сәмет деген жуан-жуан дөңбектей адамдар болды. Бұлардың кісіге айтқандай қандай қасиеті болғанын білмеймін, малмен аттары шыққан. Мұқаш сол малдың арқасында 12 жыл волостной управитель болған, өзі тұттай надан болған. Бәрі де талай жасқа келіп өлді. Сәмет еліне старшина, жыл жарым болыс та болды. Көруге сияқатты, бірақ сөз білмейтін топас кісі еді. Сол ауылдың ішінде Баба деген атасының адамдары болды, бәрін білмеймін, Шағырды, оның баласы Шеркешбайды білем. Шағыр да би болған көрінеді, ал

Шеркешбай тәуір кісі еді, оқыған, көп жыл болыстарға писарь болған және өлең шығаратын кісі еді.

Себектің Бөрте, Тума деген аталығының балалары ішінде Бай-ата деген атаның ұлынан Шоқайдың Досжаны деген кісіні көрдік, біз көргенде үлкейіп қалған екен, мезгілінде ел адамы, сөзге шешен болыпты, көруге әдемі кісі еді. Мұраттың «Сарыарқасындағы»:

Мақпалдай екі беті күреңітіп

Досжандар тұрушы еді паңсып шығып,-дейтін Досжан осы.

Ол кісі 1912 жылы 77 жасында қайтыс болды. Оның бәйбішесінен туған Елеш деген баласы болды. Есенжандармен қатар, өз қатарында тәуір кісі болды. Кіші әйелінен туған балдары елбұзар, шәлкес болды... Досжанның және бір әйелінен Олжабай деген баласы болды, ол тәуір, ел кісісі болды, аздап оқыған, волисполком составынан қалған жоқ, район құрыларда біразырақ РайЗО болды, өз ауылында совет те болды, әкесі құсаған кербез жігіт еді. Құспан, Оспан, Құмар деген балдары болды, үлкені Құспан, аудан көлемінде жақсы қызметкер болды, заочно бітірген журналист атағы бар еді.

Қаратоқай Шіндікеде мен көргенде Иса деген ақсақал болды. Сол ауылдың тәуір шалы сол болды. Исаның тумасы Шайқы Ильясов жаңа адам болып келе жатқанда Жылыойда нарсудья болып тұрып, 1923 жылы қайтыс болды.

Қорған тұқымдары шетінен молда болды. Қайыржанның нағашысы Әбдеш молда ауылдан бір жаққа шығарда «Ия, нәсіп, Алла, жөн бергей!» дейтін көрінеді. Сондағы айтатыны молдалардың елден алатын пітір-зекеті, болмаса өлген адамдардан түсетін садақалар көрінеді. Әбдештің өзі салдырған ба, болмаса елі салдырған ба, Садақайдың арғы жағында мешіт болды, жалпы Қорған тұқымдары сол арада отырды.

Қорғандарға жалғас Себектің тоқпағы болды, ол әуелде

Андағұл, өзінен-өзі Тоқпақ атанып кеткен. Бұларды біз көргенде билікке араласқан Мәтештің Қазанғабы, Байтауы, Елештің Шыңғысы, Рахманы, Тоққожаның Орынбасары, Қалманы. Оқығандары Тәкөнов Ермағанбет, Ғалиев Елеу. Бұлар басқа елдерге писарь болып жүрді. Елеш деген кісі өз заманында би болған дейді, көп әңгімесін естігенім жоқ. Мұраттың:

**Сәлем де Наурызғали, Елеш қартқа,
Пана еді бас ақсақал жұмыла халыққа.
Жазуға бір қағазға симас білем**

Көп еді тату құрбы арғы жақта,-деп Елешке де сәлем жолдайды. Соған қарағанда Елеш ақсақал тәуір болған кісі. Наурызғали деген Есенғұл Бөкенмен нөмірлес, руы Жайық Беріш көрінеді. Елешпен замандас, мезгілінде ақсақал бола білген кісі. Есенғұл Бөкен бір нөмір, 8-ауыл, Есбол болысы. Есенғұл Беріш Еділбаймен қатар Бөкенде Бегімбай, қала берді Иманбай дегендер болған, бұлар Жайық бойындағы Бөкен. Ал, нағыз қыл қимастары, ақ пышақтары Кермақас болысы, Қамсақты деген жерде. Сонда 50 үй Бөкен бар, байлары да, билері де бұрынғы батырлардың тұқымдары да сонда. Избасар қарт бірде Жайық бойында, бірде Қамсақтыда жүрген. Оның баласы-Қартқожақ, қазіде ол тұқымнан жүрген Жұмабай бар.

Қарабауда Қаратоқай Беріштің бәрі де бар. Есболай, Итемген, Қарадан бастағанда, біздің көргеніміз-Көреғұл, Айжарық, Байбосын, Төкеш, Ағыс, Адайбай, Төлеу қажы (Боранғұл). Бұрынғы Бөшен, Аман, Шауқарды көргеніміз, не әңгімесін естігеніміз жоқ. Өзім көргендер өз сөздерін өздері сөйлейтін, елге беделі бар адамдар еді. Мұның ішінде Адайбай мен Төлеуден басқалары бір тұқымнан, оларды бір-бірінен айыратын ештеңесі жоқ. Алдаберген деген кісінің қандай екенін білмеймін, естуім 12 жыл волостной управитель, Төкеш старшина, малды болды. Бізден қонысы басқа, көп аралас емеспіз. Ал, жастардан атқа мінген

Баймұқан болды. Ол орысша оқыған, көп жыл волостной упраавительге писарь болған, естігені көп, әсіресе билердің әңгімесін көп білетін еді. Басқа жастары Патшағұл, Жирентай, Әмір, Қаулабай сияқтылар тәуір болып келе жатыр еді, бірақ олар ерте қайтыс болды. Аққұлы деген ауылдан Ақораз, Телемген. Көтен деген ауылдан Таңмағанбет дегендер болды, бұлардың да ауыл айналасына алданышы бар жігіттер еді. Қонысы басқа елдердің адамдары, анда-санда көргенім болмаса көп байланысым болған жоқ.

Шеркеште Қожасты көрдім, 1926 жылы, қателеспесем 66 жасында қайтыс болды. Әкім де, балалы да, дәулетті кісі болған. Балдарын да, қыздарын да көрдім, жеті баласының ортаншысы Саламат 1972 жылы жазда қайтыс болды. Сонда бұлардың түп нағашылары Тұрлан әрі би, әрі батыр, әрі бай болған.

Тұрланның Ахмет деген баласы біздің ауылдан Сағындық деген ағамыздың қызын алған. Одан туған Жақия деген баласы Шойтас қарттың Мария деген қызын (Байбастың қолындағы қыз) алған. Тұрланның Бекмағанбет деген баласы жер алып Қызылқоға болысында тұрған, басқалары Саргөлде қалған. Өздері көп болып өскен. Тұрланнан 10 ұл, 3 қыз болған көрінеді. Бекмағанбет өз тайпасында қадірлі, инабатты адам болған. Оның баласы Дәулетиярды көрдім, ол да Шеркештің бір тәуір адамы болды, старшина болған. Жездеміз Жақия да тәуір жігіт еді, өз еліне көп жыл старшина болды, дәулетті де болды. Қазірде тұқымдары Гурьевте, Доссор, Мақатта, Миялыда тым жақсы қызметте жүрген немере-шөберелері бар.

Жылыой ауданында туып өскен өлеңші, көзі соқыр, Қаракемпір Шеркеш Өмір деген болды. Оның бір ауыз өлеңін еске түсірейін:

Берейін хабар жөнімнен

Ұраным-Шеркеш Шағырай.

Қойыс-Дербіс атанып
Арыс-арыс бөлінген.
Көшекбай Тапан баласы
Біздер де шықтық белінен.
Ырыздық қуып, дәм таттық
Алланың берген демімен.

Мұның көтеріп салатын Өмірдің әні деген әні болды.
Қазірде пластинкада салынып жүр, шамасы Ғарифолла
берген болар, басқаның қолынан келуі қиындау.

Есболдың «Қызыл үйінде» оқығандар Әкем жазбасы бойынша

Жайық өресіне школ салғаннан бастап ең әуелі үш
жылдық класс (Отделение) деп атайды. Ол заманда сондағы
жақын жерден оқығандар-сол уақыттағы 6-ауылдың
адамдары:

- | | |
|------------------------------|-------------------------------|
| 1.Сүлейменов Құлмаш-3 жыл | 21.Әйтекенов Сұпығали-5 кл. |
| 2.Аманжолов Шамар-3 жыл | 22.Нұрашев Бисенғали-5 кл. |
| 3.Серлібеков Оразымбет-3 жыл | 23.Медетов Қосан-4 кл. |
| 4.Шәкіліков Омар-3 жыл | 24.Мусин Ахмет-6 кл. |
| 5.Түгелбаев Жармұқаш-3 жыл | 25.Қорқытов Ыбраш-6 кл. |
| 6.Оразов Балахмет-3 жыл | 26.Төрін Қапас-5 кл. |
| 7.Шәкіліков Орынбасар-3 жыл | 27.Құлышев Әпу-4 кл. |
| 8.Медетов Құлмаш-3 жыл | 28.Аяулиев Өтепқали-3 кл. |
| 9.Телібаев Іскендір-3 жыл | 29.Шалабаев Жүсіп-6 кл. |
| 10.Сейітов Әділ-3 жыл | 30.Қарөскінов Лекер-3 кл. |
| 11.Өтетаев Нұраш-3 жыл | 31.Омаров Құсайын-3 кл. |
| 12.Өтесов Қағазғали-3 жыл | 32.Иманалиев Қабес-4 кл. |
| 13.Қойлыбаев Тасемен-3 жыл | 33.Өтегенов Жапар-6 кл. |
| 14.Өтебаев Өтеғали-6 кл. | 34.Тұяқов Оңбосын-4 кл. |
| 15.Анайбеков Құлжан-6 кл. | 35.Жанахметов Молдағали-6 кл. |

- | | |
|-------------------------------|----------------------------------|
| 16.Медетов Сәнжан-6 кл. | 36.Тәшімов Бекмағанбет-6 кл. |
| 17.Календаров Нұролла-6 кл. | 37.Балахметов Қажы-6 кл. |
| 18.Аманжолов Салахаддин-6 кл. | 38.Қорқытов Мұқаш-1 жылд. |
| 19.Шәкіліков Іскендір-6 кл. | 39.Тәшімов Нұржан-1 жылд. |
| 20.Құлмашев Сафа-6 кл. | 40.Жанәхметов Құспанғали-1 жылд. |

Мұның ішінде көбірек оқыңдар, яғни учитель болғандар -Іскендір Шәкіліков, Сафа Құлмашев. Ал, Салахаддин (Сахиб) Аманжолов көп оқыған воен.врач, Алматыда кандидат, минимум қорғап жүрген кезінде опат болды, 4-5 жыл болды оның қайтқанына, оған Іскендір мен Сәлле барып келді.

Бұрынғы 5 ауыл, қазірде 7 ауыл ізінен оқығандар:

- | | |
|----------------------------------|-------------------------------|
| 1.Саранов Қаспай-6 кл. | 15.Жылгелдиев Ғабдолла-6 кл. |
| 2.Ізбасаров Еспағамбет-6 кл. | 16.Доспаев Кенжеғұл-3 жыл |
| 3.Боранбаев Есенғали-6 кл. | 17.Байсұлтанов Тәжіғали-3 жыл |
| 4.Қожаров Ғабдолла-6 кл. | 18.Шудабаев Тайпақ-6 кл. |
| 5.Еспаев Әбутәлі-6 кл. | 19.Мәмбетов Мырзағали-3 кл. |
| 6.Жүсіпов Дәуітәлі-6 кл. | 20.Қаспаев Ермек-3 кл. |
| 7.Құлшариев Қалау-6 кл. | 21.Есенғалиев Үсенғали-3 кл. |
| 8.Қашауов Сұлтанғұби-4 кл. | 22.Кенжебеков Мырза-6 кл. |
| 9.Жұмалиев Қосжан-6 кл. | 23.Самарбаев Сансызбай-6 кл. |
| 10.Тұрдығұлов Нұрпейіс-6 кл. | 24.Дәулетов Батырбай-6 кл. |
| 11.Баймағанбетов Тілепқали-6 кл. | 25.Шортабаев Алдамжар-6 кл. |
| 12.Қиясов Нұғман-6 кл. | 26.Исабаев Бисенғали-6 кл. |
| 13.Қиясов Төлеген-6 кл. | 27.Нұрманов Тұрар-6 кл. |
| 14.Аталықов Әлім-6 кл. | |
- Нұрманов Тұрар негізінен 6-ауылдікі.

Бұрынғы 2-ауыл, қазіргі 4-ауылдан:

- 1.Мергенов Иманғали-6 кл.
- 2.Айтқожин Ғұбайдолла-6 кл.

Бұрынғы 4-ауыл, қазіргі 6-ауылдан:

1. Дүйсенбин Кенжеғали-6 кл.
2. Имашев Аманғали-4 кл.

Бұрынғы 1-ауыл, қазіргі 2-ауылдан:

1. Дошов Ғабдолла

Бұрынғы 7-ауыл, қазіргі 9-ауылдан:

- | | |
|----------------------------|-----------------------------|
| 1. Темірбеков Ысқақ-6 кл. | 6. Шүктаев Аяпберген-6 кл. |
| 2. Мүсірәлиев Айбас-6 кл. | 7. Телемгенов Шәріп-3 кл. |
| 3. Мүсірәлиев Әбдір-6 кл. | 8. Барқымбаев Адай-4 кл. |
| 4. Бердиев Ғұбаш-6 кл. | 9. Досжанов Нысан-6 кл. |
| 5. Есқалиев Әлидолла-6 кл. | 10. Досжанов Бағытжан-6 кл. |

Бұрынғы 8-ауылдан:

- | | |
|------------------------------|-----------------------------------|
| 1. Азынағұлов Тыныс-6 кл. | 7. Ожыраев Тыныс-3 жыл |
| 2. Еділбаев Берғали-6 кл. | 8. Жұмабаев Бәтен-6 кл. |
| 3. Телібаев Машан-1 жыл | 9. Сүкіров Табақы-3 жыл |
| 4. Шәлиев Есмұқан-1 жыл | 10. Бекмағанбетов Төлеуғали-6 кл. |
| 5. Ақтаев Сақыпқали-5 кл. | 11. Демесінов Жалғасбай-3 кл. |
| 6. Қартқожақов Жұмабай-6 кл. | 12. Есқарин Қашқын-6 кл. |

Бұрынғы 9-ауыл, қазіргі 11-ауылдан:

- | | |
|--------------------------------|----------------------------------|
| 1. Әлжанов Есенжан-6 кл. | 12. Қанатов Жұпбол-6 кл. |
| 2. Әлжанов Ибраш-6 кл. | 13. Ақсұтов Әтен-6 кл. |
| 3. Әлжанов Қобдабай-6 кл. | 14. Жұмағұлов Отарбай-6 кл. |
| 4. Сырлыбаев Ысмағұл-6 кл. | 15. Досмұқанбетов Сағымбай-4 кл. |
| 5. Төлешов Лекер-6 кл. | 16. Қашқынбаев Тұрлан-6 кл. |
| 6. Мәмбетов Майдыр-6 кл. | 17. Жалмұқанбетов Көптілеу-6 кл. |
| 7. Бекжанов Тағамбай-6 кл. | 18. Есембаев Қуанышәлі-3 кл. |
| 8. Мәмбетов Баймұқаш-6 кл. | 19. Отарәлиев Әділбай-3 кл. |
| 9. Майдыров Ғабдолла-5 кл. | 20. Шерниязов Меңдіғали-2 жыл |
| 10. Қодаров Жолдасқали-6 кл. | 21. Есекенов Күзембай-3 жыл |
| 11. Мәстеков Тәжмағамбет-6 кл. | 22. Қозыбақов Ерғали-3 жыл |

Бұрынғы 10-ауыл, қазіргі 12-ауылдан:

- | | |
|------------------------------|-----------------------------|
| 1. Бөкенов Шеркешбай-6 кл. | 7. Мұңғатов Қаумен-6 кл. |
| 2. Мәшев Құлмағанбет-3 кл. | 8. Ізтелеуов Таспан-6 кл. |
| 3. Мұқашев Тұржігіт-6 жыл | 9. Есәлиев Есмағанбет-6 кл. |
| 4. Сәметов Тайпақ-6 кл. | 10. Мұңғатов Тұрсын-6 кл. |
| 5. Сармолдин Сисенғали-6 кл. | 11. Ерғалиев Аумақ-3 кл. |
| 6. Дүйсеалиев Әубәкір-6 кл. | |

Бұрынғы 11-ауыл, қазіргі 13-ауылдан:

1. Досжанов Олжабай-3 кл.
2. Құрманғазиев Қуатбай-6 кл.
3. Бітірбаев Мұхамбет-6 кл.

Бұрынғы 12-ауылдан:

- | | |
|--------------------------|-----------------------------|
| 1. Кенжәлиев Алпан-6 кл. | 3. Сәрсекенов Смадияр-4 кл. |
| 2. Ильясов Шайқы-6 кл. | 4. Байбосынов Жөкебай-6 кл. |

Бұрынғы 13-ауыл, қазіргі 15-ауылдан:

- | | |
|-----------------------------|---------------------------|
| 1. Тәкенов Ермағанбет-6 кл. | 6. Лекеров Бердікеш-6 кл. |
| 2. Ғалиев Елеу-6 кл. | 7. Шыңғысов Өмір-6 кл. |
| 3. Көшенов Әмеш-6 кл. | 8. Медетов Сибағат-6 кл. |
| 4. Қазанғапов Құсайын-6 кл. | 9. Бекжанов Нұржан-6 кл. |
| 5. Байтауов Зұлхан-6 кл. | |

Осы жоғарыдағылардың бәрі де Октябрь төңкерісінен бұрын оқығандар. Бұрынғы Есбол болысы 13 ауыл болды, осылардың бәрі көзіммен көрген адамдарым, бірқатарлары қызметке ерте араласып күні кешеге дейін келді. Үкімет орнағаннан кейінгіні кім болса сол біледі. Мынаны тек сол күнде школдың ортамызда болғанда көрсеткен пайдасын біліп, кейінгілерге белгілі анықтама болсын деп жазып отырмын балаларыма. Бізге жалғас Симбиртинская волость болды, оның ауылы 10 нөмір болды. Төрт нөмірі-Адай руынан, алты нөмірі- Беріш руынан. Мұндағы оқығандар сол заманда:

1. Есенғазиев Қуанышәлі
2. Мүйізov Сарбала
3. Ожақаев Маңғыстау
4. Шеркешбаев Бектеміс
5. Жүсіпов Жаманқара
6. Құрмантаев Тікенбай

7. Сұлтанов Жалғасбай
8. Бекімов Жоламан
9. Қарашин Қазмағанбет
10. Есенғазиев Маху
11. Мүйізov Айтжан
12. Әбутәлиев Тасым

Есенғазиев Қуанышәлі мен Мүйізov Сарбала екеуі де уездный начальникке, крестьянский начальникке переводчик болған адамдар, заманында Қуанышәлі болып атақ алды, екеуі де 40 жасқа жетпей 1907-1908 жылдары дүниеден қайтыс болды. Екеуі де-Бегіс, оның ішінде Бөлек бөлімі.

Ожақаев Маңғыстау-Бопылдақ бидің баласы.

Есенғазиев Маху, Мүйізov Айтжан екеуі де волостной управитель болған.

Әбутәлиев Тасым судья болды, адвокат та болды.

Құлкеш деген ауылдан оқығандар:

- | | |
|-------------------------|----------------------|
| 1. Байжанов Әжігерей | 5. Бегалиев Оразғали |
| 2. Бегалиев Қуанышкерей | 6. Әжігереев Еңсеген |
| 3. Бегалиев Махамбет | 7. Махамбетов Қабен |
| 4. Сүйінғарин Жұмағали | |

Осы жерде бір ескерту бар: «Атырау билері мен батырлары» кітабымда әкемнің жазбасы бойынша Есболдың «Қызыл үйінде» оқығандар 149 адам деп көрсетіп едім, осы материалды машинкеге басқанымда 149 емес, 162 болып шықты. Әкем де, мен де қателесіппіз. Әкемнің бірінші қатесі-жазу жетегінде кетіп, цифрларды дұрыстап салмапты, кейбір жерлерде аттаңқырап кетіпті, екінші қатесі-бірқатарын цифрмен емес, жалпы тізімдеп жазыпты. Бұл ол кісіге кешірімді. Ал, менің қатем-соларды дұрыстап есептемей, әкемнің жазғанын көшіре салыппын.

Жыр мен күйдің, өнердің өлкесі

Атырау-Жайық!..

Күнде айтамыз, күнде жазамыз, айтқан сайын, жазған сайын әр қырынан, әр тараптан келіп отырамыз, айтуға да оңай, жазуға да жеңіл сияқты. Қанша айтып, қанша жазсаң да таусылмайды, сарқылмайды, түбі терең мұхиттай жеткізбейді. Айтқан сайын, жазған сайын тандай қағып тамсанып, құныға бересің, құныға бересің, шеті де жоқ, шегі де жоқ қазына. Сірә, осы өлкенің қыры мен сырын зерттеп тауыстым, сарықтым, бәрін біліп болдым деген жанды көрмеспіз де, естімеспіз. Сонда мұның сарқылмайтын сыры неде? Ол естіген сайын, айтқан сайын қызықтыра түсетін, бойына ғасырлар сары алтындай сақтаған өнер қазынасында деп білеміз. Оның сыры ақ алмастай жарқылдаған жырда жатыр, желісі үзілмейтін күмбірлеген күйде жатыр, өрісі кең өнерде жатыр. Сондықтан да Атырау-Жайықтың ежелден жыр арнасы, күй ордасы, өнер өлкесі деп аталуы тегін емес.

1. Құйыл жырым, тау суындай тасқындап...

Құйыл жырым!

Құйылайын, ағылайын демеймін, құйылмасқа амалым жоқ. Өйткені, Атырау-Жайық топырағының жыр арнасы сарқылып қалатын тайыздан емес, түпсіз тереңнен ағып жатыр. Ол анау Жайық үшін жандасқан, Еділ үшін егескен, Қиғаш үшін қырылған, теңдікті малды бермеген, теңсіздікке көнбеген Махамбеттің қылышынан жалын боп атқан жыр алауында жатыр. Махамбет қасарысқан жауына қанды көбік жұтқызғанда жыры мен семсерін қатар жұмсады. Найзасы тесіп өткен жерді сөзі кесіп өтті, қылышы ойып түскен жерді

сөзі сойып түсті. Сондықтан Атырау-Жайық бойында туған жырдың жарқылдап, бірінен-бірі асып түсіп, асау толқындай буырқанып жататынына таңдануға болмайды. Арғы арнасын Махаңнан алған жыр бұлағы Атырау-Жайық бойында бүгінде де сол жалын атқан күйінде келеді.

Махамбет аңсаған арманына жете алмай кетті, ерте кетті, бірақ артында жай отындай жарқылдаған жыры қалды. Бұл тек жыр болып қалған жоқ, кейінгі ұрпаққа ақырып теңдікке сұрарға ұран боп қалды.

Махамбеттің жыр бұлағынан сусындап Мұрат, Абыл, Аралбай, Қашаған, Нұрым, Ақтан, Досжан келді. Бұлар қолына қару алып, қасарысқан жауына қарсы тұрмаса да ел тілегін, халық арманын қал-қадірінше толғап кетті.

Досы Тілегенов елдің, еңіреген ердің теңдігін сұраймын деп Сібірге айдалды. Октябрь революциясының арқасында теңдікке, бостандыққа жетіп, Совет үкіметінің алғашқы жылдарын жырлап өтті. Ығылман Шөреков халқы үшін қасірет шегіп, арманда кеткен Исатай-Махамбетті жырлап өлмес мұра қалдырды.

Ленин! Коммунистік партия! Октябрь революциясы! Совет үкіметі! Жаңа таң! Жаңа өмір! Халықтың ғасырлар бойы аңсаған арманы! Махамбет бастаған жалынды жырдың арнасы тау суындай тасқындап ағылды. Жаңа өмірді жырлаушы жаңа ақындар келді дүниеге. Олардың алдыңғы тобында Мұраттың Дәулетқалиы, Жаңғабылдың Сәттіғұлы, Сеңгірбайдың Мұрыны, Үттібайдың Сұраубайы, Жүсіптің Құмары, Қартқожақтың Бейсенбайы болды. Бұлар Ленинді, Коммунистік партияны жырлады, Совет, Октябрь революциясын толғады.

Алдыңғы осы топқа тағы бір толқын келіп қосылды. Қазақ совет әдебиетіне Әбу Сәрсенбаев, Ғабдол Сланов, Далабай Жазықбаев, Хамит Ерғалиев келді. Бұлардың ізін ала Зейнолла Қабдолов, Жүмекен Нәжімеденов, Әбіш Кекілбаев, Сітімжан Санбаев сапқа қосылды. Әбу Атырау-

Жайығын әлемге паш етті, Ғабдол «Дөң асқынымен», «Жанар тауымен» елін танытты. Далабай бар даусымен жаңа көрініп келе жатқанда Отан соғысының қанды жорықтарында елі үшін мерт болды. Хамит «Біздің ауылдың қызын», «Құрманғазыны» жырлап, халқына танылды, Зейнолла «Өмір ұшқыны» мен «Жалынын» жазып, қазақ әдебиетінен Ембіге орын алып берді. Мағзом Сүндетов Жайықтың бүгінгі ерлері жайында екі-үш повесть беріп тастады.

Атырау-Жайықтың бүгінгі жас талапкерлері де өз таланттарын халыққа танытуда. Меңдекеш Сатыбалдиев, Мақсот Неталиев, Қабиболла Сыдиқов, Марат Отаралиев алғашқы өлең кітапшаларын ұсынды.. Марат Ысқақов, Тұрар Құрманғалиев, Төлеубай Ысқақов шағын пьесаларымен сахнаға шықты. Бұлардың қатары жыл санап көбейіп келеді. Қазір Атырау-Жайық бойында қалам тартып жүрген жүзден астам жастар бар. Олардың тақырыбы бүгінгі өмір-Ленин! Коммунистік партия! Ұлы Отан! Коммунистік қоғам орнату жолдағы еңбек дабылы!

Атырау-Жайықтың ұлдары ғана жырлап па? Жоқ, олай емес! Бұл өңірдің жыр дарыған өлке екені сонда, оның қыздары да жырлай білген, бүгін де жырлап келеді. Өйткені, әйел от басы, ошақ қасының пендесі болып, мал орнына сатылған заманда оның тар құрсауына қарамай жырлаған, тіпті ерлермен тең айтысқа түскен ақын қыздары да болды. Ол-кешегі Тыныштық пен Жантолы, бүгінгі Фариза Оңғарсынова мен Бақыт Қоянақова. Фариза Республикамызға таныла бастаған ақын. Оның өлеңдерін газеттер мен әдеби журналдардан көбірек көреміз. Фаризаның биыл екінші өлеңдер жинағы «Жазушы» баспасынан шығады. Ол ақындығымен қатар оқушысына танылған Журналист, республикалық «Лениншіл жас» газетінің қызметкері.

Атырау-Жайық өз ұлдары мен қыздарын ғана

шабыттандырып, соларға ғана жыр болып қойған жоқ. Оның атақ-даңқына құмартқан талай ақын-жазушылар Атырау-Жайық бойына келіп творчествосына нәр алды, осы өңірге арнап жыр жазды. Бұл өңірде әдебиетіміздің қазіргі ақсақалы Сәбит бірнеше рет болып Республикамыздың парламентіне сайланды. Ғабит, Ғабиден, марқұм Қажым Жұмалиев, Хамза Есенжанов, Мұхамбетжан Қаратаев, Халижан Бекқожин, Жұбан Молдағалиев, Жәрдем Тілеков, Сағынғали Сейітов, Асқар Тоқмағанбетов, Тахауи Ахтанов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Қасым Қайсенов, Қайнекей Жармағанбетов, Қуандық Шаңғытбаев, Берқайыр Аманшин, Ғафу Қайырбеков, Қадыр Мырзалиев, Сағи Жиенбаев, Нұфтолла Шөкенов келіп Атырау-Жайық жайында әңгіме-очерктер, жалынды жырлар жазды. Асқардың соғыс кезіндегі «Мұнай бер!»,

«Береміз мұнай» деген өлеңдері осы өңірде дүниеге келді.

Атырауда алты жылдан астам Украинның ұлы перзенті Тарас болды. Ол патша жендеттерінің зорлығында болғанмен қазақтың құрметті қонағы болды. Қазақтар асқақ ақынды өзіміздің Таразы ақын деп таныды. Тарастың бүгінгі ұрпағы Микола Шеремет, Микола Зарудный, Василь Козаченко, Платон Воронько, Ростислав Братунь, Владимир Гетман Атырау-Жайықта болып, Тарастың қолымен өсірілген бағында дем алды, құдығынан қауғалап тартып су ішті, осы өңірге арналған жаңа өлеңдерін жазды.

Орыс ақын-жазушыларынан Л.Скалковский, Л.Кривошеков, В.Антонов, В.Кочетов, Лезгин ақыны В.Салимов, Қарақалпақ ақын-жазушылары Ы.Юсупов, К.Сұлтанов, Б.Ысмайлов болды. Бұлар да Атырау-Жайыққа арнап асқақ жырларын жазды.

Сәбит ақсақал алқалы топта бір сөйлеген сөзінде «Атырау-Жайық бойында жүргенде нағыз ақын болсаң жырламасқа қоймайды екен. Толқынының өзі көмейге құйылып жатқан жыр емес пе?» деп еді. Сол Сәбит

айтқандай, бүгінгі шаттық заманда, Ильич нұры күн сәлесіндей шапақ шашып тұрғанда «құйыл, жырым, тау суындай тасқындап!» деп бар дауыспен жар салмасқа амал жоқ.

2. Күмбірлеген күй келеді құлаққа...

1967 жыл. Август айы. Отанымыздың астанасы Москвада қазақ мәдениетінің онкүндігі өтіп жатыр. Біз бұған Венгрияда, Балатон көлінің жағасында журналистердің халықаралық үйінде дем алып болып қайтып келе жатқанымызда тап болдық. Үлкен театрда онкүндік ашылған, кеште мерекелік программдан Гурьевтен Ленин атындағы колхоздағы (Балықшы ауданы) мектеп оқушыларының домбыра оркестрі келгенін білдік. Олар келесі күні халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде өнер көрсететін болды. Таң атысымен көрмеге барып, өнерпаз жастарды тауып алдық. Олар «Жас натуралистер» павильонында әзірлік жүргізіп жатыр екен, жетекшісі Рысбай Ғабдиев болып шықты. Сол жерде Қазақ ССР оқу министрлігінің өкілдерін де кездестірдік. Жас талапкерлерді маңдайынан сипап, табысты болуларына тілектестік білдіріп жатырмыз.

Түскі уақыт. Көрменің Бас комитеті алдындағы алаң. Кең эстрада сахнасы. Алдымен Қызылордадан келген «Сыр сұлуы» ансамблі өнер көрсетті. Одан кейін біздің домбырашылар шықты. Өңкей қылқан кескендей бүлдіршіндер. Кейбіреулерінің столға отырғанда аяғы жерге жетпейді. Бірақ отырулары, домбыра ұстаулары нық, бейне бір ысылған өнерпаз коллективтей. Көрермендерге орын жетпей көбі аяғынан тік тұр. Жасы үлкендеу жағына орын беріп, өзіміз тұрып кеттік. Кеудені әрі қуаныш, әрі мақтаныш кернеп алып барады. Бір жағынан, балалар жүрексініп сасып қалып, домбырасын тарта алмай қалмас па екен деген күдік

те жоқ емес. Бір уақытта Құрманғазының «Сарыарқасы» басталып кетті, жұрт су сепкендей тына қалды. Бүкіл көрме алаңын бір асқақ үн, құдіретті үн билеп-төстеп алып барады. Бұрын қанша тындап жүрсек те дәл бүгінгідей әсер етпейтін, бәріміз де ұйып қалыппыз. Айналасында не болып жатқанымен ешкімнің шаруасы жоқ, бәрінің назары-сахнада, күмбірлеп алып бара жатқан күйде. Бір уақытта сатыр-сұтыр қол шапалақталды, сонда ғана білдік күйдің біткенін. Радиомен беріліп жатқан күйді естіген сол манда жүрген жанның бәрі жиналды. Біз ығыса-ығыса шетке шығып қалдық. Өкшемізді көтеріп, мойнымызды созбасақ балаларды көре алатын емеспіз, бірақ көргіміз келеді. Бұдан кейін Чайковский, Моцарт музыкалары орындалғанда көрме алаңы бейне бір туысқан халықтардың өнер мерекесіне айналып кетті. Тындап тұрған халық қарапайым қазақ домбырасымен музыканың классикалық туындыларын орындағанда аузын ашып, таңдайын қағысты. Ал, біздің қуанышымыз өз алдына, секіріп-секіріп алғанымызды білмей де қаламыз. Қол шапалақтаудан тау жаңғырыққандай болды, балаларды сахнадан жіберер емес, бірақ амал жоқ басқа республикалардан келген өнерпаздар да сахнаға шығуға асығып тұр, үлкен қошемет үстінде балалар басын иіп шығып кетті. Осы жолы оркестр көрменің бірінші дәрежелі дипломымен наградталды.

Сонда ойға оралған бір нәрсе мынау болды: Осы жас бүлдіршіндердің домбыра ұстап, халық алдында өнер көрсетуінің арғы тегі қайда жатыр? Ол Атырау-Жайық топырағында туған күй атасы Құрманғазыдан бері желісін үзбей келе жетқан күй бұлағында жатыр деп түйдік.

Құрманғазы!..

Құрманғазы десек қазақ күйін білеміз, қазақ күйін тартсақ алдымен есімізге Құрманғазы түседі. Махамбет жауына қарсы жырын жұмсап, халқын жырмен жұбатса, Құрманғазы дұшпанын домбырасымен мұқатты, елін домбырасымен

сүйсіндірді. Құрманғазы күйінде жортуыл жорықтың жойқын үні, елім деп еңіреген ерлердің үні бар, қасірет шеккен халқының азалы үні мен бостандыққа ұмтылған жігері бар, күрес дабылы бар.

Құрманғазы-мектеп. Оның күй ордасынан Дәулеткерей, Сейтек, Мәмен, Есір, Дина тағы басқа осылар сияқты неше бір майталман күйшілер шықты. Дина апамыз Құрманғазы күйлерін Совет заманына әкеліп жеткізді, өзі коммунизм дәуірін күйге қосты. Халқының он саусағынан күй төгілген өнерпаз қызы атанды.

Кейінгі ұрпақ күй атасының мұрасын онан әрі әкетті. Мұрат Өскенбаев, Зәмзәм Есжанова, Тоқсанбай Құлтумиев, Сейілхан Хұсайынов, Бақыт Қарабалина бүгінгі күндері жұртқа танылған тарландар. Зәмзәм «Каспий толқыны», Сейілхан «Мереке», жастай кеткен Тоқсанбай «Комсомол» күйлерімен қазақ өнеріне елеулі үлес қосты. Республикамызға еңбегі сіңген артист, атақты домбырашы, Әзидолла Есқалиевтің өнері тек өз елімізде емес, шет елдерге де белгілі болды.

Атырау-Жайық топырағында Құрманғазы мұрасын ұстамаған, үйінде домбырасы жоқ семьяны кездестіре алмайсың. Қай үйге барсаң да қабырғасында домбыра ілулі тұрады. Тіпті кейбір семьялар өз алдына шағын оркестр сияқты. Ата-анасынан бастап мектепке жаңа барып жүрген балаларына дейін отыра қалып домбыра тартқанда аузыңды ашып қаласың. Осының бәрі-қайран Құрманғазыдан қалған асыл, тозбас мұра.

Кейінгі өсіп келе жатқан домбырашылар ұрпағы қанша дерлік. Бұлардың негізгі ұясы-музыка училищесі мен балалардың музыка мектептері. Бұл оқу орындарынан талай шебер өнерпаздар шықты. Соңғы он жыл ішінде училищені 230 адам бітіріп, музыка мәдениетін одан әрі өркендетуге ат салысып жүр. Қазір мұнда 222 адам оқиды, оларға 49 мұғалім білім береді. Қаладағы Құрманғазы атындағы

музыка мектебін жиырма жылдың ішінде 600-ден астам жас өнерпаздар бітіріп шықты, қазір мұнда 400-ден астам балалар оқып жүр, оларға 35 мұғалім өнер үйретеді. Облыста балалардың 7 музыка мектебі жұмыс істейді. Өзінің шағын домбыра оркестрі жоқ ауданды, кәсіпшіліктер мен шаруашылықтарды табу қиын.

Жақында Махамбет ауданының Чапаев атындағы совхозында болдық, балдырған домбырашылардың өнерін көрдік. Қазақ ССР мәдениетіне еңбегі сіңген қызметкер Шәмшиден Шәріпов жолдас ұйымдастырған жас домбырашылар оркестрі тыңдаушыларды таң қалдырды. Әсіресе, 5-класс оқушысы Құттыгерей Дүйсеновтың орындауындағы Құрманғазының «Серпер», Төребек Шәріповтың орындауындағы Түркештің «Көңілашар», 3-класс оқушысы Салтанат Маштақованың орындауындағы Динаның « Он алтыншы жыл» күйлері кәнігі домбырашылардың орындауынан асып түспесе, кем түсіп жатқан жоқ. Бұған мақтанбасқа болмайды. Бұл тек өнерпаз елге тән нәрсе. Осындай екі коллективке халық аспаптар оркестрі деген атақ берілді.

Өнерпаз жастар тек домбыра мен қобызда ғана ойнап қоймайды. Олар барлық музыкалық аспапта ойнайды десек асыра айтқандық болмайды.

Күйсандық (фортепиано), скрипкамен бірге жезді үрмелі аспаптардың барлық түрінде ойнайтын жастарды сахнадан да, үй-үйден де көріп жүрмін. Біз олардың бүгінгі салтты заманымызға сай музыкалық мәдениетінің күннен-күнге өсіп жатқанын көрсетеді.

Атырау-Жайық топырағында туған музыка өнерінен нәр алып өспеген музыкант кемде-кем. Осы өнер еліне есімі халқымызға белгілі Шәмші Қалдыаяқов келіп, елге кең тарап кеткен, қазір жұрттың бәрі айтатын «Ақ ерке-Жайық» өнін шығарды, сөзін марқұм Төлеген Айбергенов жазды. Оның бұл туындысына Атырау-Жайық әуенініндем бергеніне

күмән болмаса керек.

Атырау-Жайық сазына жасынан әуес болып, өмірінің ең соңғы секундына дейін құмартқан марқұм Ахмет Жұбанов еді. Құрманғазы өмірін жете зерттеп, Құрманғазы атындағы мемлекеттік халық аспаптар оркестрін құрып, жетекшілік етіп, дүние жүзіне танытқан да Ақаң еді. Ақаң Атырау-Жайық топырағына келген соңғы сапарында бір сөйлеген сөзінде «Атырау-Жайықтың сылдырап аққан әр толқыны-бір күй. Бұл өлкеде тұрып домбыра ұстап, күй тартпаған жанда сезім де болмауы мүмкін, бұл өлке адамды еріксіз өнерпаз ететін өлке» деген болатын. Шынында Ақаң айтқандай, Атыраудың саласына, Жайықтың жағасына бара қалсаң құлағыңа бір сүйкімді саз келеді, мен Құрманғазы мен Дина топырағында туған өнерлі жанмын деп әлемге естілгенше айқай салғың келеді, өйткені, күмбірлеген күй келеді құлаққа, сол күй құйып жатқандай өнер деген бұлаққа...

3. Өркендей бер, өрлей бер!..

Өнер зерттеушілердің бірқатары Октябрь революциясына дейін қазақ театр өнері, сахна өнері деген болған емес деп пікір айтады. Бұған біз де таласпаймыз. Рас, қазіргідей шын мәніндегі маманданған театр болмағанмен осы өнердің кейбір көріністері, нышандары болған сияқты. Мәселен, той-думандарда екі жақ болып жар-жар, жұмбақ айтысу, топ алдына шығып ақындардың айтысуы осы театр өнерінің бір саласы сияқты болып көрінеді.

Атырау-Жайық өлкесінде Совет үкіметі орнаған алғашқы жылдардың өзінде болашақ театрдың негізі қалана бастады. Олар қызыл әскерлердің шағын пьесалар көрсететін драма үйірмелері, кейінгі қызыл керуендер, қызыл отаулар, комсомолдардың ойын-сауық үйірмелері болды. Осы үйірмелерден қалыптасып, 1938 жылы Гурьев қаласында

шын мәніндегі театр дүниеге келді, оның алғашқы сахнасы Мұхтар Әуезовтың «Түнгі сарынымен» ашылды. Театрды ілкі ұйымдастырушылар қазіргі республикамыздың халық артисі Қуат Төлеков, республикаға еңбегі сіңген артистер Оңай Жақсыбаев, Алма Ахметова, Ысқақ Иманқұлов, белгілі актерлер Тәжия Хасенов, Хамит Болатов, Құрманғали Догалақов, Жәмила Ибрагимова, Әбіл Қизатов, Құрманғаным Жұмаев тағы басқалар болды.

Кейіннен театрдың қазіргі орта буындары-республиканың халық артисткасы Зәрипа Сүлейменова, республикаға еңбегі сіңген артисткалар Күнипа Иманғалиева, Жұпар Манапова, талантты актерлер Әдият Айталиев, Әбдір Теңелбаев, Қазила Өтеулиева тағы басқалар сахнаға шықты. Бұлардың қатарына жылма-жыл өнерпаз жастар қосылып коллектив толығы түсуде.

Театр тек өз облысымызды ғана емес, көршілес Орал, Ақтөбе облыстарының көрермендерін де қамтып келеді. Сондықтан ол облысаралық театр деп аталады. Жұртшылық театр сахнасынан совет драматургтерімен қатар Батыс, Европа классиктерінің халыққа танылған туындыларын көрді. Отыз жылдан астам уақыттың ішінде бұл коллектив сахнаға 200-ден астам пьеса шығарды, оны үш миллионнан астам халық көрді. Театр бірнеше рет республикалық байқаудың жүлдегері болды, өткен жылы Қарақалпақстанға барып, өнер көрсетіп, бауырлас халықтың сүйіспеншілігі мен құрметіне бөленіп қайтты.

Облыстық мемлекеттік филармония халықтың өскелең талабына сай өнер көрсетуде жақсы жұмыс істеп келеді. Филармонияның «XX-ғасырдың әуені» ансамблі тек облысымыз, республикамыз емес, одаққа танылды. «Атырау-Жайық» ансамблі өткен жылы республикалық байқауда үшінші орынға ие болды. Бұл коллектив жақында Өзбекстанға барған сапарларынан табысты оралды. Филармонияның шақыруымен туысқан республикалардың

өнер саңлақтары да Атырау-Жайық өңіріне келіп, талай рет халқымызды риза етті.

Атырау-Жайықтың өнерпаз ұлдары мен қыздары тек осы өлкені ғана таңдандырып жүрген жоқ. Бұл өлке республикаға, одаққа танылған атақты өнер шеберлерін шығарды. Қазақ ССР-нің халық артисі Нұрмұхан Жантөрин театр сахнасында бірнеше кесек бейнелер жасаса, соңғы жылдары кино өнеріне белсене араласып, одаққа, шет елге белгілі советтік киноларда биік белестерге көтерілді. Бір кездегі қарапайым балықшы Әдемі Ділханова қазір Қарақалпақстанның халық артисі атанып, ел құрметіне бөленуде.

Республикамыздың мәдени өмірінде дүниеге жаңа келіп, алғашқы қадамынан-ақ жұртшылықтың құрметіне ие болған «Гүлдер» ансамблінің құрамында да Атырау-Жайықтың өнерпаз жастары бар. Солардың бірі-биші Гүлжан Талпақова. Ол өз өнерімен тек елімізді ғана таңдандырып қойған жоқ. 1968 жылы Болгарияның астанасы Софияда бүкіл дүниежүзілік фестивальдің лауреаты атанды.

Атырау-Жайық өлкесіне келіп, халқымыздың таңдаулы өнерпаздары ән шырқады, би биледі. Шығыстың бұлбұлы атанған Күләш Байсейітова, СССР халық артистері Хадиша Бөкеева, Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова, Ермек Серкебаев, қазақ өнерінің негізін қолдаушылар республикамыздың халық артистері Құрманбек Жандарбеков, Қанабек Байсейітов, Серке Қожамқұлов, Қапан Бадыров, Сейфолла Телғараев, Байғали Досымжанов, Кәукен Кенжетаев, Ғарифолла Құрманғалиев, ағайынды Абдуллиндер, Жамал Омарова, Жүсіпбек Елебеков, Қали Жантілеуов, Шара Жиенқұлова тағы басқалар келіп өнер көрсетті. Украинаның халық артисі А.Сова, республикаға еңбегі сіңген артиска Диана Петриенко көпшілік құрметіне бөленді. Өткен жылы өнерпаз қарақалпақ бауырларымыз келіп, өнер мерекесін өткізді.

Атырау-Жайық өнері өрісі кеңіп күннен-күнге өркен жайып келеді. Бұл өлкеде өзінің драма үйірмесі жоқ кәсіпшілікті немесе шаруашылықты таба алмайсың. Бұған дәлел қазір облыста 7 халық театры, 102 драма үйірмесі, оларда 2000-ға жуық жас өнерпаздар шеберлігін шындай түсуде.

Жастар өнердің сан алуан түрлерін игеруде. Олар тек драмалық сахналарда ойнамайды, сонымен бірге опера және балет салаларында да бой көрсетіп жүр. Гурьев мұнай өңдеу заводы мәдениет сарайының халық театры «Қыз Жібек» балетін сахнаға шығарып, жұртшылықтан жақсы баға алды.

Отанымыздың астанасы Москвада, Кремль сахнасында өнер көрсеткен мұнайшылар мәдениет үйінің эн-би ансамблі мен «Жайық қызы» ансамблі өз алдына бір төбе. Бұлар да өз өлкесін өркендетуге айтарлықтай үлес қосып, халықты риза етіп келеді.

* * *

Ұлан байтақ Отанымда терезесі тең өскен өлкенің бірі-менің Советтік Қазақстаным! Биыл сол өлкем 50 жасқа толады. Қазақстанның жалпақ жатқан аймақтарының бірі Атырау-Жайық өңірінің жыры мен күйін, өнерін қанша айтып, қанша жазсақ та тауыса алмаймыз. Өйткені, ол күн санап жаңарып, жасарып келеді. Оны жаңартып, жасартып отырған үлкен қайнар бұлақ, алып күш бар. Ол-Ильич нұры, партия мен үкіметтің өнерге деген қамқорлығы мен көмегі. Атырау-Жайық өнері, өркенде де өрлей бер!

1970 жыл.

Туған жер туралы толғау

Ұлы мерекенің, дархан тойдың, үлкен қуаныштың қарсаңында отырмыз. Бұл бір ауылдың, ауданның, облыстың, республиканың тойы емес, халықтардың өз еркімен

құрылған СССР деп аталатын ұлан байтақ Отанымыздың ұлан асыр алпыс жылдық алқалы тойы, халықтар достығының тойы! Бүгін өскен елім, туған жерім деп толғанам, атап айтқанда, елімнің атақты бір өлкесі Атырау-Жайық деп толғанам, оған мен толық праволымын, өйткені, той алдында толғану-әр азаматтың ардақты парызы.

* * *

Мұнай өнеркәсібінің іргесін алғаш қаласқан ардагерлер С.Зорбаев, Ә.Ильясов, Б.Шырдабаев, ағайынды Аухатовтар, Б.Төлебаев, А.Алдахов, А.Дөнешев, Е.Аманбердиев, Қ.Жылқышиев, А.Даярдиев, Т.Оразов, С.Юсупов, Е.Дутбаев есімдерін ел аса құрметпен атайды, С.Зорбаев СССР Жоғарғы Советінің бірінші сайлауында парламент мүшесі болды. Ембіде басшы жұмыста болған революционер-жазушы Сабыр Шәріповтың еңбегі өз алдына бір төбе. Қазақ әйелдері арасынан шыққан алғашқы мұнайшылар-СССР Жоғарғы Советіне депутат болып үш рет сайланған Б.Доспаева, Социалистік Еңбек Ері Н.Шағырова, кейіннен келген Б.Даужанова, Ж.Сегізәлиева, Ж.Қаспаева жоғары үкімет наградаларына, халық алғысына ие болды.

Мұнайлы алқапта туып-өсіп, оны игеруге белсене ат салысқан алғашқы геолог-инженерлердің еңбегі ерекше зор. Атап айтқанда, кәсіпшілік басшысы, облыстық партия комитетінің секретары болып істеген С.Қарымсақов, СССР және Қазақ ССР Жоғарғы Советтеріне депутат болып сайланған басшы партия, шаруашылық ұйымдарында жұмыс істеген, бүгінгі дербес пенсионер С.Өтебаев, республикаға еңбегі сіңген геолог құрметті атағына ие болған, қазіргі дербес пенсионерлер Ғ.Хакимов, Р.Сағындықов, Лениндік сыйлықтың лауреаттары Ж.Досмұханбетов пен Н.Имашев есімдерін ел мақтанышпен айтып отырады.

Мұнай өнеркәсібінің өркендеуіне байланысты жаңа

кәсіпорындар қатарға қосылды. Алғашқы жылдары кәсіпшіліктердің болмашы ғана бұйымдарын шығаратын механикалық цех кейіннен күрделі заказдарды орындайтын Петровский атындағы қуатты заводқа айналды. Соғыс жылдарында В.И.Ленин атындағы ірі мұнай өңдеу заводы салынды. Кейіннен басқа да өндіріс салалары игеріліп, химия заводы салынды. Сөйтіп, облыс қысқа мерзімнің ішінде өндірісті өлкеге айналды.

Мұнайшылардың бүгінгі ұрпағы ағалар жолын жалғастырып алға шеру тартуда. Құлсары мұнай-газ өндіру басқармасының мұнайшысы, Социалистік Еңбек Ері Л.Әбдіразманов, Оңтүстік-Ембі мұнай барлау экспедициясының бұрғышысы, Социалистік Еңбек Ері З.Балкенжиев көргені мен білгенін жас буынға үйретіп, ұстаздық міндеттер атқаруда. СССР Жоғарғы Советінің депутаты М.Боранбаева, оператор Б.Досманбетов, «Жайықнефть» мұнай-газ өндіру басқармасының мұнайшысы С.Көзов, Қазақ ССР мемлекеттік сыйлығының лауреаты М.Аңшыбаев, мұнай өңдеу заводының жұмысшысы, Қазақстан комсомолы сыйлығының лауреаты Е.Ротнов басқаратын комсомол жастар бригадалары ағалар үлгісімен жұмыс істеуде.

Мұнайшылар қауымы КПСС XXV-съезінің тарихи шешімдерінен қуат алып, биыл жоспардан тыс 20 мың тонна мұнай өндіруге күш жұмсауда.

Бұрын автомобиль, паровоз дегенді көрмеген, білмеген сырттай «шайтан арба», «қара айғыр» деп естіген елге 1926 жылы тұңғыш теміржол келді. Гурьев-Астрахань, Гурьев-Қоңырат теміржолдары еліміздің төрт бұрышына түгел жеткізді, самолеттің апармайтын жері жоқ, екі мың шақырым жерге екі сағатта дік ете түсетін болдық. Сөйтіп, жерде желдей жүйткіп, көкте қырандай самғап, суда балықтай жүзетін дәрежеге жеттік, көліктің бәрін қамдап алып, көш басын коммунизмге тура бұрдық.

Жайықтың жаңа көпірі Европа мен Азияны қосып жіберді. Қазір Гурьев халқының ұғымында Европа мен Азия деген географиялық термин жоқ. Европада тұрып Азияда, немесе Азияда тұрып Европада жұмыс істеп, бір сағаттың ішінде түскі астарын ішіп, қайтып келе береді, кино-театрларға да қатынас осындай, көзді ашып-жұмғанша бір беттен екінші бетке өтіп шыға келеді.

* * *

Гурьев бір кезде Үйшік атанған болатын. Себебі, көзге түсіп, елең еткізетін қомақты үйлері болмаған, жатаған үйлерді ешкім елемеген. Тіпті, елуінші жылдарға дейін бірен-саран екі қатарлы болмаса үш қатарлы үйлер кездеспейтін. Бұл күнде сәнді де сәулетті қала болды, бес, жеті, тоғыз қатарлы үйлер салынып, бірнеше микроаудандарға бөлініп, танымастай болып өзгерді. Қаланың бір кезде құлазып жатқан аймағы бүгінде Авангард деп аталып, соңғы бес-алты жылда өзі бірнеше микроаудандарға бөлініп кетті. Көшелерге, жолдарға жарқыраған асфальт төселіп, автобус-машиналар оқтай зымырайды, жаңа салынған завод-фабрикалар, комбинаттар, емдеу орындары, балалар мекемелері, кинотеатр үйлері қаланың еңсесін бұрынғыдан да биіктете түсті. Бұл алдымен құрылысшылардың қайраты! «Гурьевнефтехимстрой» тресінің құрылысшылары, Социалистік Еңбек Ері С.Әліпова, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Б.С.Железнов, «Сельстройдың» Ленин орденді құрылысшысы А.Зайытов көпшілік құрметіне бөленді. Н.Амангелдиева, Д.Бимұханова басқаратын құрылысшы-жастар бригадалары оза шауып, жүлделі орындардан көрініп жүр. Бұл күнде сан мыңдаған құрылысшылар армиясы құрылыс-монтаж жұмыстарының 45 процентін бригадалық-мердігерлік әдіспен атқаруға белсене ат салысуда.

* * *

Атырау-Жайықтың балығы мен уылдырығын білмейтін

ел бұл күнде кемде-кем. «Бал татыған балықтың сорпасын ішпейтін сорлы басым қоңырсыған қой сорпасына қор болдым-ау» деген аңыз сөз тегін айтылмаса керек. Көктем түсе Жайық жағасында серуендеуші қонақтардың да, «қоңсылардың» да көбірек кездесетіні сондықтан болар. Қалай дегенмен де балық сорпасын ішіп, уылдырығынан дәм татқан адамның бұл жерден тез кете қоюы қиын-ау!

Қаланың Жайықтың Атырауға құяр саласынан салынуының өзі әуелден осы балыққа байланысты. Алғашқы кірпіші 1640 жылы қаланды. Оны қалаған осы араға тұңғыш табан тіреген Михаил Гурьев деген балықшы купец. Ол кездегі қазақтар бақасы қойдай шулаған, балығы тайдай тулаған ерке өзеннің өзін білген де, балығын аулап кәдеге асыруды білмеген де, ойламаған да. Орыс патшалығының кәсіпкер, дүниеқоңыз купецтері келіп, ен байлыққа құрп ете түскен. Балығын қысы-жазы арбалап, керуендеп сатып, сары алтынның астында қалған. Бірте-бірте түпкілікті қонысқа айналдырып, балығын үркітесің деп қазақтарды Жайық бойынан қуалап, суын да ішкізбей қорлық көрсеткен. Бұл қорлықтан тек Октябрь революциясы ғана құтқарды.

Қазір ол халық қазынасына, ел игілігіне айналды. Балықшы колхоздар құрылып, В.И.Ленин атындағы балық консерві комбинаты салынды, Ш.Әбішев, Қ.Жұмақанов сияқты басшы кадрлар, Ж.Сарбөпиев сияқты уылдырық жасаушы мамандар өсіп жетілді. Осы Жаңабатыр Сарбөпиев Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстан делегациясы құрамында майданға барып, Совет Одағының Маршалы К.Рокоссовскийдің жауынгерлеріне бірнеше вагон балықты өз қолымен сыйға тартты.

Бұл күнде тек колхоз емес, әдейі балық аулаумен айналысатын Балықшы және Теңіз аудандары, «Гурьеврыбпром» бірлестігі құрылды, балық өңдейтін бірнеше кәсіпорындар бар. Балық өңдеудің майталман шебері, Социалистік Еңбек Ері А.Байжігітова, Теңіз

ауданындағы «Қызыл таң» колхозының балықшысы, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты К.Ризуанова, мемлекттік сыйлығының лауреаты С.Рыспеков, Балықшы ауданындағы Ленин атындағы колхоздың Ленин орденді балықшысы Қ.Наурызалиев өздері жемісті еңбек етумен бірге жастарға үлгі-өнеге көрсетіп, ұстазық қамқорлық жасауда, «Гурьеврыбпром» бірлестігінің жұмысшысы, Қазақ ССР ВЛКСМ ХІХ съезінің делегаты Г.Саменова басқаратын жастар бригадасы өнегелі еңбектің үлгісін көрсетуде.

Балық өнімдері бірнеше шет елдерге де дайын күйінде жөнелтіледі. Өткен жылы 618 мың құты шығарылса, биыл одан да асып түсу көзделіп отыр.

* * *

Атырау-Жайық мыңғырған малға да бай өлке. Тайсойған мен Бүйректі, Ойыл-Қиыл, Сағыз, Жем салаларын, Нарын құмын жайлап жатқан малдан көз тұнады. Новобогат ауданындағы «Забурын» совхозының шопандары, Социалистік Еңбек Ері, М.Нұрмұханов, СССР мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ғ.Айталиев, Ембі ауданындағы «Қосшағыл» совхозының шопаны, Социалистік Еңбек Ері КПСС XXVI-съезінің делегаты К.Асабаев, Қызылқоға ауданы «Тасшағыл» совхозының шопаны, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, Қазақ ССР мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қ.Жұмағалиев ерен еңбектерімен ел құрметіне ие болып отыр. Олардың ізін ала Қызылқоға ауданындағы Ленин атындағы совхоздың малшысы, ВЛКСМ сыйлығының лауреаты Қ.Сүлейменова, ВЛКСМ ХІХ съезінің делегаты Б.Малқаров, Теңіз ауданы «Коммунизм жолы» совхозының шопаны Б.Жанғалиева басқаратын комсомол-жастар бригадалары сияқты жас малшылар қауымы қаптап өсіп келеді.

Мал шаруашылығын өркендетіп, өнімін арттыру жолындағы еңбегі үшін «Передовик», «Сүйіндік», «Коммунизм таңы» совхоздары Ленин, «Құрмет белгісі»

ордендерімен наградталды. Қызылқоға ауданының Ленин атындағы совхозы КПСС Орталық Комитетінің СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС пен ВЛКСМ Орталық Комитетінің Қызыл Туына, дипломдарына ие болды.

Бұл күнде малшылар қауымы он бірінші бесжылдықта мемлекетке 118 мың тонна ет, 48 мың тонна сүт, 23 мың тонна жүн, 2131 мың қаракөл елтірісін тапсырып, азық-түлік программасын жүзеге асыруға лайықты үлес қосу жолына күш жұмсауда.

* * *

Халықтың әл-ауқат күйінің қаншалықты жақсарғанын жыр ғып жеткізе алмайсың, Бір кездегі халық аузындағы «жамап киіп, жалап ішетін едік» дейтін сөз атымен жоғалды. Бұрында тақымға басар тайы жоқ үйлер мыңдап саналса, бұл күнде жекеменшік машинасы бар үйлер мыңдап саналады. Облыста жеке машинасы барлардың саны 10600-ге, мотоциклі барлар 13000-ға жетті. Қолымызға тигенді емес суперлюкс «Волга», «Жигули» деп таңдап-талғап алатын болдық. Бүгінгі ата-ана бала-келінге отау тігіп, енші бөлгенде басқа дүниелерге қоса машина беруді салтқа айналдырып келе жатыр. Бұдан асқан байлық болар ма? Бұл бір кезде құлақпен естіп, көзбен көрмек түгіл түсіңе енбейтін құбылыс емес пе? Ал, бүгін қандай болып отырмыз? Тіл-аузымыз тасқа дегендей дәрежеге жетіп отырмыз. Телевизорсыз, көгілдір отсыз үй жоқтың қасы. Орталықты былай қойғанда, шалғайда тұратын мұнайшылар, бұрғышылар мен малшылардың үйлеріне дейін телевизор тіл қатып, көгілдір отын маздап тұр. Жеке кітапханасыз үй тағы жоқ. Кітап, газет-журнал бүгінгі адамның жан азығына айналды.

* * *

Атырау-Жайық өңірінің табиғаты мен байлығын алғаш зерттеуші Г.С.Карелин «Гурьев-бұлдырсыз дала, меңіреу, әбден шегіне жеткен надандықтың мекені» деп жазған еді. Революцияға дейін қалада бір гимназия, екі бастауыш

мектеп, ауылдарда бірен-саран орыс-қазақ мектебі болатын. Бұл күнде облысымыз Республикамыздағы ғылыми орталықтың біріне айналып отыр. Қазір мұнда Қазақ ССР Ғылым академиясының мұнай химиясы және табиғи тұздар институты, ихтиология институты, геологиялық барлау және мұнай институты, педагогика институты, ондаған училищелер мен техникумдар тағы бірнеше ғылыми-зерттеу орындары жұмыс істейді, оларда бірнеше ғылым докторлары мен 200-ге тарта ғылым кандидаттары бар, орта мектептің саны жүзден асты.

Совет үкіметінің алғашқы жылдарында жаңа ашылған мектептердің іргесін қалап, жас ұрпаққа білім, тәлім-тәрбие беру ісіне белсене ат салысқан ұстаздардың, республикаға еңбегі сіңген мұғалім атағын алған А.Асылалиев, Қ.Нәубетов, Қ.Сиранов, І.Шәкіліков, Д.Жоламанов, Д.Исабаев есімдерін ел мақтаныш сезімімен айтып отырады. Бұл күнде халық ағарту саласында СССР халық мұғалімі Қ.Айтқалиев, республикаға еңбегі сіңген мұғалімдер С.Оразалин, Д.Байбосынов, Ж.Нұрмаханов, Д.Төленов тағы басқалар ұстаздық міндеттерін абыроймен атқарып келеді.

Атырау-Жайық бойында білім алғандардың ішінен академик С.Зиманов, профессорлар Т.Шәукенбаев, Т.Амандосов, М.Диаров, М.Әженов сияқты ғалымдар шықты.

* * *

Емделу орындарына да халық дән риза. Халықтың денсаулығын сақтау ісіне дәрігерлердің сіңірген және сіңіріп келе жатқан еңбектері орасан зор. Бұл өлкеде алғашқы емдеу орындарын салып, медицина жүйесін дамытуға А.Сүндетов сияқты ерекше үлес қосқан дәрігерлер аз емес. Қазіргі күндері Социалистік Еңбек Ері М.Ғилаев, республикаға еңбегі сіңген дәрігерлер Б.Бимағанов, Қ.Әбусатов, В.И.Шишкина, Х.Жұмағалиев, А.Тоқсанбаев, Л.Дриль, Ғ.Шангереев өздерінің шипалы қолдарымен халықтың

алғысына бөленуде.

* * *

Атырау-Жайық дәулетіне орай мәдениетті де өскен ел. Алғашқы шағын үйірмелер шыңдала келіп, 1938 жылы қазақ драма театры болып құрылды, оған кейіннен Махамбет есімі берілді. Қазақ ССР-ның халық артистері Қ.Төлеков, З.Сүлейменова, А.Ахметова, Ж.Мананова, Қарақалпақ АССР-ның халық артисткасы Ә.Ділханова, республикаға еңбегі сіңген артистер О.Жақсыбаев, Қ.Доғалақов, К.Иманғалиева, О.Дүйсенов сияқты талантты актерлер өсіп жетілді. Өнер саласындағы жемісті еңбегі үшін театр Қазақ ССР Жоғарғы Советінің «Құрмет грамотасымен» наградталды.

СССР халық артисі, атақты режиссер Ә.Мәмбетов өзінің өнер жолын осы театрдан бастады. Қазақ ССР-ның халық артистері Ғ.Хайруллина, Н.Жантөрин, Г.Талпақова, республикаға еңбегі сіңген артист М.Бақтыгереев-осы өнерлі өңірдің перзенттері.

Облыстық филармония халықтың өскелең талабына сай өнер көрсетуде жақсы баға алып жүр. «Атырау-Жайық» ән-би ансамблі өнер байқауында бірнеше рет жүлделі орынға ие болды. «Жайық қызы» ән-би ансамблі Москвада, Алматыда өнер көрсетіп, бірнеше рет шет елдерге де сапар шекті. Бұл өлкеде өзінің көркемөнер үйірмесі жоқ кәсіпшілік немесе шаруашылық кездеспейді десе де болады. Олардың бірқатары халық театры, халық ансамблі атағына ие болды. Облыста 181 мәдениет үйі мен клуб, 286 кітапхана жұмыс істейді.

* * *

Атырау-Жайық-батырлар мекені, Ұлы Отан соғысында осы өңірдің ұлдары Б.Нысанбаев, М.Баймұханов, Ф.Афанасьев, Ф.Канцев, Қ.Смағұлов Совет Одағының Батыры атағына ие болды. Туған жерлерінде олардың батырлық жолдарын баяндайтын музейлер ашылды.

Қ.Смағұлов академик жазушымыз Ғ.Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» туындысына басты кейіпкер болып, бүкіл әлемге танылды.

* * *

Атырау-Жайық топырағында Құрманғазы мұрасын ұстамаған, үйінде домбырасы жоқ семьяны кездестіре алмайсың. Тіпті, кейбір семья өз алдына шағын оркестр сияқты. Ата-анасынан бастап мектепке жаңа барып жүрген балаларына дейін қосылып түрлі аспаптарда ойнағанда таңтамаша қаласың. Бұған Махамбетте Түсекеновтар мен Мұхамедияровтардың, Ембіде Бөкеновтердің, Балықшыда Мәтжановтардың, Индерде Тілегеновтердің, Новобогатта Құлғалиевтердің, Қызылқоғада Есенғалиевтердің, Теңізде Баубекөвтердің семьялық ансамбльдері куә бола алады. Осының бәрі-Құрманғазыдан қалған асыл да тозбас мұраның жалғасы.

Кейінгі өсіп келе жатқан домбырашылар мен басқа да түрлі аспаптарда ойнаушы ұрпақ қанша дерлік! Бұлардың негізгі ұясы Құрманғазы атындағы музыка училищесі мен аудандардағы музыка мектептері. Өзінің домбыра оркестрі жоқ ауданды, кәсіпшіліктер мен колхоз-совхоздарды табу қиын. Мақат ауданының және Балықшы ауданындағы Ленин атындағы колхоздың ұлт аспаптар оркестрі Москвада, Кремль сарайында өнер көрсетіп, тыңдаушыларын тамсандырды.

* * *

Алпыс жылдық алқалы тойға әзірлік нұр үстіне нұр себуде. Мерекелік тартулар көбейген үстіне еселеп молая түсуде. Атырау-Жайық өңірінің өмірі мен өнерін қанша айтып, қанша жазсаң да шегіне жете алмайсың. Өйткені, ол күн санап жаңарып, жасарып келеді. Оны жаңартып, жасартып отырған сарқылмас қайнар бұлақ, үлкен алып күш бар. Ол-Коммунистік партия, ол-халықтар достығы! Достық бар жерде бірлік бар, бірлік бар жерде тірлік бар! Туған

өлкем, Атырау-Жайық, осы үлкен Достық Туы астында
өркенде де өрлей бер, жаңарып, жасара бер, қадамыңа гүл
бітіп, алдыңнан жарқырап ақ күн туа берсін!

1982 жыл.

Мұнай тасқыны

Октябрь! Халықты ғасырлар бойы қанын сорып, зар
қақсатқан тар заманнан азат етіп, аңсаған арманына, көксеген
мақсатына, ойлаған ойына жеткізген Октябрь! Зорлық-
зомбылықты, қанап-тонауды, теңсіздікті жойған, қараңғы
түнді қақ жарып, нұр сәулесін сепкен заманның, жарқын
болашақтың бетін ашып, адамзатты коммунизмнің
шұғылалы жолына салған Октябрь! Міне, сол Октябрьге,
Лениндік Октябрь революциясына елу жылдан асып барады.

Елу жылда ел жаңа дегендей, Октябрьдің жеңісі мен
жемісі арқасында өзгермеген өңір, жаңармаған аймақ жоқ.
Сол аймақтардың бірі-қара алтынның қоймасы Атырау
алқабы, Ембі өңірі.

I

Атыраудың алқабында, Жемнің жиегінде, Сағыздың
саласында, Қиылдың қырында қара алтынның қалың
тұнбасы жатқанын қайран ғалымдар ертеден-ақ білген-ді.
Бірақ не керек, қолдың қысқалығы, елдің мешеулігі осы
жерде мұнай бар дегеннен әрі асырмады, көмулі көмбе,
жабулы қазан қол ұшы тиместен сол күйінде тұншығып қала
берді. Оның үстіне осы өңірде мұнай бар дегенге күдіктене
қараушылар да кесірін тигізбей қойған жоқ.

Орыс география қоғамының мүшесі Н.Северцев 1857
жылы Ембі өңірінде байқау жұмыстарын жүргізді, жердің
асты емес, үстіне шығып жатқан мұнай көлшіктеріне

кездесті. Енді бұл аймақта тұнып жатқан мұнай көзінің барлығына ешқандай күдік қалмады. 1874 жылы Қарашүңгіл, Иманқара және Доссор төңірегін зерттеген тау-кен инженері Д.Кирпичников алдыңғы өткен ғалымдардың, экспедициялардың деректерін тайға таңба басқандай дәлелдеп берді. Бірақ, бұл маңда судың тапшылығы, қатынастың қиындығы, ауа-райының қолайсыздығы мекен теуіп, оны игеруге мүмкіндік бермейді деген тоқтамға келді.

Дегенмен дүние іздеп, байлық көздеп алғаш қадам жасаушылар келе бастады. Табиғаттың қаталдығына қарамастан олар сәтсіз де болған жоқ. 1892 жылы Доссорда бес, Қарашүңгілде бес, Ескенеде бір скважина қол станокпен қазыла бастады. Бұл, әрине, азабы мен мазасы көп жұмыс болды, инемен құдық қазғандай ұзаққа созылды. Бірақ олар терең қабатта мұнай көзі жатқанына күмәнданбады. Жеті жылдан кейін Қарашүңгілде алғашқы мұнай тасқыны (фонтан) атылғанда орыс патшалығымен бірге шетел капиталистері де осылай қарай құмырсқаша ағылды, қолдарынан келіп, күші жеткенше геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізді, иесіз жатқан ен дәулетке қолдарын мол салып қалуға тырысты. Асығып-аптыққандары сондай, аз-ақ жылдың ішінде Ембі аймағында сегіз ірі акционерлік қоғам құрылып, жанталаса жұмысқа кірісті.

1911 жылы Доссордан күшті мұнай тасқынының атқылауы Ембінің мұнайлы алқап екендігін бүкіл әлемге паш етті. Мұнан кейін Мақат мұнай бере бастады. Енді шетелдік кәсіп иелері топ-тобымен қаумалап, лек-легімен келіп жатты. Тіпті, осы өңірден орын теуіп, атамекеніндей қоныстанып алды. Ен байлықты оңды-солды тонай бастады, адам күшін аямай жалдады.. Күн көру қамын көздегендер жұмыс іздеп осында келді, әсіресе, көп келгендер осы төңіректе көшіп-қонып жүрген қазақтар болды. Сөйтіп, Ембіде қазақ жұмысшы табының алғашқы топтары дүниеге келді.

Қолдап жұмыс істеген жұмысшылардың халі ауыр болды,

таңның атысы, күннің батысы жұмыстан бас бұра алмады, майды скважинадан қауғалап қолмен тартты, ауа орнына май аралас шаң жұтты, бетінің терін маймен сүртіп, күлдікөмеш күйге түсті. Жұмыстан арып-ашып, демі құрып, шаршап-шалдығып келгенде жатар жері май сіңіп ыстанған, леп шығар тесігі жоқ, тынысы тар жер кепе болды, тұщы су жетпей, сордан шыққан тұзды суды сусын етті. Өндіріс иелері жұмысшының қамын ойлаған жоқ, сол өңірдің алтын қорын қайткенде көп аламын деп өз құлқынын көздеді, дүниеқорлыққа салынды.

Осындай ауыр да азапты күндер кешкен мұнайшылардың еңбегі арқасында Октябрь революциясына дейін Доссор мен Мақаттан 1202 мың тонна мұнай өндірілді. Жиырмаға тарта алаңда барлау жұмыстары жүргізілді, сынап, байқап көру мақсатында 166 тайыз скважина қазылды. Бұл жұмыстардың барлығы мұнайшылардың мойнына түсті. Көрген қорлық, шеккен азап олардың зығырданын қайнатпай қоймады, шыдамын тауысты, қолға қару алып, күш жұмсаудан басқа амал-айла қалмады. 1917 жылғы Октябрьдегі «Аврораның» залпы Ембі мұнайшыларын да дүр сілкіндірді. Қара дауылдай көтерілген қалың мұнайшы, орыс-қазағы аралас жұмыскер табы өндіріс қожаларын жел қаңбақтай қағып тастап, тұңғыш рет Ембінің тізгінін өз қолдарына алды. Міне, содан бері елу жылдан асып барады.

II

Бейбіт өмір ұзаққа бармады. Дүниеге жаңа келген жас Совет үкіметінің жарық көруіне күйінген сыртқы жау жағадан алғанда, ішкі дұшпан етектен тартты. Бостандығы мен теңдігін қан төгіп алған ел амалсыздан тағы да жорыққа килікті. Азамат соғысы басталды. Жайық бойында ак гвардияшыл атаман Толстовтың қанды балақ бандасы бас көтерді. Аяқ астынан киліккен жау Гурьев Совдепін

талқандап, үстемдігін жүргізді. Ел басына қара түнек қайта төнді. Атырау алқабы, мұнайлы аймақ жау қолында қалды. Баку де ағылшындардың қолына түсті. Қызыл Армияны, елді мұнаймен жабдықтау қиындай берді. Осындай қиын-қыстау кезеңде 1919 жылғы 16 апрельде В.И.Лениннің басшылық етуімен өткен қорғаныс Советінің мәжілісінде Гурьевті тез азат етіп, Ембі мұнайын өз қолымызға алу жөнінде мәселе қаралды. 24 апрельде В.И.Ленин бұл жөнінде Астраханьға XI дербес армияның революциялық әскери Советінің председателі К.М.Мехоношинге телеграмма берді. 30 августта В.И.Ленин Түркістан майданының қолбасшысы М.В.Фрунзенің алдына да осындай міндетті қойды. Қызыл Армия ұлы көсемнің тапсырмасын мінсіз орындап шықты.

1920 жылғы 5 январьда азамат соғысының ардагер батыры В.И.Чапаевтың даңқты 25-дивизиясы Гурьевті, бүкіл Ембі өңірін жаудан толық азат етті.

«Бізде Гурьевтің мұнайы бар»-деп қуанышпен хабарлады Владимир Ильич, 1920 жылғы 24 январьда Москва қаласының Пресненск ауданының партияда жоқ жұмысшылары мен қызыл әскерлерінің конференциясында сөйлеген сөзінде. «Каспий жағалауы ери бастағанда біз оны тасып аламыз. Біз мұның барлығын ескеріп, тасып алуға дайындалудамыз». (В.И.Ленин, толық шығармалар жинағы, 40-том, 68 бет).

В.И.Лениннің тікелей нұсқауы бойынша, Ембі мұнайын орталық аудандарға жеткізу-күн тәртібіндегі кезек күттірмейтін басты мәселенің бірі болды. Ол үшін Александрово-Гай-Ембі теміржолының құрылысы басталды. Осы жолдың бойымен мұнай құбырын тарту көзделді. 1926 жылы Гурьев-Доссор тар табанды теміржолы салынып, қатарға қосылды. Ембіде жаңадан барлау-бұрғылау жұмыстары кең көлемде жүре бастады.

1930 жылы партия мен үкімет Ембі ауданында геологиялық-зерттеу жұмыстарын өрістету жөнінде әдейі

шешім қабылдады. Мұнай өндірісін өркендетуге қосымша күрделі қаржы бөлінді, орталықтан маман кадрлар жіберілді, жергілікті кадрларды оқытып, мамандығын жетілдіру жөнінде шаралар белгіленді. Ә.Ильясов, К.Сариев, С.Карымсақов, Ә.Сүлейменов, И.Долгов сияқты жастар Бакудегі өнеркәсіп академиясына жіберілді. Бұлар кейіннен Ембіде басшылық жұмыстарын да істеді. С.Зорбаев, Б.Төлебаев, Халипа және Хансұттан Аухатовтар, А.Алдахов, А.Денешев, Е.Аманбердиев, А.Даярдиев, Т.Оразов, С.Юсупов сияқты практиктер өндірісті басқару ісіне араласты, кәсіпшілік басшылары, участок мастерлері болып істеді. Сөйтіп, қазақ арасынан маман кадрлар өсіп, қатары көбейе түсті.

Мұнай көздерін барлап-бұрғылау жұмыстарын жүргізудің жаңа ғылыми әдістері қолданыла бастады. Ембінің ежелгі кәсіпшіліктері Доссор мен Мақаттың маңынан жаңа кәсіпорындар ашылып, қатарға қосылды. 1931 жылы Байшонас, 1934 жылы Ескене, келесі жылы Қосшағыл, 1939 жылы Құлсары кәсіпшіліктері пайдалануға беріліп, бұлардың қатары жыл санап көбейе берді. Мұнай техникумын алғаш бітірген жастар Ғ.Қожағұлов, В.Шаронов, О.Бердіғожин, Е.Тауманов, Ө.Балғымбаев, П.Думчев, А.Суворов, Х.Нәренбаев, Б.Жұмағалиева, Ж.Салиев, М.Көшкінбаев сияқты техник мамандар өндіріске келді. Сөйтіп, Ұлы Отан соғысы алдында Ембі кәсіпшіліктерінде мұнайдың жылдық өнімі 700-750 мың тоннаға жетті.

Ұлы Отан соғысы бүкіл еліміз сияқты Ембі мұнайшылары үшін де үлкен сын болды. Мұнайшылар мен бұрғышылар қолына қару алып жауға аттанғанмен олардың орнын басқан әйелдері, апалары мен қарындастары, балалары мұнай тасқынын тоқтатқан жоқ, қайта бұрынғыдан да күшті қарқынмен селдете түсті. Мұнай майданға вагон-вагонымен күндіз-түні тоқтаусыз жөнелтіліп жатты.

Соғыс кезінде жаңа кен орындары ашылмаса да, мұнай өнімі өспесе төмендеген жоқ. Өйткені, мұнайшылар қолда бар күшпен бірге ішкі резервтерді іздестіріп таба білді. Елімізде бірінші рет Доссор мен Мақатта мұнай өндірудің екінші әдісі-қабатқа су айдау әдісі қолданылды, бұл өнімді еселеп арттыра түсті. Осы әдістің нәтижесінде соғыс жылдарында мұнай өндіру дәрежесі соғысқа дейінгіден 39 процентке өсті, 4307 мың тонна мұнай өндірілді, бұл неміс фашистеріне атылған ажал оғы болды.

Ембінің болашағы зор екенін, оны дамыту жолдарын алғаш айтқан, оны игеруге көп еңбек сіңірген ғалым, академик И.М.Губкин еді. Атақты ғалымның көрегендікпен айтқанын Ұлы Отан соғысынан кейін ғана жүзеге асыруға мүмкіндік туды.

Геологтар мен барлаушылар іздестіру жұмыстарын тынбастан жүргізіп, Ембінің тұзды күмбезді қабаттарын игеру бағытында көптеген жұмыстар істеді. 1948 жылы бұл жөнінде партия мен үкімет әдейі мәселе қарады. Қазақ ССР Ғылым академиясының осы жылғы көшпелі сессиясы Ембінің Оңтүстік-Шығыс аудандарында мұнай және газбарлау жұмыстарының көлемін кеңейту жөнінде шаралар белгіледі. Бұл шараларды жүзеге асыруға тек республикамыздың ғылыми-зерттеу орындары ғана емес, еліміздің басқа да мұнайлы аудандарының ғалымдары, геолог-барлаушылары қатысты.

Сөйтіп, 1949 жылдары Қошқар, Тентексор, Мұнайлы, Қаратон, Төлес кен орындары ашылып, олардан мұнай алына бастады. Тәжіғали, Таңатар, Прорва, Ембінің терістігінде Кенқияқ, Еділ мен Жайық аралығынан Мартыший, Камышитовый кен орындары табылды. Ембі мұнайы кен арнаға түсті, еліміздің болашағы зор мұнайлы алқабына айналды. Ғасырлар бойы тұнып жатқан байлық халық игілігіне асты. Ембі проблемасы біржолата шешілді.

III

Ембі мұнайын алғашқы иеленуші ағылшын капиталистері қайткен күнде мұнайды көп алуды көздегенмен оны өндірудің техникалық ережесін қолданбады, скважиналарды сауықтыру дегенді білмеді. Соның нәтижесінде Доссордың өзінде 1915-1916 жылдары мұнай өнімі төмендей бастады. Енді олар мұнайды 200-300 метрден қауғамен (желонкамен) тартып шығаратын болды. Бұл мұнайшылардың тұрмысын ауырлата түсті.

Совет үкіметі алғашқы жылдардан бастап-ақ мұнай өндірудің әдісін өзгерту, мұнайшылардың еңбегін жеңілдету жолдарын қарастырды. Мұнайды насоспен өндіру әдісі енгізіле бастады, скважиналарға качалкалар орнатылды, олар біртіндеп электр қуатына көшірілді, жөндеу жұмысына трактор пайдаланылды. Ағаш мұнаралар мен качалкалар темірмен ауыстырылды, скважиналарды зерттеу жұмысы жолға қойылды.

Бертін келе жұмыстың көбі техника күшімен атқарылатын болды. Станок качалкалардың, тереңдік насостарының, жылжымалы агрегаттардың насос-тұрбаларын ашып-жабатын автомат кілттердің түрі қолданылды. Мұнай өндірудің екінші әдісі, қабатты қышқылмен өңдеу, мұнайлы негізде цементтеу, тағы басқа осы сияқты ғылым жетістіктерін қолдану жылына қосымша жүздеген тонна мұнай өндіруге себепші болды.

Маман кадрлардың өсіп жетілуіне байланысты өндіріске автомат енгізілді, бұл әдіске ең бірінші болып Қошқар кәсіпшілігі көшті. Қазір «Эмбанефть» комбинатына қарасты скважиналардың тең жартысына жуығы диспетчерлік басқару жүйесіне-телемеханизацияға көшірілді. Сөйтіп, мұнай өндіру, оны резервуаларға құю, мұнайдың мөлшерін анықтау және тасымалдау қазір автоматпен атқарылды.

Тек мұнай өндіру ғана емес, бұрғылау жұмысында да үлкен өзгерістер болды. 1926 жылға дейін 200-300 метрлік скважинаны қазу бес-алты айға созылатын. 1927 жылдан бастап скважина айналмалы әдіспен бұрғыланатын болды. Осындай әдіспен бірінші бесжылдықта 160 мың метр проходка қазылды. Екінші және үшінші бесжылдықтар кезінде бұрғылау жұмыстарының көлемі бірінші бесжылдықпен салыстырғанда төрт есе артты. Бұрғылау құрал-жабдықтарының сапасы жақсарды, жаңа қуатты станоктар, турбиналық бұрғылау әдістері кеңінен қолданылды. Бұрғылаудың коммерциялық шапшаңдығы өсті, өнімнің өзіндік құны кеміді. Бұрғылау бригадаларының еңбегі көп жеңілдеді. Өткен жеті жылдықта «Эмбанефть» комбинаты бойынша 400 мың метрге жуық проходка бұрғыланды. Бұған тайыз скважиналарда крелиус станоктарын қолдану, кондукторсыз бұрғылау, ерітінділердің сапасын арттыру, скважиналарды шағын диаметрлі қашаулармен (долотолармен) қазу, тұрбаларды ашып-жабатын автоматты кілттерді, пневматикалық тұтқыштарды пайдалану үлкен септігін тигізді.

IV

Ғасырлар бойы мүлгіп, ен байлығына қол тимей жатқан аймақтың бірі Маңғыстау еді. Мұның да бойы тұнып тұрған байлық екенін геолог-ғалымдар ертеден-ақ білген-ді. Бір кезде Мұрат ақын «Маңғыстаудың бойы майлы қиян» деп жырлаған-ды. Бірақ, аспан жерге түскен аптап ыстығынан, сәл жел тұрса көз аштырмай көміп тастайтын шаңтопырағынан, сусыз шөл даласынан тайсалғандықтан беттей алмай жүретін. Елу жылдың ішінде совет ғалымдары, геолог-барлаушылары бұл өлкені де табындырып, бас бұрғызбай бағындырып алды. Қазір Маңғыстау бұрынғылар айтқандай құлан жортпас қу адыр, жапалақ ұшпас жапан түз емес, май

қыстау болып кетті, сәнді де, сәулетті елді мекенге, өндіріс орталығына айналды.

Маңғыстауды игеру тарихы ұзақ емес, қысқа. Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу геологиялық-барлау институты 1950 жылы геологиялық-геофизикалық барлау экспедициясын ұйымдастырды. «Қазақстан мұнай барлау» тресінің конторы Форт-Шевченкоға орналасты. Түбіжік және Таспас кен орындарын бұрғылау басталды. Кейіннен қауынды, Өзен, Тоқмақ тағы басқа қабаттар табылды. Енді геологиялық барлау жұмыстарын кең көлемде жүргізіп, терең барлау ісін бастау қажет болды. Әдейі «Маңғыстау мұнай-газ барлау» тресі ұйымдасты. Оның алдына сол кезге дейін ашылған болашағы мол қабаттарды терең бұрғылау, барлау жұмыстарын жүргізу міндеті қойылды. Түбіжік пен Бозашы алаңдарында терең скважиналар қазыла бастады.

Жетібай мен Өзенде мұнайлы алқаптың табылуына байланысты барлаушылар Оңтүстік Маңғыстаудың орталық аудандарына ойысты. 1961 жылдың октябрінде Жетібайда қазылған №6 скважина 2389 метр тереңдіктен 500 тонна мұнайды жер бетіне атқылап шығарды. Сол жылдың аяғында Өзенді анықтау мақсатында тайыздан қазылып жатқан К-18 скважинасынан күшті газ фонтаны атқылады. Өзенде терең қабатқа қазылған №1 скважина 1243-1261 метр аралықтарынан тәулігіне 365 текше метр мұнай берді. Сөйтіп, Маңғыстаудың мұнайлы алқабын игеру майданы басталды.

Маңғыстау аймағын игеруге бүкіл еліміз ат салысты. Азербайжан мен Түрікменстаннан, Татария мен Башқұртстаннан, Украина мен Россияның сан алуан облыстарынан тәжірибелі мұнайшылар мен бұрғышылар, құрылысшылар келді, жастар лек-легімен ағылды.

Көп болып қаумалап қолға алған іс жемісті де болды. Бұрын су жоқ, тіршілік белгісі жоқ деп жан басуға сескенетін Өзенде бас-аяғы екі жылдың ішінде 20 мыңға жуық халық

тұратын жаңа поселке пайда болды. Халықтың тұрмыстық-мәдени қажетін өтейтін құрылыстар салынды. Мұнайшыларды және өндіріс орындарын сумен қамту мәселесі де біржолата шешілді. Сауысқан құмынан табылған ауыз су Өзенге жеткізілді. Шевченко-Өзен су құбыры жүргізіліп, теңіз суын тұшытатын станция салынды. Барлаушылар Түйесу құмынан да үлкен тұщы судың көзін тапты.

СССР Министрлер Советі Маңғыстауды комплекст түрде игеру жөнінде арнаулы қаулы қабылдады. Бұл мақсатқа 11 миллиард сом мөлшерінде қаржы қаралды. Оның жартысынан астамы құрылыс-монтаж жұмысына, қалғаны тұрғын үй, мәдени-тұрмыстық объектілер салуға жұмсалады. Өзен поселкесі осы бесжылдықтың аяғында 70 мың халқы бар қалаға айналады. Мұнайшылар астанасы Шевченко қаласы мен Өзенде 400 мың шаршы метр тұрғын үй салынады.

Ембі мен Маңғыстау мұнайшылары партия мен үкіметтің аталық қамқорлығына іскерлікпен жауап беруде. 1966 жылы мұнайшылар елімізге 3100 мың тонна, оның ішінде Маңғыстау бойынша 1400 мың тонна мұнай берді. 200 мың метр тереңдік бұрғыланып, жүздеген скважина қатарға қосылды. Жаңадан Жетібай, Кеңкияқ мұнай алаңдары пайдалануға берілді.

Ембі өңірі мен мұнайлы Маңғыстауды игеруге белсене ат салысқан, ұзақ жылдар бойы осы салада жемісті жұмыс істеген геолог-барлаушыларды, ғалымдарды атап өткеніміз жөн. Әсіресе, олардың ішінде СССР Жоғарғы Советінің депутаты, Қазақстан мұнай бірлестігінің бастығы С.Өтебаев, экономика ғылымдарының докторы, профессор Т.Шәукенбаев, «Эмбанефть» комбинатының бастығы, Лениндік сыйлықтың лауреаты Х.Досмұхамбетов, Батыс Қазақстан геология басқармасының бас геологы, Лениндік сыйлықтың лауреаты Н.Имашев, Қазақ ССР Жоғарғы

Советінің депутаты, Қазақстан мұнай бірлестігі бастығының орынбасары Ж.Таңқыбаев, Қазақстан мұнай бірлестігі бастығының орынбасары С.Нұржанов, Гурьев қалалық партия комитетінің бірінші секретары Е.Тасқынбаев, Қазақстан мұнай-геофизика тресінің бастығы, республикаға еңбегі сіңген геолог Р.Сағындықов, Лениндік сыйлықтың лауреаты Х.Өзбекқалиев, геология-минерология ғылымдарының кандидаттары С.Шақабаев, Т.Жұмағалиев, М.Маташев, М.Диаров сияқты инженер мамандар елеулі еңбек сіңірді.

Мұның барлығы партияның XXIII съезінің тарихи шешімдерін, бесжылдықтың аяғында республикамыз бойынша мұнай өндіруді 15-18 миллион тоннаға жеткізу міндетін орындау жолындағы істеліп жатқан жұмыстың бастамасы ғана. Мұнайшылар өткен жылы жоспардан тыс 100 мың тонна мұнай береміз деп міндеттенген еді. Сол серттерінен айнымай шықты.

Партия мен үкімет Ембі мен Маңғыстау мұнайшыларының еңбегін әрдайым жоғары бағалап келеді. Мыңдаған мұнайшы еліміздің ордендерімен, медальдарымен наградталды. Бірнеше мұнайшыға республикамыздың еңбек сіңірген геологы және мұнайшысы деген құрметті атақтар берілді. Жетібай мен Өзен кен орындарын ашуға белсене қатысқан бір топ геологтар мен барлаушыларға Лениндік сыйлықтың лауреаты атағы берілді. Маңғыстау мұнай-газ барлау тресі Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. Халық шаруашылығын өркендетіп, мәдениетті дамытқаны және мұнайлы алаңды игергені үшін Гурьев облысы ең жоғарғы награда-Ленин орденімен наградталды. Мұның бәрі Октябрь революциясы жеңісінің салтанаты. Коммунистік партия мен Совет үкіметінің халыққа беріп отырған жемісі, жарқын болашақ-Коммунизмнің бүгінгі көрінісі.

Ұлы көшке ұлы еңбек лайық! Еліміздің Коммунизмге

шеру тартып бара жатқан ұлы сапарында Ембі мен
Маңғыстау мұнайының арнасы ағытылды, енді оған тоқтам
жоқ. Селдей түс, мұнай тасқыны!

1968 жыл.

Жайықтың жағасында бір қала бар...

Өткен жылдың күзінде туысқан Украинадан, Тарас елінен
ақын Платон Воронько, жазушы Василь Козаченко,
драматург Микола Заридный және бір топ өнер иелері келді.
Бұрын атын сырттай естігенмен көрмеген, топырағына
алғаш аяқ басқан адамның келген жерінің тарихымен, өткен-
кеткендегісімен танысу, білмекке құмарту ежелден келе
жатқан әдеті емес пе? Украиндық қонақтар да аяқ басқан
сайын мынау не деген жер, ана жерде бұрын не болған деген
сауалдарды жиі-жиі қойып отырды. Білгенімізше жауап
беріп келеміз. Бірақ, олардың сауалы таусылар емес...

Жайықпен сырлассаң...

Жайық бойымен серуендеп келеміз. Жол бойы тартымда
ау салып, қайырып жатқан балықшыларға кездесіп, кей
жерде тоқтап жүздесіп, дидактасып, әңгіме шертеміз. Күн
шағырмақ, жел жоқ, Жайық айдындай жарқырап, қонақтар
жайлы қыдырып, тынықсын дегендей бәз қалпын бұзбастан
тыныш ағып жатыр. Жайыққа тамсана тамашалай қарап
отырған Платон:

- Шіркін, Жайық тек ақындар мекен ететін жер екен,
Жайық бойында өлең жазып, ән салмаған жан болмас,-деп
жанындағы жолдастарына бұрылды.

- Оның рас, Жайық бойынан сөз маржанын тізілткен талай
майталман ақындар да өткен, жезтаңдай шешендер де өткен,

елім деп еңіреген батырлар да өткен, қазір де ақынға тапшы емеспіз, алды астанамыз Алматыда жыр жазса, кейінгі буындар Жайық жағасында балаң жырларын жазып жүр, - дедік біз.

- Кәні, кәні кімдер бар, кімдер өтті, Жайық жөнінде қандай жырлар жазылды?-деп Платон құмарта түсті.

- Өткенді білмек, болашаққа көз салмақ болсақ, алдымен тарихқа үңілеміз, сар тап болып көнерген шежіре беттерін ашамыз. Ал, біздің шежіреміз алыста емес, жақында. Ол мына жарқырап жатқан Ақ Жайық! Ерке Жайық! Тілден жыр боп төгілген Жайық, көңілден күй боп шалқыған Жайық! Жайық бойында жылдар бойы шерткенде таусылмас телегей теңіз тарих бар, тыңдаған сайын сусындап, сарқылмас сыр бар, аңсаған арманның, үзілмес үміттің, мұнды махаббаттың шері бар, адам қаны жосадай боп аққан жойқын жорықтың ізі бар,-деп жас ақынымыз Меңдекеш Сатыбалдиев сөзге араласты, -Жайық бізден де шешен, шежіре, тілдесе кетсең аңызын айтады, сырын төгеді, алдымен сол Жайықтың өзімен тілдесіп, өзімен сырласайық.

Жұрт Жайыққа құлақ түріп, тына қалды, Жайық тіл бітіп сайрай жөнелді:

- Кім өтпеді менің бойымнан, кім сусындамады жарқырап жатқан айдынымнан,- деді Ақ Жайық. —Жанға жайлы қоныс іздеп, арман қуып Асанқайғы өтті. Жүрген жолы қан сасып, құмырсқадай қаптаған қалың қолымен хан Бати өтті өрт жайлатып бұл өңірді. Тотыдайын таранған, сұңқардайын сыланған, ақ марал ару қыз Жібек пен жігіттің жайсаң жампозы Төлеген арман құшағында кетті. Хан ордасын қақыратып, алмасын қанға суарып әрі батыр, әрі би Сырым өтті бұл аймақтан. Халқы үшін құрбан болсам деп, беліне садақ байланып, астана жұртын айналған, қасарысқан жауына көбік жұтқызған, ердің соңы Исатай бармағын тістеп ол да өтті. Елім деп еңіреп, жауына қарсы оғы мен жырын қосарлап қардай боратып, жалынды батыр, жауынгер ақын

Махамбет кетті қайрауын таппай кетіліп. Қайғы мен қасіретін, қайраты мен жігерін домбырадан күй ғып төгіп Құрманғазы өтті дүбірлетіп бұл даланы. Мұхит шырқап әнге қосты осынау жатқан ұшан-теңіз саланы. Махамбеттен қалған мұраны жырына ұран етіп, мұнды Мұрат кетті.

Мен шерлі жыр мен күңіренген күйдің ғана мекені емеспін, шат-шадыман жыр мен сүйкімді сырдың да куәсімін. Ардагер азамат, ақын Сәкен мен Ильястың, Сәбит пен Тайырдың, Әбу мен Қажымның, Қасым мен Абдолланың, Хамит пен Жұбанның сан алуан дастандары мен толғауларына, Хамза мен Ғабдолдың құшақ-құшақ туындыларын арқау болғанмын.

Мені тек қазақ ақындары қызықтап, тамашалап жырлаған жоқ. Осы өңірде айтылмай жатқан аңыз, жырланбай жатқан қойма бар деп орыстың да абзал перзенттері келді. Белгілі ғалым В.Даль келіп қазақ өмірінен әңгімелер жазды. А.С.Пушкин келіп шығармасына нәр тапты, В.Короленко келіп, қазақтың салт-дәстүрімен танысты, Украинаның ұлы Кобзары Тарас бір тал шыбығымды алып, Маңғыстаудың ен даласына барып екті. Ол бұл күнде самал жел саябаққа айналды. Л.Толстой келіп менімен мұндасты, қымызымды ішіп, дертінен айықты. Қазір Михаил Шолохов келіп жағамда дем алады, аң аулайды, сусындап шөлін басады, еркіндеп жатып әлемге әйгілі еңбегін жазады.

Жайық сырын қонақтар ұя тыңдады, таусылар емес, тыңдаған сайын құмартып, құлақтарын тіге түседі.

- Мұндай шежірені тыңдағанда жыр бұлағы қалай аршылмас, қалай жырламассың, қалайша ақын болмассың, өлең жазбассың, ән салмассың, күй төкпессің,- деді Платон.

- Жайық қазаққа ғана мұндас болып қойған жоқ, елі үшін белі қайысқан, қабырғасы сөгілген басқа елдерге де құшағын жайған,- дедік біз.

- Степан Разин мен Емельян Пугачев Жайықта жатып күш жинады, қажымас қайрат, мұқалмас жігер алды. Қызыл туын

алаулатып, ақ алмасын жарқылдатып, арғымағын ойнатып ер Чапай жортты Жайық бойында. Абайсызда мерт болған есіл ер пәк сүйегін анасындай аймалаған Ақ Жайыққа табыс етті...

Міне, осы Жайықтың Атырауға құяр саласында бір қала бар. Ол-«көрінген сонадайдан Гурьевім» деп әншілер әндеткен, бір кезде Үйшік атанған, қазір сәнді де сәулетті мекен болып отырған, орденді облыстың орталығы кәдімгі өзіміздің Гурьев!

Музейде...

Жайық сырына құмартқан жанның тағы бір білмек жәйті бар. Қала қай ғасырдан бері жасап келеді, бұл араға қалай орнаған? Міне, Василь Козаченко осыны білгісі келеді. Біз естіген-білгенімізді топшылап айтқанмен дәл басып, анығына қанық болу үшін ертеңіне өлкетану музейіне келдік.

«Гурьев- ертеден келе жатқан кәрі құлақты, көне қала», - деп бастады әңгімесін музей қызметкері. «Алғашқы кірпіші 1640 жылы қаланды. Оны қалаған, осы араға тұңғыш табан тіреген Михаил Гурьев деген балықшы купец. Оған дейін қаланың қазіргі орны құлан жортпас қу адыр дегендей, тұяқ тиместен жатқан. Жайық бойын жайлаған сол кездегі қазақтар бақасы қойдай шулаған, балығы тайдай тулаған ерке өзеннің өзін білген де, бойында жатқан байлығын білмеген, балығын аулап, кәсіп етуді ойламаған. Орыс патшалығының кәсіпкер дүниеқоңыз купецтері келіп, ең байлыққа күрп ете түскен, бірте-бірте қонысқа айналдырған. Патшаға жаққан қылығы үшін 1679 жылы осы жер ғұмыр бақи мекендеп, кәсіп ету үшін Гурьев әулетіне басыбайлы берілген. Жергілікті халық бұл мекенді, алғашқы шағын күркешіктерді Үйшік деп атаған.

Үйшік содан ұлғая келе патша үкіметінің қамалына, жергілікті халықтың әрекетін бақылау бекінісіне айналды.

1668 жылы патша әскерінен шегінген Степан Разин осында келіп қыстады. Өзіне қарсы жіберілген патша әскерін тас талқан етті. Көктем түсе, мұз ери Астраханьға аттанды.

1752 жылы патша қаланы Жайық казактары әскерінің қарамағына беріп, қамалды бекіте түсті. 1865 жылы уездік қала болды.

Россиядағы ұлы дүмпулер, бостандық жолындағы ұран-үндер кеш те болса осы аймаққа да жетіп, шарпуын тигізіп жатты. Күрестің де күресі бар дегендей, 1917 жылғы февраль революциясының дабылы лезде жетіп, «алақай, патша құлапты, құдай тілегімізді беріпті!» деген хабар сол сәтте қыр қазақтарына да келді. Сол жылы 9 майда алғашқы Совдеп құрылды, председателдігіне ұсташы В.Тяжев, секретарлығына мұғалім И.Червяков сайланды. Жергілікті халық арасында Советтерді жақтаған үгіт жұмыстары күшейді. Ұлы Октябрь революциясының жеңісі жаңа өмірдің сәулесін әкелді.

Алғашқы жылдарда жаңа аяқ басып келе жатқан жас Совет үкіметінің сыртқы жаулары жағадан алғанда, ішкі дұшпан етекке қол салды. Еліміз бен қаһарман Қызыл Армияны Ембі мұнайынан айырғысы келіп әрекеттенді. Қалада астыртын жау топтары бас көтерді. Оны ақ гвардияшыл генерал Толстов бастаған армия қолпаштап, қолтығына су бүрікті. Сөйтіп, 1918 жылдың басында ақ бандалар аяқ астынан Гурьев Совдепін талқандап, мүшелерін тұтқынға алды. Қала ақтардың қолына көшіп, еліміздің орталығынан аулақтанып қалды, озбырлық пен зомбылық өктемдік етті. Сол жылғы 9 июльде ақ бандалар Гурьев Совдепінің қолға түскен мүшелері А.Лоскутов, Н.Внуков, Г.Николаев, И.Катков, А.Евсеев, Н.Якубович, С.Курдюков, И.Лысяков жолдастарды және басқа ардагер ерлерді халықтан жасырып, теңіз тамағына-Пешной аралына апарып, азаптап атып өлтірді. Бұлар кейін туысқандар зиратына жерленді, ол қалалық парктің ортасында, басына

ескерткіш орнатылды, барып көрулеріңізге болады.

Бірақ халық бұл озбырлыққа көнбей қарсы күрес жүргізді. Көсеміміз В.И.Ленин Қызыл Армияның алдына Гурьевті ақтардан тез азат етіп, Ембі мұнайын еліміздің мұқтажына жарату міндетін қойды. Көсем тапсырмасы мүлтіксіз іске асты. 1920 жылы 5 январь күні таңда азамат соғысының ардагер батыры В.И.Чапаевтың даңқты 25-дивизиясы қаланы ақтардан біржолата тазартты. Қала үстіне Советтік Қызыл ту қадалды. Бұл күнді халық «Жайық таңы» деп атады.

Асқан асулар

Бүгінгі күннің төрінен өткенімізге көз салсақ, талай-талай асулардан асыппыз, бел-белеске көтеріліппіз, қиыншылықты да көп көріппіз, бірақ мойымаппыз, төбемізден күн, астымыздан сыз, арқамыздан жел өтсе де қабақ шытпай, жетіле беріппіз, шым болаттай шындала түсіппіз. Бұғанамыз бекіп, қабырғамыз қатып, толысқан үстіне толыға беріппіз.

Асқан асуларымызды атасақ, алдымен азамат соғысы еске түседі. Халқымыздың жұмсаған қайраты, төккен қаны тегін кетпеді. Бейбіт өмір қайта орнады. Бірақ, соғысқа шалдыққан елді бірден аяғынан тік бастырып кету оңайға түспеді. Өзегі жараланған өмірге қайта жан беріп, бүлінген шаруашылықты қалпына келтіріп, көлігі туарылған көшті ілгері тарту керек болды. Партия мен үкімет халықты социалистік өмір сүру жолындағы күреске шақырды. Бұл күреске Гурьев еңбекшілері де бір кісідей үн қатты.

Қала халқы өзінің шағын шаруашылығын қолға алып, түзете бастады. Қолда барды қадірлей білді, тырнақтап жинап, кәдеге асырды. Темірін мыс, мысын алтын орнына жұмсады. Қала өмірі тұла бойына қан жүгіріп, жандана бастады.

1920 жылдың февраль айында уездік партия комитетінің

ұйымдастыру бюросы жұмысқа кірісті. Мартта уездік бірінші партия конференциясы өтіп, партия комитеті құрылды. Сол күндерде шағын коммунистер тобынан ұйымдасқан уездік комитеттің есебінде тұратын мүшелердің саны біртіндеп өсіп, 1926 жылы 505 адамға жетті. Оның ішінде 218 қазақ болды, 46 әйелдің 6-уы қазақ әйелдері еді. Сол алғашқы шағын ұядан қазір мындаған коммунисті бар қалалық комитетке айналып отыр.

Әкелер салған жолмен, ағалар айтқан ұранмен жастар да өз қаласының өміріне белсене араласа бастады. Бұл жастардың да басын құрап, біріктіру қажет болды. Сөйтіп, апрель айында уездік комсомол ұйымы құрылды. Алғашқы кезде оның есебінде 95, оның ішінде 30 қазақ жастары болды. 1928 жылы комсомолец-жастардың саны 1600-ге жетті. Қазіргі қала комсомолдарының алғашқы адымы осылай басталып, осылай дамып өсті.

Уездің өмірін жандандыру тек қалада ғана жүріп қойған жоқ, ауыл-аймақтарда да жүріп жатты. Бір кездегі қараңғы қазақ ауылдарында жұмыс істеу оңайға түспеді. Партия ұйымы ауыл-ауылға үгітшілер жіберді, Совет үкіметінің саясатын түсіндірді, ауыл адамдарын социализм орнату жолындағы күреске шақырды. Мұндай жұмыстарды жүргізу үшін уездік партия комитеті жанынан әдейі қазақ бөлімі құрылды. Бұл бөлім өзіне жүктелген міндетті адал атқарды. Бүкіл ауыл-аймақ советтік тұрмыс орнатуға лек-легімен ағылды, топ-тобымен аттанды.

Халықтың қолына қалам беріп, көзін ашу күн тәртібіндегі кезек күттірмейтін міндет болды. Бүкіл ел болып оқуға бет бұрды. 1925 жылы жеті саяси сауат ашу мектебі жұмыс істеді, оның үшеуі қазақша оқытты.

Қала еңбекшілерінің өмірінде 1926 жылғы 19 декабрьде үлкен жаңалық болды. Бұрын автомобиль, паровоз дегенді білмек түгіл көрмеген, сырттай «шайтан арба», «қара айғыр» болады дегенді естіп жүрген елге тұңғыш теміржол келді.

Гурьев пен Доссордың арасында жаяулап-жалпылап апталап жүретін ел енді бірнеше сағатта дік етіп жететін болды. Бұған деген елдің қуанышында шек болмады.

Жылдар зулап өтіп жатты. Ел ен дәулетке, сән-сәулетке кенелді. Қалада фабрика-завод салынды, ауылда колхоз-совхоз құрылды, дала мыңғырған малға толды, жайқалып егін өсті. Көлігіміз ат арба, не түйе шана емес, автомобиль, пароход, поезд, самолет болды, көкте қыран құстай самғап ұштық, жерде желдей жүйткідік, суда балықтай жүздік. Социализм орнатып болып, көштің басын тура коммунизмге бұрдық.

...Кенет тыныштық бұзылды. Аспаннан нұр орнына бомба жауды, жерде автомашина орнына ажал оғын сепкен танкілер жортты. Ұлы Отан соғысы басталды. Елдің бас көтерген ер азаматы Отан намысын қорғау үшін қан майданға аттанды. Елде әке орнына бала, аға орнына іні қалды, оларға аналары, апа-қарындастары қолғабыс етті. Бар тілек, бар күш елдің тыныштығын бұзған жауды жоюға жұмсалды. Майданға қару-жарақ, оқ-дәрімен бірге азық-түлік, киім-кешек жіберілді. Елім деп ері алысса, ерім деп елі еміренді. Сөйтіп, майдан мен тыл бірігіп кетті.

Бұл кездегі қала халқының майданға көрсеткен көмегінің өзі жылдар бойы таусылмас жыр болды. Қасарысқан дұшпанға қанды көбік жұтқызып, ерлер елге оралды. Жылаған көзден жас тиылды, сыңғырлаған күлкі қайта естілді. Жеңіс тойы тойланды. Қазір қарап отырсаң, оған да 20 жылдан асып кетіпті.

Соғыс салған жара да жазылды, ел өзінің коммунизмге барар сара жолына қайта түсті. Кешегіден бүгінгіміз, бүгінгімізден ертеңгіміз жарқырап, жайнай берді. Жердің бетін былай қойып, космосқа жол салдық, Айға вымпель қондырып, «Интернационалды» көк күмбезінен жырлаттық. Осы жеңістің ішінде қала еңбекшілерінің де үлесі барлығына кім күмәнданып, кім шүбәланады?! Ондайларға айтар

жауабымыз жалғыз-қара дейміз, облыстың туындағы жарқыраған көсем бейнелі орденге!

Міне, сол жылдардан бері көз жазбай қарап отырсақ, қаламыз күн санап көркейіп, гүлдене түсуде, жыл санап жаңара түсуде. Ол бір кездегі шет елдегі мешеу уездік қаладан мұнайы теңіздей толқып аққан, балығы тайдай тулаған, малы жайлауға сыймаған, мәдениеті мәнденіп өркен жайған орденді облыстың орталығы болып отыр.

Гурьевтің әп дегеннен көзге түсер бір ерекшелігі сол, өндірісті қала. Қазір мұнда еліміздегі ірі кәсіпорындардың бірі-мұнай өңдеу заводы, Петровский атындағы машина жасау заводы, автомобиль жөндеу заводы, стандартсыз құрал-жабдықтар заводы, мебель жөндеу комбинаты, өнеркәсіп орындары комбинаты, ет комбинаты, сүт заводы, сыра заводы, тігін фабрикасы, нан-кондитер тағамдары бірлестігі сияқты бірнеше кәсіпорындар жұмыс істеп, халықтың керек-жарақ мұқтажын өтеуде. Бұл кәсіпорындар басқа жылдарды айтпағанның өзінде, өткен жеті жылдың қорытындысында полиэтилен бұйымдарын есептемегенде жоспардан тыс 3693 мың сомның өнімін шығарды. Бұл Отанымыздың қоймасына, халық қазанына құйылған ырыс. Биылғы мерекелі жылдың өткен сегіз айында ие болған табыстарымыз өз алдына бір төбе.

Өткен жеті жылдық қала өмірінде өзіндік із қалдырды. Гурьев аудандық ТЭЦ-нің бірінші кезегі, Жайықтағы жаңа көпір, темір бетон бұйымдар заводы, еліміздегі алып құрылыстардың бірі-химия заводының бірінші кезегі тағы басқалар қатарға қосылып, бой түзеді. Гурьев-Астрахань теміржолының құрылысы басталып, биыл ұлы мерекеге біткелі отыр. Бұл өз алдына бір қуаныш.

Қаланың мәдени өмірі өз алдына бөлек бір әңгіме. Революцияға дейін екі мектебі, үш шіркеуі, екі мешіті болса қазір педагогика институты, химия институты, геология және геофизика ғылыми-зерттеу институты, политехникум,

ауылшаруашылық техникумы, медицина училищесі, Құрманғазы атындағы музыка мектебі, бес кәсіптік-техникалық училище бар. Бұларда бірнеше ғылым докторлары мен кандидаттары жұмыс істеп, жас маман кадрлар тәрбиелеп шығаруда. 22 орта, орталау, бастауыш мектептерде 20 мыңға тарта бала оқиды.

Халықтың демалып, тынығатын, спорт ойындарымен әуестенетін орындары да баршылық. Облысаралық қазақ драма театры, мемлекеттік филармония, бір халық театры, мұнайшылардың ән-би ансамблі, мұнайшылар, құрылысшылар, теміржолшылар, мұнай айдаушылар және өңдеушілер клубтары, бірнеше кинотеатр жұмыс істейді. Бес көпшілік кітапханасы, 24 мектеп және балалар кітапханасы, 29 кәсіподақтық және ведомстволық кітапхана халық игілігіне жұмсалуда. Балдырғандар ондаған балалар бақшасы мен яслилерде алаңсыз ойнап өсуде. Емделу орындарына да халық дән риза.

Болар болашақ

Аттанар алдында қонақтар Жайық бойында өткізген күндеріне дән риза болғандықтарын білдірді, бүгінгісіне қуанып, ертеңгісіне игі тілектерін айтты. Микола Зарудный «енді бір айналып келгенде Гурьев қандай болады?» деп сұрады.

Қаланың бүгінгісінен ертеңгі болашағы зор. Өндірісі бұдан да әрі өркендеп, мәдениеті мәуелі бәйтеректей жапырақ жайып гүлдене бермек. Қала кәсіпорындары 1965 жылмен салыстырғанда бесжылдықтың аяғында жалпы өнім шығаруды 2,8 есе арттырады. Химия заводының құрылысы тәмамдалмақ, мұнай өңдеу заводы кеңейтілмек. Машина жасау ісінде жалпы өнім шығару төрт еседен асып түспек. ТЭЦ электр қуатын өндіруді 925 миллион-киловатқа жеткізеді. Тамақ өнеркәсіп орындарының жалпы өнімі

шамамен 27,2 миллион сомға барады. Жылына 35 мың шаршы метр тұрғын үй салатын құрылыс комбинаты қатарға қосылады. Күрделі құрылысқа жұмсалатын қаржының мөлшері 166 миллион сом болады. 160 мың шаршы метр тұрғын үй салынады, ұзындығы 28 километр су құбыры, 29 километр канализация жүйесі жүргізіледі.

Халыққа тұрмыстық қызмет ету ісі кең құлаш жаяды, оның мөлшері 1462 мың сом болады. Мемлекеттік сауда орындарының товар айналымы 72420 мың сомға жетеді. Қоғамдық тамақтану орындарының сауда айналымы 1965 жылмен салыстырғанда 36 процент артады, ірі сауда орталығы салынады.

Мәдени-ағарту ошақтарының саны бүгінгіден елде қайта көбейеді. Телевидение тұрғызылады. Сөйтіп, қала халқы көп кешікпей үйде отырып, көгілдір экраннан түрлі кино қарап қызықтайды, елімізде болып жатқан жаңалықтарды сол сәтінде көретін болады. Ондаған мектеп, бірнеше кинотеатр, драма театрының жаңа үйі салынады, үш жастар кафесі ашылады, комсомол паркі өсіріледі, спорттың неше алуан сан саңлақтары мен әуесқойлары айналысатын бес спорт залы, екі жаңа стадион қатарға қосылады. Ұлы Октябрьдің 50 жылдық торқалы тойына сәйкес қалада Совет үкіметін орнатуға белсене қатысқан, азамат соғысы мен Ұлы Отан соғысында ерекше ерлік көрсеткен ардагерлерге арналып ескерткіштер орнатылады.

Ұлы Октябрьдің 50 жылдығына әзірлік нұр үстіне нұр себуде. Мерекелік тартулар көбейген үстіне молая түсуде. Облысымыздың ең жоғарғы үкімет наградасы-Ленин орденімен наградталуы қала еңбекшілерін тағы бір қуанышқа бөлеп, көңілдерін көтеріп тастады.

Жайнай түс, жарқырай түс, Жайық бойындағы жарқын қала, орденді облыстың орталығы, талай жыр мен күйге арқау болған Гүрьев!

1967 жыл.

Абай сөзі Атырауға қашан жетті?

Осы сауал оқырмандарды селт еткізуі мүмкін. Ия, біз Атыраулықтар, Абай есімін қашан естідік, өлеңдерін қай уақыттан бері білеміз? Осыған жауап іздеп көрелік.

1911 жылы атақты заңгер Бақытжан Қаратаев, кіші жүзді билеген Нұралы ханның немелтайы, 1890 жылы Санкт-Петербургте императорлық университеттің заң факультетін алтын медальмен бітіріп, жоғарғы Сенатта заң жобаларын жасайтын комиссия құрамында жұмысқа қалдырылған, кадет партиясы атынан Мемлекеттік екінші думаға сайланып, дума мінбесінен Ресей патшалығының отарлау саясатына қарсы үн қатқан, 1915 жылы кадет партиясынан үміт үзіп, большевиктер партиясына мүше болған, 1920 жылы Лениннен мандат алып, алғашқы қазақ республикасын құрушылардың бірі болған, аса көрнекті қоғам қайраткері, революционер-демократ Бақытжан Қаратаев елін, халқын ояту, сауаттандыру мақсатында екі тілде-қазақ, орыс тілдерінде газет шығармақшы болып, қаржы жинау мәселесін қолға алды. Алдымен сол кездегі атақты ақын Шәңгерей Бөкеевке барады. Ақын Бақытжанның ойын қолдап, сол бойда мың сом береді. Ол кезде бір қой бір сом екен. Жер-жердегі зиялы азаматтарға арнайы хат жазып, көмек сұрайды. Петербургте өзімен бірге оқыған Жетісулық Барлыбек Сырттанов мың сом, Қазан университетін бітіріп, Гурьев уезінің бас мал дәрігері болып істеп жүрген Атыраулық Ғұбаш Бердиев 500 сом жібереді. Осылайша қаржы жинаған Бақытжан Астрахань қаласына барып, сол кезде жер ауып жүрген большевиктер С.Шаумянмен, Н.Наримановпен әдейі кездесіп, Азербайжандағы достарына хат жаздырып, Бақудың баспаханаларынан араб әріптерін алдырады. Қазақ тіліндегі редакторлыққа атақты ақын Ғұмар Қарашевті, орыс тіліндегі редакторлыққа Қазанда

оқытушылар семинариясын бітіріп, Астраханьда мұғалім болып істеп жүрген Елеусіз Бюринді белгілейді. Сөйтіп, 1911 жылы 16-наурызда Орда қаласында «Қазақстан» деп аталатын газеттің алғашқы саны дүниеге келеді. Ол күнде қазақтың өзі «киргиз» аталып жүргенде Қазақстан атауын алғаш рет дүниеге алып келу үшін үлкен көрегендік, көзсіз батылдық еді. Қазақтың бір кезде Қазақстан деп аталатын дербес мемлекет болатынын Бақытжан Қаратаев сол кездің өзінде білген, газетті солай деп атаған. Мұны асқан көрегендік емес деп кім айта алады?

Газеттің сол алғашқы санында Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге» деген өлеңі жарияланған. Газетті шығарушылар бұл өлеңді Абайдың 1909 жылы Петербургте шыққан кітабынан алған. Ол кезде тиражы шағын мұндай кітап Ш.Бөкеев, Б.Қаратаев, Ғ.Қарашев сияқты көзі ашық, қолы ұзын азаматтар болмаса, басқалардың қолына түсе бермейді.

Газетті шығарушы азаматтар Батыс аймағында әріде өткен Асанқайғыны, Шалкиізді, берідегі Махамбетті, Кердері Әубәкірді, Мұратты, олардың өлеңдерін білмеді емес, білді. Бірақ, заман ағымына орай халықты парасаттылыққа тәрбиелеуде Абайдың өзге өлеңдерінен гөрі осы өлеңін лайық деп тапқан. Мұны да көрегендік емес деп кім айта алады? Сөзіміз деректі болу үшін қазақ баспасөзінің тарихын алғаш зерттеуші ғалым Х.Бекхожиннің 1964 жылы шыққан «Қазақ баспасөзінің даму жолдары» деген кітабына жүгінейік. Сол кітаптың 84-85 беттерінде былай деп жазылған: «Қазақстан» газетінде ақын жазушылардың шығармалары және қазақ әдебиеті туралы мақалалар басылып тұрды. Мысалы, «Әдебиет таңы» деген мақалада мынадай қызықты пікір айтылады: Россия ішінде әр болыстарда таралып жатқан қазақ халқы бір жерге ақыры қосыла алмай жүрген заманды артымызға тастап, енді матбұғат (баспасөз) арқылы сөйлесіп, пікірді майданға салып, итінфактың астына жиналып, бір тілекте болса ғана

жұрт қатарына қосыла алады. Ел билеген (басқарған) азамат, ғылым жолындағы талапкерлер әрқайсысы өз пайдасын ғана ойламай, халық мүддесін жоғары санаса, біз де тез заманда кім екенімізді жұртқа танытармыз» делінген. Мақала халықтың жайын, болашағын жырлайтын әдеби шығармалар газет пен журнал бетінде басылып шығуымен қатар жеке кітап болып шығарылса қазақ жастары әдебиет майданында көріне бастар деген үміт білдіріледі. «Әдебиет таңы» деген мақаланың қорытындысында:

Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң, арқалан.

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та, бар қалан,-деп Абай өсиеті жастарға ескертіледі, осындай шығармалар «халқымыздың көңіл сарайын ашып, сергітеді» деп қазақ жазба әдебиетінің таңы атты десек, алдымен осы ұлы ақынның есімін атауымыз керек деп атап көрсетіледі. Демек, сол кездің өзінде газет шығарушы азаматтар Абайды жазба әдебиеттің таңы, қазақтың ұлы ақыны деп елден ерте тани білген. Мұны көрегендік емес деп кім айта алады?

Газеттің сол алғашқы санында газетті шығаруға молырақ қаржы беріп көмектескен азаматтардың есімі жарияланып, алғыс айтылған. Газетті елге таныстыру, алға қарай жаздырып алу мақсаты көзделіп, сол азаматтарға газеттің алғашқы санының 20-25 данасы әдейі пакетпен жіберілген. Сондай пакеттің бірі Ғұбаш Бердиевке де жолданған. Демек, сол газетпен бірге Атырауға Абай сөзі де жеткен. Ғ.Бердиевтің сол кездегі Гурьев уезіндегі 17 қазақ болыстығына, Жайықтың жағалауын мекендеген орыс поселкелеріндегі қазақтарға бір-бірлеп таратқаны даусыз. Мүмкін Абай есімі, өлеңдері бұдан бұрын да жеткен болар. Біздің айтып отырғанымыз даусыз деректі ресми мәлімет.

1995 жыл.

Мектептегі жылдарым...

Бастауыш білімді ауылдық мектептерден алдым да, 1938 жылдың қыркүйек айынан 1942 жылдың маусым айына дейін қаладағы Жамбыл атындағы мектепте оқыдым. Бүгін есептеп отырсам, содан бері 60 жылдан астам уақыт өтіпті. Сол мектеп қабырғасында өткен балалық кездердің бірқатары бұл күнде ұмыт болыпты. Сондықтан шалашарпы есте қалғандарды екшеп-екшеп қана баяндаймын.

Мектеп тек қана білім ордасы емес, сонымен бірге тәлім-тәрбие ордасы да. Баланың мектепте ой-өрісі ғана жетіліп қоймайды, сонымен бірге ұстаздарына еліктеп, мінез-құлқы да, өмірге көзқарасы да өзгеріп қалыптасады, «не ексең, соны орасың» дегендей, нағыз шынайы өмірге жолдама алып шығады.

Мен оқыған жылдары мектеп директоры Қ.Тәжібаев болды. Қазақ тілінен Қ.Рысмағанбетов, орыс әдебиеті мен тілінен Х.Мұниянов, физика мен химиядан Байнашев, тарихтан Т.Иманов, қазақ әдебиетінен С.Хайдаров сабақ берді. Басқа ұстаздардан да білім, тәлім-тәрбие алдық, өкінішке орай олардың есімдері есімде қалмапты, одан бері талай жылдар өтті ғой, аруақтарынан кешірім сұраймын.

Бұл күндерде қалай екенін білмеймін, ол күндерде біздер ұстаздардан артық білімді, олардан асқан адамдар болмайтын болар, ондай адамдар болса олар неге бала оқытпайды, бұл дүниеде ұстаздар білмейтін нәрсе болмайтын шығар деп ойлайтынбыз, оларды ата-аналарымыздан да артық көріп сыйлайтынбыз, еліктейтінбіз, солардай болуға тырысатынбыз, бүгінгі тілмен айтқанда құдайдай табынатынбыз. Кейін білсек, олардың дені педучилище, әрі кеткенде Оралдағы екі жылдық мұғалімдер институтын бітіргендер екен. Бірақ, оқыту әдісін жете меңгерген, бала оқытып, тәрбиелеуден басқа мақсаты жоқ,

осы жолда мол тәжірибе жинақтаған жандар біздің көзімізге де, бала көңілімізге де солай ұялап қалған болатын.

Ол кезде мектепте ұстаздармен бірге шәкірттерге тәлім-тәрбие беретін пионер, комсомол ұйымдары болды. Адамның бала кезінде не көрсе, не естісе, соны көрмекке, білмекке құмарлық, әуестік мінезі болады ғой. Клубтарда, театрда мынадай кинолар мен ойындар болып жатыр дегенді естіп, соны көруге біздер де құмартатынбыз, бірақ олар кеште болады да, 16 жасқа жетпегендер жіберілмейтін болғандықтан бара алмаймыз, көре алмаймыз. Осыны білетін ұстаздар, пионер, комсомол ұйымдары демалыс күндері күндіз болатын ойындарға класс-класс болып топталып барып көруді ұйымдастырады, киноның билеті 10, театрдың билеті 20 тиын. Ол кезде балаларға «Чапаев», «Амангелді» сияқты революциялық-патриоттық, «Көңілді балалар маршы», «Волга-Волга» сияқты күлдіргі фильмдер көрсетіледі. Сол фильмдерде ойнайтын Б.Бабочкин, Е.Өмірзақов, Л.Утесов, Л.Орлова сияқты елге белгілі актерлердің есімін есімізге сақтап өстік. Киноларды қалалық парктің ішінде «Жұлдыз» кинотеатрына барып көретінбіз. Сол жылдарда құрылып, қалыптаса батаған, осы күнгі Махамбет атындағы театрдың сахнасынан «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» ойындарын көріп тамашаладық. Кейін сахна сәніне айналған Қ.Төлеков, О.Жақсыбаев, Ж.Ибрагимов сияқты актерлердің ойынын біздер сол кезде көргенбіз. Ол кезде театр осы күнгі Д.Нұрпейісова атындағы мәдениет сарайында болатын. Сол өнер орындарына мәз-мәйрам болып барып, күліп-ойнап қайтатынбыз. Біздің бала кезден өнерге деген түсінігіміз, көзқарасымыз осылай қалыптасқан.

Мектепте шәкірттерді ұлттық өнерге бейімдеп тәрбиелейтін үйірмелер, атап айтқанда, ән-би, домбыра, драма, сурет, әдебиет үйірмелері болды. Оларға сол өнерден кәдімгідей хабары бар ұстаздардың өздері жетекшілік етті,

театрдың әнші, биші, домбырашы артистері де көмектесті, әдебиет үйірмесін ұстазымыз, қазірде Алматыда тұратын зейнткер жазушы С.Хайдаровтың өзі басқарды. Сол кезде бірге оқығандардан Сәлім Тоқхожин, Сағидолла Нұржанов драма үйірмесіне қатысып, мектеп сахнасына қойылатын шағын пьесаларда ойнап жүрді. Ізни Нұрқасынов, Түсіп Бисекенов, Ешмұқан Әміров әдебиет үйірмесіне қатысты. Бұл үйірме айына екі рет «Әдебиет майданы» деп аталатын жар газетін шығарып тұрды, онда шәкірттердің өздері шығарған шағын өлеңдері жарияланып тұрды, оларды С.Хайдаров өңдеп, жөндеп, жас талапкерлерге ақыл-кеңесін беріп тұрды, мен газеттің редакторы болдым.

Сол кезде бірге оқығандардан Шахзада Ордиев, Ешмұқан Әміров, Сәлім Мыңбаев, Мәззәп Досмайыловтан басқалардың есімдерін ұмыттым. Біздермен қатар Үміт Лұқпанова, Мария Мүниянова, Бәтес Сарбалина, Әмина Тәжібаева, Гүлсім Түсібалиева деген қыздар оқыды.

Осылай жайрандап жүргенімізде 1941 жылы 22 маусымда Ұлы Отан соғысы басталды, әскер жасындағы азаматтар майданға аттанып жатты. Бұрынғы ойын-күлкі жоқ, үлкендердің де, жастардың да қабағы қатулы. Қыркүйек айында бұрынғы әдеттегідей мектепке оралдық, ұстаздарымыз да армияға алынып жатыр екен, сабақ бірде болса, бірде болмай қалады. Сөйтіп жүріп, 1942 жылдың жазында 8-класты бітірдік. Семья асырайтын әкелер, ағалар майданда. Оқуды әрі жалғастыру кім-кімге де қиын бола бастады. Сол кезде оқу жасындағылар үшін токарь, слесарь, электрик тағы басқа осы сияқты техникалық мамандық беретін ФЗО деген оқу орындары ашылды. Ол мектеп аз да болса стипендия беретін болғандықтан бірқатар жастар соған кетті. Мен ептеп жаза білгендіктен сол жылы желтоқсан айында облыстық «Социалистік құрылыс», бүгінгі «Атырау» газетінің редакциясына жұмысқа алындым.

Соғыс жылдарында өндірістен қол үзбей оқып, орта білім

алу үшін күндізгі мектептердің жанынан кешкі бөлімдер ашылды, мұнда тек ауыл, қала жастары емес, майданнан жаралы болып оралғандар да әрі жұмыс істеп, әрі бітіре алмай кеткен оқуларын жалғастырды. Осындай бөлім Жамбыл атындағы мектепте де ашылып, оған Қайыржан Рысмағамбетов ағайымыз жетекшілік етті. Толық орта білім алу мақсатында 1944 жылы Қайрекеңе келіп, ақыл сұрап, пікірлестім. Бұл менің қысқа хабарлар емес, көлемді мақала, фельетондар жазып, журналистік мамандыққа бейімделіп, оқырманға таныла бастаған кезім еді. Қайрекең менің пікірімді қуана қолдап, әрі ағалық, әрі ұстаздық қамқорлығын жасап, кешкі мектепті бітіруіме, аттестат алуыма көп көмегін тигізді. Сөйтіп, мен де Жамбыл мектебінің түлегі атандым. 1946 жылы жоғары оқу орнына түсіп, 1951 жылы журналистік мамандық алдым, жазушылық жолға түстім.

Атырау-алтын аймағым

Деректі фильм сценарийінің алғашқы нұсқасы

I

Диктор: Сіздер ерке Еділ мен жадыра Жайықтың аралығындағы Атырау ойпатын жағрапиядан жақсы білесіздер. Өткенді білмек, бүгінгіні көрмек, келесіге көз салмақ болсақ, алдымен тарихқа табынамыз, сар тап болып көнерген шежіре беттерін ашамыз. Біздің шежіреміз алыста емес, жанымызда, жақында. Ол-мына жарқырап жатқан Ақ Жайық!

Тілден жыр болып егілген, көңілден күй болып төгілген Жайық! Жайық бойында жылдар бойы шерткенде таусылмас телегей теңіз тарих бар, тыңдаған сайын сусындап, сарқылмас сыр бар. «Жайықтың бойы шаңды қиян» деп Мұрат айтқандай адам қаны жосадай аққан жойқын

жорықтың ізі бар. Кім өтпеді бұл жерден? Кім сусындамады арқырап аққан айдыннан?

Жүрген жолы қан сасып, құмырсқадай қаптаған қалың қолымен Бати өтті өрт жайлатып бұл өлкені.

Жанға жайлы қоныс іздеп, арман қуып Асанқайғы бабамыз өтті.

Жабағылы жас тайлақ

Жардай атан болған жер.

Жатып қалған бір тоқты

Жайылып мың қой болған жер.

Жарлысы мен байы тең

Жабысы мен тайы тең

Жары менен сайы тең

Ботташығы бұзаудай

Боз сазаны тоқтыдай

Балығы тайдай тулаған

Бақасы қойдай шулаған,- деп қайғы ойлап қарағай бойлы Қазтуған өтті.

Тотыдайын таранып, сұңқардайын сыланып, ақ марал ару Жібек пен жігіттің жайсаң жампозы Төлеген махаббат арманы құшағында кетті.

Хан ордасын қақыратып, алмасын қанға суарып, әрі батыр, әрі би Сырым өтті бұл аймақтан.

Халық үшін құрбан болсам деп, беліне садақ байланған, астана жұртын айналған, қасарысқан жауына қанды көбік жұтқызған ердің соңы Исатай бармағын тістеп ол да өтті.

Елім деп еңіреп, жауына қарсы оғы мен жырын, қосарлап қардай боратып, жалынды батыр, жауынгер ақын Махамбет өтті қайрауын таппай кетіліп.

Қайғы мен қасіретін, қайраты мен жігерін домбырадан күй ғып төгіп Құрманғазы өтті дүбірлетіп бұл даланы.

Махамбеттен қалған мұраны жырына арқау етіп

Еділдің бойы қанды қиян

Жайықтың бойы шанды қиян

Маңғыстаудың бойы майлы қиян
Адыра қалғыр үш қиян!
Үш қиянның ара бойынан
Жеті жұрт кетіп жол салған.
Жеті жұрттың кеткен жер,
Қайырсыз болған неткен жер?
Адыра қалғыр Ақ Жайық
Көпір салып өткен жер!
Тұлпар мініп ту алған
Дұшпанын көріп қуанған
Алмасын қанға суарған
Аруақты ерлердің
Абыройын төккен жер
Кесіп бұршақ еткен жер! -деп мұңды Мұрат өтті.

Жайық шерлі жыр мен күңіренген күйдің ғана мекені емес, шат-шадыман жыр мен сүйкімді сырдың да куәсі. Сәкен мен Ильястың, Сәбит пен Тайырдың, Қажым мен Қасымның, Хамит пен Жұбанның сан алуан дастандары мен толғауларына, Хамзаның құшақ-құшақ туындыларына арқау болды.

Дина қызы шалқыта күй төкті.

Жайықты тек өз ақындары ғана қызықтап, тамашалап жырлаған жоқ. Осы өңірде жазылмай жатқан аңыз, жырланбай жатқан сыр бар деп орыстың да абзал перзенттері келді.

Белгілі ғалым В.Даль келіп қазақ өмірінен әңгімелер жазды.

Н.Савичев келіп Исатай мен Құрманғазы жайында тарихи очерктерін кестеледі.

А.Пушкин келіп шығармаларына нәр алды.

В.Короленко келіп қазақтың салт-дәстүрімен танысты.

Украинаның ұлы Кобзары Т.Шевченко келіп бір тал шыбығын алып, Маңғыстаудың ен даласына алып барып

егіп, паркке айналдырды.

Жайық қазаққа ғана мұндас болып қойған жоқ, елі үшін белі қайысқан, қабырғасы сөгілген ерлерге де құшағын жайған.

С.Разин мен Е.Пугачев Жайықта жатып күш жинаған, қажымас қайрат, мұқалмас жігер алды.

Ақ алмасын жарқылдатып, арғымағын ойнатып ер Чапай жортты Жайық бойында. Абайсызда жазым болған есіл ер пәк сүйегін анасындай аймалаған Ақ Жайыққа табыс етті.

Атырау бойы-малды аймақ.

Атырау бойы-бал татыған балықты аймақ.

Атырау бойы-қара алтын, мұнайлы аймақ.

Атырау бойы-дәулетіне сәулеті сай, сәнді аймақ.

Лентада- Құрманғазы күйлерінің сарыны.

Облыс картасы, Атырау ойпаты.

Атырау болып құрылғаны жайлы указдың текстісі.

Атырау болып аталғаны жайлы указдың текстісі.

Ертеде өткен шайқастар мен жорықтардан көрініс.

Сырым, Исатай мерейтойларынан көрініс.

«Қыз Жібек» киносынан Жібек пен Төлегеннің көрінісі.

С.Разин, Е.Пугачев, А.Пушкин, Т.Шевченко, Н.Савичев суреттері.

«Чапаев» киносынан Чапаевтың Жайықта жүзіп бара жатқан көрінісі.

Далада жайылып жатқан мал.

Жайық пен Қиғаштан ауланып жатқан балық.

Мұнай мұнаралары.

Жүріп бара жатқан поезд.

Ұшып, қонып жатқан самолеттер.

Ақ Жайық.

Көрікті мекендер мен елдер.

II

Диктор: Мыңнан-мыңнан жылқы айдап
Жүзден-жүзден нар байлап
Дәулеті қалың біткен жер
Ақтылы қойды өрген жер.
Шалқыған дәулет мол бітіп
Қызығын жұртым көрген жер!-деп Мұрат
жырлағандай, Атырау-малды аймақ.

Өңкей ала шұбардан, жал-құйрығы шұбалған, қоғалы көлді жайлаған, қоғаның басын шайнаған, қуғандарға жеткізбей, қашқандарды қоймаған-жылқылы ауылға келсең ежелеріне еркелеп, бауырын иіскелеп, қулық атып құлдырап ойнаған құлындарды, құйрық-жалы жібектей төгілген тайлар мен құнандарды, омырауы есіктей, бұлшық еті бесіктей, сауырлары тақтайдай дөнендерді көресің. Қымызын ішіп қызара тоясың, жаныңа сая табасың, дертіңнен айығып, аунап-қунап тұрасың.

Балдай тәтті сүті бар, шағаладай құрты бар, биязы жүнді қойлар мен тықыр түкті ешкілер, буындары бұлтылдаған қоңыр қозылар, тастан-тасқа шығып, ойдан-ойға секірген, тұяғы тырсыл таппаған, шүңірек көзді лақтар да-осы қойнаудың құты.

Сәйгіл тисе мөңкіген, оқыра тисе жөңкіген, дауысы бар азандай, желіні бар қазандай, мүйізі бар жылтылдақ, буыны бар сыртылдақ сиыр да- осы өңірдің құты.

Өркештері баладай, мойын-саны шудалы түйелер мен ұзын сирақ аруана нарларды көріп, шипалы шұбатын ішкенде жұмақтың төрінде отырғандай боласың.

Тайсойған мен Бүйректі, атақты Нарын құмдарын, Ойыл, Қиыл, Жем, Сағыз салаларын жайлап жатқан малдан көз тұнады. Осы малды аймақтан кезінде «Передовик» Ленин орденімен, «Сүйіндік», «Коммунизм таңы» совхоздары «Құрмет белгісі» ордендерімен наградталды, атағы елге танылған жүздеген Социалистік Еңбек Ерлері шықты.

Лентада -Малды ауылдарды көрсету.

Бір шаруашылықтың өмірімен таныстыру.

Бір-екі малшыны түсіріп, сөйлету.

Атақты малшылардың суретін көрсету.

III

Диктор: Арғы ата-бабаларымыз бақасы қойдай шулаған, балығы тайдай тулаған Жайық пен Қиғаштың бойын жайлап мекендегенмен сорпасы бал татыған балығына құнықтамаған, тұнығын лайламаған, кәсіп көзі деп ойламаған. Орыс патшалығының кәсіпқор, дүниеқоңыз көпестері келіп, ең байлыққа күрп ете түскен, біртіндеп келіп, бірте-бірте қонысқа айналдырған. Балық аулайтын батағалар салынып, Жайық пен Қиғаш жағасында ірі кәсіпкерлер пайда болып, балығы оңды-солды кете берген.

Совет үкіметі тұсында балықшы колхоздар құрылып, Жайық пен Қиғаштың байлығы ел игілігіне айналды.

1933 жылы Жайық жағасында ірі балық консерві комбинаты салынды, Қиғашта Шортанбай балық заводы қатарға қосылды, бертін келе балық аулау, өңдеу кәсібімен арнайы айналысатын аудандар құрылды.

Ш.Әбішев, Ғ.Жұмаханов, Х.Өтегенов, Е.Жазықбаев, Ғ.Жүнісов сияқты балық өнеркәсібінің басшы-жетекшілері өсіп жетілді.

Ж.Сарбөпиев, А.Байжігітұба, Қ.Шәріпова сияқты балық өңдеуші мамандар қатары көбейді.

Лентада- Жайықта бір колхоздың балық аулауын көрсету.

Балық консерві комбинатының балық өңдеу, консерві жасау, уылдырық жасау процестерін көрсету.

Балық аулау бірлестігінің бас директорымен әңгімелесіп, балық аулау кәсібінің бүгінгі тынысы мен болашағы жайлы сөйлеттіру, не аудан әкімін сөйлеттіру.

Балық тұқымын өсіру қақында ихтиология институтының директорын сөйлету.

Мүмкін болса, қазақ кино қорынан балықшылардың ертедегі өмірінен түсірілген ленталар болса соларды пайдалану.

Атақты адамдар мен мамандардың суреттерін көрсету.

IV.

Диктор: Атыраудың алқабында, Жемнің қойнауында қара алтынның қанша тартса да таусылмас тұнбасы жатқанын ғалымдар әлім сақтан-ақ білген-ді. Бірақ, қолдың қысқалығы, жолдың ұзақтығы, елдің мешеулігі осы жерде қазына бар дегеннен әрі асырмады. Көмулі көмбе, жабулы қазан қол ұшы тиместен тұншығып жата берді.

Орыс география қоғамының мүшесі Н.Северцев 1857 жылы Жем өңірінде байқау жұмыстарын жүргізді, жердің асты емес, бетіне шығып жатқан мұнай көлшіктеріне кездесті. Енді бұл аймақта тұнып жатқан мұнай бұлағының барлығына ешқандай күдік қалмады. 1874 жылы Қаршүңгіл, Иманқара және Доссор төңірегін зерттеген тау-кен инженері Д.Кирпичников алдыңғы өткен ғалымдардың, экспедициялардың деректерін тайға таңба басқандай етіп дәлелдеп берді. Бірақ, судың тапшылығы, қатынастың қиындығы, ауа-райының қолайсыздығы мекен теуіп, оны игеруге мүмкіндік бермейді деген тоқтамға келді.

Дегенмен, дүниеқор, байлық көздеушілер табиғаттың қаталдығына қарамастан там-тұмдап келе бастады. 1892 жылы Доссор, Қарашүңгіл, Ескене төңірегі қол станокпен қазыла бастады. Жеті жылдан кейін Қарашүңгілде алғашқы мұнай тасқыны атылғанда орыс патшалығымен бірге шетел капиталистері де осылай қарай бет ала бастады, геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізді, иесіз жатқан ен байлыққа қолдарын мол салып қалуға қамданды. Асығып-

аптыққандары сондай, аз-ақ жылдың ішінде Жем аймағында сегіз ірі акционерлік қоғам құрылып, жанталаса жұмысқа кірісті.

1911 жылы Доссордан күшті мұнай тасқынының атқылауы Жемнің мұнайлы алқап екенін бүкіл әлемге паш етті, мұнан кейін Мақаттың төсі иіді, енді шетелдік кәсіп иелері топ-тобымен қаумалап, құмырсқаша шұбырып, лек-легімен келіп жатты. Тіпті, осы өңірден орын теуіп, атамекеніндей қоныстанып алды. Ен байлығын емін-еркін солқылдатып сорып жатты, онды-солды тонап жатты. Күн көру қамын көздегендер жұмыс іздеп осында келді, әсіресе көп келгендер осы төңіректе көшіп-қонып жүрген қазақтар болды. Сөйтіп, Ембіде қазақ жұмысшы табының алғашқы топтары дүниеге келді.

Жұмысшылардың халі өте ауыр болды, таңның атысы, күннің батысы жұмыстан бас көтере алмады, майды қауғалап қолмен тартты, ауа орнына май аралас шаң жұтты, бетінің терін маймен сүртіп, күлдікөмеш күйге түсті. Жұмыстан арып-ашып, демі құрып, шаршап-шалдығып келгенде жатар жері май сіңіп ыстанған, леп шығар тесігі жоқ, тынысы тар жер кепе болды, тұщы су жетпей тұзды сорды сусын етті. Қара дауылдай көтерілген қалың мұнайшы, орыс-қазағы аралас жұмысшы табы өндіріс қожалары мен иелерін қаңбақтай қағып тастап, Ембінің тізгінін тұңғыш рет өз қолдарына алды.

1930 жылы Ембі ауданында геологиялық-зерттеу жұмыстарын өрістетуге жөнінде әдейі шешім қабылданды. Мұнай өндірісін өркендетуге қосымша күрделі қаржы бөлінді, орталықтан маман кадрлар жіберілді, жергілікті кадрларды оқытып, мамандығын жетілдіру жөнінде шаралар белгіленді. Ә.Ильясов, Қ.Сариев, С.Қарымсақов, Ә.Сүлейменов, И.Долгов сияқты жастар Бакудегі өнеркәсіп академиясына жіберілді. Бұлар кейіннен Ембіде басшылық жұмыстарында істеді. С.Зорбаев, Б.Төлебаев, Халипа және

Хансұлтан Аухатовтар, А.Алдахов, А.Дөнешев, Е.Аманбердиев, А.Даярлиев, Т.Оразбаев, С.Юсупов сияқты практиктер өндірісті басқару ісіне араласты. Б.Досбаева, Н.Шағырова, Ж.Сегізалиева сияқты мұнайшы әйелдер шығып, ел құрметіне бөленді. Сөйтіп, қазақ арасынан маман кадрлар өсіп, қатары көбейе берді.

1931 жылы Байшонас, 1934 жылы Ескене, келесі жылы Қосшағыл, 1939 жылы Құлсары кәсіпшіліктері пайдалануға берілді. Мұнай техникумын алғаш бітірген жастар Ғ.Қожағұлов, В.Шаронов, О.Бердіғожин, Е.Тауманов, Ө.Балғымбаев, П.Думчев, А.Суворов, Қ.Наренбаев, Б.Жұмағалиева, Ж.Салиев, М.Көшкінбаев сияқты техник мамандар өндіріске келді. Сөйтіп, Ұлы Отан соғысы алдында Ембі кәсіпшіліктерінде мұнайдың жылдық өнімі 700-750 мың тоннаға жетті.

Ұлы Отан соғысы мұнайшылар үшін үлкен сын болды. Мұнайшылар мен бұрғышылар қолына қару алып, жауға аттанғанда олардың орнын басқан әйелдері, апалары мен қарындастары, ұлдары мен қыздары мұнай тасқынын тоқтатқан жоқ, қайта бұрынғыдан да селдете түсті. Мұнай майданға күндіз-түні тоқтаусыз жөнелтіліп жатты. Атақты ақын Асқар Тоқмағамбетовтың «Мұнай бер!» өлеңі жігерге жігер қосты. Соғыс жылдарында мұнай өндіру деңгейі соғысқа дейінгіден 30 процентке өсті, 4307 мың тонна мұнай өндірілді, бұл неміс фашистеріне атылған ажал оғы болды. Ескене кәсіпшілігіне ССРО Қорғаныс Комитетінің Қызыл Туы тапсырылап, ол мұнайшылардың қолында мәңгі сақтауға қалдырылды.

1948 жылы Қазақ ССР ғылым академиясының көшпелі сессиясы Ембінің оңтүстік-шығыс аудандарында мұнай және барлау жұмыстарының көлемін кеңейту жөнінде шаралар белгіледі.

1949 жылдары Қошқар, Тентексор, Мұнайлы, Қаратон, Төлес кен орындары ашылып, олардан мұнай алына бастады.

Тәжіғали, Таңатар, Прорва, Ембінің терістігінде Кеңқияқ, Құмсай, Еділ мен Жайық аралығынан Мартыший, Камышитовый кен орындары табылды. Ембі проблемасы біржолата шешілді.

Ембі өңірін игеруге ат салысып, ұзақ жылдар бойы осы салада жемісті жұмыс істеген инженерлерді, геолог-барлаушыларды, ғалымдарымызды атап өткен жөн. Әсіресе, олардың ішінде Р.Сағындықов, С.Өтебаев, Ж.Досмұхамбетов, Н.Имашев, М.Маташев, М.Диаров, Т.Жұмағалиев, С.Шақабаев сияқты ғалым-мамандар елеулі еңбек сіңірді. Олардың бірқатары Лениндік сыйлыққа ие болды, бірқатары кезінде еліміздің, республикамыздың Жоғарғы Советтеріне сайланды, түрлі атақтар алып, халық құрметіне бөленді. Енді бүгінгі Теңіз кен орнын игеру жөнінде ұлан ғайыр жұмыстар істеліп жатыр.

Достық, ұлттар достығы-халқымыздың бойына сіңген қасиеті, ата-бабадан қалған өнегелі өсиеттің бірі. Біз ары таза, көңілі ақ, ниеті пәк достықты тілейміз. Біз тіліне, дініне, түріне, нәсіліне қарамай, дос санап тілдесе береміз, үндесе береміз, қыз беріп, қыз алысып құда да боламыз. Біз шынымен дос боламыз деп келгендерді құшақ жайып қарсы аламыз, дәміміз де дайын. Күле кіріп күңірене шығатын, төрінді көріп, тәрбиенді тәлкек ететіндермен дос бола алмаймыз, ондайларға айтатын сөзіміз де басқа, көрсететін ісіміз де өзге.

Бүгінгі Теңіз кен орнында көріп отырғандарымыз соның айғағы.

Лентада- Мұнай мұнаралары.

Табылса, мұнайшылардың ертедегі өмірінен түсірілген ленталар мен суреттерді көрсету.

Доссордағы алғашқы мұнай атқан скважина.

Облыстық, Мақат, Ембі аудандық музейлерінде тұрған карт мұнайшылардың суреттері.

Ұлы Отан соғысы кезінде түсірілген ленталар болса,

соларды майданға мұнай алып бара жатқан пойызды көрсету.
«Мұнай бер!» өлеңінен үзінді оқу.

Музейдегі Ж.Досмұхамбетов, Н.Имашев тағы басқалардың стендалары.

Құлсарыдағы Теңіз кен орнына байланысты объектілерді түсіру.

Мұнай өнеркәсібінің бүгінгі тынысы мен болашағы жайында тиісті адамдармен сөйлесіп, интервью алу.

Шетелдіктермен достықты көрсететін сәттер.

V

Диктор: Қала халқының өмірінде 1926 жылғы 19 желтоқсанда үлкен жаңалық болды. Бұрын автомобиль, паровоз дегенді білмек түгіл көрмеген, сырттай «шайтан арба», «қара айғыр» болады дегенді естіп жүрген елге тұңғыш рет теміржол келді. Гурьев-Доссор теміржолы қатарға қосылды. Кейіннен Гурьев-Шевченко, Гурьев-Қоңырат теміржолдары кесілді.

Атырау қаласынан еліміздің көптеген қалаларына самолет ұшып жатады, келіп жатады.

Жайық өзенінен жаңа екі көпір салынды.

Лентада-Гурьев-Доссор, Гурьев-Астрахань, Гурьев-Шевченко, Гурьев-Қоңырат теміржолдары жайында сақталған ленталар мен суреттер болса, соларды пайдалану.

Келіп, кетіп жатқан пойыздарды, ұшып-қонып жатқан самолеттерді көрсету.

Аудандарға қатынасып жатқан автобустар.

Көпірдегі көріністер.

Аэровокзал мен теміржол, автобус вокзалдары.

Теміржол мен аэропорт басшыларын сөйлету.

Атақты теміржолшылар мен ұшқыштардың суреттерін көрсету.

VI

Жылдар зулап өтіп жатты. Кенет тыныштық бұзылды. Аспаннан нұр

орнына бомба жауды, жерде автомашина орнына ажал оғын сепкен танкілер жортты. Ұлы Отан соғысы басталды. Азаматтар майданға аттанды. Әке орнына бала, аға орнына іні қалды, оларға аналары, апа-қарындастары қолғабыс етті, халық ұйқыдан, күлкіден қалды. Бар тілек, бар күш жауды жоюға жұмсалды. Майданға қару-жарақ, оқ-дәрімен бірге азық-түлік, киім-кешек жіберілді. Елім деп ері алысса, ерім деп елі еміренді. Майдан мен тыл бірігіп кетті.

Қасарысқан жауына қанды көбік жұтқызып ерлер жеңіспен елге оралды. Жылаған көзден жас тиылды, сыңғырлаған күлкі қайта естілді. Жеңіс тойы тойланды. Соғыс салған жара да жазылды. Кешегіден бүгінгіміз, бүгінгіден ертеңіміз жарқырап, жайнай берді.

Ұлы Отан соғысында асқан ерлігі үшін Атырау түлектері Б.Нысанбаев, М.Баймұханов, Ф.Афанасьев, Г.Канцев, Қ.Смағұлов, И.Березин, И.Махорин, Мусаев Совет Одағының Батыры атағын алды, Қ.Смағұлов академик жазушы Ғ.Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» туындысына басты кейіпкер болып, бүкіл әлемге танылды. Ғ.Әліпов, Ғ.Шамин, Ш.Еркінов «Даңқ» орденінің толық иегері болды.

Лентада- Соғыс кезіндегі музыка.

Ұлы Отан соғысынан көрініс.

Тылдан көрініс.

Батырлар мен «Даңқ» ордені иелерінің суреттері.

Б.Нысанбаевтың музейі.

Қ.Смағұловты сөйлету.

Диктор: Атырау-Жайық-жыр арнасы. Бұл өңірдің жыр болып ағылып-төгілмеске, тау бұлағындай сарқырап құйылмасқа амалы жоқ. Өйткені, бұл топырақтың жыр арнасы сарқылып қалатын тайыздан емес, түпсіз тереңнен атып жатыр. Ол анау арғы жағы Асанқайғы, Қазтуған бабаларымыздан басталса, бер жағы Еділ үшін егескен, Қиғаш үшін қырылған, Жайық үшін жандасқан, теңдікті малды бермеген, теңсіздікке көнбеген Махамбеттің тілінен жалын боп атқан жыр алауында жатыр. Махамбет қасарысқан жауына қанды көбік жұтқызғанда жыры мен сЕмсерін қатар жұмсады. Найзасы тесіп өткен жерді сөзі кесіп өтті, қылышы ойып түскен жерді сөзі сойып түсті, семсері іліп түскен жерді тілі тіліп түсті. Сондықтан Атырау-Жайық бойында туған жыр жалындай жарқылдап, бірінен-бірі асып түсіп, асау түсіп, асау толқындай буырқанып жатады.

Махамбет аңсаған арманына жете алмай кетті, бірақ артында жай отындай жарқылдаған жыры қалды. Бұл тек жыр болып қалған жоқ, кейінгі ұрпаққа ақырып теңдік сұрарға ұран боп қалды.

Махамбеттің жыр бұлағынан сусындап Шынияз, Мұрат, Досжан, Ығылман, Досы келді, Насихат, Дәулетқали, Сұраубай, Құмар келді.

«Қайран, Жайық! Сенімен кім қоштасып, көздің жасын көл ғып төкпеді, кім қабырғасын бір-бірлеп сөкпеді. Сенің жағанда жайрандап өтсем деп едім өмірден. Ол тілегімді көпсінген ғой, сұм заман. Енді, міне, қол-аяғым байлаулы, тағдырдың тәлкегіне түсіп, амалып жоқ айдалып, итжеккенге кетіп барамын. Бірақ, күдер үзбеймін, қайтып келермін, құшағыңа қайта енермін, ежелгі жауыммен қайта шайқасып, қызығын сонда көрермін, әзірге қош, Жайығым!»-деп, туған елге сия алмай, Ақ Жайығын қия алмай бір азамат қарулы

солдат алдында кетіп бара жатыр. Бұл кім еді?.. Ол-абзал азамат, ақын Досы Тілегенов еді. Ол еліне сия алмай бара жатқан жоқ, ат төбеліндей азулылардың жазықсыз таққан жазасынан туған жерін қия алмай, күйіп кетіп барады. Досының есімін Атырау бойы жақсы біледі, оның өлеңдерін айтатын кәрі құлақ қарттар осы күнге дейін бар. Досы 1903 жылы Томскіге жер аударылды, Октябрь революциясы қарсаңында елге оралды. 1920 жылдан бастап мұнай кәсіпшілігінде, милиция органында жұмыс істеді, ақ бандаларға қарсы аянбай күресті. 1923 жылы Гурьев уездік атқару комитетінің мүшесі болып сайланды, 1924 жылы қайтыс болды.

Алдыңғы осы топқа тағы бір толқын, бұрынғыларға ұқсамайтын, мүлде жаңа толқын келіп қосылды. Олар-Әбу Сәрсенбаев, Ғабдол Сланов, Далабай Жазықбаев, Хамит Ерғалиев, Сембай Бердімұратов. Бұлардың ізін ала Берқайыр Аманшин, Зейнолла Қабдолов, Жүмекен Нәжімеденов, Сәтімжан Санбаев, Мағзом Сүндетов, Есенжол Домбаев, Мақсот Неталиев, Набиден Әбуталиев, Меңдекеш Сатыбалдиев, Аманқос Ершуов, Аманкелді Жылқышиев, Марат Отаралиев тағы басқалары келді.

Атырау-Жайықтың ұлдары ғана жырлап қойған жоқ, қыздары да жырлай білді. Өткен заманда, әйел от басы, ошақ қасының пендесі болып, мал орнына сатылған заманда, оның тар құрсауына қарамай жырлаған, тіпті ерлермен қатар тең айтысқа түскен ақын қыздары да болды. Олар-кешегі Тыныштық пен Жантолы болса, бүгінгі әлемге әйгілі дүлдүл ақын қызымыз Фариза Оңғарсынова.

Осы Атырау-Жайық жырларын, аңыздарын зерттеп жинаушылары да болды. Солардың басы Мақаш Бекмұхамедов. Ол 1830 жылы туып, 1904 жылы дүние салған. Орынбордағы кадет корпусын бітіріп, ел билеу ісіне араласқан. Ел аузынан жинаған ауыз әдебиеті үлгілерін, тарихи этнографиялық мақалаларын «Астраханьская

ведомость» газетінде жариялап тұрған. «Жақсы үгіт» деген кітабы 1908 жылы Қазанда, «Книга о калмыках и киргизах, кочующих в Астраханьской губернии» деген кітабы 1910 жылы Астраханьда басылып шыққан. Үш томдай қолжазба еңбегі қалған. Олар-Ленинградтағы Салтыков-Шедрин атындағы кітапханада, Москвадағы Ғылым Академиясының шығыс қолжазбалары қорында сақтаулы.

Теңіз ауданында бір шаруашылық Мақаш есімімен аталады.

Лентада- Махамбет суреті, кітаптары, зираты.

Мұрат зираты, Махамбет, Мұрат өлеңдерінен үзінді оқу.

Мүмкін болса «Махамбет» постановкасынан көрініс.

Досы Тілегеновтың Доссордағы ескерткіші.

Әбу Сәрсенбаевты, Хамит Ерғалиевты, Сембай Бердімұратовты, Фариза Оңғарсынованы өлеңдерін оқытып түсіру, туған жер туралы ойларын айттыру.

Ғабдол Слановтың мектебін, кітаптарын көрсету.

Мақаш Бекмұхамедовтың суреттерін, өз аулындағы шаруашылықтың сыртқы көрінісі.

VIII

Диктор: Атырау-күмбірлеген күйдің көшелі керуені.

Құрманғазы!..

Құрманғазы десек, құлағымызға күй әуені келеді. Күйін тартсақ, есімізге ең алдымен Құрманғазы түседі. Махамбет жауына қарсы жырын жұмсап, халқын жырымен жұбатса, Құрмағазы дұшпанын домбырасымен мұқатты, елін домбырасымен қуантты. Құрманғазы күйінде жортуыл-жорықтың үні, елім деп еңіреген ерлердің үні бар, қасірет шеккен халқының зары мен бостандыққа ұмтылған жігері бар, күрес серпіні мен дабылы бар.

Құрманғазы-күй мектебі. Оның күй ордасынан Сейтек, Дәулеткерей, Мәмен, Еспай, Есжан, Дина тағы басқа осылар

сияқты неше бір майталман күйшілер шықты. Дина апамыз Құрманғазы күйлерін бүгінгі заманымызға жеткізді. Халқының он саусағынан күй төгілген өнерпаз қызы халық артисі атанды.

Кейінгі ұрпақ күй атасының мұрасын одан әрі әкетті. Зәмзәм Есжанова, Тоқсанбай Құлтумиев, Сейілхан Хұсайынов, Бақыт Қарабалина, Әзидолла Есқалиев, Қаршыға Ахмедияров, Шәміл Әбілтаев, Шәмшіден Шәріпов тек өз елдеріне емес, шетелдіктерге де белгілі болды.

Атырау-Жайық топырағында Құрманғазы мұрасын ұстамаған, үйінде домбырасы жоқ семьяны кездестіре алмайсың. Қай үйге барсаң да, қабырғасында домбыра ілулі тұрады. Тіпті кейбір семьялар өз алдына шағын оркестр сияқты. Ата-анасынан бастап мектепке жаңа барып жүрген баласына дейін отыра қалып домбыра тартқанда аузыңды ашып қаласың. Осының бәрі- Құрманғазыдан қалған асыл, тозбас мұра.

Атырауда Құрманғазы атында, Дина атында, Бақыт Қарабалина атында музыка училищелері мен балалар мектептері бар. Жалпы облыста осындай арнаулы оқу орны бар. Өзінің дербес домбыра оркестрі жоқ ауданды, кәсіпшілікті, шаруашылықты таба алмайсың.

Құрманғазы өмірін жете зерттеп, Құрманғазы атындағы мемлекеттік халық аспаптары оркестрін алғаш құрып, жетекшілік еткен, дүние жүзіне танытқан Ахмет Жұбанов еді.

Лентада- Құрманғазының суреті.

Астрахань облысындағы зираты мен музейі.

Облыстық музейдегі құлпытасы.

Құрманғазы оркестрі, мүмкін болса, А.Жұбанов дирижерлық етіп тұрған сәті.

Динаның күй тартып отырған сәті.

Бақыт Қарабалинаның, Әзидолла Есқалиевтың, Қаршыға Ахмедияровтың, Шәміл Әбілтаевтың күй тартып отырған

сәттері.

Бір семьялы оркестрді көрсету.

Ахмет Жұбановтың суреті мен кітаптары.

IX

Диктор: Атырау-өркендеген өнер өлкесі. Бір кезде ақын-жырауларды, термешілерді, күйші домбырашыларды қызықтайтын халық бұл күнде театр деп аталатын сахна өнеріне қанықты, филармония деп аталатын өнер ордасында отыратын болды.

1938 жылы 9-мамырда осы күнгі Махамбет атындағы шын мәніндегі театр дүниеге келді. Оның алғашқы сахнасы Мұхтар Әуезовтың «Түнгі сарынымен» ашылды. Театрды ұйымдастырушылар бүгінгі халық артисі Қуат Төлеков, республикаға еңбегі сіңген артистер Оңай Жақсыбаев, Ысқақ Иманқұлов, Құрманғали Доғалақов, белгілі актерлер Тәжия Хасенов, Хамит Болатов, Жәмила Ибрагимова, Әбіл Қизатов тағы басқалар болды. Кейіннен театрға бүгінгі халық артистері Алма Ахметова, Зарипа Сүлейменова, Жұпар Манапова, республикаға еңбегі сіңген артистка Күнипа Иманғалиева, талантты актерлер Әбдір Теңелбаев, Әдият Айтқалиев, Ғинаят Үмбетов қосылды. Бұл күнде театрда республикаға еңбегі сіңген артистер Гүлнар Жақыпова, Серік Дүзбаев, Амантай Сұлтанғалиев, Қарақалпақ АССР-ның халық артисткасы Әдемі Ділханова істеп келеді.

Атыраудан атағы шартарапқа танылған халық артистері Ғайнижамал Хайруллина, Нұрмұхан Жантөрин, Ғафиз Есімов, Гүлнар Талпақова, республикаға еңбегі сіңген артист Мұхтар Бақтыгереев шығып, қазақ өнерін өркендетуге өрелі үлес қосты. Облыстық филармонияға Н.Жантөрин есімі берілді. Филармония жанында халыққа танымал бірнеше эстрадалық оркестр мен ансамбльдер бар, аудандарда халық театрлары жұмыс істейді.

Атырау бір кезде сауатсыз аймақ аталса, бұл күнде кітапханасыз ауыл, елді мекен жоқ деп айтуға болады. Қазір облыста жүзге жуық кітапхана бар.

1938 жылы облыстық өлкетану музейі ашылды. Мұның экспонаты жыл санап көбейіп келеді. Бес аудандық музей істейді.

Лентада- Махамбет атындағы театр мен музейі.

Қ.Төлековты не бір жас актерді сөйлету.

Г.Талпақованың биі.

Н.Жантөриннің кинодағы рольдерінен үзінді және музейдегі стендіні көрсету.

Филармонияның бір әншісіне ән салдыру.

Бір халық театрын көрсету.

Бір кітапхананы көрсету.

Облыстық музейдің ішін көрсету.

Бір аудандық музейді көрсету.

X

Диктор: Атырау-Жайық өңірінің байлығын зерттеушілердің бірі Г.С.Карелин «Гурьев-бұлдырсыз дала, меңіреу, әбден шегіне жеткен надандықтың мекені» деп жазған еді. Атырау бұл күнде ғылым мен білімнің орталығына айналды. Қазір облыста Қазақстан бөлімшесі, химия, мұнай, табиғи тұздар, геологиялық барлау, педагогика институттары, ондаған училищелер мен техникумдар, ғылыми-зерттеу орындары жұмыс істейді. Ондаған ғылым докторлары, жүздеген ғылым кандидаттары бар. Орта мектептің саны жүзден асады.

Жас ұрпаққа білім, тәлім-тәрбие беру ісіне белсене ат салысқан ұлағатты ұстаздардың, республикаға еңбегі сіңген мұғалім атағын алған А.Асылалиевтың, К.Нәубетовтың, Қ.Сирановтың, І.Шәкіліковтың, Д.Жоламановтың,

Д.Исабаевтың есімдерін ел мақтаныш сезіммен айтып отырады. Аса көрнекті ұстаздардың бірі Қ.Айтқалиев СССР халық мұғалімі атағына ие болды.

Атырау-Жайықта білім алғандар ішінен профессорлар Х.Досмұхамедов, академиктер С.Зиманов, З.Қабдолов, профессорлар С.Қарынбаев, Т.Амандосов, М.Әженов, академияның мүше-корреспонденті М.Диаров сияқты бірнеше ғалымдар шықты.

Лентада- Академия бөлімшесінің жетекшісі Ш.Айталиевпен интервью.

Бір училищенің, техникумның, орта мектептің оқу процесін көрсету.

Х.Досмұхамедовтың туған жерінен көрініс.

С.Зимановпен интервью, оның Атыраудың болашағы жөніндегі пікірі.

З.Қабдоловтың лекция оқып тұрған сәті.

М.Диаров жұмыс үстінде.

С.Қарынбаев пен Т.Амандосовтың суреттерін, кітаптарын көрсету.

Институт ректорымен интервью.

Ертеде өткен мұғалімдердің суреттерін көрсету.

XI

Диктор: Бір кезде халық басы ауырып, балтыры сыздаса бақсы-балгерлер мен молда-тәуіптерге табынатын еді. Октябрь революциясына дейін Гурьев қаласында 4 аурухана болды, олар да қарапайым халық емес, шенеунік-төрелерге арналған еді. Ал, ауылдық жерлер ондайды көрген де, білген де жоқ. Бүгінгі емдеу орындарына халық дән риза. Қазір облыста емхана, аурухана, дәрі-дәрмек орындары бар. Бұл өлкеде алғаш емдеу орындарын салып, дәрігерлік жүйені дамытуға Қ.Мәмеков, А.Сүндетов, А.Ысқақов,

Н.И.Фабриков, Н.И.Андреев, Е.А.Ливкина сияқты дәрігерлер айтып таусылмас үлес қосты. Социалистік Еңбек Ері М.Ғилаев, республикаға еңбегі сіңген дәрігер атағын алған Б.Бимағанов, В.И.Шишкина, Х.Жұмағалиев, А.Тоқсанбаева, Л.Дриль, Ғ.Жангереев сияқты дәрігерлер өздерінің шипалы қолдарымен халықтың алғысына бөленді.

Лентада- Қазақ кино қорында ертеде бақсы-балгерлердің ем жасау жайында ленталар болса соны пайдалану

Ертеде сақталған суреттер болса пайдалану.

Алғашқы дәрігерлер Қ.Мәмековтың, А.Сүндетовтың, А.Ысқақовтың, Н.И.Фабриковтың, Н.И.Андреевтың, Е.А.Ливкинаның, М.Ғилаевтың еңбегі сіңген дәрігер атағын алғандардың суреттерін көрсету.

Облыстық не бір аудандық аурухананың бүгінгі өмірін көрсетіп, бір-екі адамдар сөйлету.

Алдағы уақытта дәрігерлік қамту жағы қалай болатыны жайында облыстық денсаулық сақтау департаментінің басшысын сөйлету.

ХІІ

Диктор: Атыраудың айнасы, көрер көзі, сөйлер сөзі-«Прикаспийская коммуна» және «Атырау» газеттері.

«Прикаспийская коммуна» 1920 жылы март айынан бастап «Трудовая правда», 1924 жылдан 1933 жылға дейін «Рабочая правда» деген аттармен шығып, кейін «Прикаспийская коммуна» болып аталып шығып келеді.

«Атырау» газетінің алғашқы бастамасы-«Ерік» газеті 1923 жылы 1-сәуірде жарық көрді. Заман тынысына қарай «Жұмыскер тілі», «Ленин жолы», «Социалистік құрылыс», «Коммунистік еңбек» болып аталып келген газет 1990 жылғы 30-маусымнан «Атырау» аталды. Газет 1993 жылы өзінің 70 жылдық мерейтойын атап өтті.

Облыста сегіз аудандық және жеке кәсіпорындардың газеттері шығарылады.

Теледидар компаниясы жұмыс істейді.

Лентада- «Трудовая правда», «Ерік», «Рабочая правда», «Жұмыскер тілі». «Ленин жолы», «Прикаспийская коммуна», «Социалистік құрылыс», «Коммунистік еңбек», «Атырау» газеттерінің алғашқы номерлерін көрсету.

Алғашқы баспахананы көрсету.

«Атырау» газетінің Махамбетке және өзінің 70 жылдығына арналған мерекелік номерлері.

«Прикаспийская коммунаның» бір-екі номері.

Баспаханада газеттің басылып жатқан сәті.

Киоскілерды газеттердің сатылу сәті.

Теледидар компаниясынан көрініс.

ХІІІ

Диктор: Жайықтың Атырауға құяр сағасында бір қала бар. Ол-«Көрінген сонадайдан Гурьевім» деп әндеткен, бір кезде Үйшік атанған, қазірде сәнді де сәулетті мекен болып отырған өзіміздің Атырау қаласы.

Атырау-ертеден келе жатқан кәрі құлақты көне қала⁷

Алғашқы кірпіші 1640 жылы қаланды. Оған дейін қаланың қазіргі орны құлан жортпас құла адыр дегендей, тұяқ тиместен жатқан. Жайық пен Атыраудың бал татыған балығы мен уылдырығына құныққан орыс көпестері келіп мекенденіп, 1679 жылы патша осы жерді ғұмыр бақи мекендеп, кәсіп ету үшін Гурьев әулетіне басыбайлы берген, сонда Гурьев атанған. Жергілікті халық бұл мекенді, алғашқы шағын күркешіктерді Үйшік деп атап кеткен.

Гурьев 1865 жылы уездік қала болды.

1920 жылғы 5 қаңтарда азамат соғысының даңқты батыры В.И. Чапаевтың 25-дивизиясы қаланы ақ гвардеецтерден біржолата азат етті.

1938 жылы 15 қаңтарда облыс орталығы болды.

1992 жылы 21 ақпанда облыс-Атырау облысы, қала-Атырау қаласы атанды.

Атырау-өндірісті қала. Мұнда мұнай өңдеу заводы, механикалық завод сияқты ірі кәсіпорындармен қатар бірнеше өндірістік бірлестіктер, басқармалар мен трестер бар.

Атырау-ғылым мен білімнің, мәдениет пен өнердің орталығы. Мұнда орта мектептерді айтпағанның өзінде 13 училище мен техникум, бес кітапхана, бірнеше мәдениет ошақтары мен кинотеатр бар, бірнеше аурухана, емхана орындары жұмыс істейді.

Қалады бірнеше ұлттардың өкілдері жұмыс істейді.

Қала 1990 жылы өзінің 350 жылдығын тойлады.

Лентада- Қаланың бір кездегі ескі көрінісі. Қаланың бүгінгі көріністері. Бір ірі кәсіпорынның-заводтың бүгінгі өмірін көрсету.

Балшықпен емдеу санатории.

Салынып жатқан жаңа құрылыстар.

Пионерлер сарайы.


Бір кинотеатр мен клубты көрсету.

Ұлттар достығын көрсету-бір ірі кәсіпорын.

Соңғы Наурыз тойын көрсету.

Қаланың болашағы жөнінде қала әкімін сөйлету.

1993 жыл.



Сурет-мекіпе





Жұбайы Қатира Дүтбаева



*Рүстембек, Мұратбек, Қазыбек,
қарындасы Бақтылымен*



Жұбайы Қатирамен демалыс кезінде



Ағайындармен бірге



*Берік пен Қатира немерелері:
Аршат, Нұршат, Зейнурамен*



Балдызы Серго Дүтбаев, құдасы Қойлыбай



*Әке мен бала.
Мұратбек, Берік
Қорқытовтар*



*Немересі Рауан, келіні Ләззат,
нементайлар Алдияр мен Әмір*



Дәурен мен Дильбара атасымен



Қызы Марта, жиендері Дәурен мен Дильбара



Қалима Дүтбаева, Берік Қорқытов



Нементайлар Қатира мен Берік



*Марта, келіні Гүлжиган, немересі Алдияр, Мұратбек,
үлкен ұлы Қазыбек жәубайы Нұрсұлмен*



Жиені Мұрат Құсайынов, келіні Бақыт



*Рүстембектің
жұбайы
Гүлжиһан*

*Мұратбектің
жұбайы
Роза*

*Мұратбек
Қорқытов*



Баласы Рүстембек, келіні Гүлжиһан




Нементайлар Ғани және Қатира



*Немересі Арай, келіні Бибігүл,
нементайлар Диас пен Алдияр*



*Немерелері Аршат, Нұршат, Зейнура,
келіндері Гүлжан, Настя*



**Ең соңғы сурет.
Қызы-Марта, ұлы-Мұратбек**

II. КЕШЕГІМІЗ

Батыр туған колхоздың байлығы

Жылқылы жайлау жаймашуақ жадырап жатыр. Жер құтын емірене емген жылқыларға қарасаң көзің тоймайды, қарамасаң тағы болмайды. Өңкей ала шұбардан, жал-құйрығы шұбалған, қоғалы көлді жайлаған, қоғаның басын шайнаған, қуғандарға жеткізбей, қашқандарды қоймаған Қамбар ата баласы-жылқылардың жусай жайылуы, енелеріне еркелеп, бауырын иіскелеп, қулық атып, құлдырап ойнаған құлындардың асыр салып шабуы, құйрық-жалы жібектей төгілген тайлар мен құнандардың кісінеуі, омырауы есіктей, бұлшық еті бесіктей, сауырлары тақтайдай дөнендердің жарысы алыстан естілгенде бір әдемі сазды әуен шығады. Құла биенің жаңа туған құтыны қос құлағын қайшылап, екі көзін алма-кезек төңкеріп, аяғын тіктей басып ақ бөкендей секіріп ойнағанда Абайдың «Аттың сыны» деген өлеңі еріксіз еске оралады... Жылқылы ауылға қостас жатқан ай мүйізі шақпақтай, шүйделері шоқпақтай, тегене құйрық қошқарлы, аппақ қана сүті бар, шағаладай құрты бар Шопан ата баласына тағы толы. Жұп-жұмыр биязы жүнді қойлар, тықыр түкті ешкілер, буындары бұлтылдаған момақан қозылар, тастан-тасқа атып шығып, ойдан-ойға секірген, тұяғы тырсыл таппаған, шүңірек көзді бөпекеш лақтар осы қойнаудың сәні сияқты.

Сәйгел тисе мөңкіген, оқыра тисе жөңкіген, дауысы бар азандай, желіні бар қазандай, мүйізі бар жылтылдақ, буыны бар сыртылдақ Зеңгі баба баласы да, өркеші тау шынындай, мойны-саны шудалы түйелер мен ұзын сирақ аруана нарлар да өрелі өрістің көркін келтіріп-ақ тұр.

Басында тымағы, үстінде қалың күпісі бар, кең балақ шалбар киген, ат бауырына құрық сүйреткен, шоқша

сақалды, ат жақты, қыр мұрынды, дөңгелек қой көзді, кең жауырынды жылқышының қара қасқа атын қамшылар жағынан тебініп жіберіп, жайылып жатқан жылқыны мінер жағына қарай беттей беріп:

Жылқышы Себен деген менің атым,

Ежелден жылқы бағу-ата салтым.

Шапса озар, қуса жетер жылқы өсіріп,

Сонымен бұл әлемге шыққан даңқым,-деп салған әні, беліне тұсау байлап, оған қамшы қыстырған Тоқтардың:

Құйрықты, айыр тұяқ, бозғыл қойым,

Жұп-жұмыр домаланған сенің бойың.

Бірінді екі, жүзінді мың етем деп,

Өсіріп, көбейтуде менің ойым,-деп салған әні,

бақташының:

Баққаным бала күннен Зеңгібаба,

Сиырға атам солай берген баға.

Пайдаң көп еліме де, еріме де,

Сондықтан бағып-қағам зейін сала,-деп салған

әні, түйешінің:

Қазақтың қасиетті малы түйе,

Өйткені түйеде бар ырыс, кие.

Еті-бал, сүті-шұбат, қайраты мол

Өткен талай сындардан күнге күйе,-деп салған әні

жайма қоңыр дауыспен басталып, әлдеқайда алыстап, баяулап барып біткенде құлан иектеніп таң да белгі берді, бұл батыр туған «Теңдік» колхозының күнделікті тіршілігінің бір көрінісі еді.

Па, шіркін, Ақ Жайық! Малға жайлы ырысты қоныс емес пе? Осы жерді мекендегелі «Теңдік» колхозының төрт түлік малы тең өсіп, тең өскенде тел өсіп, шаруашылығы мұртын шалмастан шалкумен келеді. Әсіресе, Ұлы Отан соғысы басталғаннан бері мал басы қауырт көбейді. Биылғы жоспар сиырдан 102,6; қой-ешкіден 115,2; түйе мен жылқыдан 100 процент орындалды. Новобогаттықтардың үндеуіне жауап

ретінде алынған міндеттеменің орындалуы қой-ешкіден 105,5 процентке жетті. Өткен жылмен салыстырғанда биыл 1182 қой-ешкі, 152 сиыр, 10 түйе артық өсірілді. Осы малдардың есебінен 100 бас мал төлімен малсыз колхозшыларға берілді. Осыған орай озаттар қатары да көбейді. Себен Құтқожиев басқаратын жылқы фермасы биыл 35 құлынды артық алып, аман өсіріп, жылқының санын 212 басқа жеткізді, жылқышылардың алды қосымша еңбекақыға 5 құлыннан алатын болып отыр. Бақташы Құрманязов 83 бұзау өсіріп, еңбекақыға 2 сиыр алажақ болды. Сауыншы Шәденова сүт сауу жоспарын асыра орындады. Шопан Еспағамбетова Тоқтар биыл 269 төл алды. Колхоз малы қыстатуға сақадай-сай отыр.

Осы колхоздың майданға аттанған жігіттері де өздерін ерлер қатарында көрсете білді. Біздің мақтанышымызға айналып отырған Кеңестер Одағының батыры Қайырғали Смағұлов та осы колхоздың перзенті.

Міне, батыр туған колхоздың байлығы осындай.

1944 жыл.

Табиғатты да табындырамыз

Сіздер Еділ-Жайық аралығындағы Атырау ойпатын географиядан жақсы білесіздер. Бұл алқап бір кезде құлан жортпас құлазыған шөл дала болатын, қимылсыз мүлгіп жататын, қабағы ашылмайтын, қайырымсыз қатал болатын. Алыс жолға бет алған жолаушы арып-ашып, азып-тозып мұратына жете алмай, бір тамшы суға зар болып, өмірден өкінішпен өтетін. Халық қайырсыз қоныс деп зар еңірейтін. Бұл ертегі болған ертедегі тіршілік...

Жер бетіне желбіреп алғашқы Советтік қызыл ту қадалғанда-ақ бұл өңірдің келбеті адам танымастай болып өзгере бастады, бетеге шықпас беліне, тікенек шықпас төріне, қылқан шықпас қырына жасыл желекті көк шүйгін

шөп шықты, ну орманға, құтты қонысқа айналды, бойындағы бар ырысын табиғатты табындырушы Совет адамдарына аямастан төкті, өңірі толған егін болды, өрісі толған мал болды, колхозды ауыл сән-салтанатқа, ен дәулетке кенелді.

Бұл өңірдің болашағы бұдан да зор, келешегі көпті күттіреді, үлкен істен үміттендіреді. Еділдің суы еңдей жайылып, Жайықтың суы жағалай құятын болады. Ұлы Сталинград каналының үш тармағы Жайық-Бағырлай, Есбол және Қамыс-Самар каналдары осы алқаптың жерін жарып өтіп, Жайықпен жалғасады. Толыбай мен Тума құмдарын, Қаңбақты мен боз қамысты Боқсақтың бойын нуландырып, орман алқабын жасайды, қуаң далаға өң беріп жандандырады, өңірінде егін жайқалып, өрісінде төрт түлік мал түгелдей қаптап жайылатын болады. Қазіргі құмды, сортаңды жерлер ертең көк майса шабындыққа айналады. Өткен жылғы Камынин-Гогольск, бүгінгі Жанбай мен Сокол каналдары сол ертеңгі болашақтың алғашқы бастамалары, тұңғыш перзенттері.

Жем бойынан Аралтөбе су қоймасы салынып, мыңдаған гектар жер суландырылады. Бұл қоймадан канал жүргізіліп кәрі Каспийге қосылады. Үстірт пен Самның, Қайнар мен Алатаудың шөліркеп жатқан алқабына моншақтай сылдырап су жүгіреді. Ойыл, Қиыл, Жарыпшыққан, Сағыз өзендері де табиғатты табындырып, өлкеміздің өңірін өзгертудің қайнар бұлағына айналады.

Бүгін бізде көктем. Көктем соңында жадырап, жарқырап келер жазы бар. Ол жаз-Коммунизм! Қазір осы жаздың даңғыл сара жолымен үлкен ұлы көш шеру тартып келеді, ол көштің мақсаты анық, маңдайы ашық. Көш алдында данышпан көсем Сталин! Біз-осы көштің жасағымыз. Осы көшпен коммунизм төріне шығып, табиғатты табындырып, дегенімізге көндіреміз. Ол күн алыста емес, жақында, төбесі көрініп те тұр!

1952 жыл.

Бейбітшілік сәулеті

Әлемге әйгілі профессор Фредерик Жолио-Кюри өткен жылдың алғашқы аптасында «Правда» газетіне жолдаған хатында «1951 жыл бейбітшілік жылы болады, біз бұған сенеміз» деп жазған еді. Атақты ғалым, бейбітшілік лагерінің қажымас қайраткері Жолио-Кюридің бұд сенімі Совет Одағы бастаған бүкіл прогресшіл адамзаттың алып күшіне көрсеткен берік сенімі еді. Бейбітшілік, демократия және социализм лагерінің қуатты күші 1951 жылды бейбіт еңбекпен, өз лагерін күн санап нығайтумен, адам қанына жерік америка-ағылшын империалистерінің өлімге құштар әрекеттерін күйретумен аяқтап, бейбітшіліктің жаңа жылына қарышты қадам болды, ол жеңісті ұйымдастырушы, оған дем беруші, барлық адамзаттың асқан данышпан көсемі кеменгер Сталин болды. Сондықтанда бүкіл прогресшіл адам баласы Совет елін-бейбітшіліктің сәулеті, бейбітшіліктің тірегі, бейбітшіліктің қуатты қамалы деп атайды. Ал, кеменгер көсем Сталинді бейбітшіліктің берік туы деп мадақтап, арқа тұтады. Бұл сенімді совет халқы үлкен мақтаныш етеді. Бұл сенімге, бұл абырой-атаққа совет халқы өзінің бейбітшілік жолындағы кемелді күресімен адам баласын бостандыққа, сәнді салтанатқа. аңсаған арманына, көздеген мақсат-мұратына жеткізуге сіңірген игілікті еңбегімен ие болды. Бейбітшіліктің берік туы кеменгер көсем Сталиннің «Егер халықтар бейбітшілікті сақтау ісін өз қолына алып, оны ақырына дейін қорғайтын болса бейбітшілік сақталады да, нығаяды» деген қағидасы күн санап салтанат құруда.

Совет халқының ұлы мақсаты-адам баласының игілігіне жұмсалатын еңбек, соғысқұмар, қанға жерік жендеттердің арам ниетін күйретуге бағышталған еңбек. Совет халқы бұл ұлы мақсатын өзінің отыз бес жылға созылған тарихында

айнымастан жүзеге асырып, өз мұратына берік екендігін бүкіл әлемге әйгілеп келеді, бұған бүкіл прогресшіл адам баласының көзі жетті де. Совет Одағы олардың зор сеніміне бөленді. Сондықтан да бостандық сүйгіш барлық адам баласы совет халқына, оның еліне бейбітшілік жолындағы күресте зор сенім білдіріп, арқа сүйейді.

Бүкіл дүние жүзіне қанды шеңгелін салып, адам баласын қанға тұншықтырып, қырғынға ұшыратуға тырысқан гитлершіл фашизмді совет халқы, оның қарулы күші тасталқан етіп қиратып, күлін көкке ұшырды, сөйтіп, дүниежүзілік екінші соғысты тарихта теңдесі жоқ ұлы Жеңіспен аяқтады. Европаның фашизм құлдығында зар илеп, тепкі көріп, қансыраған халықтарын бостандыққа жеткізді. Совет халқы төрт жыл бойына жауға қарсы жұмсаған қуатты қаруын бейбіт еңбектің құралына ауыстырды, өзінің бойға сіңген дәстүрі, салты бойынша бейбіт құрылысқа кірісті. Бостандық сүйгіш адам баласының игі тілегін көздеп, бейбітшілік лагерінің коммунистік құрылысқа бағыт алған ұлы көшін басқарды, социализм жолына түскен халықтық демократия елдерінің жетекші күші болды. Совет Одағы бастаған бейбітшілік, демократия және социализм лагері ағылшын-американ империалистерінің жаңа соғыс өртін тұтандыруға тырысқан қанды шеңгелін қиратып, күн санап ұлғайып, сағат санап нығайып келеді. Өз өмірінің соңғы сағатына тақалған американ-ағылшын империалистері Кореяда, Вьетнамда және Малайяда жаңа соғыс өртін ашқанда Совет елі соғыстан кейінгі Сталиндік бесжылдықты абыроймен орындауға кірісіп, бұл міндетті адал ақтап шықты, еліміздің күш-қуаты артты, бейбітшілік лагерінің іргесі бекіді, коммунистік қоғамның алып құрылыстары басталды. Еліміздің ежелгі өзендері-Еділ мен Донда, жер жаннаты-Солтүстік Қырым мен Оңтүстік Украинада, Днепр мен Түркістанда ірі құрылыстар жүріп жатыр. Совет халқы өзінің

бұл орасан зор қарышты істерімен бүкіл прогресшіл адам баласы алдында өзінің бейбітшілік сәулеті екендігін тағы да көрсете білді. Кореяның, Вьетнам мен Малайяның ер жүрек жауынгер халықтарына жігерлендіруші дем берді. Совет халқының тілектестігіне, оның жемісті еңбегіне арқа сүйеген бұл ер халықтар жауларына күйрете соққы беріп, ірі жеңістерге ие болуда.

Совет халқының бейбітшілік жолындағы табанды күресі мен жалынды үні бүкіл әлемге барған сайын қуатты естілуде. Марк Твен мен Теодор Драйзердің елі-Америкада, Анри Барбюстің елі-Францияда, Адам Мицкевичтің елі-Польшада, Генрих Гейнениң елі-Германияда өткен конференцияларда, фестивальдар мен кеңестерде Совет елі өкілдерінің сөйлеген сөздері әлемге тарап жатты. Олардың сөзін өз құлағымен естуге құмартқан бостандық сүйгіш адам баласын қан сорғыш жендеттердің қанды қанжары тоқтата алмады, олар мойындарына қыл арқан төніп, өлім сағаты жақындап тұрса да совет өкілдерінің сөздерін жеткізіп жатқан радионы құлшына тыңдап, ол сөздер жарияланған газеттерді қойындарына тығып, ажалдан сескенбестен оқыды. Өйткені, олар Совет Одағы басқарып отырған бейбітшілік лагерінің қуатты күшіне сенді. Олар Совет Одағы, адамзаттың асқан данышпан көсемі Сталин бар жерде, бейбітшілік туралы жалынды сөздер айтылып, таралған жерде жеңіс бар деп сенді.

1952 жыл бейбітшілік лагерінің тарихында ұлы жеңістер жылы болады. Совет Одағы бастаған бейбітшіліктің, демократия мен социализмнің мызғымас лагері 1952 жылды да бейбітшілік жылы етіп аяқтайды. Бұған бүкіл прогресшіл адамзат баласының алып күші куә. Бейбітшілік жолындағы күрестің көрнекті қайраткері ретінде Сталиндік сыйлық алған, Корея халқының батыр қызы Пак Ден Ай Совет Одағы, оның мызғымас берік саясаты туралы былай деді: «Біз Совет елін, Совет халқын және оның кемеңгер көсемі

Сталинді шын жүректен сүйеміз. Совет Одағының кеменгер көсемі Сталин бастаған және жер жүзіндегі барлық алдыңғы қатарлы адамдар қолдап отырған бейбітшіл сыртқы саясаты жеңіп келе жатқандығын және жеңіп шығатынын біз білеміз.

Бұл бейбітшіліктің сәулеті-Совет Одағына бүкіл прогресшіл адам баласы атынан көрсетілген зор сенім.

1952 жыл.

Жас өмір

Комсомол промыселының өмірінен Бұдан он жыл бұрын

Нармонданақ бұдан он жыл бұрын елге онша таныс емес өңірдің бірі болатын. Жаңа мұнай көзін іздеген барлаушылардан басқа адам көп кездеспейтін.

Совет армиясының Гитлер басқыншыларына қарсы майдандағы жеңістерімен жігерленген Ембі мұнайшылары майдандағы сол жеңісті тылдағы қажырлы еңбекпен шыңдап, ұлы жеңіс сағатын тездету жолында жанқиярлықпен жұмыс істеп жатты. Ембі мұнайын елімізге еселеп береміз, ол үшін жаңа мұнай көздерін ашамыз деп көсеміміз Сталинге серт берді. Осы серт үстінде Ембіде 1943 жылғы 7-апрельде елеулі оқиға болды. Нармонданақ разведкасы қатарға қосылды. Бір кездердегі құмды дала, сусыз өңір, елсіз аймақ мұнайшылардың көрікті қаласына айнала бастады. Картада бұл поселканы көрсететін белгі пайда болды. Жас промыселдің өмірі оны ескі атымен емес, жаңаша атауды керек етті, оған Комсомол промыселы деген ат қойылды, сөйтіп, жаңа промыселда жас өмір гүлдене түсті. Міне, содан бері он жылдай уақыт өтті...

Қарт мұнайшылар промыселдың ашылу тарихын осылай әңгімелейді.

Мұнайшылар кварталында

Осы аз жылдың ішінде промысел адам танымастай болып өзгерді. Бұрын барлаушылар ғана келіп –кететін екі-үш жатаған шағын үйдің орнына стандартты үйлер, жаңа мектеп пен аурухана, балалар яслиі салынды. Қазір промыселда отыз екі корпус бар, оларда жүздеген мұнайшылар тұрады.

Осы корпусстардың бірінен жақында аға оператор Нұрдәулет Бекбосыновқа үй берілді. Нұрекең ескі үйден жаңа пәтерге көшіп, қоныстанып жатқанда жұмыстас жолдастары мен көршілері жаңа қоныс құтты болсын айтып, құттықтап жатты.

- Үй қалай, Нұреке, ұнай ма?-деді жолдасының бірі.

- Неге ұнамасын, бар тілегенің табылады, электр шамы жағулы, асты-үсті тақтай, есік-терезесі сырлаулы, бөлмелері әрі кең, әрі жайлы, мұнан артық атаңның басы керек пе?-деп Нұрекең де әзілдей жауап қатты.

Бұл күні Нұрдәулет жолдастары мен көршілерін шақырып қоныс жуу кешін өткізді. Бақытты тұрмысқа жеткізген Коммунист партиясы, Совет үкіметі үшін, кемеңгер көсеміміз Сталин үшін тостылар көтерілді.

Бір семьяның бюджеті

Мұнайшылардың өмірі күн санап жақсарып, кешегіден бүгіні, бүгінгіден ертеңі қызғылықты өтуде, олар тапшылық дегенді білмейді. Мұнайшылар бақытты өмір еңбекте деп біледі, еңбек-өмірдің жемісі деп түсінеді. Еңбекті сүйіп істегендер еңбекақыны көп табуда. Олардың еңбекақысы ішіп-жеуіне де, киінуіне де, үйге керекті бұйымдарды сатып

алуына да мол жетеді. Айлық еңбекақысы екі мың сомнан айналмайтын мұнайшы кемде-кем. Солардың бірі-Өтеп Тоқсанбаев. Оның семьясында алты адам бар, өткен жылы бұл семьяның жылдық бюджеті 22 705 сомға жетті.

-Біздің семьяның бюджеті менің айлық еңбекақым, өзімізге мол жетеді,-дейді Өтеп. Бес балам бар, Сапан -5-класта, Мақыш-2-класта оқиды, қалғандары жас, тамағымыз тоқ, көйлегіміз көк, дүкеннен қалаған затымызды ала аламыз, ешуақытта ақшадан тарығып көрген емеспіз, тарықпаймыз да, ондай күн біздің өмірімізде кездеспейді, кездесуі мүмкін емес.

22 705. Бұл бір ғана семьяның жылдық бюджеті. Барлық семьялардың да бюджеті осындай, асып түспесе кем түспейді. Сталиндік алтын заңның аясындағы әрбір совет семьясының бюджеті осындай. Жеке меншігіне машина, мотоцикл, велосипед, радиоқабылдағыш сатып алғандар да бар. Бұл коммунистік қоғам нышандарының совет семьясының тұрмысына күн санап кең көлемде ене бастағандығын көрсетеді.

Атақты адамдар

Бізде еңбек-абырой әперетін, даңқ шығаратын, ер атандыратын іс. Кемеңгер көсеміміз Сталиннің қолымен жазылған алтын Заң совет адамдарына басқа праволарымен бірге еңбек етуді, барлық білімі мен күш-жігерін Отан жолына жұмсауды өзінің азаматтық міндеті, ардақты борышы деп біледі.

Біздің елімізде еңбек жоғары бағаланып, сүйсіне мадақталады. Үкімет сыйлығына ие болып, құрметке бөленген мұнайшылар бұл промыселда да көп кездеседі, олардың төсінде ордендер мен медальдар жарқырайды, оларды промысел коллективі мақтан тұтады. Ленин орденді мұнайшылар-мұнай өндіру цехының бастығы Нәзен

Бермағанбетов, скважина жабдықтарын жөндеу мастери Ғали Меликеев, ключник Әбіш Қалабаев, оператор Әмір Жоламанов, «Еңбек Қызыл ту» орденді Дүйіш Иманқұлов пен Сәду Әубәкіров тек қана промыселға емес, бүкіл Ембіге белгілі атақты адамдар.

Жалпыға мәлім, біздің елімізде еңбек адамдары мемлекет есебінен әлеуметтік қауіпсіздендіру бойынша жәрдем, әлеуметтік қамсыздандыру бойынша пенсия алады. Көп жылғы қажырлы еңбегі үшін пенсия алатындарды да осы промыселдан кездестіруге болады. Мәселен, қарт мұнайшы Әмір Жоламанов айына 548 сом, Әбілғажы Сарғожиев 650 сом пенсия алады. Олар өздерінің қарттығына қарамастан өндірістен әлі де қол үзбей, бойындағы күші мен тәжірибесін Отан игілігіне жұмсауда, жас мұнайшыларды тәрбиелеуде.

Совет адамдары санаторийлерге, демалыс үйлеріне, курорттарға тегін немесе арзан бағамен путевка алып, жалақысы сақтаулы тұрып, демалуға право-лы. Өткен жылы промыселдың 46 мұнайшысы еліміздің курорттары мен санаторийлерінде, демалыс үйлерінде болып тынықты, денсаулықтарын жақсартты. Бермағанбетов-Кисловодскіге, Қонысбаев-Ессентукиге, Қайбалдиев-Одессаға барып, тегін путевкамен дем алды.

Промыселдың интеллегенциясы

Жас промыселдың жаңа интеллегенциясы да өсіп жетілді. Қазір мұнда жоғары және арнаулы орта білімді 13 инженер-геолог, 10 оқытушы, бірнеше дәрігер жұмыс істейді. Олар өздерінің білімдерін халық игілігіне жұмсауда. Әсіресе, қазақ жастарының арасынан шыққан интеллегенция қатары көбейіп келеді. Бұл Ленин-Сталин партиясының ұлт саясаты жеңісінің жемісі. Инженер Бәйтекова, техник Дүйсебаев пен Мақашев, геолог Бәжбенов пен Төрәлиев, оқытушы Тасымбаева мен Есмұрзина және тағы басқалары өздерінің

ғылым ордаларынан алған білімдерін мұнай өнеркәсібін өркендетуге жұмсауда. Олар сонымен бірге еңбекшілер арасында саяси-тәрбие жұмысын жүргізуге белсене араласып, халықты коммунистік рухта тәрбиелеу, адам санасындағы капитализмнің қалдықтарын жою жолында күрес жүргізіп, баяндамалар мен лекциялар оқып тұрады.

Жеті жылдық мектепте 163 оқушы бар, биыл оны 28 оқушы бітіріп шығады. Бұлар промысел интеллегенциясының болашақ жаңа тобы. Ондаған мұнайшылардың балалары Москвада, Ленинградта, Алматыда, еліміздің тағы басқа қалаларында оқып жатыр.

Кітапханада 20 мың сомның 2363 кітабы бар. Олардың ішінде ұлы көсемдеріміз Ленин мен Сталиннің томдары, орыстың ұлы жазушылары мен ақындары Пушкин мен Лермонтовтың, Некрасов пен Толстойдың, Чехов пен Горькийдің, совет жазушылары Шолохов пен Фадеевтың, Тихонов пен Симоновтың, қазақ ақын-жазушыларының, Жамбылдың шығармалары бар, кітапхананың 182 тұрақты оқушысы бар.

Мұнайшылар осы кітаптарды оқып, өздерінің жалпы және саяси білім дәрежелерін көтеруде. Техник Валентин Норицын-кітапты көп оқитын жастардың бірі. Ол өткен жылы 56 кітап оқып шықты. Ол кітаптардың ішінде Ленин мен Сталиннің шығармалары, Чеховтың, Сарафимовичтың, Кербабаяевтың романдары мен очерктері бар, Екатерина Варламова өткен жылы М.Горькийдің «Фома Гордеев», Ғ.Мұстафиннің «Миллионер» романдарын, тағы басқа саяси-көркем әдебиеттерді, небәрі 56 кітап оқыды. Серік Буданов Вяткиннің «Сырым батыр», Шолоховтың «Тынық Дон», С.Мұқановтың «Сырдария», Макаренконның «Ұстаздық дастан» кітаптарын оқып шықты.

Клубта кино болып болып тұрады, көркемөнер үйірмелерінің күшімен ойын-сауық кештері өтеді, мұнайшылар өздерінің жұмыстан бос уақыттарын осында өткізеді.

Бүкілхалықтық бірінші кандидат

Бүгін халық клубқа әдеттегіден көп жиналды. Бұл жиынның басқа жиналыстардан ерекшелігі де бар сияқты. Клубқа жастармен қатар үйде жылы төсекте отырған қариялар да келіп жатыр. Шынында бұл жиналыс әдеттегіден бөлек еді. Бүгін промысел сайлаушылары №29 Қошқар сайлау округы бойынша облыстық Советтің депутаттығына ұсынылған кандидаттарды қуаттауға жиналған еді.

Бірінші болып сайлаушы Төрәлиев сөйледі:

-Бізді дәулетті өмірге жеткізген, ен байлыққа ие еткен Ленин-Сталин партиясы, Лениннің ұлы шәкірті, кемеңгер көсеміміз Сталин. Совет адамдарына сайлауға, сайлануға, еңбек етуге, оқуға, демалуға право берген Сталиндік алтын Заң. Мен сондықтан да Сағыз промыселі коллективінің облыстық Советтің депутаттығына бірінші кандидат етіп ұлы көсеміміз, бейбітшіліктің ұлы туы Сталин жолдасын кандидатурасын ұсынғанын шын жүректен қызу қуатаймын және сайлау күні коммунистер мен партияда жоқтардың блогіне бір адамдай болып дауыс беруге барлық сайлаушыларды шақырамын.

Осы кезде «Ұлы Сталин жасасын!», «Сталинге ура!» деген дауыстар мен қол шапалақтау клуб ішін жаңғырықтырып жіберді.

Сайлаушы Жапонов облыстық Советтің депутаттығына кандидат болып ұсынылған Сталиннің сенімді серіктері В.М.Молотов пен Г.М.Маленковтың кандидатураларын қуаттап сөйледі.

Сайлаушылар Манатаев пен Бәжбенев облыстық Советтің депутаттығына кандидат болып ұсынылған еңбекшілер депутаттарының облыстық Советі атқару комитеті председателінің орынбасары В.В.Шароновтың

кандидатурасын қуаттады.

Жиналысқа қатынасушылар өздерінің Ленин-Сталин партиясына, Совет үкіметіне, кемеңгер көсеміміз Сталинге деген сүйіспеншілігін тағы да айқын көрсетті.

Жаңа бесжылдықта

Өмір алып адыммен алға басып, тұрмыс гүлдене түсуде. Жас промыселдың өмірі де кешегіден бүгін, бүгінгіден ертең жаңарып, коммунизм төріне құлаш сермеуде. Ал, жаңа бесінші бесжылдықта жас өмірдің бұрынғыдан да жандана, жаңара түсетіндігіне күмән жоқ. Оны промыселдың бесжылдық жоспарынан айқын көруге болады.

Бесжылдықта стандартты жаңа асхана, бір өндіріс товары дүкені, екі азық-түлік дүкені, 160 адамдық жаңа клуб, радио торабы, телефон станциясы салынады, бұрынғының үстіне алты гектар жерге ағаш егіледі, тұрғын корпустардың 40 процентіне су тұрбалары жүргізіледі, мұнайшылардың еңбегін жеңілдетуге бөлінетін қаржының мөлшері 200 мың сомға жетеді, сөйтіп, олар күн санап жақсара береді.

Промысел мұнайшылары Ленин-Сталин партиясының, көсеміміз Сталин жолдастың бұл әкелік қамқорлығына іспен жауап беру үшін жаңа бесжылдықта қойылған міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру жолында қажырлы еңбек етуде. Олар өздерінің еңбегін Отанға, партияға, ұлы Сталинге арнайды.

1953 жыл.

Бүгінгі Тайсойған

Атамекенінен ұлтарақтай жер ауыспаған бұл шұбырынды халықтың табан тірер қоныс іздеп үдіре көшкеніне үш күн болды. Арық-тұрақ, азын-аулақ малдарымен жаяулап жүріп,

біраз жерді шарлады, бірақ баспана боларлық жайлы мекен таптырмады, қайда барса да ат төбеліндей шынжыр балақ, шұбар тас бай мен би-болыстардың халықтың қанын тірілей сорып жинаған қалың малы жол бермеді. Қоныстан тарығып, зар илеген бұл тобырға табиғат та тістене түскендей, қарлы боран ышқына соғып, қарға адым жер мұң болды. Тұяқ жетер жердегі бір шағылға паналап, бас көтеруге халі жоқ жатып алды. Ысқырған желден ықтап кеткен малды іздеушілердің бірқатары хабар-ошарсыз кетті. Осы ұйтқи соққан боран келесі күні бәсеңсіп, ажалдан аман қалғандары көз ұшынан бұлдырап көрінген көкжиекке тағы да жол тартты. Бұл Октябрь революциясына дейінгі Тайсойғандағы көшпелі кедейлердің көрген күндерінің түрі еді...

Қазіргі Тайсойған танымастай болып өзгерді. Ол-бақытты өмірдің, қуанышты тұрмыстың, шалқыған байлық, ен дәулеттің аймағы. Бір кездегі құм шағылдар, құлан жортпас қу адыр, жапалақ қонбас құба жон көк майсалы қонысқа, суы мол жайылымға, колхозды ауылдың сәнді орталығына айналды, қара құрымдай қаптаған қалың мал осы жайлаудың көркі болды. Бұл баяғы халықты сүліктей сорған байлардың малы емес, колхоз малы, қоғамдық мал, колхозшы шаруалардың өз малы, елі үшін ерінбей еткен еңбегінің жемісі.

Қазіргі Тайсойған - механикаландырылған ауылшаруашылығының орталығы. Көктемнің көрікті күндерінен бастап бұл өлке механизмдердің дүбірлі еңбек маршына бөленеді. Толықсып піскен көк майса шөпті қырғидай қиып түсіретін машиналар мен қара жерді таспадай тілген тракторларға қарағанда көз тоймайды. Бұл Қызылқоға және Тайсойған машина-малшаруашылық станциялары механизаторларының ерен қимылдары. Олардың осы қимылынан қарқынды да қажымас еңбектің үні естіледі.

Бүгінгі Тайсойған - социалистік мәдениеттің, гүлденген

өмірдің орталығы. Мұнда сәнді мектептер, көрікті клубтар, қызыл отаулар мен басқа да мәдениет ошақтары бар. Мектептегі жасөспірім жеткіншектердің күмістей сыңғырлаған күлкісі, клубтарда айтылып жатқан әндер мен тартылып жатқан домбыралардың сүйкімді сазы адамды желпіндірмей қоймайды, радио арқылы Москва мен Алматыдан беріліп жатқан концерттер Тайсойғанды ұлан-байтақ еліміздің барлық түкпірімен, ондағы жайнаған өмірмен жалғастырып жатыр.

Бұрын хат танымайтын, жаза білмейтін халықтың сауаты да ашылды. Олар орталықтан «Правда», «Известия» газеттерін алдырып оқиды, «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас» газеттеріне тағы басқа газет-журналдарға жазылып, марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын өз тілінде оқып, үйренуде.

Тайсойғанды жайлаған, шаруашылығы шалқып өсіп, ен дәулетке кенелген шаруашылықтың бірі-Сталин атындағы колхоз. Мұнда тек биылғы жылдың өзінде мал басының өсімі барлық түліктен де 1,5 процент артты, 570 мың сом табыс түсті, астық комбайнмен бастырылды, колхоздың дәрігерлік пункті, жеті жылдық және бастауыш мектебі, оқу үйі, клубы бар, радио торабы жұмыс істейді.

Мұндай колхоз Тайсойғанда біреу емес, бірнешеу. Тайсойғанның еңбегімен елге танылған ерлері де ондап саналады. Тайсойғанның бүгінгі өмірі, ондаған еңбек тасқыны бір ғана мақсатқа-елімізде коммунизм орнату мақсатына, бүкіл дүние жүзінде баянды бейбітшілікті нығайту мақсатына арналған.

Тайсойғанның болашағы бұдан да зор. Партия мен үкіметіміздің аталық қамқорлығына бөленген Тайсойған күн санап көркейіп, сағат санап гүлдене береді.

1953 жыл.

Болашақ көктем!

Жадырап, жарқырап, алтын арай нұр шашып тағы да май келді! Кеше ғана ұлпа қардан ақ көрпе жамылып, тоңнан арыла алмай бұйығып жатқан кең дала бусанып, бойын жазды, көк торғынға бөленді. Балалар қырдың қызғалдағын қуалап теріп, көз ұшына кетті. Жарыса жүгіріп, таласа іздеп тапқандарын бойына тағып, шаттана күлді. Олардың бұл қылығына қыр басында ата-ана қызықтай қарайды. Өрісте құлын-тай, жайлауда қозы-лақ, ауыл маңында ұзын тірсек бота мен пысылдаған бұзау енесіне еркелеп, ойнақ салды. Ен даланың еркесі құралай мен ақбөкеннен бастап қыбырлаған құрт-құмырсқаға дейін жан рахатына енді, әдеттен ерекше тіршілік қамына кірісті. Осы сәтте ақындарша өлендеткің келеді, көкейінде сазды әсем күйдің әуені пайда болады. Асқақтата ән шырқап, әлемге «мен-осы өмірдің қожасымын, бүкіл дүние мен үшін тіршілік етуге тиіс» деп жар салғың келеді. Оның орынды да жөн сияқты. Өйткені, Май тек мезгіл көктемі емес, сонымен бірге адамзаттың көңіл көктемі. Ал, көңіл көктемі жадырап, жарқырай түссе көктегі Күн де, аспандағы Ай да, жымындаған Жұлдыз да алақаныңда тұрғандай болады.

Тіршілік кілті-көктемде десек, осы көктем мартта туып, майға жалғасады. Сондықтан көктемнің таңдайынан бал тамған нелер ділмәр шешендер мен ақындарға шабыт болғаны тектен-тек емес, мұнда үлкен мән, терең сыр, қауызы ашылмаған жыр жатыр. Көктемде жүз жасаған Жамбыл атамыз айтқандай, күнсіздерге күн болған, жер жүзіне нұр болған, ақылдың кені данышпан, адамның асқан алыбы-Владимир Ильич Ленин дүниеге келді. Кеше ғана кемеңгер ұлы көсемнің 93 жасқа толуын бүкіл дүние жүзі болып тойлап, бүгін Май көктеміне келіп отырмыз. Көктемде

адамзатқа пандық істеп, неше мың ғасырлар бойы жұмбақ болып келген аспан әлемі бас иді, тәжім етті, дегеніне көнді. Ильичтен мандат алған Совет азаматы Юрий Гагарин аспан әлемін жерде жүргендей шарлап қайтты, көк жүзін таспадай тіліп, жетектеп әкеп жерге табындырды. Сөйтіп, көктем, көк тәңірісі, аспан алыбы-космонавттардың дүниеге келген кезі болды.

Көктем мен өмір сабақтас. Көктем жыл айналып, жаңарып келген сайын өткен өмірің, жүрген жолың, іс-әрекетің жазулы хаттай көз алдында тізбектеліп тұра қалады. Бүгінде солай бір сәт ойға шомсаң былтырғы көктемнен бергі уақытта талай-талай тарихи күндер өтіпті, ойдан кетпес оқиғалар болыпты. Тұңғыш номерін Ильичтің өз қолымен шығарған, бүкіл әлемге алғаш рет «Бостандық, Тендік, Бейбітшілік!» деп ұран салған, қазір заманымыздың шар айнасына айналған «Правданың» елу жылдығын атап өтіппіз. Ильичтің ортағы жоқ өз ұрпағы, коммунизмнің бел баласы, болашағымыз бен бақытымыз-Лениншіл пионердің қырық жылдығын тойлап, оларға «Ильичше өмір сүріндер, Ильичше жұмыс істеңдер, Ильич ісіне әрқашанда дайын болыңдар!» деп игі тілек білдіріп, осы үмітімізді ақтайды деп сенім көрсетіп, Ленин орденін бердік.

Бір сөз бір сөздің кілті дегендей, өткенді еске алсаң, болған жайлар жалғыз осы ма екен деп кәрі тарих сөйлей жөнеледі. Жаңа заманның, коммунизм дәуірінің келбеті, Ильичтің өзі ұйымдастырған ұлы Октябрь революциясының 45 жылдығы алтын таңдай жарқырап көрінеді. Бір кезде тас маңдай Черчилль мырза бесікте жатқан жерінде тұншықтырғысы келген Большевик қазір буыны бекіп, қабырғасы қатып, толысып ер азамат болды. Енді қай жағынан келсең де табаны таймас, қайтпас та қайсар қаһарман болып өсті. Ежелден қаны бір, жаны бір туыстас ерікті елдердің өзінің еркімен құрылған СССР-ға да қырық жыл толды.

Артында өшпес із, ұмытылмас аты қалмаса, ол өмір зая. Совет адамдарының бір ерекшелігі сол-оның әрбір күні, әрбір қадамы тарих бетінде өшпес із қалдыратын оқиғаларға толы. Соның бірі-Әлем кеңістігіне, космосқа бір-бірден емес, топтасып ұшу. Юрий Гагарин мен Герман Титовтың тіл жетпес ерлігіне таң қалған әлем Андриян Николаев пен Павел Попович қосарланып ұшқанда аузын ашып қалды. Достарымыз түгіл, дұшпандарымыз да қол соқты. Қос қыран төзімділік пен тапқырлықтың бұрын-соңды болмаған, тіпті ертегі-аңыздарда кездеспеген үлгісін, өнегесін көрсетті. Олар Әлем төрін түстеніп, қона жатып шарлады, түкпір-түкпірін, қуыс-қуысын асықпай түгел аралады. Андриян Аспан әлемінде 95 сағат ұшып, Жерді 64 рет, Павел 71 сағатта Жерді 48 рет айналғанда сүйсінбеген ер, қуанбаған ел қалмады. Ай аңырап, Күн кірпік қақпай қалды. Жұлдыздар эне, көрдің бе деп бір-біріне жымыңдасты. Бұл батырлардың Отаны-біздің еліміз, Совет елі космосты билеуде өрге қарай өршелене шапқан жүйріктей алдына жан салмай келеді. Бұл тек бастамасы ғана. Енді қосарлап емес, бірнеше адамнан коллектив болып ұшатын күн де алыс емес.

Тек қана космос емес, Марсқа да бірінші болып сапар шеккен біздің еліміз-коммунизм көктемінің елі. «Марс-1» космос ракетасын аттандырып, кейіннен Айға қарай планетааралық станцияны тағы ұшырдық. Ол ойлаған жерімізге жетті. Ал, жасанды Жер серіктерін ұшыру әдеттегі ісімізге айналды, қазір оның өзі жиырмаға жуықтады.

Көкті көгендеп, сыр сандығын ақтарған адамға Жердің жұмбағы бұйым болсын ба? Ұшар басын ақ қар шалып, бұлтпен айқасқан талай асқар тауларды да қопардық, көз жетпейтін шексіз де шетсіз құлазыған қу далаға су жүгіртіп, өң бердік. Төбесі көкпен тірескен алып құрылыстар құлаш жайды. Жер астында біз ашпаған, игермеген құпия қалған жоқ. Украинаның Тарасы, біздің Таразы ақынымыз жырлаған, ұзақ жылдар бойы сарыны басылмай келген

Днепр тізгінінен ұстатып, дегенімізге көнді. Жағасынан Кременчук су-электр станциясы салынды. Нешеме ғасырлар бойы адам көрсе жатырқап, ешкімнің еркіне көнбей, өз дегенімен болып келген Енисей бұғалық түскен асаудай арынын баса қойды. Жұмыр білек, жау жүрек жұмысшының тегеуріні мықты қолы тигенін ол да сезді. Арнасын бұрып әкеліп, өзіміз қалаған жаққа ағыздық. Осының бәрі неткен күш, кімнің қайраты? Еңбек көктемі-коммунизмнің күші, сол коммунизмнің иесі-Совет халқының қайраты.

Бүгін көктем шапағы ұлан-байтақ еліміздің бір аймағы-Атырау-Жайық алқабы біздің өңірімізді де Бақыт пен Еңбек нұрына бөлеуде. Ембінің ырысқа толы мейірбан қойнауынан мұнай тасқыны фонтандап атуда, одаққа аты жайылған Жетібай мен Өзенде жаңа кен орындары ашылып, биік мұнаралар бой көтеруде. Атырау мен Жайықтың тайдай тулаған балықтары тонналап Отан қоймасына құйылуда. Ойымыз бен қырымызда мыңғырған мал төлімен тел өсіп, қаптап жайылуда. Тракторлар кең даланы желқомдай жыртып, егін егуде. Қысқасы, қайда барма, қайда көз салма қызу еңбек майданын, сол майданның шамшырақтарын көресің.

Өз өңірі, өз ауыл-аймағы ғана емес, бүкіл елін, халқын қуантқан ерлер осы майданның қақ ортасында жүр. Солардың бірі-анау қаптай жайылған малдың, алынып жатқан төлдің иесі-атақты шопан Сақан Дәулетқалиев. Қазір оны фамилиясыз атымен атаса да осы өңірдің бала-шағасына дейін жақсы біледі, кездесе қалса айтпай таниды. Өйткені, оның есімі радиоларда күнде айтылып, суреті газеттерде басылып жатыр. Сақан бұл құрметке әлдеқалай ие болған жоқ. Өзінің ел үшін сіңірген еңбегі, халық үшін жұмсаған қайраты арқылы ие болды. Оның дабылы астанамыз Москваға, Орталық партия комитетіне, Совет үкіметіне жетті. Партия мен үкіметіміз Сақанның қайратына, еңбегіне дән риза болып, шын жүректен алғыс айтып, құттықтады,

жаңа табыстарға жете беруіне тілектестік білдірді. Мұндай құрметке тек Сақандай өрен жүйріктер ғана ие бола алады. Сақан осы сенімді асқан абыроймен ақтап келеді. Соның нәтижесінде ол бұрынғы «Еңбек Қызыл Ту» орденінің үстіне Ленин орденін тақты, халқының құрметті ұлына айналды., республикамыздың Жоғарғы Советіне сайланды, Жоғарғы Советтің Президиумынан орын алды. Сақан жалғыз емес, оның ізін ала үзеңгілес келе жатқан Құмар мен Имаш Сүндетовтар, Новобогаттық Дүйсен, Жароллин, Қызылқоғалық Әбді Дүйсенбеков сияқты басқа да еңбек өрендері тағы бар.

Осындай еңбеккер ерлердің арқасында жалғыз отар, ферма немесе жеке шаруашылық емес, бүкіл облысымыз жүлделі орынға шықты. Мал басын өсіріп, өнімін арттыруда қол жеткен табыстары үшін облысымызға Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Республика Министрлер Советінің ауыспалы Қызыл Туы берілді.

Ел сүйсінген ерлеріміз тек малда ғана емес, кәрі Атырау мен Ақ Жайық төрінде де жүздеп саналады. Шевченколық Ізтұрған Оразбаевты қазір бірқатар жер біледі. Бұл көбік шашып алас ұрған бұйра жалды асау толқындарда, долдана соққан дауылды күндерде, бұрқасыны бет қаратпаған сақылдаған сары аяздарда мұз жастанып, қар төсеніп жүрген нағыз мұзбалақ батырдың өзі. Оның осы қимылына жанында жүрген жолдастары ғана емес, атын естіген алыстағылар да риза болатын, аңыздап әңгіме ететін. Осы қайраты, теңіз үстінде кірпік қақпай өткізген талай түндері мен күндері оны құрметке бөледі. Жақында, осы коммунизм көктемі қарсаңында, оған Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Ізтұрғанның қанаттас достары-Балықшы ауданынан Тауман Боқашев, Теңіз ауданынан Шынғали Қуаналиев Ленин орденімен наградталды.

Табиғаттың бермесін еріксіз тартып алып жатқан ерлер Жетібай, Өзенде де жеткілікті. Неше мың ғасырлар мүлгіп,

тұнып жатқан бұл өңірге де алып бұрғылар, қуатты қолдар тиді, ол да амалы құрып, өзін жөнге салған ерлерге басын иді. Сол ерлердің бірі, бұрғышы Көшкінбай Қалиев кешегі өткен сайлауда республикамыздың Жоғарғы Советіне сайланды.

Еңбек көктемінің ерлері мұнымен шектелмейді. Тракторды атша мініп жөнелетін Қызылқоғалық механизатор Берішбай Таласбаев, балықтың бабын білгіш Қадиша Шәріпова, мұнайшы оператор Дәмелі Жұмабаева, сом темірді қайысша илейтін жұмысшы Шолпан Масабаева жолдастарды атасақ бұлардың қатары көбейе түспек. Ал, осы еңбеккер жандардың бүгінгі Май мерекесіне-коммунизм көктеміне әкелген тартуы санап жеткізсіз мол байлық, өйткені, Май-тек коммунизм көктемі емес, ол сонымен бірге Еңбек көктемі, Теңдік көктемі, Бостандық көктемі, Туысқандық көктемі, Бейбітшілік көктемі! Олай болса, коммунизм көктемі жапырақ жайып, гүл жарып, жұпар иісін шартарапқа тарата түссін!

1963 жыл.

Май гүлі

Гүл!

Гүл болғанда жай ғана аты шөп гүл емес, жанды гүл! Бәріміздің қызыға қарап, тамашалай жүретін гүліміз!

Өмір серігінің бірі-осы гүл. Ен далада еркіндеп серуендегенде алдымен сол гүлге көзің түседі, құшақ толтырып, гүл шоқтарын тергің келеді, көңілдес досыңа бір-бірлеп бергің келеді. Гүл адамның көңіл-күйіне де ортақ. Алғаш кездескен екі жастың тілмен айтып жеткізе алмаған жүрек сырын гүл жеткізеді, сол жас жұбайдың некелесу тойында алдарында бақыт тілеп алдымен сол алуан түрлі

гүлдер тұрады, даңққа бөленген жандардың мойнына гүл тағылады, алыстан аңсап күткен адамың келгенде де айқасқан құшақтың арасынан гүл көрінеді. Өмірден аттанған ең соңғы сапарында да торқалы топырағына гүл көмкеріледі, қайда барсаң да алдыңнан гүл шығып, жаныңнан гүл қалмайды.

Гүлде тандайынан бал тамған майталман ақындардың тіліне тиек болар жыр бар, қанша жырласа да әлі ашылмай жатқан сыр бар, көмейінен күй төгілген серілер үшін ән бар, сауық-сайран, салтанат-сән бар, тәлім-тәрбие мән бар. Сондықтан да гүлді жырламаған ақын жоқ, әнге қоспаған сері жоқ. Адамның гүлге құмартатыны сондай, небір асылын гүлге теңегісі келеді, ұлын батырым, ерім деп аймаласа, қызын Гүлжаным дейді, Гүлзада дейді, Гүлфарида, Гүлфайруз дейді. Гүлге тек адам ғана құмартпайды, құс та гүл-бақшада сайрағысы келеді, ара да гүлге қонғысы келеді. Өйткені, гүлде мәңгі сарқылмас өмір бар, өмір бар жерде қызық бар.

Гүл де алуан түрлі. Ол да табиғаттың құбылысына қарай өзгеріп, өң алып отырады, сан құлпырып, сан түрленеді. Бүгін сол гүлдердің бірімен тілдесіп, сыр шертісіп отырмын. Оның аты- Май гүлі.

Май гүлі асықпай сыр шертеді, ойындағысын сарқа айтып, бойындағысын түгел баяндағысы келеді, сөйлеген сайын түрленіп, жаңара түседі, жаңарған сайын жаныңа сыр шертеді, болашақ жырын жырлайды. Ол жырласа бүкіл әлем ұйып тыңдайды, тау мүлгіген ұйқысынан оянады, тулаған толқын саябырлай қалады, жел тынады, жапырақ жамылып махаббат сырын шерткен жастар да бір сәт кезекті осы гүлге береді. Сонда Май гүлі не дейді?..

* * *

Мен жер бетінде тыныштықты тілейтін Бейбітшілік гүлімін! Неге? Адамға алдымен тыныштық керек. Тыныштық болмаған жерде берекет жоқ, берекет жоқ жерде

тіршілік жоқ. Мен адам баласын мынау ақ, мынау сары, мынау қара деп саралап, мынау жақсы, мынау жаман деп алаламаймын. Маған адам баласының бәрі бірдей, күн қандай ортақ болса, адам баласына мен де сондай ортақпын. Адам дүниеге жағаласып, тартысу үшін келмейді. Күліп туып, күліп өткісі келеді. Ата-ана баласының, баласы ата-анасының, туған-туысқанның, дос-жаранның қызығын көргісі келеді. Бала әкеден, ана жарынан айырылып зар илегісі келмейді. Мен көрінде өкіргір кейбір итердің кесірінен болған талай соғысты көріп те келемін, амалсыздан көніп те келем. Сол соғыста бауырындағы баласынан айырылып аңыраған ата-ананы көрдім, ата-анасынан адасып, жетімдіктің зарын тартқан сәбилерді көрдім, ажал отына түскен жандарды көрдім, бүлінген қалаларды, өртенген далаларды көрдім, көрдім де түңілдім сол соғыс деген пәлекеттен. Соғыс түгел оның атын да естігім келмейді. Мен жарқын жандардың бойлай күліп жүруін тілеймін, балғын бөбектердің ата-анасын аймалап, құшағында рахаттанып өсуін аңсаймын, жастардың шын жүректен табысып, нәзік үнмен ұғысқанын сағынам. Бейбітшілікті жырлап, соның үстемдік етуін көздеймін. Соғыс тілеушілерді лағнет атсын!

* * *

Мен тамырын терең жіберіп, кемеліне келген күні жапырақ жайып шыға салатын гүл емеспін, Еңбек гүлімін! Топырақтан нәр алып, алғашқы бүршігім білінгенде-ақ шешек жарып шығуға әрекет істеймін, морланып қалғым келмейді. Жер бетінде көріндім болды, бой түзеуге асығам. Мәңгі жасай беру қамын көздеймін. Өзім еңбекқор болғандықтан Еңбек адамын жақсы көрем, сөлардың қайратына сүйсінемін. Еңбек болғанда енжар емес екпінді де жігерлі, жасампаз еңбекті сүйемін. Жер бетінде сәулетті болашақ сарайын салып жатқан совет адамдарының еңбегіне сүйсінемін. Олардың тау мен тасты, өзендер мен теңіздерді адамның игілігіне айналдырып жатқан жойқын еңбегін

мақтан етем. Табиғатты табындырып, аспанда алпаң басып жүрген космонавт ұлдар мен қыздар тудырған жарқын еңбегіне қуанам. Сол еңбекқор жандар жаныма келіп, қызығымды көрсе екен деймін, солардың аңсаған арманына арқау, көңіліне медеу бола білсем екен деймін. Неге дейсіздер ғой? Өмірдің қызығы ең алдымен еңбекте, еңбексіз жерде қызық жоқ, қызық жоқ жерде сән жоқ, сән жоқ жерде мән жоқ. Сондықтан мен еңбекті жырлағым келеді, еңбекқор адамды аймалап, құрметтегім келеді, соның алдында өзімнің бар көркіммен бас иіп тәжім еткім келеді!

* * *

Мен адам баласының бір елде күліп жүргеніне сүйінсем, екінші бір елде күңіреніп жүргеніне күйінем. Кремльден тараған нұрдан нәр алған жандардың өмірін көргенде жаным жай табады, бойымды қуаныш кернеп, айқайлағым келеді, бар даусыммен әлемге жар салғым келеді, мұнда келіндер, мұнда қызық бар деп дабыл қаққым келеді. Өйткені, мұнда тек қана көңілді жандарды көресің, қайғы-қасірет емес, бақыт көресің, зар емес, әсем ән естисің, шаттық жырын жырлайтын, көңілді күй шертетін жандарды көресің. Осы көтеріңкі көңілім агрессорлардың қанды шеңгеліне іліккен отар елдерді көргенде су сепкендей басылады. Олардан не көрем? Еңбексіз жүрген жан көрем, тапқаны ішер асына, киер киіміне жетпейтін бейшараларды көрем, борбай еті борша, арқа еті арша сорлыларды көрем, баспанасы жоқ, көшеде жатып, көшеден өретін қорғансыздарды көрем, мойнына киілген қанаушылық қамытын көрем. Неге олар сөйтіп жүреді деп күйінем! Сондықтан мен жер бетіндегі барлық адам баласына Бостандық тілеймін, өзімді Бостандық гүлі деп білемін!

* * *

Мен тек бас бостандығын тілеп қана қоймайтын, одан да асқақ арманды аңсайтын Теңдік гүлімін! Адам баласы өмірде мұңсыз, мұқтажсыз болса екен, өмірге өзі қожалық етсе екен

деймін. Адам болған соң жан-жағына жалтақтамай еркін өсуі керек қой. Сонда ғана ол адам атына лайық іс істей алады, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып ауысады. Ал теңдік жоқ жерде адам қанша тырысып, қанша қамданса да мақсатына жете алмайды, торға түскен тоты құстың сайрай алмайтыны сияқты адам да мешеу болады, табиғаттың дүлей күшіне табынып өтеді. Әлемді түгел шарлап, аспанда алшаң басу тек теңдік бар жерде болады. Сондықтан мен жер бетіндегі барлық адам баласына Теңдік тілеймін, ағы да, сарысы да, қарасы да бәрі бірдей тең болса екен деймін!

* * *

Адам баласының бір-біріне жаттығы жоқ, алакөздігі жоқ, бәрі де туысқан жандар. Олардың туыстығына тұрған жерінің алыстығы, немесе тілінің өзгешелігі кедергі бола алмайды. Сондықтан мен жер бетіндегі адам баласының бәрі бір туысқан деп есептеймін, олардың осы арманының іске асуын тілейтін Туысқандық гүлімін! Кремль жұлдызы жарқыраған жерде тілі бөлек, салты басқа қанша халық, әртүрлі жердің адамы деп айта аласың ба? Бәрі бір үйдің адамы сияқты, бір жеңнен-қол, бір ауыздан сөз шығарған ұйымшыл семья. Осыны көргенде таң-тамаша қаласың, әлемнің екінші жартысында Нью-Йорктен әмір алып отырған жерде сол неге жоқ деп күйінесің. Ондағы негрлердің халі не күйде десейші? Айтуға ауыз бармайды. Негрлердің бар айыбы-түсінің қаралығы. Сол үшін олар ақ нәсілдер баратын жерге бара алмайды, олар көретін қызықты көре алмайды. Осы әділдік пе? Жоқ, бұл айуандық! Негрлер емес-ау, сол нәсілдердің өздері-бір-бірімен сиыспайды. Неге? Ат төбеліндей капиталистер еңбекқор американ халқын қатарға қосқысы келмейді, олармен есептеспейді. Менің мақсатым осындай зорлық-зомбылық жойылса екен деймін, жер бетіндегі барлық жандар арасында Туысқандық қарым-қатынас орнаса екен деймін!

* * *

Адам баласына тілейтін осындай асыл армандарым көп-ақ. Соның бірі-Бақыт! Сондықтан мен өзімді Бақыт гүлімін деп есептеймін. Адам дүниеге келгенде азап үшін емес, рахат үшін, бақыт үшін келеді, сол үшін перзентін жарық дүниеге әкелгенде қалай болса солай өмір сүрсін демейді, бақытты болсын деп әкеледі. Шілдеханада немесе туған күнін, үйлену тойын өткізгенде сол адамға ең алдымен бақытты өмір тілейді. Өйткені, өмірдің өзегі де сол бақытта. Бақыт жоқ жерде өмір тұл. Тұл өмірдегі адам тек жылаумен, күңіреніп зарлаумен өтеді, оның көңілінде күлкі болмайды, ол үшін жарық дүниенің бары да, жоғы да бірдей, ол біреуге жалынышты болып күн көреді; оның азабы мол болады да, рахаты жоқ болады. Сондықтан мен барлық әлемдегі адам бақытты болса екен деймін, өзімді Бақыт гүлімін деп санаймын.

* * *

Май гүлі осылайша сыр шертіп, осылайша жырлай келіп, «осы асыл армандарымның түйіні неде?» деп сұрақ қойды да, жауабын өзі берді. «Мен осы армандарымның арқауы Коммунизм гүлімін, мәңгі жасаймын!»- деді.

Май гүлі бір жапырағын бізге ұсынды, біз көше бойлай шеру тартқан қалың топқа қосылып, «Жасасын, Май гүлі!» деп әндетіп, ілгері кеттік.

1965 жыл.

Қуаныш көктемі

Көктем! Бірінші май!

Бұл екі сөз бір-бірінен ажыратуға болмайтын егіз ұғым. Көктем десек Бірінші май деп, Бірінші май десек, Көктем деп білеміз. Өйткені, бірі-табиғат мерекесі болса, екіншісі-адамзат мерекесі. Сондықтан табиғат көктемін адам

баласының көктемi деп те санаймыз. Ал, адам баласының көктемi-Өмiр! Ол сәбидiң шыр етiп жарық дүниеге келуiнен басталады. Дүниеге сәби келгенде кiм қуанбайды, кiм шаттанбайды? Алдымен анасы қалай қуанады десейшi? Аяқ-қолы жеңiлденiп, тұла-бойы жадырап, сәбиiн қолына алып, бал сүтiн емiзiп, қызыға да қызғана қарап, бiр жасап қалмай ма?! Бұл тек ананың қуанышы емес, бiр үйлi семьяның, бүкiл елдiң қуанышы, өйткенi, бүгiнгi сәби-ертеңгi еңбеккер азамат.

Табиғат көктемi де сондай! Көктем келгенде қар жамылып, қырау жастанып, тұла бойын тоң алып жатқан кең дала кеудесiн кере жазып бусанады, қызылды-жасылды гүл шоқтары бой көтередi, қырмызы кiлемдей құлпырады, сай-салаға су шығып, айнала аймақ нуланады, жаңа бiр өмiр басталады. Мал да жабуын тастап, қорадан жайлауға шығып, жамырасып көкке тойынады. Ала қыстай жер астында бұйығып, бүрiсiп жатқан жәндiктер де жер бетiне шығып бойын жазады. Құстар да қайтып оралып, бойды балқытып, ойды шалқытатын әсем әнге, әуенге бөлейдi даланы. Тiршiлiк қамына қайта кiрiспеген жан-жануар қалмайды әлемде. Табиғаттың басқа маусымдарынан көктемнiң ерекшелiгi де өзгешелiгi осында. Сондықтан да ол қызықты да қымбат.

Бiрiншi майды ерекше еңбек көктемi деп айтамыз. Өйткенi, бiз еңбекқор елмiз, бiздiң мақсат-мұратымыз коммунизм тек еңбекпен ғана қаланады. Еңбек бар жерде өнбек бар, еңбек бар жерде жеңбек бар, көңiлдегi нысанаға, көздеген мақсатқа жетпек бар. Және бiздiң еңбегiмiз жай еңбек емес, өршi түсетiн, өрiстей түсетiн еселi еңбек. Сондықтанда бүгiн Бiрiншi майды биылғы айқындаушы жылдың еңбек мерекесi деп тойлаймыз.

Алысқа бармай, өзiмiздiң Атырау-Жайықтың жайлауындағы малды ауылға көз жiберейiкшi. Қой қоздап, түйе боздап, қорада шу дегендей, даланы қаптап жайылған,

мыңғырған малды көреміз, сол малдың қамын ойлаған, кең даланы дүбірлетіп, қызу майданға айналдырған ерен еңбектің ерлерін көреміз. Биылғы дала, бүгінгі ерлер былтырғыға мүлдем ұқсамайды, бәрі де өзгеше, алда тұрған міндет те ерекше. Ол-Қазақстанда қой санын 50 миллионға жеткізу. Бұл-партияның, халықтың дала қаһармандарының алдына қойып отырған міндеті, мойнына артып отырған жүгі. Қазір білек те, тілек те осы жолда. Алғашқы адым алымды болып отыр. Таяғы құтты шопандар биылғы төлді санап үлгерер емес.

Олар еңбек көші басында бірен-сарандап емес, жұп-жұбымен тобын жазбастан келеді. Қызылқоға ауданындағы Абай атындағы совхоздың шопандары Қ.Жұмағалиев пен Н.Мирамов, Индер ауданындағы Жамбыл атындағы совхоздың шопаны С.Ділмұқашев әрбір жүз саулықтан 176-169-дан қозы алды. Бұдан өткен ерлікті, бұдан асқан табысты әзір көрдіңдер ме? Бұл тек елін сүйген, елінің абзал азаматымын деп білген жандардың қолынан ғана келетін мықтылық! Міне, еңбек мерекесінің жемісі мен жеңісі деп осыны айтар болар. Олар еліне еміреніп осылай еңбек етсе, біз де оларды құрметтеп, мақтаныш тұтамыз.

Биылғы көктемде кәрі Каспий мен Ақ Жайықтың төсі де ерекше еңбек маршына айналды. Толқында туып, су үстін мекен еткен балықшылардың тартқан ауы қанды болып тұр. Тайдай тулаған балық, маржандай мөлдір уылдырық ел қоймасына толастамай құйылып жатыр. Жақында Балықшы ауданына барып бірнеше тартымның басында болдым. Қызулы еңбектің қызығына көз тоймай құмарта қарадым, беттерін жел қағып күрең тартқанмен жандары жаз, көңілдері көктем жайсаң жігіттерді көрдім. Бұл бесжылдықты аяқтап, келесі бесжылдықтың есебіне еңбек етіп жатқан жеке адам емес, тұтас звеноларды, бригадаларды көрдім. Міне, солардың теңдесі жоқ ерлігінің арқасында жеке колхоздар емес, бүкіл аудан бойынша бесжылдық

тапсырма өтелмек болып отыр. Мұнан артық мақтаныш бар ма, мұнан артық қуаныш бола ма?!

Атырау-Жайық мұнайшыларының, бұрынғыларының еңбегі өз алдына бір төбе. Бір кезде табаны тозып, талып жетіп, қадаң-қадаң бұрғы қадайтын бұл өлке мұнайшы қауым деп аталатын алыптардың арқасында бүгінде тұрткен жерінен майымен бірге газы бұрқырап шығатын мұнай мұхитына, қара алтын өлкесіне айналды. Орта Азиядан басталып, Европаға шығатын, содан бүкіл елімізді аралап өтетін темір жолы бар құлашы кең аймаққа айналды.

Жақында көше бойында машиналы жүк көштерін көрдім. Бұлар жаңа сәнді мекенге, сәулетті үйге көшіп барып, қоныстанып жатқан семьялар, еңбеккерлер семьясы. Оларды осындай қуанышқа бөлеп, алғысын алып жатқан кімдер? Әрине, құрыш қолды құрылысшыларымыз. Дәулетіне қарай сәулеті дегендей, қырда да, ойда да қала орнатып, сәнді үйлер мен мәдениет орындарын салып жатқан олардың еңбегінде шек жоқ. Бұл да еңбек зейнетімен туған бүгінгі қуаныш, мереке қуанышы, көктем қуанышы. Ал, ертеңгі күндері қанша жайлы, жақсы мекен салынбақшы! Халық қамын осылай көз жазбай ойлап отырған қамқорлығы үшін туысқан партиямыз бен үкіметімізге қалайша алғысың мен рахметінді айтпайсың, қалайша оның тапсырған аманатын орындамайсың, қалайша жан аямай еңбек етпейсің. Сондықтан да еңбегіміз де, күшіміз де Отан игілігіне, бесжылдықты мерзімінен бұрын орындауға жұмсалады деп айтамыз, соған серт етеміз!

Көктем мерекесін Бейбітшілік мерекесі дейміз. Өйткені, Бейбітшілік-біздің ежелгі ұранымыз. Октябрь революциясының алғашқы күні-ақ ұлы көсеміміз Лениннің өз қолымен жазып, мұра қып қалдырған тұңғыш деректерінің бірі Бейбітшілік жөнінде болатын. Содан бері бұл сөз партиямыздың, үкіметіміздің, Отанымыздың дәстүрлі ұраны, саясатына айналды. Өйткені, Бейбітшілік

болмай береке болмайды, береке жоқ жерде мереке де жоқ.

Әлі есімізде, ел басына ауыр кезең туған Ұлы Отан соғысы күндерінде де Бірінші майды өткіздік. Бірақ бүгінгідей күліп-ойнап мерекелегеніміз жоқ. Ол кезде қабағымыз қатулы болатын, кеудемізде дұшпанға деген кек атулы болатын, жауды тез талқандап, бейбіт еңбекке тез көшсек деген тіліек жатулы болатын. Отанымыздың тәуелсіздігі мен бостандығы үшін мындап емес, миллиондар құрбандық беріп жатқан елдің жүзінде күлкіден гөрі қайрат-жігер басым болатын. Біз Бейбітшілікті солай жеңіп алғанбыз, сондықтанда оны қадірлемей, қастерлемей жүре алмаймыз, тағы да көзден жас, кеудеден қан ағызып аласапыран соғысқа жол бере алмаймыз. Коммунистік партия, Совет үкіметі солай дейді, халқымыз солай дейді. Біздің бар еңбегіміз бен қайратымыз Бейбітшілікті сақтау жолына арналады. Бұл жолда халқымыз партиямыздың Лениндік Бейбітшілік саясатын қалай асырып келе жатқанын өз көзімен көріп келеді.

Көп алысқа бармай-ақ, мына фактіге тоқталайық. Жақында Варшава шартына қатысушы мемлекеттердің Саяси Консультациялық Комитетінің кеңесі болып өтті. Онда Бейбітшілікті сақтау жөнінде үлкен саяси мәні бар мазмұндама, Таяу Шығыста, Вьетнамда баянды бейбітшілік орнату, Чилидегі озбырлықты және демократтарды қудалауды тоқтату жөнінде аса маңызды документтер қабылданды. Біз мұны партиямыз жүргізіп отырған бүгінгі сыртқы саясатымыздың күре тамыры, негізгі нысанасы деп білеміз, бейбітшілікті сақтау жолындағы тағы бір кезекті қадам деп санаймыз.

Бейбітшілікті сүйгіш еліміз империалистік елдердің отарлау саясатына ұшырағандардың бостандық пен ұлт-азаттық жолындағы күресін әрдайым қолдап, қуаттап отырады. Өйткені, бір елдің екінші елге өктемдік көрсетуі, зорлық пен зомбылық істеуі біз үшін жат нәрсе. Сондықтан

бүгін отарлау саясатына қарсы бас көтеріп шығушыларға сәлем жолдап, олардың жеңіске жетулеріне тілектестік білдіреміз. Империализмге қарсы, бейбітшілік, демократия және социализм жолындағы күресте «еңбекшілердің халықаралық ынтымақ күні-Бірінші Май жасасын!» деп бар дауыспен ұрандаймыз!

Бейбітшілік бар жерде күлкі бар, күлкі бар жерде шатшадыман шаттық бар, шаттық бар жерде бақыт бар. Біз әрдайым күліп жүреміз. Неге? Отанымыздың қуаты мен байлығын мақтан етіп күлеміз, еңбегімізді, оның жемісін көріп күлеміз, болашағымыз-балаларымызды көріп күлеміз. Ал, бүгінгі күлкі ерекше, өзгеше, біз сәбише шалықтап күлеміз. Көктемнің мейірімінің өзі күлдірмей қоймайды, еріксіз күлдіреді. Біздің күлкіміздің мәні бар, ол жәй күлкі емес, маржандай төгілген, судай сынғырлаған, бүкіл әлемге күш-қуат беретін, аңқылдаған ақ көңілден шыққан күміс күлкі.

Бір ғажабы, халықтардың түрі, тілі әртүрлі болғанымен күлкісі бірдей. Тек күле білу керек. Күле білген ел шаттана да біледі. Шаттықты білген ел өз бақытын баянды ете де біледі. Біздің еліміз халықтар достығы туын алғаш көтерген іргесі берік ерікті ел, күлкісі де қызықты ел. Біз бүгінгі коммунизмге шеру тартқан ұлы көштің сапында елімізді мекендеген сан алуан халықтар мен ұлттарды көріп шаттанамыз, мақтанамыз, бәріміз бір тілде бір дауыспен «Лениндік партия жасасын!» деп тіл қатамыз, ұран тастаймыз!

Бүгінгі көктем-табиғат көктемі. Бірінші май көктемі. Табиғатты адам баласынан бөліп алу мүмкін емес. Адам баласы болмаған жерде табиғат көрікті бола алмайды, өзіне қызықтыра алмайды, оны жаңартып сән беретін адам, адамның жасампаз еңбегі. Адам баласының табиғаттың сырына қанып, ғарышты мекен ететін күні алыс емес. Табиғат мәңгі жасайтын құбылыс деп білсек, адам баласы

да сондай мәңгі жасамақ, өзінің асыл арманына, жарқын болашақ көктеміне жетпек. Ол көктем-Коммунизм! Оның табалдырығынан алғаш аттап, босағасын, іргесін бірінші қалайтын-біздің ел, Ұлы Советтер Одағы, адамзат көктемінің Отаны!

1974 жыл.

Халық заңы

Қазір ел аузында көп айтылатын, баспасөзде жиі жазылатын сөз басы: жаңа Конституцияның жобасы және оны талқылау. Неге олай? КПСС Орталық Комитетінің (май 1977 ж) Пленумы жаңа Конституциясының жобасын қабылдап, оны бүкіл халықтың талқысына ұсынып отыр. Ал, партия ұсынған тарихи документтерді көпшілік болып талқылау-біздің еліміздің, халқымыздың сүйегіне сіңген қасиетті дәстүрлі іс.

Конституция дегеніміз-мемлекеттің өмір сүру, өсіп-өркендеу Заңы. Заң демекші, адам баласының тарихында талай заңдар болған. Өз еліміздің өткеніне көз салсақ, Октябрь революциясына дейін талай заңдар жазылып, талай заңдар өшкен. Өйткені, ол заңдардың халықтық сипаты болмаған. Билеп-төстеуші үстем таптың қолынан шыққан мұндай заңдар халық мүддесін көздеуден жұрдай болғандықтан көпшілік талқысына түспеген. Ал, халық қанша тепкі, қанша соққы көрсе де өз мүддесін көздемеген заңды мақұлдамаған да, қабылдамаған. Сондықтан ол заңдардың өмірі қысқа болған.

Біздің Заң жазылу жағынан да, қабылдану жағынан да олардың бірде-біреуіне ұқсамайды, мүлдем басқаша құбылыс, адамзат тарихында бұрын болып көрмеген теңдесі жоқ құбылыс. 1918 жылы қабылданған алғашқы заңнан бастап, қазір талқыға түсіп отырған жаңа жоба еңбекші қалың бұқараның өз тілегінен туған өзгеше дүние.

Сондықтан халықтың өз талабынан туған, өз ойынан шыққан заңды көпшілік болып кеңесіп, алқаға салып ақылдасып, қауым боп қабылдауы-біздің елдің ерекше қасиеті.

Ерекше қасиет демекші, Біздің Заңның, қазір көпшілік талқысына ұсынылып отырған жобаның ерекшеліктері неде? Ең алдымен, оның социалистік меншікті арқау етіп, соны негізге алуында. Ал, социалистік меншік дегеніміздің қоғамдық, халықтық меншік екені айтпай-ақ түсінікті. Ел игілігін көпшілік болып өндіріп, көпшілік болып пайдалану-біздің мұратымыз, біздің басқа елден айрықша ерекшелігіміз. Әркімнің жеке қара басының қамын көздеп, қоғам игілігін жеке-жеке тұтыну-біз үшін мүлдем жат нәрсе. Сондықтан біз халықтың осы игі мақсатын көздейтін Заң жобасын көпшілік болып талқылаймыз да, бірауыздан мақұлдаймыз.

Біздің еліміздің өзгелерден тағы бір айрықша ерекшелігі сол, ол көп ұлтты мемлекет. Түрі басқа болғанмен тілегі бір, тілі басқа болғанмен жүрегі бір, тең праволы ұлттардың мемлекеті, халықтар достығының мемлекеті. Бұрын бір-бірімен тілдеспей, тілдесе де түсініспей өзара дүр араз болып келген ұлттар қазір Ұлы Октябрьдің арайлы таңы аясында, Лениндік партияның қамқорлығы арқасында бірін-бірі көрмесе, араласпаса тұра алмайтын біртұтас семьяға, ұлы державаға айналды. Ұлттар теңдігі біздің алғашқы Конституциямызда алтын әріппен жазылған болатын. Сол Заңның арқасында бір кезде патшалы Россия заманында қатарға қосылмай, санға саналмай келген шет ұлт аймақтары қазір шаруашылығы шалқыған, мәдениеті өркендеген дербес республикаларға айналды. Оны алысқа бармай-ақ, өз республикамыздың өмірінен айқын көруге болады. Бұрын халық қатарына қосылмаған, бұралқы, бұратана атанған қазақ халқы қазір кім болды? Ұлы Октябрь революциясынан бергі өткен алпыс жылдың ішінде республикамыз басқа бір елде жүз алпыс жылда болуы мүмкін емес үлкен өзгеріс жолынан өтті, Советтік Социалистік Қазақ Республикасы

атанып, бүкіл әлемге танылды. Жаңарған сайын жасарып, жасарған сайын жаңарып келе жатқан аймаққа айналды. Жаңа негізгі Заңның жобасында ұлттар теңдігі тағы да үлкен әріппен жазылып отыр. Сондықтан біз оны көпшілік болып талқылаймыз да, бірауыздан мақұлдаймыз.

Ертедегі заңдар жеке бір адамның, патшаның немесе ханның билеп-төстеуімен, ия болмаса солардың қолшоқпары-жеке топтардың айтуымен жазылса, біздің Заңның жазылуы бөлекше де ерекше. Біздің Заңымыздың коллективтік ақылшысы, коллективтік авторы бар. Ол-Коммунистік партия. Ал, коммунистік партия еңбекші бұқараның партиясы, совет халқының партиясы. Ол халқымыздың бүгінгісін ғана емес, болашағын да болжап, меңзеп отырады. Жаңа Заңның жобасында коммунистік партия халқымыздың сол болашағын да айқын көрсетіп отыр. Сондықтанда оны көпшілік болып талқылаймыз да, бірауыздан мақұлдаймыз.

Коммунистік партия бастаған Совет мемлекеті іштей ғана өзгеріп, жаңарып қойған жоқ, сонымен бірге сырттай да үлкен өзгеріске ие болды. Халықаралық беделі бұрын-сонды болмаған, тарихта естіп көрмеген дәрежеге көтерілді. Совет мемлекетінің алғашқы жылдарында үкіметіміздің өмір сүруіне сенбей, менсінбей, күле қарайтын, атүсті жүре қарайтын капиталистік елдердің көзқарасы мүлдем өзгерді. Енді олар бізге басқаша қарайтын болды, есептесе қарайтын болды. Біз халықаралық аренада қандай да мәселе болмасын біздің мемлекетіміздің қатысуынсыз, араласуынсыз шешілмейтін үлкен беделге ие болдық, сөзі өтімді, саясаты ұтымды ұлы державаға айналдық. Бұл да біздің Заңымыздың жемісі. Ал. Жаңа жобада еліміздің халықаралық беделін одан да әрі өсіре түсу, көтере түсу көзделіп отыр. Сондықтан оны көпшілік болып талқылаймыз да, бірауыздан мақұлдаймыз.

Біздің Заңның ерекшелігі оның социалистік демократияны негізге алып, сол демократияны барған сайын

дамыта түсуінде. Ал, социалистік демократия дегеніміз-халық демократиясы, халық билігі деген сөз. Олай болса, бізде үкімет билігі-халықтың өз қолында. Ол өз елін өзі билеп, өзі басқарады. Мұны мемлекетіміздің басқару органын сайлап, оған сайлану системасынан айқын көреміз. Осы Советтік демократияның тағы бір айқын көрінісі-бізде әйелдер мен еркектер тең праволы. Бұрын әйелдердің кәсібі от жағу деп қарап, сайлау-сайлану былай тұрсын, адам қатарына қоспай, мал ретінде сататын болса, Совет үкіметі заманында әйелдер коммунизмнің белсенді құрылысшысы атанды, еңбек ету, білім алу, ел басқару правосына ие болды. Қазір әйелдердің арасынан шыққан парламент мүшелері, қоғам қайраткерлері, Совет Одағының Батыры, Социалистік Еңбек Ерлері, Лениндік және мемлекеттік сыйлықтардың лауреаттары, ғалымдар, жазушы-ақындар, партия, совет, мәдениет, ағарту қызметкерлері қанша?! Әйелдер еңбек етпейтін шаруашылық саласын біздің елден таба алмайсыз. Міне, бұл тек біздің елімізде ғана болатын құбылыс, советтік демократияның жемісі. Ал, жаңа жобада осы демократияны одан әрі дамыта беру көзделіп отыр. Сондықтан біз оны көпшілік болып талқылаймыз да, бірауыздан мақұлдаймыз.

Адам баласының қай заманда, қай мемлекет тұсында болмасын аңсаған асыл арманы-толық праволылық, еркін өмір сүру правосына ие болу. Атап айтқанда, ерікті еңбек ету, оқып білім алу, керекті кезінде дем алу, ой-өрісін кеңейтіп, қоғамның толық дәрежелі мүшесі болу. Бұл арманға тек Ленин партиясы ұйымдастырған Октябрь революциясының арқасында ғана қол жетті. Алғашқы Конституциямыздан бастап бүгінгі талқылып отырған жаңа жобамызда бұл праволар алтын әріппен жазылып келеді. Осы Заңның арқасында совет халқы білімді, мәдениетті, жасампаз еңбеккер халыққа айналды. Бізде адам баласы шырылдап жарық дүниеге келгеннен бастап мемлекет қамқорлығында. Сәбиханадан шығып, аяғынан тік тұрып,

жүруге келгенде балалар яслиі мен бақшасына барады, одан оқуға түсіп, білім алып, мамандық алып, еңбек жолына түседі. Бұған капиталистік елдердегідей ақы төлемейді, бәрі тегін, мемлекет мойнында. Басың ауырып, балтырың сыздаса дәрігерің дайын, ол да тегін, дем аламын десең, курортың мен санаторийің дайын, барайын десең, көлігің-оқтай зымыраған пойызың мен құстай ұшқан самолетің дайын, көзіңді ашып-жұмғанша жетесің де барасың. Мүгедек болып қалсаң немесе жасың жетіп, демалысқа шықсаң пенсияң дайын, қайда барсаң да құрмет пен қошемет. Бұл-халықтың өз қолынан жасаған Заңның жемісі. Ал, жаңа жобада бұл праволарды бұдан да әрі ұлғайту көзделіп отыр. Сондықтан оны көпшілік болып талқылаймыз да, бірауыздан мақұлдаймыз.

Қарапайым адам баласының, қалың бұқара халықтың қай заманда да, қай мемлекет тұсында болмасын, көздеген тағы бір абзал мұраты бар, ол-бейбіт өмір сүру. Адам қанына құмар, етіне жерік кейбір жалмауыз озбырлардың қарекетінен соғыста құрбан болуға, ана жесір, бала жетім қалуға адам баласы әуелден қас. Міне, адам баласын бұл арманына да Октябрь революциясы жеткізді. Адамзаттың асқан ардагер данышпаны, дүние жүзі еңбекшілерінің ұлы көсемі Ленин алғашқы күні-ақ Бейбітшілік декретіне қол қойды. Бұл декрет Коммунистік партияның, Совет мемлекетінің аса ардақты заңына, баянды да берік саясатына айналды. Жаңа заңның жобасында бұл саясатты одан әрі салиқалы да салмақты түрде жүргізе беру, дүние жүзінде берік бейбітшілік орнату ұраны ерекше атап көрсетіліп отыр. Сондықтан оны көпшілік болып талқылаймыз да, бірауыздан мақұлдаймыз.

Жаңа Заң! Өміріміздің болашағын айқындап беріп отырған қасиетті Заң! Сондықтан біз бұл Заңның жаңа жобасын көпшілік болып талқылаймыз да, бірауыздан мақұлдаймыз. Негізгі Заңымыз деп қабылдаймыз!

1977 жыл.

Адамзат мерекесі

- Ассалаумағалейкум, мерекеңізбен!
- Әликумсәлем, мереке бірге болсын!

Бүгін әр елде, әр тілде, әр үнде адамдар бір-бірімен осылай амандасады. Біреулер көшеде кездесе, енді біреулер телефон арқылы құттықтап жатады. Ал, екінші біреулер осылай деп алыстағы ағайындарына күні бұрын хат жазып, телеграмма беріп жатады. Неге? Өйткені, бүгін ұлыстың ұлы күні, көктем мерекесі-Бірінші май!

Көктем мерекесі деген сөздің өзінде көп мән, үлкен мағына жатыр. Көктем адам баласының жастық шағы сияқты. Адам жас шағында жабырқауды, қамығуды, жатсынуды, шаршап-шалдығуды білмейді, үнемі жаны жайдары, көңілі көтеріңкі, шат-шадыман күйде жүреді. Бүгінгі көктемде, әсіресе ала қыстай ашық далада еңбек еткен адамдар екінші бір жаңа күйге енеді. Алағай да бұлағай, дауылды да жауынды күндерде табиғаттың дүлей күшіне бой бермей, қабақ шытпай, міз қақпай қарсы жүретін малшылар бүгін белбеуін босатып, тонын шешіп жеңілденеді, жер астының қоймасын іздеп жүретін мұнайшы-бұрғышылар да жандары жадырап, жарқырай түседі, теңіз бен өзендердегі балықшылар көзі қанды ауларын төгіп, қызу еңбекке кіріседі. Қыстай көктем қамын көздеген егіншілер дала жұмыстарын бастайды. Бұл-еңбек адамының әрекеті.

Ал, табиғат ше? Табиғат та күңгірт, мұнарлы да бұлтты күндерінен арылып, күннің көзі жадырай түседі. Берерім мол-қапы қалма, алып қал деп күлімдей түседі. Енді менің қытымыр қысаң күндерім өтті, жадырап, жарылқар күндерім жетті деп ағынан жарылады. Ала қыстай қар жамылып тұйық жатқан дала түрлі-түске еніп, қызғалдақтай құлпырады, көруге көз тоймайды. Қызығып та, қызғанып

та қарай бересің. Алуан түрлі құс баласы да неше бір әуенді сазға салып сайрайды, әлемді бір әсем күй билейді, өзен-көлдер мұз құрсауынан құтылып, сылдырап ағады, сылқ-сылқ күліп, тұла бойынды қытықтағандай болады. Жастық бар жерде махаббат бар, адам баласының махаббаты да осы кезде оянады. Сондықтан да жастардың көктем-махаббат айы дейтіндеріне құлақ асып, көнбесіңе амалың жоқ. Қайран жастық, қайран махаббат деп қарттар да өткен өмірін еске алып есіркеп, бір желпініп қалады.

Табиғаттың бір құдіреті-адам баласының бәріне ортақ, ешкімді алаламайды, елің қандай, жерің қандай деп қарамайды, талғамайды, шекара дегенді білмейді, бүгін Азияда жауып тұрған жаңбыр ертең Еуропаға барып жауа береді. Бірақ әр елдің, әр халықтың өзінің қаз басып қалыптасуына, өсіп-өркендеу сатысына сай мерекесі болады. Дегенмен, бүкіл дүние жүзіне ортақ мерекелер сирек кездеседі. Сондай мерекелердің бірі-осы Бірінші май. Неге? Майды өз бостандығына, өз теңдігіне жетіп, өз билігін өз қолына алған социалистік мемлекеттер ғана емес, сонымен бірге капиталистік елдердегі қамауда, қанауда отырған еңбекшілер де қожаларының қоқан-лоқысына, қорқытып-үркітулеріне қарамай, Қызыл туларын желбірете, көтере ұстап, бүгін лек-легімен көшеге шығады. Теңдік, Бостандық деп ұран көтереді, қанаулыққа қарсы бар дауыспен жар салады. Сондықтан Бірінші майды бүкіл дүниежүзі еңбекші халықтарының ынтымақ күні деп атаймыз.

Теңдік! Бұл-адам баласының ежелден аңсаған арманы. Теңдік жоқ жерде кеңдік жоқ. Кең болмаған жерде кем боласың, әркімге жем боласың. Октябрь революциясына дейін өзіміз, қазақ халқы кім едік? Қатарға қосылмай, есепке енбей жүрген, бұратана, бұралқы атанған ел едік, ал қазір кім болдық? Ленин партиясының ұлт саясаты арқасында, Совет үкіметінің қамқорлық саясында терезесі тең, босағасы берік, шаңырағы биік, шамы жарық елге айналдық, өз тілі,

өз үні бар, өз әдебиеті, өз мәдениеті бар, өз өнеркәсібі мен шаруашылығы бар Қазақтың Советтік Социалистік Республикасы деген асқақ аты бар елге айналдық. Осындай атақты елге айналғанмызға алпыс жыл болып қалыпты. Биыл думандатып осы алпыс жылдық мерекемізді өткіземіз.

Ал, енді капиталистік елдерді алып қаралық. Дүние жүзінде бізден асқан демократиялық жоқ деп жағын жаппай жар салып отырған Америка Құрама Штаттарының өзін алып көрейік. Шын мәнісінде, осы елде демократия бар ма? Әрине жоқ, аты бар да, заты жоқ. Демократия болса қара нәсілді негрлер неге қудаланады, олар ақ нәсілді американдықтармен неге қатар жүрмейді, неге қатар тұрмайды? Американдықтардың баратын жеріне олар неге бара алмайды, ақ нәсілдердің балалары оқитын жерде негрлер неге оқымайды? Тіпті, олар негрлерді өздерімен қатар киносына да кіргізбейді, асхана-ресторанына да жібермейді, махаббат мәселесіне де ара түсіп, негрлерге тұрмысқа шыққан қыздарын да қудалайды. Ал, біздер болсақ халықтың түріне, тіліне, нәсіліне қарамай, бәрі де тең праволы деп білеміз. Біздің капиталистік елдерден өреміздің биік тұратын бір белгісі міне, осында жатыр. Сондықтан біз Бірінші майды-Теңдік мерекесі деп атап, бүгін «Барлық халықтардың теңдігі жасасын!» деп бар әлемге бар дауыспен жар саламыз!

Біз өзімізді дүние жүзіндегі ең бақытты жандармыз деп білеміз. Неге? Октябрь революциясына дейінгі жалап ішіп, жамап киюден, тарығып-торығудан біржолата құтылдық. Ат төбеліндей ел билеушілерге телміре қарап, жалынып-жалбарынудан, бағынып-табынудан, қалтақтап-жалтақтап күн көруден арылдық, өзімізге өзіміз ие болдық. Жалданып еңбек ету дегенді білмейміз. Еркімізбен еңбек етуге, қалаған жерімізге барып оқуға, керекті кезінде демалуға праволы болдық. Бұрынғыдай өгіз жалдап, атан қомдап, ат жегіп жол шегуді ұмыттық. Әп десек, самолетіміз алдымызда,

пойызымыз жанымызда, керек десең ғарышқа да қиналмай барамыз. Біз бүгін тек жер бетінде ғана мерекелеп қоймаймыз, ғарышта жүрген қос қыранмен көкте де мерекелейміз. Сондықтан біз бүгін «Бақыт мерекесі, көк пен жерді жалғастырған құдіретті күштің мерекесі-Бірінші май жасасын!» деп бар әлемге бар дауыспен ұран саламыз!

Достық дейміз! Достықтың да түрі бар. Сонда біз қандай достықты қалаймыз? Ары таза, адамгершілігі таза, көңілі ақ, ниеті пәк достықты тілейміз, оны аса құрметтеп, жоғары бағалаймыз, біз тіліне, дініне, түріне, нәсіліне қарамай дос санап тілдесе береміз, үндесе береміз, қыз беріп, қыз алысып құда да боламыз. Бұл-басқаларда жоқ, біздің өзімізге ғана тән ұлы қасиетіміз. Мұндай достықты ешкім бұза алмайды. Біз шынымен дос боламыз деп құшақ жайып келгендердің қолын қақпаймыз, қайта құшағымызды айқара ашып қарсы аламыз. Күліп кіріп, күңірене шығатын, төрінді көріп, тәрбиенді тәлкек ететіндермен дос бола алмаймыз, ондайларға айтатын сөзіміз де басқа, көрсететін ісіміз де өзге. Сондықтан да біз бүгін «Достық мерекесі-Бірінші май жасасын!»деп бар әлемге бар дауыспен үн қатамыз!

Бірінші май келе жатыр дегенде елдің құлағы елең ете түседі. Неге? Бізде әрбір мерекені еселі еңбек табыстарымен қарсы алу деген қанымызға сіңіп, бойымызға дарыған бір құдіретті қасиет, дәстүрлі салт бар. Бұл әрбір еңбек адамының парызы іспеттес. Бізде еңбек ер атандырады, даңққа бөлейді, еңбексіз адамның көрікті көрінуі мүмкін емес. Бүгін әрбір еңбеккер, әр коллектив мерекеге қандай табыспен келдік деп ел алдында есеп береді. Ал, біз, табысымыздың, тойға шашуымыздың қомақты екенін жақсы білеміз. Сондықтан да біз бүгін «Еңбек мерекесі-Бірінші май жасасын!» деп бар әлемге бар дауыспен жар саламыз!

Бірінші майды халқымыз өнер мерекесі деп те біледі. Өйткені, бүгінгі ұлыстың ұлы күні үйінде домбыра

тартылып, ән айтылмайтын бірде-бір семья болмайды. Бүгін тек үйде ғана емес, көшеде де ән салып, би билеп думандамыз. Отанымызды, сүйікті партиямызды, туған елімізді әнге қосамыз, еңбек жемісін жырлаймыз, бір тілде емес, әр тілде, әр әуенде әндетеміз. Біріміз емес бәріміз, еңкейген кәріміз бен еңбектеген сәбиімізге дейін әндетеміз, бір-бірімізбен қара сөзбен емес, әнмен сөйлесеміз, әнмен тіл қатамыз. Бұл ән-бақыт әні, шаттық-думан, қуаныш әні, қайнар бұлақ табыс әні. Бүгін ақындарымыз Бірінші майға арнап жыр жазады, өнерпаздарымыз мерекеге арнап күй, ән шығарады, жаңаша жырлап, жаңаша әндетеді, көкті де, жерді де ән билейді, әнге, әсем сазға бөленбеген жеріміз қалмайды. Сондықтан да біз бүгін «Өнер мерекесі-Бірінші май жасасын!» деп бар әлемге бар дауыспен әндетіп ұрандаймыз!

Біздің көктем-ерекше көктем, ерекшелігі сол, мерекелерге бай көктем. Күні кеше ұлы көсеміміз В.И. Лениннің туғанына 110 жыл толуын тойлап өтсек, бүгін Бірінші майды тойлап отырмыз. Алдымызда партиямыздың, халқымыздың жауынгер құралы-баспасөз бен радио күні келе жатыр. Одан кейін бүкіл адамзат баласын фашизмнің қанды құлағынан құтқарған ұлы Жеңіс мерекесі келеді. Жеңісімізді айтсақ, осы Жеңіс жолында құрбан болған, бүгінгі ұрпақ бақытты өмір сүрсін, соғыс деген алапатты енді көрмесін деп жанын пида етіп, өмірін қиған батырларымызды еске алып, басымызды иеміз, қабірлеріне Май гүлінің шоқтарын қоямыз, Ұлы Отан соғысының бүгінгі тірі ардагерлерін құрмет тұтып, қошемет көрсетеміз. Сондықтан да біз бүгін «Мерекелер айы-Бірінші май жасасын!» деп бар әлемге бар дауыспен асқақтата үн қатамыз!

Біз-бейбіт елміз, бейбітшілікті берік сақтайтын елміз. Социалистік мемлекетіміз дүниеге келген алғашқы күнде-ақ Бейбітшілік ұранын ала келді. Ұлы көсеміміз Ленин алғашқы күні ең бірінші рет Бейбітшілік декретіне қол қойып, бүкіл әлемге жар салды. Соғыстың не екенін, халыққа


қандай қасірет, қайғы әкелетінін біз жақсы білеміз. Кешегі өткен соғыс есімізде. Әкеден бала, баладан әке, ағадан іні, ініден аға, қайнағадан келін, қайнысынан жеңге айырылып, көз жастарын көл ғып төгіп жылаған күндерді, талай жесір, талай жетім мұңға батқан күндерді, талайлардың мүгедек болып қалған күндерін ешуақытта ұмытпаймыз. Сондықтан біз соғыстың өзі түгел атын да атағымыз келмейді, жетім-жесірлерді енді көргіміз келмейді. Бейбітшілікке ұмтылып, қол созатын халықтарды жақтап, соларды қуаттаймыз. Жаңа соғыс өртін шығарғысы келетін желбуаз бозөкпелерге жол бермейміз, жанталаса қаруланатындарға, бір елдің бейбіт өміріне қол сұққысы келетіндерге жол бермейміз, барлық жерде аспанның ашық, күннің жарық болуын тілейміз. Біздің ешкімге жаулық тілемейтінімізді бүкіл әлем танып, біліп отыр. Сондықтан да біз бүгін «Бейбітшілік мерекесі-Бірінші май жасасын!» деп бар дауыспен жар саламыз!

Бірінші май —жастық мерекесі, ал адам баласының болашақ жарқын жастығы-Коммунизм! Бар әлем біздің елімізді коммунизм Отаны, коммунизмнің туын көтеруші ел деп біледі. Өйткені, біздің негізгі нысанамыз, алға ұстаған мұратымыз-Коммунизм! Сол мақсатта еңбек етіп, коммунизм деп әндетеміз. Бірінші май-жастық мерекесі десек, ол коммунизм мерекесі дегеніміз. Сондықтан да біз бүгін «Жастық мерекесі-Бірінші май жасасын!» деп бар әлемге бар дауыспен ұран саламыз!

Біздің өзгелерден ерекше көрінетін тағы бір қасиетіміз бар. Ол-партия мен халықтың мызғымас бірлігі! Біздің қанымызға сіңіп, тілімізде күнде айтылатын бір ұранымыз бар. Ол-партия қайда болса халық сонда, халық қайда болса партия сонда! Бұл ұғымды, бұл сөзді бір-бірінен ажыратып, айыратын құдіретті күш жоқ, ол болмайды да. Өйткені, партиямыздың бір ғана қамы бар, ол-халық қамы, халық бақыты. Сондықтан біз әрқашанда Лениндік партия деп жырлап, әндетеміз. Бүгін «Халқымыздың коммунизмге

тартқан ұлы шеруенінің көш басында отырған Ленин партиясы жасасын!» деп бар әлемге бар дауыспен үн қатамыз, сөйтіп, бүгін Бірінші май мерекесін әндетіп, думандатып өткіземіз. Мереке құтты болсын, достар!

1980 жыл.



МАЗМҰНЫ

I -бөлім. Өткеніміз

Бұрынғылар не деген?	
Бүгінгілер не дейді?.....	4
Қиянат жасамайық.....	8
Ө.Әлімгереевтің қолжазбасына ескертпе.....	15
Руды жазудан қашқақтамайық.....	18
Кіші жүздің рулары, қоныстары мен ұрандары.....	22
Кіші жүз руларының тармақтары.....	27
Гурьев уезі.....	30
Біздің әулетіміз.....	32
Әкемнің дәптеріндегі деректер.....	53
Әкемнің жазба ескертпе-пікірлері.....	63
Әкемнің замандастары.....	74
Характеристика.....	80
Есболдың «Қызыл үйінде» оқығандар.....	92
Жыр мен күйдің, өнердің өлкесі.....	97
Туған жер туралы толғау.....	108
Мұнай тасқыны.....	118
Жайықтың жағасында бір қала бар.....	129
Жайықпен сырласаң.....	129
Музейде.....	132
Асқан асулар.....	134
Болар болашақ.....	138
Абай сөзі Атырауға қашан жетті.....	140
Мектептегі жылдар.....	143
Атырау-алтын аймағым.....	146

II - бөлім. Кешегіміз

Батыр туған колхоздың байлығы.....	170
Табиғатты да табындырамыз.....	172
Бейбітшілік сәулеті.....	174
Жас өмір.....	177
Комсомол промыселының өмірі.....	177
Мұнайшылар кварталында.....	178
Бір семьяның бюджеті.....	178
Атақты адамдар.....	179
Промыселдың интеллигенциясы.....	180
Бүкілхалықтық бірінші кандидат.....	182
Жаңа бесжылдықта.....	183
Бүгінгі Тайсойған.....	183
Болашақ көктемі.....	186
Май гүлі.....	191
Қуаныш көктемі.....	196
Халық заңы.....	202
Адамзат мерекесі.....	207

**Берік Қорқытов
Атырау-атамекенім**

Кітаптың Бас демеушісі



«Ағатай» баспасы «ҚазМұнайГаз» Барлау және өндіру департаментінің бастығы Кенжебек Ибрашевқа және «ЕмбіМұнайГаз» Акционерлік қоғамының Бас директоры Ізтұрған Ұзақбайұлы Баймұханов мырзаларға осы кітапты шығаруға көмек бергені үшін шынайы алғыс сезімін білдіреді.

Баспаның директоры

Клара Оралқызы.

Көркемдеуші редактор

Алтынай Айдашева.

Техникалық редактор

Сауле Марданова.

Шығаруға жауапты Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қойшығұл Жылқышиев және Мұратбек, Рүстембек Қорқытовтар.

Басуға 15.04.2009ж. жіберілді.

Шығаруға қойылды.

13,3 баспа табақ. Таралымы 1000 дана.

Тапсырыс №15

«Ағатай» баспасы

Атырау қаласы, Баймұханов көшесі, 21

Тел (факс): 87122357410
